ҚОНАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 343.2/.7 (043) Қолжазба құқығында

РАХИМОВА ГАККУ НУРЛАНОВНА

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалар (қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері)

6D030100 – Құқықтану
Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы

Отандық ғылыми кеңесші:
з.ғ.д., профессор
Т.К. Акимжанов

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Құқық докторы
Катажина Плонка-Беленин

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024 ж.

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... **3**
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... **4**
КІРІСПЕ..... **5**
1 ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ТҮСІНІГІ..... **15**
1.1 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың түсінігі, белгілері және түрлері..... **15**
1.2 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың жалпы қылмыстық жаза жүйесіндегі орны..... **26**
1.3 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар туралы шетел заңнамалары..... **35**
2 ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗА ТҮРЛЕРІНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУШЫЛЫҚ СИПАТТАМА: ЖЕТІЛДІРУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... **48**
2.1 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды тағайындау іс-тәжірибесіне жалпы сипаттама..... **48**
2.2 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды тағайындауды құқықтық реттеу және оларды жетілдіру..... **60**
2.3 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындауды құқықтық реттеу оларды жетілдіру..... **105**
ҚОРЫТЫНДЫ…..... **138**
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... **143**

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. ГОСТ 7.88-2003 «Ақпараттар, кітапханалық және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Жарияланымдардағы тарау атаударындағы сөздерді қысқарту ережелері»;

2. ГОСТ 7.32-2017 «СИБИД. Ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп. Құрылымы және рәсімдеу ережесі» (түзетулермен).

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ААЖ	Автоматтандырылған ақпараттық жүйе
АҚО	Арнаулы қабылдау орындары
АҚШ	Америка құрама штаты
ӘҚтК	Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс
БАҚ	Бұқаралық ақпараттар құралдары
Б.б.а.	Бас бостандығынан айыру
Б.б.ш.	Бас бостандығын шектеу
БП	Бас Прокуратура
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЖС	Жоғары сот
Қ.қ.б.	Қылмыстық құқық бұзушылық
ҚАЖ	Қылмыстық-атқару жүйесі
ҚАЖД	қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
ҚАЖК	Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті
ҚазАКСР	Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасы
ҚАК	Қылмыстық-атқару кодексі
ҚК	Қылмыстық кодекс
ҚПК	Қылмыстық-процестік кодексі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚСжАЕК	Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет
ОАДБ	Орталықтандырылған автоматтандырылған деректер базасы
ПҚ	Пробация қызметі
РФ	Ресей Федерациясы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҰҚК	Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ІІМ	Ішкі істер министрлігі
ІІО	Ішкі істер органы

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеуде қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалардың әлеуметтік, криминологиялық және қылмыстық-құқықтық аспектілерімен байланысты теориялық және қолданбалы сипаттағы өзекті мәселелер және олардың қылмыстылықпен күрес саласындағы маңызы қарастырылады.

Құқық қорғау органдарының қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған кінәлі адамдарды анықтау мен жауаптылыққа тарту бойынша күнделікті іс-тәжірибесі және көптеген негізделген ғылыми зерттеулер нәтижесі шешуші фактор ретінде жаза тағайындау екендігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құқықтық саясатын негізге ала отырып, диссертациядағы қорытындылар мен ұсыныстар, сондай-ақ қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, қылмыстық саясатты, қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамаларын және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған.

Диссертация Қазақстан Республикасының қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар туралы заңнамасының нормаларын қылмыстық құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілерінде қарастыра отырып, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар туралы қазақстандық заңнаманы ретроспективті талдауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және кейбір шет елдердің заңнамасында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды құқықтық реттеуді талдауды қамтиды.

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар ұғымы, оның құқықтық сипаты және түрлерін зерделей отырып, еліміздегі қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды зерттеу барысында алынған қорытындылар мен ұсыныстар Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларын одан әрі жетілдірумен қатар, құқықтық қолдану тәжірибесінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси процестері қоғамдық өмірдің барлық салалары, сонымен қатар қолданыстағы заңнамаларға көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет етеді.

Қоғамды реформалаудың практикалық міндеттерін шешуде жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне аса қауіпті қол сұғушылықтар үшін жауапкершілікті реттейтін қылмыстық құқық маңызды рөл атқарады.

Дәстүрлі қылмыстық жазалар мемлекеттегі жаңа жағдайларға сай келмегендіктен қылмыстылықтың алдын алуға қолданылмайтын болды.

Отандық құқықтық жүйені дамыту құқықты саяси билік құралынан жеке реттеуші және қорғаныс факторына айналдыру жолымен жүзеге асырылатыны айқындалды.

Қазақстан Республикасында жүргізілетін қылмыстық саясат тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды қолдану жағдайын кеңейте отырып, қылмыстық заңнаманың қылмыстық жазаларды жеңілдету мен либерализациялауға қатысты бөлігін әрі қарай ізгілендіру шараларын көздейді.

Оның үстіне экономикалық тұрғыдан бас бостандығынан айыру мемлекетке үлкен шығындар алып келеді. Сондықтан да қарастырылып отырған мемлеткеттік ықпал ету шараларының экономикалық аспектілерін негіздеу маңызды. Бас бостандығынынан айыру кейбір мән-жайлармен тығыз байланысты.

Біріншіден, бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарды ұстау мемлекет үшін өте қымбат.

Екіншіден, адамды қоғамнан оқшаулай отырып, қоғам белігілі бір уақытқа, бәлкім мәңгілікке (егер сотталған адам нәтижесінде қылмыстық жолға түссе немесе қауіпсіздік мекемесінен шыққанан соң жартылай мүгедек немесе еңбекке қабілеттілігінен толығымен айрылса және мемлекет тарапынан оған тұрақты түрде мұқтаж болса) өз еңбегімен бостандықта қоғам үшін пайда алып келе алатын еңбекке қабілетті адамнан айырылуы мүмкін.

Үшіншіден, қауіпсіздік мекемесінде ұстау бірінші кезекте сотталған адамды қоғамнан физикалық жағынан оқшаулауды білдіреді (бұл бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталғандарға қатысты). Осыдан басқа, бас бостандығынан айыру репрессивтілікті күшейтеді, себебі ол сотталған адамның белгілі бір құқықтарын: атап айтқанда – еркін жүріп-тұру, жұмыс және демалыс түрін, уақытын таңдау мүмкіндігін, туыстарымен қарым-қатынасқа түсу және т.б. құқықтарын шектейді. Бас бостандығынан айыру орындарында отырғандар сайлануға, сайлауға құқылы емес (ҚР Конституциясының 33-бабының 3-тармағы).

Төртіншіден, адамды бас бостандығынан айыруға соттау – бұл сотталған адам үшін ғана емес (қоғамнан оқшаулану, достарымен, жұмыс әріптестерімен және тіпті туыстарымен байланысын жоғалту), сондай-ақ оның жақын туыстары және таныстары үшін (көршілер, әріптестер, жұбайы/зайыбы, балаларының сыныптастары және т.б.) тарапынан теріс баға.

Бесіншіден, белгілі ғалымдардың пайымдауынша, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өзі қылмыскерге оң ықпал етудің жалпы құралы болып табылады және құқық қорғау органдарына аз ғана байланысты болатын белгілі бір жағымсыз салдарға әкеледі. Яғни, қауіпсіздік мекемесінде болғандағы әртүрлі факторлардың әсерінен сотталушының жеке басы елеулі деформация ұшырайды.

Белгілі ғалым В.Н. Кудрявцев бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарды оқшаулаудың парадоксы – оларды қылмыс жасамау және өзін-өзі жетілдіру үшін орналастырған кезде, керісінше олар бұл жерде жаңа қылмыстар, тіпті кейде ауыр қылмыс та жасауы әбден мүмкін. Ғалымның ойынша, аталған факт, қылмыскерлерді қоғамнан оқшаулау арқылы түзетудің тиімсіздігі мен дәрменсіздігінің дәлелі болмақ. В.Н. Кудрявцев қылмыскерді қоғамнан оқшаулау стратегиясының ескі екендігін атап өтті [1, 169 б.].

Алтыншыдан, сотталғандардың қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде болуы, әдетте, сотталушының жеке басының деградацияға ұшырауына, оған субмәдениеттің ықпал етуіне және қоғамның жалпы криминализациялануына ықпал етеді.

Жетіншіден, сотталғандардың саны еліміздің имиджіне теріс әсер етеді.

Сондықтан бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларды қолдануды кеңейту қажеттілігі туралы тезис қазіргі уақытта өзекті болуда, себебі ол қоғамнан оқшаулануға байланысты жазаны қолданудан келтірілген шығындарды толығымен жояды.

Отандық заңнамалардың жалпы даму тенденциясында қылмыстық репрессиялау саласын біртіндеп тарылту және сотталғандарды қоғамнан оқшаулау элементімен байланысты емес жазаларды, соның ішінде бас бостандығын шектеу сияқты жазаларды кеңінен қолдануға бағытталған шараларға жол беріледі.

Сонымен қатар, сотталғандардың мемлекет кепілдік берген заңды мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз ету, жазасын өтеу және кейіннен қайта әлеуметтендіру жағдайында оларды құқықтық және әлеуметтік қорғау шараларын жетілдіру проблемасы ерекше маңызға ие.

Еліміздің қылмыстық саясатының дамуындағы келесі бір тенденция – жазаны қатаңдату арқылы қылмысты азайту мүмкіндігі туралы қоғамдағы басым пікірден бас тарту және сәйкесінше қылмыстық жауапкершілік пен жазаны көбірек дараландыруға және дифференциалауға ықпал ететін құқықтық нормаларды нығайту және дамыту бағытын таңдау болып отыр. Қылмыстық құқық ғылымында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар мен басқа да шараларды қолдану аясын кеңейту, сондай-ақ санкцияларында бас бостандығынан айыру жазалары қарастырылған қылмыстар санын азайту тұжырымдамасы жасалынған. Ең алдымен, бұл ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің баптарының санкцияларына, сот практикасына, сайып келгенде, бас бостандығынан айыруға балама жаңа жазаларды енгізуге қатысты. Бұл мәселені шешу арқылы Қазақстанның қылмыстылықпен күрес саласындағы халықаралық қоғамдастықты ізгілендіру және одан әрі интеграциялау талаптарына жауап беруге қол жеткізіледі.

Қылмыстық заңнаманы ізгілендіру экс-Президенттің 2010 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауынан бастау алды. Сол уақытта сот және құқық қорғау жүйелері мына себеппен қатты сынға алынған болатын: «Жазаның негізгі түрі бас бостандығынан айыру болып қала береді... Жаза жүйесінде айыппұлдар 5% - дан төмен, түзеу жұмыстары – 0,4%, қоғамдық жұмыстар – 0-ді құрайды ...» [2].

Бұрын қолданыста болған қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2020 жылға дейінгі Тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындайтын мекемелерді ұйымдық қайта құру жүзеге асырылды. Бұл мәселе 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат Тұжырымдамасында өз жалғасын тапты. Тұжырымдамаға сай, жазаларды орындау мен өтеу тәртібі мен шарттарын және қылмыстық-құқықтық реттеудің басқа да шараларын регламенттеуді, сондай-ақ сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту мақсатында қылмыстық-атқару заңнамасын, оның ішінде оны жалпыға бірдей танылған халықаралық стандарттарға жақындату жолымен одан әрі жетілдіру талап етіледі.

Әр түрлі критерийлер бойынша сотталғандардың санын талдау мүмкіндігімен ҚАЖ мекемелерінде және пробация қызметтерінде жазаларды

орындау процестерін цифрландыруды және автоматтандырылған есепке алуды жалғастыру қажет.

Бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларды сапалы орындау өзекті болып қала береді. Осыған байланысты пробация қызметінің пенитенциарлық қызметтен тәуелсіздігін қамтамасыз ету және нысаналы қаржыландырудың жеке кіші бағдарламасын бөлу арқылы пробация қызметінің және оның қызметкерлерінің ұйымдық-құқықтық мәртебесін арттыру мүмкіндігін қарастыру қажет.

Пробация қызметтері мен ҚАЖ мекемелерінің сотталғандардың жазасын өтеуіне байланысты мәселелерді шешу бойынша жергілікті атқарушы органдармен тиімді өзара іс-қимылы заңнамалық реттеу қажеттілігін негіздейді [3].

Бүгінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың, әсіресе ауырлығы орташа қылмыстардың, аса қауіпті, ауыр және аса ауыр қылмыстардың өсуінен туындаған қылмыстық репрессияға деген өсіп келе жатқан қажеттілік қоғам мен мемлекет тарапынан тиісінше шараларды қолдануды талап етіп отыр.

Айта кететін жайт, соттар бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларды тағайындағанда аса сақтық танытатынын байқау қиын емес. Мәселен, 2022 жылы 1771 адам – айыппұл салуға, 2244 адам – қоғамдық жұмысқа, 3 адам – түзеу жұмыстарына, 11057 адам – бас бостандығын шектеуге, 8854 адам – бас бостандығынан айыруға, 91 адам – шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР шегінен тысқары шығарып жіберуге, 4468 адам – белгілі бір лауазымдарды атқару лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, 258 адам – арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айырылса, 236 адам – мүлкін тәркілеуге сотталған [4].

«Түрме халқының» индексінен бөлек қылмыстық заңнаманың ізгілігін және сотталғандарға қолданылған жазалардың тиімділігіне келсек, оны еліміздегі бас бостандығынан айыру мен оқшаулаумен байланысты емес жазаларды өтеушілердің арақатынасын анықтау арқылы қолжеткізуге болады. Деректерге сүйенсек, бұл арақатынаста алшақтық әлі де байқалады. Дамыған еуропалық елдердегі арақатынасқа келсек, түрмедегілер – 10% және пробациялық бақылауда – 90% құраса, біздің елімізде 2017 жылы 55% да 45%, ал 2022 жылы 69,4% да 30,6% [5].

Көрсетілген статистика ҚР Қылмыстық Кодексі мен ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің нормаларында олқылықтардың болуымен түсіндіріледі.

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындау процесі көп қырлы. Оған тек қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару мәселелері ғана емес, сонымен қатар олардың құқықтық табиғатын, қолданылу шекарасын, қылмыстық санкциялардың жаңа түрлерін дамыту мен енгізудің жалпы перспективаларын ашатын әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық мәселелер де кіреді.

Осы жағдайлардың жиынтығы білім беру процесі үшін де, жазаны орындаудағы практикалық қызмет үшін де іздену жұмысының өзектілігін айқындайды.

Жоғарыда айтылған белгіленген проблемаларды шешуге қолданыстағы ҚК және ҚАК-пен реттелетін жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен елеулі жаңалықтарды талдау арқылы қол жеткізуге болады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қылмыстық жазалардың қылмыстық және қылмыстық атқару салаларының құқықтық реттелуі Т.К. Акимжанов, А.Н. Ағыбаевтың, З.О. Ашитовтың, Г.И. Баймурзиннің, И.Ш. Борчашвилидің, Р.Е. Джансараеваның, Н. Дулатовтың, У.С. Жекебаевтың, Б.Ж. Жүнісовтің, Е.И. Қайыржановтың, Т.М. Күлтелеевтің, Е.А. Оңғарбаевтың, Г.Ж. Османованың, И.И. Гальперинаның, И.И. Карпецтің, А.С. Михлинаның, С.А. Пионтковскийдің, В.А. Малиновскийдің, А.Л. Ременсона, А.Б. Скаков, Н.Д. Тлешалиев пен О.В. Филимонова сынды отандық және шетелдік ғалымдармен зерттелінген.

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың жекеленген түрлеріне қатысты зерттеулерді отандық ғалымдардан Я.Б. Қыстаубаеваның [6], А.Х. Шабаровтың [7] ғылыми еңбектерінен кездестіреміз.

Ізденіс барысында сонымен қатар шетелдік ғалымдардан: В.И. Аммосованың [8], П.А. Аветисянның [9], Е.В. Рогованың [10], Е.В. Колбасованың [11], Л.В. Карханинаның [12], Ю.И. Савельеваның [13], А.М. Маликовтың [14], В.П. Марковтың [15], Ю.В. Морозованың [16], Е.Д. Харитоновичтің [17] еңбектерімен таныстық.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеудің мақсаты қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазалар туралы жалпы доктринаның өзекті мәселелерін, олардың қылмыстық-құқықтық базасын, криминологиялық және әлеуметтік аспектілерді, олардың практикада қолданылуын, жекелеген ережелердің қайта қаралуын және оның мақсаттарының қоғамнан оқшауланумен байланысты жазадан артықшылықтарын анықтаудың негізінде, жүйелі кешенді талдау болып табылады.

Сондай-ақ қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды тағайындау мен орындау мәселелерін қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-атқарушылық кешенді талдау негізінде, іргелі саяси және экономикалық өзгерістер контекстінде заңнамаларды және жазалардың орындалуын жетілдіруге бағытталған теориялық және практикалық ұсыныстар дайындау күтілуде.

Осы мақсаттарға жету үшін автор өзіне келесідей **нақты міндеттер қойды**:

– отандық қылмыстық заңнамада қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазаларды дамытудың негізгі тенденцияларын қарастыру,

– шет елдерде қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалардың заңнамалық реттелуі мен іс-тәжірибеде қолданылуын зерделеу;

– қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалардың құқықтық сипаты мен мәнін ашу; олардың қылмыстық жазалар жүйесіндегі орнын және маңызды ерекшеліктерін анықтау;

– қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды тағайындау және орындау тәртібіне байланысты мәселелерді реттейтін қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларының нормаларын, сот практикасын талдау;

– қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды тағайындаудың іс-тәжірибесі мен заңнамаларын жетілдіруге байланысты ұсыныстар дайындау;

– қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды қолдануды тиімді ұйымдастыруға байланысты ұсыныстар әзірлеу;

– қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазалардың жаңа түрлерін жүйеге енгізу туралы ұсыныс келтіру;

– қоғамнан оқшауланууға байланысты емес жазаларды тағайындау, олардың орындалуының болашағын, қылмыстық жазаның мақсаттарына қол жеткізілуін анықтау.

Диссертациялық зерттеудің объектісі оқшауланумен байланысты емес жазаларды тағайындау және орындау арқылы қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды қолдануға байланысты құқықтық және әлеуметтік қатынастар болып табылады.

Зерттеу пәні қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазаларды қолданудың әлеуметтік-саяси, моральдық аспектілері, оларды тағайындау мен орындауға байланысты проблемалар, сондай-ақ осы жаза түрлерін орындайтын мекемелер мен органдардың қызметі болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізін құқықтық құбылыстардың мазмұнына қатысты заңдылықтарды жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін, заң ғылымымен анықталған және тәжірибеде қолданыла отырып сыналған жалпы ғылыми, диалектикалық әдістері мен ғылыми таным әдістер құрайды. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, логикалық-теориялық, жүйелік-құрылымдық, нақты-әлеуметтік әдістер, сондай-ақ талдау және синтез әдістері.

Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық базасын қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындау мәселелері бойынша статистикалық деректер, соттар мен пробация қызметі инспекторларының материалдары.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертация қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасына негізделген қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың тағайындалуы мен орындалуы мәселесіне арналған алғашқы монографиялық зерттеулердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, диссертацияның жаңалығы қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын, оны қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған бірқатар тұжырымдалған ғылыми ережелер мен практикалық ұсыныстардың мазмұнымен анықталады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

Диссертантпен диссертациялық зерттеу нәтижесінде қорғауға ұсынылатын келесі негізгі ережелер тұжырымдалды:

1. Оқшауланумен байланысты емес жазалар туралы теория мемлекеттің қылмыстық саясатын, оның құқықтық жүйесін, құқық қолдану теориясы мен практикасын әзірлеу мен іске асырудың әдіснамалық және жалпы теориялық негізі болып табылады. Бұл доктрина құқықтық сананы, құқықтық идеологияны, әдіснаманы, құқық қолдану қызметінің жалпы теориясы мен логикасын қалыптастыру функцияларын жүзеге асырады.

Қоғам дамуының өзгеріп отыратын әлеуметтік, саяси және экономикалық жағдайларын ескере отырып, оқшаулаумен байланысты және оқшаулаумен

байланысты емес жазалардың арақатынасы туралы доктрина теориялық, заңнамалық және ұйымдастырушылық деңгейлерде соңғыларының арақатынасын арттыру тұрғысынан қайта қаралып, түзетілуі керек.

2. Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде оқшаулаумен байланысты емес жазалар қылмыстылық пен қылмыскерлерге ықпал етудің неғұрлым тиімді және мемлекет үшін үнемді құралы саналады, себебі олар әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзету, сотталған адамның да, басқа да адамдардың тарапынан жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуын болдырмау және алдын алу сияқты мақсаттарды толығымен, сонымен қатар жоғары, тиімді деңгейде шешуді қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, оқшауланумен байланысты емес жазаның бас бостандығынан айырудан айырмашылығы сол, ол физикалық азап шегуді немесе адамның қадір-қасиетін төмендетуді толығымен жояды және жазалардың тиімді орындалуын қамтамасыз етеді.

3. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар институтының рөлін арттыру мақсатында (ҚР ҚК 11-бабы) қылмыстарды санаттарға бөлу негіздерінің қатарына оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалардың басқа түрлерін қосу арқылы қолданыстағы қылмыстарды санаттарға бөлу институты жаңғыртылуы тиіс. Мысалы, айыппұл, қамауға алу, бостандықты шектеу, қажет болған жағдайда жазаның жаңа түрлерін енгізу (жаңа үлгідегі жер аудару және шығарып жіберу).

Қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазаларға артықшылық бере отырып, бас бостандығынан айыруды ерекше жағдайларда ғана қолдану керек.

4. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындаудың тиімділігін арттыру үшін келесідей өзгерістер қарастырылуы тиіс.

4.1 «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІІМ 2014 жылғы 15 тамыздағы №511 бұйрығының «Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау тәртібі» деген параграфтың 44-бөлігінен «не жұмысынан айырылған немесе еңбек шарты бұзылған» деген тіркесті алып тастап, 44-1-бөлігімен толықтырулар енгізген жөн деп есептейміз:

«44-1. Жұмыссыз қалуы себепті сотталған адамның жұмыспен қамтылуы мәселесін Пробация қызметі шеше отырып, жазаның одан әрі орындалуын қамтамасыз етуі керек».

Сонымен қатар, ресейлік тәжірибеге сүйене отырып, бұл бұйрықты сотталушының пробацияға келу тәртібімен толықтыру ұсынылады.

4.2 Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін сотталған адамды жауапқа тарту фактісін нақтылау мақсатында ҚР ҚАК 54-бабының 2-бөлігіне «Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден жалтарып жүрген» деген сөздің орнына «жалтару мақсатында тұрақты жұмысына бармай жүрген» атты сөз тіркесін қосу қажет.

4.3 Сонымен қатар, ҚР ҚАК-нің 54-бабы мен ҚР ҚК-нің 42-бабының 5-бөлігінде түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін басқа жаза түрлерімен ауыстырудың негіздері: бірінде «жалтарғаны үшін», ал екіншісінде – «түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін негізгі және өзге де мән-жайлар» деп, екі түрлі келтіріледі.

Екі норманы сәйкестендіру мақсатында ҚР ҚК-нің 42-бабының 5-бөлігіне келесідей өзгерістер енгізу қажет деп есептейміз:

5. «... Сотталған адам түзеу жұмыстарынан жалтарған жағдайда, олар:».

4.4. ҚР ҚАК-нің 66-бабының 1-бөлігінде қарастырылған сот пен Пробация қызметінің сотталған адамға жүктеген міндеттерінің тізімі айқын еместігін аңғаруға болады. Бас бостандығын шектеуді өтеп жатқан сотталған адамның міндеттерін (шектеулерін) бір-бірінен ажыратып, нақтылау үшін ҚР ҚАК-нің 66-бабының 1-бөлігіне өзгерістер енгізуді ұсынамыз. «2) Пробация қызметінің ұсынымы бойынша сот айқындаған орындарға бармау» ұғымын «1) сот жүктеген міндеттер» ұғымы қамтығандықтан, осы норманың 1-бөлігінің 2)-тармақшасын алып тастап, қалған тармақтарды реттілігімен орналастыра отырып, 3)-тармақшаны «пробация қызметінің басқа да талаптарын сақтауға міндетті» деген мәтінмен толықтырған жөн.

5. Әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін ҚР ҚК 44-бабының 1-бөлігі бойынша мәжбүрлі еңбекке тартылмайтын және ҚР ҚК 43-бабының 3-бөлігі бойынша қоғамдық жұмыс түріндегі жаза тағайындалатын сотталған адамдар тізімін 3 жасқа толмаған жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған қамқоршымен толықтыру қажет деп санаймыз.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы. Диссертациялық зерттеу қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды тағайындайтын сот органдарының және жазаларды орындайтын органдардың құқық қолдану қызметін жетілдіруге бағытталған теориялық ережелерді тұжырымдауға мүмкіндік берді. Зерттеу материалдары қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазалардың мазмұны, жазаларды тағайындау және орындау механизмі, сондай-ақ зерттелетін жазаларды қолданудың тиімділігін арттыру жолдары жайлы ғылыми көзқарастарды жүйелеу және дамыту кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы сол, онда тұжырымдалған ұсыныстарды пенитенциарлық, сот органдары практикасында, сонымен қатар заңдылықтың сақталуын прокурорлық қадағалауда қолдануға болады. Зерттеу материалдары мен нәтижелерін ҚАЖ-гі білім беру мекемелерінің оқу процесінде, сондай-ақ қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы бойынша заң саласындағы басқа да азаматтық жоғары оқу орындарында, сондай-ақ кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады. Автор бұл мәселені практикалық қолдану үшін ғылыми зерттеудің маңыздылығын дәлелдейді.

Диссертация нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері мен тұжырымдары жарияланған жұмыстарда көрініс тапқан. Зерттеу нәтижелері Алматы қаласы Қонаев университеті «Қылмыстық құқықтық пәндер және құқық қорғау қызметі» кафедрасы отырыстарында, ғылыми конференцияларда талқыланды. Кейбір ережелер Қонаев университетінің «Қылмыстық құқықтық пәндер және құқық қорғау қызметі» кафедрасының және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Құқықтану» кафедрасының оқу процесіне, сондай-ақ қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазаларды орындау тәжірибесіне енгізілді.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған ғылыми баспалардағы мақалалары:

1. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың қолданылу мәселелері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - №11/3, 2020.-165-170 бб.;

2. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдірудің теориялық және практикалық мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Серия: Құқық.- № 1 (126).- 2019. 80-89 бб.;

3. Сотталғандарды қоғамдық жұмыстарға тартуды ұйымдастырудың құқықтық негіздері // Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quqyqtyq aqparat ınstıtýtynyń gylymi-quqyqtyq jýrnal №2 (65)-2021.217-223 бб.;

4. Жазаның мақсаттары мен тиімділігіне қол жеткізу // Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – № 4 (77)/2023. 205-211 бб.;

5. Түзеу жұмыстарына тарту жазасын қолдану мәселелері // Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – № 4 (72)/ 2023. 416-422 бб.

Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымдардағы мақала:

Rakhimova G., Khamzina Zh., Aldabergenova N., Buribayeva M., Buribayev Ye. Developing a System of Prevention of Offenses Committed by Juveniles: A View from Kazakhstan // International Journal of Criminal Justice Science. Vol 18. Issue 2, 2023.- pp.209-231.

Шетелдік басылымындағы мақала:

Akimzhanov, T., Rakhimova, G., Kuanaliyeva, G., Shamova, A., Zayed, N.M. Innovation of Structuring the Criminal Policy as Independent Section of the New Conception of Legal Policy of The Republic of Kazakhstan // Journal of Legal, Ethical and Regulatory, Vol.XI Issue 5(50), 2020, - pp. 422–431.

Диссертациялық зерттеудің теориялық негізі ғылымның әртүрлі салаларының жетістіктері болып табылады: пенитенциарлық, қылмыстық құқық, криминология, құқықтық психология, сонымен қатар әлеуметтану, философия және жалпы құқық теориясы саласындағы ғалымдардың зерттеулері.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік базасын Қазақстан Республикасы Конституциясы, ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Қылмыстық-процестік кодексі, ҚР Қылмыстық-атқару кодексі, қылмыстық жазалар және жазаларды орындаумен байланысты нормативтік құқықтік актілер құрайды.

Сонымен қатар, бұл зерттеуге кейбір халықаралық құжаттардың ережелері ерекше қызығушылық тудырады: 1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, 1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы Конвенция, 1985 жылғы 10 желтоқсанындағы кәмелетке толмағандарға байланысты сот төрелігін жүзеге асыруға қатысты БҰҰ-ның ең төменгі стандартты ережелері (Бейжің ережелері).

Кейбір шет елдердің заңнамасына салыстырмалы талдау жүргізілді.

Диссертация құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, алты тараушадан, қорытынды және пайданаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ТҮСІНІГІ

1.1 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың түсінігі, белгілері және түрлері

Елімізде жылдар ішінде қатаң жазалардың, оның ішінде б.б.а. жазасының тиімділігі туралы ой қалыптасып қалған болатын. Бас бостандығынан айыруды іс жүзінде баламасыз жаза ретінде пайдалану Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап пенитенциарлық мекемелердің жүйесін, ең алдымен көптеген тұтқындарды ұстап отыратын лагерьлердің құрылуымен байланысты болды. Аталған көзқарас жазаға қатысты утилитарлық түсініктің қалыптасуынан, яғни сотталғандардың мәжбүрлі еңбегі арқылы мемлекеттік экономикалық мәселелерді шешуге бағытталуынан барып туындады. Сәйкесінше, Кеңес елдерінде дәл осы жазаны (өлім жазасын есептемегенде) орындау тетігі нақты жасалынды, ал бұл жазаның мақсатына жетуді сылтауратып судьялардың жазаны қолдануына күшті дәлел болды.

2014 жылғы ҚР ҚК-де алдыңғы заңнамамен салыстырғанда жазалау жүйесінде елеулі өзгерістер жасалынды, бұл әрине, соңғы жылдары белең алып отырған ізгілендіру бағытындағы қылмыстық саясаттың нәтижелері болатын. Аталған саясатқа орай б.б.а. жаза түрін біртіндеп қысқартып, оған балама жазаларды қолдану жолға қойылды. Деректерге сүйенсек, соңғы онжылдықта Қазақстанда сотталғандар саны екі есеге азайған. Осыдан жиырма жылдай бұрын сотталғандардың саны бойынша АҚШ пен Ресейден кейінгі үштікте жүрген Қазақстан бүгінде 100-ші орынды иеленген [18].

Яков Гилинский (з.ғ.д.), белгілі ресейлік криминолог, б.б.а. тек ауыр қылмыскерлерге қатысты ерекше жағдайларда бес жылдан аспайтын мерзімге қолданылуы керек деп атап өтті. «... Біз түрмеге неғұрлым көп жіберсек, соғұрлым зұлым, қатыгез қылмыскерлерді аламыз...». Қылмыстың нақты деңгейін төмендету үшін сотталғанға оқшаулауға байланысты емес жазаларды қолдану қажет [19].

Еліміздегі қылмыстық реформаның негізінде 2014 жылы жаңа қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамалары қабылданды. Қылмыстық жазалар жүйесінің көңілге қонымды тұсы жазалардың көп түрлілігінде. Заңнама бойынша 11 жазаның түрі бар [20].

Қылмыстық саясаттың тағы бір ерекшелігі, жаза институтында ізгілікті қалыптастырушы тұстары белең алған. Оның көрінісі, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың қатарының қоғамнан оқшаланатын жазалардан басым болуы. Бұл да жаһандану үрдісінің қазіргі күнгі жалғасы деп тануға болады. Алайда, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар тиісті дәрежеде жетілдіріліп, олардың орындалу механизмі толық нақтыланды және кеңінен қолданысқа енді деп айту асығыстық болар.

Қарастырылып отырған жазаның түрлері, өз кезегінде, әртүрлі белгілер бойынша жіктелуі мүмкін:

– негізгі және қосымша;
– жалпы және арнайы;
– мерзімдік және бір реттік;
– түзеумен байланысты және онымен байланысты емес;
– мүліктік және сотталғандардың басқа да құқықтары мен бостандықтарына қатысты;
– басқа жазамен ауыстырылатын және ауыстырылмайтын жазалар [21, 35 б.].

Қылмыстық атқару кодексінде жазаларды топтастырудың екі түрі қарастырылған. Біріншісі, сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар, екіншісі, сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазалар.

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар ұғымына, оның мәнісіне тоқтасақ, қылмыстық-атқару органдарының құзыреттілік саласын нақты анықтау, заңнаманың біркелкілігі және оны құқық қолдану практикасында түсіндіру терминологиясының дұрыс және біркелкі қолданылуына тікелей байланысты.

Ғылыми және құқықтық әдебиеттерде «қоғамнан оқшаулау» ұғымы заң шеңберінде ортақ әлеуметтік байланыстарды сақтай отырып, біреуді қоршаған ортадан бөлу (оқшаулауды), бұрынғы әлеуметтік байланыстарды шектеу (үзу), бұрын адамды қоршап тұрған микроортадан бөлу дегенді білдіреді.

Әлеуметтік сөздікте «әлеуметтік оқшаулаудың» жеке түрі «мәжбүрлі оқшаулау» ұғымын былайша түсіндіреді: Мәжбүрлі оқшаулау – жеке адам немесе әлеуметтік топты б.б.а. орындарында оқшаулап ұстайды, ал бұл қылмыстық субмәдениеттердің немесе қоғамға қарсы мәдениеттің қалыптасуының бір себебі болады. Мысалы: қауіпсіздік мекемелерінде, мәжбүрлі емдейтін ауруханаларда [22]. Алайда, сотталған адам тек б.б.а. жазасын орындау барысында қоғамнан оқшауланады, қамаққа алынады. Ресейлік ғалым В.В. Петровтың пайымдауынша, «Сотталушының Қылмыстық Кодекстің ерекше бөлімінің баптарында белгіленген қатаң оқшаулайтын жерде болу міндеті (қылмыстық жазаның тиісті түрін өтейтін мекеме) және оның бұл аумақтан өз еркімен кете алмауы деп түсіндіріледі [23].

Оның себебін автор «Девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы оқу-тәрбиелеу орны туралы Үлгілік ережемен» негіздейді.

«Оқшаулау» термині қылмыстық құқықта, қылмыстық-атқару, қылмыстық процесс және әкімшілік процесте кездеседі.

Мәжбүрлеу нысаны ретінде жеке тұлғаны мемлекеттік оқшаулау оны қолдану негіздеріне, функционалдық мақсатына байланысты ерекшеленеді. Ол тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жазалармен қатар, қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар, сондай-ақ денсаулық сақтау мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты шектеулер түрінде қолданылуы мүмкін [24, 51б.].

И.В. Южаниннің пікірінше, сотталғанды оқшаулау келесілерді, атап айтқанда: қоғаммен және табиғи ортамен қарым-қатынас еркіндігін физикалық

және рухани шектеуді; физикалық қозғалыс еркіндігінің болмауын; өзінің өмір салтын, еңбек және қоғамдық-саяси қызмет түрін жүргізуге деген еркіндігін шектеуді; тұрғылықты жерін таңдау құқығынан айыруды қамтиды [25].

Демек, заңды мағынада азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесіне аталған элементтердің ешбірі ықпал етпеген кезде ғана ол оқшауланбаған болып саналады. Кем дегенде бір немесе тіпті бірнеше элементтердің орын алуы оқшаулау процесінің белгілі бір дәрежеде басталғанын білдіреді. Оқшаулаудың аталған элементтерінің толықтығына байланысты оларды төмендегідей ажыратуға болады:

– максималды (психиатриялық аурухана режимі, қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары және төтенше қауіпсіз (түзеу) мекемелеріне орналастыру);

– орташа (қылмыстық-атқару. жүйесінің қауіпсіздігі орташа (түзеу) мекемелерінде, тәрбие колонияларында оқшаулау);

– минималды немесе ішінара (қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі төмен мекеменің сотталғандары қозғалыс еркіндігімен шектеледі, тек сол мекеме орналасқан әкімшілік округтен тыс басқа жерді таңдайды).

Бас бостандықты шектеуді тағайындаған кезде жазаның шеңберінде оқшаулау дәрежесін белгілеу мәселесі өте өзекті болып табылады. Оны жүзеге асыру барысында оқшаулау тек ішінара ғана қолданылады, сондықтан оны қоғамнан оқшаулайтын жазалар қатарына жатқыза алмаймыз.

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза ұғымына түсінік бермес бұрын алдымен «жаза» ұғымын жалпы сипаттайтын белгілерді ескерген жөн. Мысалы, А.И. Чучаевтың еңбегінде жаза ұғымы мен белгілеріне талдау жасасақ, жазаның келесідей белгілерін байқауға болады. Жаза – бұл:

– мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы;

– қылмыстық заңда көзделген сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарынан айыруды немесе шектеуді білдіреді;

– қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға ғана қолданылады, яғни қатаң жеке сипатқа ие болады;

– сот үкімі бойынша тағайындалады;

– жария сипатта болады [26, 56 б.]. Осыған ұқсас талдаулар Ф.Р. Сундуровтың [27, 22 б.], О.Н. Бибиктің [28, 195 б.], А.В. Наумовтың [29, 536 б.], Р.Р. Галиакбаровтың [30, 292 б.], М.Ф. Гареевтің [31, 7 б.], еңбектерінде кездеседі.

О.Н. Бибик, қылмыстық жаза діни және моральдық-этикалық жүйелердегі үш тәсілден туындайды және келесідей сипаттарға ие болады деп келтіреді: ол 1) кек алу құралы, тәрбиелеу құралы немесе қоғамды басқару, оны қорғау құралы; 2) тек ерекше жағдайларда ғана рұқсат етілетін мүмкіндігінше қолданылмайтын және тұлға теріс қабылданатын құрал; 3) мәжбүрлеудің ерекше мағынасынан айырылған [28, 195 б.].

Эд.В. Розенберг, талқыланып жатқан ұғымды анықтау үшін барлық белгілерді тізімдеудің қажет еместігін, тек басқа құбылыстардан ажыратуға жеткілікті белгілерін тапсақ, онда басты міндет орындалады деп есептейді [32, 7

б.].

Нормативтік актілерде де аталған ұғымның ресми анықтамасы берілмегендіктен, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды бөліп қарастыру белгілі бір дәрежеде ерікті сипатқа ие.

К.Н. Тарленко, қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазалар ұғымына: «Мәнісі сотталған адамды жазаны өтеудің режимі белгіленген арнаулы түзеу мекемесінде ұстау қарастырылмаған, өзге жазалардан репрессивтілігі төмен, сотталған адамның қозғалу еркіндігіне шектеу қоймайтын, негізгі, қосымша, әрі негізгі, әрі қосымша жаза ретінде қолданылатын жазалар» деген түсінік береді [33,47 б.].

Жоғарыда келтірілген пікірлермен келісе отырып, қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазалар ұғымын жазаға тән белгілермен қоса алғанда, сотталған адамды еркін дене қозғалысына, тұрғылықты жерін таңдау, жұмыстың түрін таңдау, жеке өмір салтын ұстану құқықтарын қылмыстық-атқару мекемесінде ұстамау мүмкіндіктері құрайды деп есептейміз. Бұл жазаларға б.б.а. жазасындағыдай әлеуметтік, экономикалық және құқықтық жағымсыз зардаптары көп емес, сондықтан да соңғы жазаны ҚР ҚК Ерекше бөлімінің баптарының санкциясынан барынша алып тастауды талап етіледі. Бірақ та бұл кез-келген жағдайда баптың санкциясынан алып тастау керек дегенді білдірмейді.

Қылмыстық теріс қылық ұғымы қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының екі деңгейлі жүйесін енгізу Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінің мазмұнына әсер етті. Егер қылмыстық заңнамаға сүйенсек, қылмыстық терісқылық қылмыстан норманың санкциясындағы жаза мен іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігімен ажыратыланына көз жеткізе аламыз. Ал бұл дегеніміз сотқа дейінгі өндірісте оларды қоғамға қауіптілігімен материалдық құрамдарда ғана ажырату мүмкіндігі болғанымен де формальдық құрамдарда елеулі қиындықтар тудырады дегенді білдіреді. Мұндай саралаудағы проблемалар қылмыстың санаттарын жіктеумен байланысты туындайды. Осы тұста қылмыстың төрт санатына жіктегенде тек б.б.а. жазасымен ғана шектеліп қоймай, айыппұл, қамаққа алу, бостандықты шектеу, қажет болған жағдайда жаңа жаза түрлерімен (жер аудару, шығарып жіберу) толықтыру жолымен қылмыс санаттары институтын жетілдірген орынды болар еді.

Ғылыми еңбектерде қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазалар баламалы жазалар қатарында да қарастырылады. Байқасақ, «қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза» және «баламалы жаза» ұғымдары соңғы уақытта пайда болды және бұл қылмыстылықпен күресудің негізгі құралдарының бірі ретінде жазаның тиімділігін арттыру үшін ұлттық қылмыстық саясатты ілгерілеумен байланысты екен. Бұл ұғымдар өзара байланысты, себебі сот қылмыстық істің сипатын, қ.қ.б. субъектісінің жеке басын ескеріп, «қоғамнан оқшаулайтын жаза» орнына ҚК-тің ерекше бөлім баптарының санкциясында көзделген (әдетте, жаза сотталушылардың жеке басын ескере отырып, көп жағдайда жеңілдететін мән-жайлар болғанда тағайындалады) балама жазаны қолданады.

Іс-тәжірибеде «қоғамнан оқшауламайтын жазалар» терминін қолданған

дұрыс, себебі ол сотталғандарға ықпал ету механизмін білдіреді, сондай-ақ өлім жазасынан және дене жазасынан (тарихи сұрақтардан қараса) ажыратады. Сонымен қатар кейде «бас бостандығынан айырумен байланысты емес» деген терминді пайдалану да дұрыс емес, себебі ол жазаларды дұрыс атап шығуға, қылмыстық саясатты гуманизациялаудың құралы ретінде олардың әлеуметтік-құқықтық табиғатын ашуға жол бермейді деген көзқараспен кездестіреміз [34]. Біздің пікірімізше, «қоғамнан оқшауламайтын жазалар» мен «қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар» ұғымдарының құқықтық тұрғыдан айырмашылығы жоқ.

Қылмыстық құқық ғылымында балама жазалардың әртүрлі анықтамалары бар. М.Р. Гете баламалы жазаны тар және кең мағынада түсіндіруге тырысады. Автордың пайымдауынша, тұжырымдамалық тұрғыдан балама шараларды бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар ретінде қарастырған жөн (тар мағынада). Ал «кең» мағынада – балама жазалар жазаланбайтын қылмыстық-құқықтық құралдарды білдіреді. Негізінде, баламалар жеке институт қана емес, қылмыстық-құқықтық реттеу мен қылмыстық дауларды шешудің тұтас әдісі болып табылады [35]. Бұған қарама-қайшы пікір ресейлік ғалымдармен білдіріледі: Баламалы жазалар дегеніміз – қылмыс жасағаны үшін кінәлі адамның іс-әрекетінің сипаты мен қоғамға қауіптілігіне қарай қоғамнан оқшауламай мәжбүрлеп әсер етуді ақырындап ауыстыратын және де әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзетумен қатар, жаңа қылмыстардың жалпы және арнайы алдын алу мақсатында қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы деген анықтама беріледі [36]. Ұқсас түсінікті И.В. Дворянское, В.В. Сергеева, Д.Е. Баталин береді, олардың ойынша баламалы жазалау шарасын қылмыстық іс-әрекетті жасағаны үшін кінәлі адамды іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне сәйкес қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес, бірақ мәжбүрлі түрде ықпал етудің баламасы түрінде көрінетін, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғанды түзету, жаңа қылмыстарды жасаудың жалпы және арнайы ескерту мақсатын көздейтін мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы деп түсіндіріледі [37, 10 б.].

Ал Е.В. Хромыхтың пікірінше: бұл сотталған адамның қылмысына мемлекеттің қоғамнан оқшауламайтын жазалау қасиеттерін қамтитын және оның және белгілі бір әлеуметтік байланыстарды бұзбайтын реакциясының қылмыстық-құқықтық нысаны саналады, деп баламалы қылмыстық жазаларға жалпылама түсінік береді [38].

Баламалы жазалар – бас бостандығынан айырудан тұратын, сотталған адамның бостандықтары мен құқықтарына нұқсан келтіретін, бұл ретте қоғамнан оқшауламайтын және сотталған адамның әлеуметтік байланыстары мен өзара қарым-қатынастарын бұзбайтын, қылмыс үшін жазалайтын құқықтық мәжбүрлеу шарасымен дараланған, қылмыс санатына байланысты Қылмыстық кодексте белгіленген жаза түрлері және кодекстің ерекше бөлігіндегі нормалардың санкцияларында дифференцияланған, оның қатаң және толық тізбесіне енгізілген жаза түрлері [39].

Қылмыстық заңнамада жаза жүйесі бірыңғай болғандықтан «баламалы» жаза ұғымы кездеспейді. Бұл ұғым балама жазаның мәнін емес, адамдардың бас

бостандығынан айыруды әмбебап жазалау құралы ретінде пайдалануға деген эмоционалды қатынасын көрсетеді дей отырып, мұндай атауды ресми түрде заңнамаға енгізуге қарсылық білдіретін көзқарастар бар.

Еуропалық қылмыстық-құқықтық ғылым XIX ғасырдың екінші жартысында бас бостандығынан айырудың баламаларын белсенді іздеумен айналысты, сол кезде кейбір қылмыстық заңдарда қоғамдық жұмыстар түріндегі балама санкциялар қабылданды. Алайда, жалпы әлемдік масштабта бұл бағытта айтарлықтай өзгерістер тек XX ғасырдың аяғынан бастап байқала бастады. Жақында БҰҰ-ның конгрестерінде құқық бұзушылармен жұмыс істеу және қылмыстылықтың алдын-алу жөніндегі бұл мәселеге көп көңіл бөлінді. Осылайша, VII Конгресс материалдарында (1985 ж.) бас бостандығынан айыруға балама ретінде айыппұл, бас бостандығынан айырусыз мәжбүрлі жұмыс, шартты түрде соттау, өтемақы аталды.

ҚР ҚК-де негізгі жаза түрін басқа жазамен ауыстыру мүмкіндігін (жазаны өтеу мүмкіндігі болмаса не жазадан жалтарса) «негізгі жаза балама жазаға теңестіріледі» деп түсіне аламыз. ҚР ҚК-де мұндай нормалар бірнеше:

– ҚК-тің 41-баптың 6-б. 4) тармақшасында айыппұл төленбеген ретте б.б.а. жазасына ауыстыру;

– ҚК-тің 42-бабының 5-б. түзеу жұмыстары жазасына сотталған тұлға еңбекке жарамдылығынан айырылған ретте орындалмаған бөлігін орындаудан босатуы не қалған бөлігін айыппұлмен ауыстыру, сондай-ақ түзеу жұмыстарын өтеуге өзге де кедергілер болса, ауыр қылмыс жасаған үшін сотталған адамның алынбаған 4 АЕК үшін б.б.а. бір күні есебінен б.б.а. ауыстыру;

– ҚК-тің 43-бабының 2-б. 2-2) тармақшасында – қоғамдық жұмыстан жалтарғаны үшін оның 4 сағаты б. шектеуге немесе б.б.а. бір күні есебінен б.ш. немесе б.б.а. ауыстыру;

– ҚК-тің 44-бабының 2-б. – б.ш.-ден қаскөйлікпен жалтарса, б.б.ш. бір күні б.б.а. бір күніне ауыстыру;

– ҚК-тің 46-бабының 4-б. – өмір бойына б.б.а. кешірім берілсе, белгілі уақытқа б.б.а. ауыстыру;

– ҚК-тің 71-бабының 5-б. – сот өмір бойы б.б.а. жазасы тағайындалуы мүмкін сотталушыға ескіру мерзімі өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан бостауға болады деп есептесе кешірім жасау арқылы белгілі бір уақытқа б.б.а. ауыстырылу мүмкіндігі айтылады.

Ал кейбір ғылыми еңбектерде қамаққа алу жазасын б.б.а. және өзге де жаза түрлеріне балама ретінде қолдануды ұсынатын еңбектерді кездестіруге болады [40, 70 б.]. Сондай-ақ автор ҚК-тегі бірнеше нормаларға (ҚК-тің 110, 115, 119, 124, 136, 131, 132, 133, 134, 200, 267, 273, 293, 417, 419, 421, 426 және өзге нормаларда) мұны енгізу қажет деп есептейді. Десек те бұл ұсыныспен келісу қиын, себебі ҚР ҚК-де әуел бастан қылмысты қылмыстық құқық бұзушылықтан ажыратудың белгісі ретінде құрастырылған ҚК-тің Ерекше бөлігіндегі нормалардың құрылымдық ерекшеліктеріне қайшы келеді.

ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптардағы санкцияларды талдап қарасақ, балама жазалар – қоғамнан оқшаулайтын да, оқшауламайтын да

жазаларға пара-пар келетін жазалар болып табылады. Бір жағдайда балама жазаны бас бостандығынан айырудың (мысалы, ҚК-тің 158-бабының 2-б. санкциясында: 3 жылға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып не онсыз екі мың АЕК мөлшерінде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 2 жылға дейінгі мерзімге б.б.ш. не сол мерзімге бас бостандығынан айыру), екінші бір жағдайда – қамақтың (ҚК-тің 158-бабының 1-б.: 100 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 120 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 45 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға), үшіншіде қоғамнан оқшауламайтын жазалардың орнына, мысалы, ҚК-тің 159-бабында (80 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына немесе 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту) қолданылуы мүмкін болады дей аламыз [20].

Барлық балама жазалар жаза жүйесіне кіреді, сондықтан олардың да мәні жазаның мәнінен басқа болмайды.

Ал енді келесі анықтамада балама жазасы институционалдық деңгейде зерттеледі. Профессор К.А. Сыч теориялық-әдіснамалық тұрғыда құқықтық дифференциялаудағы және соттың даралаудағы балама жазалар деп бөледі. Автор балама жазалар – бұл жаза категориясы ретінде бас бостандығынан айыруға балама болатын, сапалық және сандық белгілермен сипатталатын жаза жүйесінің ішкі жүйесі түріндегі ҚР Қылмыстық кодексінің жалпы бөлігінде бекітілген нормалар болып табылады деген анықтама береді. Балама жазаны тағайындаудың әдіснамалық жолдарын ескеріп, ғалымның пікірімен келісе аламыз.

Қылмыстық заңнаманың Ерекше бөлігіндегі нормалардың көпшілігінің санкциялары баламалы, басқаша айтсақ, заң шығарушы жазаның бірнеше түрін таңдау, қолдану мүмкіндігін ұсынған [41, 99 б.].

Сонымен пайымдауымызша, қылмыстық заңнамадағы балама жазалар қоғамнан оқшауланған да, оқшауланбаған да жазаларға қатысты болады. Ал қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазалар – ҚК Ерекше бөлігінің нормаларында б.б.а. мен бас бостандығын шектеудің балама жазалары саналады. Балама жазалар және қоғамнан оқшауланатын жазалар Жалпы және Ерекше бөлімдердің нормаларымен реттелінеді.

Жоғарыда қарастырылға жалпы жазаға тән белгілермен қатар балама жазалар келесі белгілерімен ерекшеленеді:

– бірін-бірі алмастыратын пара пар негізгі жазалар;

– балама жазалар жаза түрлері кезделген ҚК-тің Жалпы бөлігінің нормаларындағы ережелерге сай белгілінеді, сондай-ақ Ерекше бөлігінің санкцияларында қарастырылған;

– қылмыстық жазаны дифференциациялау және дараландыру есебінен жүзеге асырылады.

Егер 2010-2022 жылдар аралығында статистикалық мәліметтерге жүгінсек, қауіпсіздік мекемелеріндегі сотталғандар санының азаюы орын алса да, қоғамда қылмыстық құқық бұзушылар саны азаймай отыр. 2009 жыл мен 2022 жылдардағы б.б.ш. жазасын қолдану мүмкіндігі 781 сотталушыдан 9495 адамға,

яғни 12 есеге көбейген. Сонымен қатар, қоғамнан оқшауламайтын қылмыстық жазаларды қолдану аясы кеңейген: қоғамдық жұмыстар - 1213-тен 4638-ге (3,8 есеге), айыппұлдар - 1765-тен 4082-ге дейін (2,3 есеге) артқан. Қылмыстық саясатты іске асыру бағытындағы қабылданған шаралардың нәтижесінде б.б.а. жазасына сотталған адамдардың саны қысқарып, «Түрме халқының индексінде» Қазақстан 13-ші орыннан 99-шы орынға ауысып, өз позициясын едәуір жақсартқан еді [42].

Десе де қауіпсіздік мекемелерінің үнемі толығып отыруы, сотталғандар арасындағы жанжалдардың туындау деңгейін арттырып, түзеу мекемелерінің қызметкерлерінің еңбек жүктемесінің елеулі өсуіне алып келеді. Сонымен қатар, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған, қоғамнан оқшауланған тұлғалар жалпы елімізде криминогендік жағдайды ушықтырып отыр.

Осылайша, қоғамнан оқшаулау әрқашан қоғам мүшесі ретінде бас бостандығынан айырылған сотталған адамды қауіпсіздік мекемесінің ішінде қалыптасқан субмәдениеттен аулақ ұстай алмайтыны, сонымен ондағы медициналық қызмет көрсету саласын ұйымдастырумен байланысты туындайтын проблемадан, осы жазаны өтеудің психологиялық және әлеуметтік салдарларынан тиісті түрде қорғай алмайтыны анық. Демек, сот тәжірибесі көрсеткендей, б.б.а. жазасының көмегімен барлық уақытта қылмыстық саясаттың мақсаттарына қол жеткізе алмаймыз.

Оған қоса, бұрын сотталғандардың жазадан босағаннан кейін постпенитенциарлық қайта әлеуметтендіру жағдайы да қуантарлық күйде емес. Қоғаммен оқшалаумен байланысты жазаны өтеуден сотталған адам елеулі зардап шегеді, тіпті жазасын өтеп болған соң да қоғам оны қабылдамайды, жұмысқа орналасу мүмкіндігі төмен. Қоғамнан оқшауламайтын жазалармен алмастыра отырып, бұл проблемалардан арылуға болады. Себебі адам үшін қоршаған ортаның әсерінің қаншалықты ықпалды екені көпшілігімізге белгілі.

Сотталғандарды бас бостандығынан айыруға балама жазаларды қолданып, оларды қоғамнан оқшауламай жазаларды орындаудың тиімділігін арттыру қылмыстық жаза қолдануды жетілдірудегі негізгі проблемалардың бірі болып табылады.

Соңғы елу жыл ішінде көптеген көрнекті ғалымдар, саясаткерлер мен құқық қорғаушылар балама жазаларды орындаудың және оларды кеңінен қолданудың бірыңғай тұжырымдамалық нормалары мен ережелерін әзірлеуді жандандыру қажеттігін бірнеше рет атап өтті.

Бұл мәселе бойынша негізгі құжат 1990 жылдың желтоқсанында Бас Ассамблея қабылдаған бас бостандығынан айыруға байланысты емес шараларға қатысты БҰҰ-ның ең төменгі стандартты ережелері болып табылады.

Осы аталған халықаралық құқық құжатының 8.2-ережесінде сот тағайындай алатын бас бостандығынан айыруға байланысты емес ықтимал жазалардың тізімі келтіріледі.

Үкім шығарушы органдар іс бойынша жазаның келесідей түрлерін қарастыра алады:

- (a) ескертулер және айыптау сияқты ауызша санкциялар;
- (b) жауаптылықтан шартты түрде босату;

– (c) азаматтық құқықтардан айыру;

– (d) экономикалық санкциялар және бір реттік, кезекті айыппұлдар сынды ақшалай өндірулер;

– (e) тәркілеу не мүлікке меншік құқығынан айыру туралы қаулы;

– (f) жәбірленушіге мүлікті қайтару не өтемақы туралы қаулы;

– (g) шартты түрде жазалау не жазаның орындалуын кейінге қалдыру;

– (h) шартты түрде қамаудан босату және сот бақылауы;

– (i) қоғамға пайдалы жұмыстарды орындау туралы қаулы;

– (j) түзеу мекемесіне күн сайын міндетті түрде келіп тұруға жөнелту;

– (k) үй қамағы;

– (l) түрмеге қамаудан басқа кез келген шара түрі;

– (w) жоғарыда аталғандарға ұқсас кез-келген шара [43].

Айта кету керек, бұл норма Америка Құрама Штаттары мен барлық батыс Еуропа елдерін қоса алғанда, Токио ережелерін ратификациялаған көптеген елдер үшін сотталғандарды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалар жүйесін ұйымдастыруға негіз болады.

Пенитенциарлық саясатты реформалауда қоғамның дамуының заңдылықтарына негізделеді. Аталған қажеттіліктерге орай бүгінде осы аталған жолды таңдамасқа шара жоқ [44].

Сәйкесінше, б.б.а. жазасының орнына қоғамнан оқшауламайтын жаза тағайындағанда келесі жағдайларды ескеруді қажет етеді:

– жазаны өтеу кезеңіндегі кейбір құқықтар мен бостандықтардан сотталған адам толығымен айырылмайды (мысалы, еркін жүріп-тұру және өзін-өзі ұстау құқығы, сайлау құқығы, тұрғылықты жерін таңдау)

– сотталушының кейбір құқықтары шектеледі (мысалы, жеке басына қол сұғылмаушылық, жеке құпиясы, хат алмасу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф және басқа да хабарламалар құпиясы);

– б.б.а. жазасын өтеп жатқан адамға мінез-құлық ережелері белгіленген нақты міндеттер мен құқықтар беріледі.

Қылмыстық заңнамаларды ізгілендіру бағытында ғылыми еңбектерде қоғамға аса қауіп келтірмейтін іс-әрекеттер үшін белгіленетін б.б.а. жазасын сот тәжірибесінде пайдалануды мүмкіндігінше азайту, не оның балама түрін ұсынатын пікірлерді кездестіре аламыз. Мысалы, «Қылмыс құрамын зерделеу барысында 63 жастан жоғары қарияларға, жүкті әйелдерге, 1,2 топ мүгедектерге б.б.а. жазасы тағайындалмағаны жөн», деп есептейді ғалым Т.К. Акимжанов [45, 6 б.].

Ал Ж.К. Байбек, б.б.а. жазасының баламасы ретінде 1959 жылдың 22 шілдесіндегі ҚазКСР Қылмыстық кодексіндегі жер аудару (ссылка) және шығарып жіберу (высылка) жазаларының жаңартылған түрін енгізуді ұсынады [46, 9 б.].

ҚР ҚК-мен қарастырылған жаза жүйесі сотқа заңның негізінде сот тәжірибесін, қоғамдық құқықтық сананы және тиімді ғылыми ұсыныстарды ескеріп, мүмкіндігінше жеке мүліктік емес ажырамас құқықтары мен мүдделерін шектеу, мүліктік құқықтарынан айыру арқылы сотталған адамның

психиологиясына ықпал етуге, болашақта кәсіби және басқа әрекеттерді атқару мүмкіндігінен айыра алады.

Сонымен қатар қоғамнан оқшаламайтын жазаны енгізудегі экономикалық мотивациясымен экономикалық мәселелердің туындайтыны анық. Қоғамнан оқшаулаудың баламаларын енгізу мәселесін қою сотталған адамның әлеуметтік жағдайын талдауды және жазаны қолданғаннан соң оның әлеуметтік әсерін де бағалау қажет болады.

Б.б.а-ға балама жазаларды енгізу үшін келесідей негізгі дәлелдер қажет: 1) бас бостандығынан айырумен салыстырғанда олардың парасаттылығы; 2) қайта әлеуметтендірудің неғұрлым кең мүмкіндіктері мен қолайлылығының есебінен арнайы алдын алу мақсатына қол жеткізудің тиімділігі; 3) б.б.а. жазасына қарағанда тиімділігінің жоғары болуы [34].

Сонымен сұрақты аяқтай отырып, төмендегідей тұжырымдарға келдік:

Қоғамнан оқшаланумен байланысты емес жазалар деп сот үкімімен тағайындалған үкімге сай қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесінде, арнаулы мекемесінде ұстамай, сотталған адамның құқықтары мен бостандықтары шектелетін мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын түсінеміз.

Мұнда сотталған адамның келесі құқықтары шектелмейді:

– еркін жүріп-тұру құқықтары;

– тұрғылықты жерін таңдау құқығы;

– мәжбүрлі еңбекті қоспағанда, еңбекпен айналысу және жұмыс түрін таңдау құқығы;

– жеке өмір салтын таңдау құқығы.

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар кінәліге физикалық күйзеліс келтірмейді немесе оның қадір-қасиетін қорлауына жол бермейді.

2. Қоғамнан оқшаланумен байланысты емес жазаларды түрлі белгілер бойынша жіктеуге болады:

– негізгі және қосымша,

– жалпы және арнайы;

– мерзімдік және бір реттік;

– түзеумен байланысты және онымен байланысты емес;

– мүліктік және сотталғандардың басқа да құқықтары мен бостандықтарына қатысты;

– басқа жазамен ауыстырылатын және ауыстырылмайтын жазалар.

3. Теорияда «қоғамнан оқшаулаумен байланысты жаза» ұғымымен қатар «бас бостандығынан айыруға балама қоғамнан оқшауламайтын жаза» және «бас бостандығынан айыруға балама жаза» түсініктерін кездестіруге болады. Соңғы екі ұғым бір мағынаны береді. Ал алдыңғы келтірілген жаза қамаққа алу мен бас бостандығынан айыруға қатысты.

4. Сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға б.б.а. мен қамаққа алуды қоспағанда, басқа да негізгі және қосымша жазалар жатады. Сондықтан да «қоғамнан оқшаулаумен байланысты жаза» ұғымы «бас бостандығынан айыруға балама жаза» ұғымынан кең.

Балама жаза – ҚК-тің Ерекше бөлігіндегі санкцияларда көрсетілген, сондай-

ақ ҚК-тің Жалпы бөлігінің ережелеріне сай басқа жазамен алмастырылатын, бір-біріне пара-пар негізгі жазалар болып табылады.

Балама жаза – жаза тағайындау және жазаны орындау үрдісінде кінәлінің қылмыстық іс-әрекетінің қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін дифференциациялай және идентификациялай отырып, қылмыстық заңнамаға сай бір-біріне пара-пар келетін, алмастырылатын негізгі жазалар болып табылады. Балама жаза – ҚК-тің Ерекше бөлігіндегі санкцияларда көрсетілген бір-біріне пара-пар келетін негізгі жазалар, сонымен қатар алғашқы сот үкімімен тағайындалған жазаны ҚР ҚК-нің Жалпы бөлігінде қарастырылған ережелерге сай негізгі жазаның басқа түріне алмастырылатын жазалар болып табылады. Балама жаза – ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігіндегі тиісті баптардың санкцияларында көрсетілген, сондай-ақ ҚК-тің Жалпы бөлігінің ережелеріне сай басқа жазамен алмастырылуы мүмкін, бір-біріне пара-пар негізгі жазалар болып табылады.

Балама жаза – кінәлінің қылмыстық іс-әрекетінің қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін дифференциациялай және жеке басын даралай отырып тағайындалатын, ҚК-тің Ерекше бөліміндегі санкцияларда көрсетілген, сондай-ақ ҚК-тің Жалпы бөлімінің ережелеріне сай басқа жазамен алмастырылатын, бір-біріне пара-пар негізгі жазалар болып табылады.

Айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмысқа тарту – қамаққа алудың балама жазасы болып танылады.

Бас бостандығынан айыруға балама болып бас бостандығынан шектеу, айыппұл салу, түзеу жұмыстарына, қоғамдық жұмыстарға тарту тура келеді.

Айыппұлды төлемеген, түзеу жұмыстарынан, қоғамдық жұмыстардан жалтару, бас бостандығын шектеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда алғашқыда сот үкімімен тағайындалған бұл жазалар ҚР ҚК-нің жалпы бөлігінің 41-бабы 6-бөлігінің 1), 2)-тарм.; 42-бабы 5-бөлігінің 1), 2)-тарм.; 43-бабы 2-1-бөлігінің 2)-тарм., 2-2-бөлігіне сай басқа жазамен алмастырылады. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар болған ретте қоғамнан оқшауламайтын негізгі жазаны басқа жазамен ауыстыру жағдайы ҚР ҚК-нің 55-бабына сай реттеледі.

Ал ҚР ҚК Ерекше бөлігіндегі жекеленген нормалардың санкцияларында бір-біріне пара-пар келетін бірнеше жазалар келтіріледі. Әдетте мұны теорияда «балама санкция», «балама жаза» деп атайды. Заңнамаға сай, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар кездессе, жазаның мөлшері, мерзіміне қарай бір-біріне бара-бар келетін қоғамнан оқшаулайтын, не қоғамнан оқшауламайтын негізгі жазалардың бірінің орнын екіншісі алмастыра алатын жазалардың қатарынан сот бірін таңдап алады.

Қоғамнан оқшауламайтын жаза мен баламалы жазаның арақатынасына келсек, алғашқы ұғым соңғыдан кең. Қоғамнан оқшаламайтын жазаларды негізгі де, қосымша да жазалар құрайды. Ал баламалы жаза негізгі жаза орнына қолданылады.

Әдетте, құқық қолдану тәжірибесінде, теорияда б.б.а. мен қамаққа алуды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың алмастыруы жайлы жиі айтылады. Дегенмен де балама жазалар қоғамнан оқшаулайтын да, оқшауламайтын негізгі жазаларға пара-пар келетін жазалар болып табылады.

Балама жаза: 1) бас бостандығынан айырудың, 2) қамаққа алудың орнына, 3) қоғамнан оқшауламайтын негізгі жазалардың бір түрі екіншісіне қолданылады.

Шартты түрде соттау, шартты түрде мерзімінен бұрын босату бас бостандығынан айыруға балама жаза бола алмайды, тек бас бостандығынан айыруды алмастыратын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы болып саналады.

1.2 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың жалпы қылмыстық жаза жүйесіндегі орны

Қылмыстық заңнамалар тарихында (22.07.1959 ж., 16.07.1997 ж., 03.07.2014 жж.) жаза жүйесі ұғымына түсінік берілмеген. Бірақ та қылмыстық заңнамамен қарастырылған, ҚК Ерекше бөлігіндегі нормалардың санкцияларында кездесетін және сот үкімімен қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін тағайындалатын, ауырлық деңгейі ескеріліп тізбектелген жазалардың толық тізімі қылмыстық жаза жүйесін құрайды [47, 209 б.].

Жаза жүйесінің құрылымы мен мазмұны мемлекеттің қазіргі саяси жүйесіне, оның экономикалық дамуына, қоғамның пікіріне және басқа да әлеуметтік жағдайларға байланысты болады. Оған қоса жазалау жүйесі әрдайым қоғамның рухани құндылықтарына, мәдениетіне және жалпы өркениетіне сәйкес келді. Сол себепті Орта ғасырларда жазаменен қорқыту туралы пікір қоғамда үстемдік ету себепті халықты қатыгездігімен қорқытатын қылмыстық жазалау жүйелерін тудырды. Бұл жүйелерде өлім жазасы және адамдарды физикалық және рухани жағынан мүгедек ететін жазаларға айтарлықтай орын берілді [48, 48 б.]. Қоғамның, адамзаттың ой-санасының дамуымен мемлекеттің жаза жүйесі біртіндеп жеңілдей түсті, ізігіліктілік қағидаты басшылыққа алына бастады. Олардың ішінде дене мүшелерін кесу, қабырғаға ілу, таңбалау, көзін шұқып алу сынды садистік жазалардан алынып тасталды.

Қазіргі замағы қылмыстық құқық теориясында жаза жүйесі кең және тар мағынада түсінілетін болды. Қылмыстық жаза жүйесі тар мағынада ауырлық деңгейіне қарай белгіленген тәртіппен орналасқан, сот үшін міндетті болатын, қылмыстық кодекспен бекітілген жазалардың тізімін құрайды. Осы бағыттағы түсініктер Н.А. Стручковтың [49, 56 б.], А.С. Михлиннің [50, 117 б.]. еңбектерінде орын алды. Ал кең маңынада қылмыстық жаза философиялық тұрғыдан түсіндіріледі, яғни жаза жүйесі заңмен белгіленген нысанда, түрлі белгілері бойынша топтастырылған, өзара байланысты жазалардың тұтас жиынтығын береді. Оған мысалы, Н.Ф. Кузнецованың [51, 182 б.], В.К. Дуюновтың [52, 182 б.], А.Э. Жалинскийдің [53, 381 б.] берген түсініктерін жатқызуға болады.

Қазіргі уақытта көптеген заңгер ғалымдар жазалау жүйесін өзара байланысты элементтердің жиынтығы ретінде түсіндіреді. Жаза жүйесінің негізін жүйелілік талаптарына сәйкес келетін жаза түрлерінің тізімі (өзара тәуелділік, байланыс, ұйымдық бірлік) құрайды. Жаза түрлерінің тізімін құру критерийінің негізі ретінде жазаның «қатаңдығы» алынғаны кездейсоқ емес. Заң шығарушы қылмыстарды қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне қарай 4-ке:

онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыстарға жіктегені белгілі.

Осы тұста Люциус Анней Сенека: «Қылмыскер кейде жазадан құтыла алады, бірақ одан қорықпайды. Лирикалық түрде ол бұл идеяны Люсилийге жазған хаттарында: Сәттілік көпшілікті жазадан босатты, бірақ ешкімді қорқыныштан босатпады» деп атап өткен еді [54].

Ал В.М. Коган өз еңбектерінде: «қатаңдық пен әділеттілік» қылмыстық-құқықтық әсер ету механизмін шектейді деп келтірсе, ал А.И. Марцев болса, «жазаның ауырлығы» критерийін таңдаудың дұрыстығына сенімді бола отырып, ауыр қылмыстар үшін ауыр жазалар, аса ауыр қылмыстар үшін – аса ауыр жазалар тағайындауды жөн санаған [55, 172 б.].

Осылайша, жазаның «қатаңдығы» атты қылмыстық-құқықтық категорияның маңыздылығын, сондай-ақ табиғаты жағынан жаза қатаңдықты сипаттайтындығын ескере отырып, жазаның «қатаңдығы» сияқты критерий жаза түрлерінің тізімін құруға негіз болады деген қорытынды жасалынады. Жазаның ауырлығы жазаның басқа түрлеріне ғана емес, жазаның сипаты мен мөлшеріне де байланысты.

Профессор В.И. Селиверстовтың пайымдауынша, жаза түрлері тек тізімге енгізіліп қана қоймай, жаза жүйесін құрулары керек. Ол үшін қылмыстық заңда көзделген тізбе жаза жүйесіне қойылатын бірқатар негізгі талаптарға жауап беруі қажет. Оларға: 1) ол іштей реттелген және бір-біріне қайшы келмеуі керек; 2) бірдей қылмыстар да және қоғамға қауіптілік дәрежесі тұрғысынан бірдей қылмыскерлер де болмайды. Жазалар тізімі осы ерекшелікті ескеруі керек, оның жазалау және тәрбиелік әлеуетіне сай келуі тиіс. Тізімге енгізілген жазалардың мазмұнында аса үлкен айырмашылық болмағаны абзал. Әйтпесе, сот жауапкершілікті даралай да, тиісті жазаны тағайындай да алмайды; 3) жазалар тізімі толық болып табылады, оны қалауынша түсіндіруге болмайды [56, 315 б.].

Бас бостандығынан айырумен қатар сотталушыны қоғамнан оқшаулауға байланысты емес бірқатар жазаларды бекіткен ҚК мен ҚАК Қазақстан Республикасының қылмыстық, сонымен қатар пенитенциарлық саясатының нормативті базасына айналды.

1959 жылғы ҚазСРО-ның ҚК-дегі жаза жүйесінде (21-бап. Жаза түрлері):

Қылмыс жасаған адамдарға келесі негізгі жазалар қолданылуы мүмкін: 1) бас бостандығынан айыру; 2) жіберу; 3) жер аудару; 4) бас бостандығынан айырусыз түзеу жұмыстары; 5) белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 6) қызметінен босату; 7) айыппұл; 8) қоғамдық кемсіту; 9) келтірілген залалды өтеу міндетін жүктеу.

Әскерге шақырылушылар тәртіптік батальонға жіберу арқылы да жазалануы мүмкін.

Қаңғыбастықпен, қайыр сұраумен айналысатын немесе басқа паразиттік өмір салтын ұстанатын, алимент төлеуден немесе балаларды асыраудан қасақана жалтаратын, сондай-ақ паспорт жүйесінің ережелерін бұзатын адамдар оқу-еңбек профилакториясына жолдау түріндегі жаза қолданылуы мүмкін.

Сотталғандарға негізгі жазаларға қосымша мынадай қосымша жазалар қолданылуы мүмкін: мүлікті тәркілеу; ата-ана құқығынан айыру; әскери немесе

арнаулы атақтан айыру.

Жіберу, жер аудару, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, қызметінен босату және айыппұл салу, келтірілген залалды өтеу міндетін жүктеу әрі негізгі, әрі қосымша жаза ретінде де қолданылуы мүмкін [57].

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен (11.11.1982 ж.) еңбекпен тәрбиелеу профилакторийіне жіберу түріндегі, ал келесі жылы Жарлықпен (30.09.1983 ж.) келтірілген зиянның орнын толтыру міндетін жүктеу жазасы ҚК-ке енді [7, 11 б.].

Ал енді 1997 жылғы ҚК-тегі жаза жүйесінде болса, 1959 жылғы қылмыстық заңнамада қарастырылған қоғамдық кемсіту, қоныс аудару (жер аудару) және жіберу (высылка), қызметінен босату; келтірілген залалды өтеу міндетін жүктеу сынды негізгі жазалары алынып тасталып, 1997 жылы жазаның жаңа түрлері - бостандықты шектеу, қоғамдық жұмыстарға тарту және әскери қызметтен шектеу, абақтыда ұстау, тәртіптік әскери бөлімде ұстау (2009 жылы алып тасталынды) енгізілді. Сондай-ақ «бас бостандығынан айырусыз түзеу жұмыстары» «түзеу жұмыстары» деп аталды.

ҚК-тің бұрынғы редакциясында б.б.ш. институты Ресей заңнамасымен сәйкес болатын. Тек 2002 жылы Қазақстан Республикасының ҚК пен ҚАК-не б.б.ш. түріндегі жазаға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Онда сотталған адамды пенитенциарлық мекемеге оқшауланудан қоғамда қалдырудың синтездеуші белгілері көрінетін болды, сәйкесінше бас бостандығынан шектеу жазасының құқықтық табиғатында елеулі өзгерді [58, 31-32 бб.]. Бас бостандығынан шектеу ауыр, аса ауыр қылмыстар үшін сотталғандарға, әскери қызметшілерге, тұрақты мекен-жайы жоқ адамдарға қолданылмады [59]. Сот жүктеген бостандығын шектейтін белгілі бір міндеттерді қадағалауды жүзеге асыратын органның ұсынысымен толық немесе ішінара өзгертілуге жатады. Осылайша, бұл жаза бас бостандығынан айырумен байланысты емес түзеу мекемесінен тыс жерде және тұрғылықты мекен-жайы бойынша өтелетін болды. Бас бостандығын шектеуді орындайтын мамандандырылған органға қатысты «мамандандырылған» деген сөзі алынып тасталды [60, 77 б.].

Елдегі қылмыстық саясаттың ықпалымен 2014 жылғы ҚК-тің қабылданып, қылмыстық жаза жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырады. Қазіргі отандық қылмыстық заңнамада екі жазалар жүйесі қарастырылған: қылмыс үшін және қылмыстық терісқылық үшін белгіленетін жазалар (7 негізгі жаза, 4 қосымша жаза; заңнамада арнайы қарастырылмаса да 1 жаза әрі негізгі, әрі қосымша). Осы тұста айта кету керек, Қылмыстық кодексте тіркелген жазалар саны бойынша біз көптеген мемлекеттерден озып отырмыз. Мысалы, ФРГ қылмыстық заңнамасында жазалар жүйесін тек екі негізгі жаза (б.б.а. және айыппұл) және бір қосымша жаза (Көлік құралын басқаруға тыйым салу) түрлері ғана құрайды [61, 94-95 бб.]. Осыдан түсінетініміз, қылмыстық кодексте көптеген жазалардың болуы көбірек таңдауға мүмкіндік береді.

Р.К. Сарпеков, С.М. Рахметов жазалау жүйелерін зерделей отырып, оның реттілігі бұзылған деп есептейді: Атап айтсақ, Қылмыстық Кодекстің 40-

бабының 1-бөлігі мен 2-бөлігінде айыппұл ең алдымен жазаның ең жеңіл түрі ретінде көрсетілген. Түзету жұмыстары – екінші орында [62, 48 бб.].

Егер жазаның осы екі түрін бір-бірімен салыстыратын болсақ, онда бірқатар себептерге байланысты түзету жұмыстары айыппұлға қарағанда жазаның жеңіл түрі екенін көруге болады. Мысалы, еселенген мөлшерде айыппұл салынған кезде, түзеу жұмыстары түріндегі жазаны тағайындағаннан гөрі сот айыппұл сомасын көбейте алады. Түзеу жұмыстарын еселеуге келмейді. Сонымен қатар, ҚР Қылмыстық кодексінің 42-бабының 5-бөлімге сәйкес, еңбекке жарамсыз болып қалса сотталған адам түзеу жұмыстары түріндегі жазаның қалған бөлігін орындаудан босатылуы мүмкін немесе өтелмеген бөлігі айыппұлмен ауыстырылуы мүмкін. Қылмыстық кодекстің 41-бабы сотталған адамды сот тағайындаған айыппұл сомасын төлеуден босатуды көздемейді. Осы екі себеп бойынша түзету жұмыстарын айыппұлға қарағанда жазаның жеңіл түрі деп тануға болады, сондықтан «айыппұл» жазасы түзеу жұмыстарына тартудан кейін тұруы керек.

Қылмыстық Кодекстің 40-бабының 1-бөлігінде шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу түріндегі жаза осы баптың 5) - тармағында дұрыс орналаспаған. Бұл жазаны айыппұлдан, түзеу жұмыстарынан, қоғамдық жұмыстардан және қамауға алудан гөрі қатал деп санауға болмайды. Демек, ол Қылмыстық Кодекстің 40-бабының 1-бөлігінде (1-тармақ) орналасқаны жөн, яғни бірінші жолда болуы керек.

Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша Қылмыстық Кодекстің 81-бабының 1-бөлігінде жазаның бұл түрлерінің орнын алмастыруы тиіс, яғни 2) тармақ бойынша түзеу жұмыстары түріндегі жазаны, ал 3) тармақ бойынша – айыппұлды [62, 48 бб.]. Бұл айтылған ұсыныстармен толық келісуге болады.

Қамаққа алу бостандықты шектеуден гөрі қатал және бас бостандығынан айырудан гөрі қатал. Сол себепті қамауға алуды ҚК 40-бабының 2-бөлігінде б.б.ш. мен б.б.а. арасында қарастырылуы керек деген пікірмен келісе алмаймыз. Қылмыстық заңнама жаза түрлеріне қарай қылмыстық терісқылықты қылмыстан ажыратады. Ал бұл жағдай қоғамнан оқшаулайтын жазалардың қатарындағы қамаққа алу мен б.б.а. жазасы екі санатты құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік деңгейіне лайықты қатаңдығы әртүрлі жазалардың түрін тағайындау мүмкін болмайды, нақты айстақ, қылмыстық заңнамада қоғамға қауіптілік деңгейі мен сипатын ескеріп, қ.қ.б. құрамдарын бір-бірінен белгісі бойынша ажырату мүмкіндігінен айырады.

Сонымен қатар авторлар қылмыстық заңнаманы ізгілендіру мақсатында ҚК 51-бабының 2-бөлігінде Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу түріндегі жазаны ауырлығы аз немесе орташа қылмыс жасаған шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға негізгі жаза ретінде қолдану мүмкіндігін қарастыруды дұрыс деп санайды.

ҚК 51-бабының 2-бөлігінде шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу қылмыс жасағаны үшін жазаның қосымша түрі ретінде, ал жазаның негізгі де, қосымша түрі ретінде де қ.қ.б. жасағаны үшін тағайындалуы мүмкін делінген. Аталған норма өзінің мазмұны бойынша ҚК-тің 40-бабына сәйкес келмейді, өйткені онда қ.қ.б. жасаған адамға

қолданылатын балама жазалар туралы айтылмайды.

Сондықтан Қылмыстық кодекстің 40-бабындағы жазалардың үшінші тобына қылмыстық құқық теориясында баламалы жазалар деп аталатын жазаның 3 түрін (түзеу жұмыстарын, айыппұлды, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамды немесе шетел азаматын Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу) жатқызуды жөн көреді Р.К. Сарпеков, С.М. Рахметов [62, 49 бб.]. Авторлардың бұл соңғы ұсынысымен келісу қиын. Себебі қылмыстық жаза жүйесінде бұл үшінші топты балама жазалар деп есептейтін болсақ, онда баламалар тек негізгі жазалардан тұруы керек деп есептейміз.

Әлемдік деңгейде қылмыстық және пенитенциарлық саясатты ізгілендіру контекстінде сотталушыны қоғамнан оқшауламай жазалау институтын пайдалану өте маңызды. Алайда, бұл жазаларды қолдану процесінде ұлттық заңнаманың алға қойған мақсаттарын толық көлемде іске асыра алуы керек. Әрине, қылмыстық жазаның мақсаттары жазаны тағайындау және орындау кезінде бүкіл қоғам үшін нұсқаулық болып табылады. Олардың нақты анықтамасы әр елдің қылмыстық-құқықтық жүйесінің ұлттық ерекшеліктерімен анықталады. Отандық қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамасының ерекшелігі сол, олар жазаның мақсаттарын заңнамада нақтылап көрсетеді, ал көптеген шет елдерде бұл институт тек жалпы түрде анықталған.

Қылмыстық жаза институтында жаза ұғымын, мазмұнын және мақсатын дұрыс анықтау өзекті мәселелердің бірі болды. Жазаның мазмұнының нақты көрсетілмегендігінен анықтамада кәнігей қолжеткізілмейтін ережелерін орын алды. ҚР ҚК-нің 39-бабында жаза – әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру үшін, сондай-ақ сотталғандардың түзелуі және сотталғандардың да және басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады деп көрсетіледі.

Осы тұста Ө.С. Жекебаев қоғамда кез-келген жетістікке саналы түрде ниет етіп, мақсат қою арқылы қолжеткізуге болатынын алға тарта отырып, заңнаманы жетілдіру үшін де, оны практикада қолдану үшін де қылмыстық жазаның мақсатын нақты түсінудің маңыздылығын айқындайды. Қылмыстық заңнамада белгіленген мақсаттар, бір жағынан, құралды таңдауға, ал екінші жағынан, бұл таңдалған құрал осы мақсатты жүзеге асыру тәсіліне әсер етеді, деген пікір келтіреді [63, 59 б.]. Бірақ та заңнамамен көзделген мақсаттарға шын мәнісінде қолжеткізіле бермейтіні баршаға мәлім. Десек те жазаның қалпына келтіру функциясының да болатынын естен шығармау керектігін ғалым М.Д. Шаргородский де, А.В. Наумов та айтып кеткен болатын. Бұл пікірді ғалым Т.К. Акимжанов та қолдайды және жазаның концепциясын даярлауда жазаны икемді, тиімді, аз шығынды және қоғамға пайдалы ету керек деп есептейді [64, 94 б.].

Қылмыстық жаза әлеуметтік сипатқа да ие. Жазаның әлеуметтік функциясы ретінде жазаны қылмыс жасаған тұлғаға қолданған кезде бұзылған қоғамдық тәртіпті қалпына келтіріп, келген зардаптың орнын толтырып, қылмыскерді жауапқа тарту арқылы қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру, қылмыстың жасалуына байланысты азаматтардың қорқыныш сезімі мен сенімсіздік күйін жойып, құқық қорғау органдарының адам мен азаматтың, қоғамдық отраның және мемлекеттің мүдделерін қорғауына қабілеттері бар екеніне сенімдерін

арттыруды түсінеміз [65, 170 б.].

Өмірде қылмыстық іс-әрекеттердің салдарынан адамдар мүгедектікке шалдығып, ұзақ жылдар бойында, тіпті кейде өмір бойы денсаулығынан айырылатын кездер жиі орын алып жатады. Шын мәнісінде кінәлінің бас бостандығынан айырылып, жазасын өтеуі, не шартты түрде сотталуы жәбірленуші үшін көмек бола бермейді. Осы тұста Г.Ж. Османованың еңбегіндегі: «Жәбірленушінің денсаулығы дұрысталғанша көмек беру – шартты түрде сотталған адамға сот арқылы жүктелінетін бір міндет (критерийі) болуы тиіс. Бұл міндеттемені орындамау шартты соттауды жоюға (ҚК 64-бабының 1-б.-де көзделгендей) негіз болады» деген ұсынысымен келісуге болады [66, 14 б.].

Мысалы, «Зардап шеккендерге арналған өтемақы қоры туралы» Заңның [67] қабылдануына және осы қорды толықтыру үшін қылмыстық кодексте міндетті төлемді белгілеу қажеттігі туындауына байланысты Қылмыстық кодекстің жалпы бөлігінің 7-бөліміне (2018 жылғы 9 сәуірде) өзгерістер енгізілген болатын. Бұл өзгеріс туралы Балтабаев Қ.Ж.: мұндағы міндетті төлемнің құқықтық сипаты түсініксіз. Біздің ойымызша, бұл сотталушыға қолданылатын тағы бір жаза түрі және де ол іс-әрекет үшін қос жауапкершілікті белгілегендіктен ҚР-ның Конституциясына қайшы келеді. Ал енді шын мәнісінде «міндетті төлемнің» жаза саналатынын ҚК-тің 39-бабы қарастыратын жазаның анықтамасына ішінара сәйкес келетін оның атауының өзі нақты дәлел бола алады деп пікір келтіреді [68, 36 б.]. Десек те бұл пікірмен келісу қиын, себебі міндетті төлем компенсацияны қамтамасыз ету құралы саналады.

Егер ресейлік және отандық қылмыстық заңнаманың тарихына жүгінсек, 1926 және 1960 жылдардағы РСФСР Қылмыстық кодексінің және отандық 1959 жылғы ҚазСРО ҚК-ң тәжірибесінде жазалар ескерту, келтірілген зиянды өтеу міндеттемесі және т.б. шаралар қамтылған болатын. Келтірілген шығынды өтеуді жазаның дара түрі ретінде жаза жүйесіне енгізу туралы 1997 жылғы ҚК-тің жобасын дайындағанда ұсыныс болды. Бұл ұсыныс оны қылмыстық процесте азаматтық талап арыз беру арқылы келтірілген материалдық және моральдық шығынды сотпен өтеттіруге болады деген себеппен қабылданбаған болатын. Бірақ, соттың үкімімен белгіленген материалдық және моральдық шығын тек бір-ақ рет өтелінеді, ал жәбірленуші өз азабымен өмір бойы алысуына тура келеді. Сондықтан да денсаулыққа зиян келтірумен байланысты қылмыстар үшін келтірілген зиянды өтеу міндеті жәбірленуші сауыққанша түзеу жұмыстары, б.б.ш. түріндегі жазалардың мерзімі біткенге дейін міндеттеген жөн болар еді. Және ол міндетті жүктеу мерзімі дәрігерлік комиссиясынан жыл сайын тексеруден өткізілу тәртібімен ұзартылып отыруы тиіс.

Соңғы жылдары қылмыстардан келтірілген залалдың өсу тенденциясы байқалды. Есептегі деректерге сәйкес, сотталғандардың 80%-на қатысты талап-арыздар түседі, алайда борышкерлердің тек 56%-нан ғана шығын өндіріліп алынады екен.

ҚАК-нің 122-бабына сай, көрсетілген кірістердің жалпы сомасының 50%-нан аспайтын мөлшерде сотталғандардың жәрдемақысынан, жалақысынан, зейнетақысынан және басқа да кірістері есебінен ұстап қалуға жол беріледі. Алайда, сот тәжірибесінде көп жағдайда сот орындаушылар қаражатты тек

сотталушының жалақысынан ұстап қалумен шектеледі. ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 32-бабының нормаларында көзделген атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз етуге байланысты қосымша шаралар (сотталған адамның не басқа жеке немесе заңды тұлғалардағы ақшаны мен бағалы қағаздарын қоса алғанда, борышкердің мүлкін арестқа қою жолымен) қолданылмайды.

Мәселен, сотталған Б. деген адамға 938 978 теңге сомасында талап қойылады (тек 51 651 теңге өтелген). 2020 жылы бақылау шотына 425 530 теңге, яғни талап қою сомасының жартысы жұмсалған. Басқа сотталғандарда да осындай жағдай.

Негізінен сотталғандардың бұл кірістері туыстарынан түскен ақша аударымдарынан тұрады.

Жазаны орындайтын органдар жоғарыда аталған Заңның 98-бабына сілтеме жасай отырып, туыстарының ақша аударымдарынан ақша өндірмейді.

Сонымен қатар, ҚАК-нің 115-бабына сәйкес, сотталғандардың негізгі қажеттіліктері бюджет қаражаты есебінен қамтамасыздандырылады және материалдық көмекке мұқтаж болмайды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Ақмола облысы прокуратурасының бастамасы бойынша «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңының 32, 55-баптарына сәйкес, сот орындаушысына атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету үшін қылмыстық жазасын өтеп жатқан борышкерлердің есепшотына басқа адамдардан түсетін ақшалай қаражатты өндіріп алуға тыйым салынбайтыны туралы анықтама берілген [69].

Ары қарай, жаза түрлері туралы сөз етсек, онда ҚР қылмыстық атқару кодесіне сай жазаны өтеу тәртібі бойынша жазалар негізгі (айыппұл, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу) сонымен қатар, қосымша қолданылатын жазалар (шетелдікті не азаматтығы жоқ адамды Қазақстанның шегінен тыс шығарып жіберу; арнаулы әскери құрметті атақтардан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру; белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; мүлкін тәркілеу) деп бөлінеді [70]. ҚР ҚК 40-бабы 1 және 2-бөлігі қылмыстық теріс қылық пен қылмыс (қылмыстық жазаланатын әрекеті) жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамдарға қолданылуы мүмкін негізгі жазалардың ғана тізбесін айқындайтынын атап өткен жөн. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабының 3-бөлігінде көзделген қосымша жазалау шаралары еленбейді.

С.В. Розенко, қосымша жаза ретінде сотталушының немесе басқа адамдардың белгілі бір мерзім ішінде қылмыс жасамау туралы жазбаша міндеттеме ғана емес, сонымен бірге белгілі бір ақша сомасын қамтитын қылмыс жасаудан бас тарту міндеттемесін; көлік құралын басқаруға тыйым салу; қылмыстық құқықтық реституция (қалпына келтіру); дауыс беру және сайлау құқығынан айыру сынды жаза түрлерін енгізуді ұсынады. Және де РФ ҚК-не б.б.а. жазасының баламасы ретінде түзеу жұмыстары, мәжбүрлі, міндетті

жұмыстардың барлық тұлғалар үшін қолданыла бермейтіндіктен кәмелетке толмағандарға бос уақытын шектеу түріндегі арнайы жаза түрін енгізуді жөн көреді [71, 107 б.].

Қолданыстағы ҚК-тің 39-бабына сәйкес, жаза сот үкімімен тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде қ.қ.б. жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады. Осы адамның аталған Кодексте көзделген құқықтары мен бостандықтарынан айырады немесе шектейді. Автор қазақстандық және ресейлік қылмыстық заңнамаларды салыстыра отырып, жоғарыда айтылған ұсынысына орай ҚК-нің 39-бабын «сотталған адамға қосымша міндеттер жүктейді» деген ережемен толықтырылуы керек деген ұсынысымен толық келісуге тұрады.

ҚР ҚАК-нің 3 және 4-бөлімдерінде қылмыстық жазаларды орындау тәртібін заң шығарушы қоғамнан оқшаулану критерийі бойынша топтастырып, қарастырады (3-бөлім – сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындау (айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу, қосымша жазалар); 4-бөлім – сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазаларды орындау (бас бостандығынан айыру, қамаққа алу) [70]. Отандық қылмыстық жаза жүйесі ресейлік жаза жүйесінен ерекшелікке ие. Қылмыстық заңнамамен жазаны топтаудың үш жолы (негізгі, қосымша және негізгі, әрі қосымша жазалар), сондай-ақ қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шаралар нақтыланған. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары ұғымын ҚР ҚК-де кездестіре алмаймыз, ол тек ҚР ҚАК-да жалпы айтылып, оның жекеленген түрлерін бөліп көрсетпейді. Бұл қылмыстық заңнамадағы арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе.

ҚР ҚК-де тәркілеу қосымша жаза түрі ретінде қамтылған. Отандық заңнамамен салыстырғанда Ресейлік қылмыстық заңнамада тәркілеу (РФ ҚК 15.1-тарауының 104.1-бабы) мен келтірілген шығынды өтеу (РФ ҚК-нің 15.1-тарауының 104.3-бабы) және сот шығындары (РФ ҚК 15.2-тарауының 104.4-бабы) қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шаралардың қатарында қаралған. РФ ҚАК Ерекше бөлімінің 2-бөлігінде (Сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындау) орындайтын жазалардың қатарында міндетті жұмыс, айыппұл, белгілі лауазымды немесе белгілі қызметті атқару құқығынан айыру, түзеу жұмысына тарту, бостандықты шектеу, міндетті жұмысқа тарту, мәжбүрлі жұмысқа тарту, қосымша жаза (арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен және мемлекеттік наградалардан айыру) қаралады [72].

Осыдан түсінетініміз, Қазақстан және Ресей заңнамаларында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың тізімінде айырмашылық бар. Қазақстан қылмыстық заңнамасы бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың қатарында тәркілеу (қосымша жаза ретінде) бар.

Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалармен салыстырғанда сотталғанды қоғамнан оқшаулайтын жазалардың жазалау деңгейі қатал. Сондықтан олар, әдетте, орташа және онша ауыр емес қылмыстар үшін б.б.а. жазасына балама ретінде қолданылады. Жазалар қатаңдығы, маңыздылығы және сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарының шектелу мүмкіндіктеріне

қарай ерекшеленеді).

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау және өтеу тәртібі ҚАК-нің жалпы бөлігінің нормаларында бекітілген жазаларды орындаудың жалпы ережелері мен қағидаттарына сай іске асырылады. ҚР ҚАК 6-бабына сәйкес жазаның осы түрлерін, басқа да қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау үшін заңды күшіне енген үкім немесе қаулы, сондай-ақ кешірім жасау туралы акті негіз болады [70]. Жазаның осы түрлерін орындайтын мекемелер мен органдар ҚР ҚАК-нің Жалпы бөлігінің 16-бабында анықталған: айыппұл – сот орындаушылармен; түзеу жұмыстарын – ПҚ-мен; қоғамдық жұмыстарға тарту – жергілікті атқарушы органдар; арнаулы әскери құрметті атақтардан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру – оны берген лауазымды адамға жүктеледі; белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын лауазым, не қызмет түріне байланысты меншік түріне қарамастан, ұйымдар немесе мемлекеттік мекемелер мен ұйым әкімшіліктері немесе пробация жүзеге асырады [20].

Заңнама сотталғандардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ жазаның осы түрлерін орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін егжей-тегжейлі реттейді.

Он жылдан астам уақыт бойы елімізде жазаны ізгілендіру бағытында белсенді әрекеттер жасалды, яғни бір жағынан, қылмыстың жәбірленушісінің жағдайын жеңілдетсе, екінші жағынан, сотталғандар санын азайтып, әлеуметтік әділеттілік қағидатының шынайы жүзеге асыруына жол берді. Бұл идеяны жүзеге асыру қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын, сондай-ақ қылмыстық-атқару заңнамасын айтарлықтай өзгертті. Жазалау саясатын жеңілдету, б.б.а. жазасының баламаларын әзірлеу арқылы оңды өзгерістерге қолжеткізілді.

Кейбір отандық ғалымдар: «Бұрынғы қылмыстық заңнамадағыдай қылмыстық жаза жүйесіне негізгі, әрі қосымша жазалар тобын қайта енгізіп, айыппұл және шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан аумағынан шығарып жіберуді қосқан жөн. Сотталушының айыппұлды төлей алған жағдайда сотпен бас бостандығынан айыруға балама жаза ретінде айыппұлды қолдану ұзақ мерзімді б.б.а. қысқартар еді» деген пайымдаулары белгілі дәрежеде қолдауға лайықты [73].

Егер жазаны қолданудың салдарына келсек, С.М. Рахметов пен Ф.Р. Ахмеджановпен ұсынылып отырған жағдай ұзақ мерзімге сотталған адамның б.б.а. орындарындағы субмәдениетке бейімделуінен сақтайды. Дегенмен де материалдық жағдайы төмен адамдарға келсек, азаматтар бұл мүмкіндіктерді иемдене алмайды, нәтижесінде халық арасында резонанс тудырады. Сондықтан да отандық заңнамада айыппұл тек ауырлығы орташа немесе онша ауыр емес қылмыстар үшін тағайындалады.

Отандық қылмыстық заңнамадағы өзгерістерге орай, шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР аумағынан шығарып жіберу қылмыс үшін белгіленетін негізгі жазалар қатарында орналасқан. Заңнамада арнайы мойындалмаса да (яғни жаза жүйесінің үшінші тобы көрсетілмегенімен) белгілі

мөлшерде жаза жүйесіне негізгі, әрі қосымша жазалар тобына қайта оралғанының көрінісі болмақ.

Сонымен сұрақты зерттей отырып, төмендегідей тұжырымдарға келеміз:

1. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың отандық қылмыстық заңнамада жаза жүйесіндегі алатын орны туралы айтсақ, біріншіден, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды негізгі де (б.б.а. мен қамаққа алудан басқа), қосымша да жазалар құрайды; екіншіден, негізгі жазалардың қатарындағы айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, б.б.ш. жазалары бас бостандығынан айырудың, не қамаққа алудың (қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазаларға) балама жазасы болып табылады.

2. Қолданыстағы ҚК-нің 40-бабындағы қылмыстық терісқылықтар мен қылмыстар үшін жеке-жеке қамтылған қылмыстық жазалар жүйесінде жазалардың қаталдық деңгейі бойынша орналасу кезектігі сақталынбаған және орын алмастыруды қажет етеді. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу түріндегі жаза ҚК 40-бабының 5)-тармағында емес 1)-тармақта орналасқаны жөн.

3. Қылмыстық заңнамада жаза жүйесін топтастыруда бұрынғыша үш топқа бөлуді қарастырған дұрыс. Себебі ҚК 40-бабында әрі негізгі, әрі қосымша жазалар тобы қарастырылғанымен де ҚК 51-бабының 2-бөлігінде шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстаннан тысқары жерлерге шығарып жіберу жазасы осы топқа жататындығы айтылады.

4. Сот үкімімен белгіленген материалдық және моральдық шығындар тек бір-ақ рет өтелінеді, ал денсаулығына зиян келген жәбірленуші өз азабымен өмір бойы алысуына тура келеді. Сондықтан да денсаулыққа зиян келтірумен байланысты қылмыстар үшін келтірілген зиянды өтеу міндеті жәбірленуші сауыққанша сотпен міндеттеген жөн болар еді. Және ол міндетті жүктеу мерзімі дәрігерлік комиссиясынан жыл сайын тексеруден өткізілу тәртібімен ұзартылып отыруы тиіс.

Міндеттеменің мерзімі дәрігерлік комиссия шешімімен ұзартылып отырады (өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде).

1.3 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар туралы шетел заңнамалары

Қазіргі уақытта түрлі елдердің балама-пенитенциарлық блок түріндегі жазаларын қолдану ерекшеліктерін, олардың мақсаттары мен функцияларын жүзеге асыру ерекшеліктерін жүйелі түрде салыстырмалы талдау әлі де сұранысқа ие, өйткені қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасының тиімділігі көбінесе «сыртқы өркениетті ықпал етудің бағыттары мен қарқындылығына» байланысты [74, 15 б.].

Осыған орай қазіргі заманғы пенитенциарлық және қылмыстық саясатты жетілдіру шеңберінде шет елдермен өзара іс-қимыл жасау, ұлттық заңнамаға оң тәжірибені ескеру және енгізу өте маңызды.

Жазалардың тағайындалуын және орындалуын жете бағаламау қылмыстылықтың алдын алу тиімділігін төмендететін елеулі қателіктер жасауға

ықпал етіп қана қоймай, азаматтардың құқықтарының бұзылуына алып келетіні анық.

Отандық қылмыстық-атқару және қылмыстық заңнамалар мен олардың іс-тәжірибеде қолданылуы еліміздің Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпыға мәлім қағидаттары мен нормаларына, халықаралық шарттарға негізделеді.

Халықаралық-құқықтық құжаттарда бірқатар негізгі мемлекеттердің ұлттық заңнамасында жазаны тағайындау және орындау кезінде адам құқықтарының сақталу кепілдіктерін регламенттеуге қатысты принциптер- нормалар бар.

БҰҰ қылмыстылықтың алдын алу жөніндегі VIII Конгресі (Гавана, 1990 ж.) сотталғандарды қоғамнан оқшаулаудың баламаларын іздеуге ерекше назар аударады. Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға БҰҰ-ның ең төменгі стандартты ережелері (14.12.1990 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының 45/110 қарарымен қабылданған Токио ережелері) арналады. Онда «Токио ережелерінде» түрмеге қамауға алумен байланыссыз ең төменгі шараларды қолданудағы қағидаттар, минималды кепілдемелерден тұрады. Онда шараларды қолдану аясы, үкім шығаруда қолданылатын санкциялар тізімі, үкім шығарылғаннан кейінгі ережелер, шараларды жүзеге асырудың тәртібін нақтылайд. Сонымен қатар шаралардың орындалуы процесіне қатысты субъектілердің құқықтық жағдайы, бұл процеске қатысу тәртібі қарастырылған.

Токио ережелерінің 2.3-бабына сәйкес, «қылмыстық сот төрелігі жүйесінде сотқа дейінгі және соттан кейінгі түрмеге қамауға алумен байланыссыз шаралар кеңінен қарастырылуы керек». Ал 2.4-бапқа сәйкес, «түрмеге қамауға алумен байланыссыз жаңа шаралардың әзірленуін ынталандырып, бұл процесті мұқият қадағалау, сонымен қатар оларды қолдану тәжірибесіне жүйелі түрде бағалап отырған жөн».

Осы стандарттарды қолдану барысында БҰҰ-на мүше мемлекеттерге мынадай қағидаттарды ұстану ұсынылады: осы шараларды жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде жұртшылықтың белсенді қатысуын қамтамасыз ету; қылмыскерлердің, олардың құрбандарының құқықтары, қоғамға қауіпсіздік мүдделері мен қылмыстылықтың алдын алу арасында тиісті тепе-теңдік құру; елдің ұлттық жағдайлары мен қылмыстық сот төрелігі жүйесінің мақсаттарын ескеретін стандарттарды пайдалану; қылмыстың сипаты мен ауырлығына, жеке басына және қоғам мүдделеріне сүйене отырып, оларды икемді жүзеге асыру мақсатында осындай шаралардың кең спектрінің болуы.

Стандартты ережелер түрмеге қамауға алумен байланыссыз шаралардың келесі жиынтығын ұсынады: ауызша санкциялар (ескерту, айыптау); шартты түрде босату; азаматтық құқықтарға нұқсан келтіру; экономикалық санкциялар мен ақшалай айыппұлдар; шартты жаза; қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындау туралы қаулы және т.б. [75].

1990 жылғы Токио ережелері түрмеге қамауға алуға балама шараларды қолдануды ынталандыру мақсатында әзірленген. Онда күдікті, айыпталушы немесе сотталғандардың кепілдіктері, құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделерінің тізімі белгіленген. Айта кету керек, түрмеге қамауға алуға айыруға балама шараны таңдау жасалған қылмысты, қылмыскердің жеке басын және

жәбірленушінің құқықтарын ескеріп (3.2-ереже), яғни жазаны даралау принципін қатаң сақтай отырып жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, түрмеге қамауға алуға балама жазалардың орындалу процесіне және құқық бұзушының қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуіне жұртшылықтың көбірек назарын аудару қажеттілігі ережемен нақтыланады.

Бұл балама шаралар тек тәуелсіз институт емес, қылмыстық-құқықтық реттеу мен қылмыстық қақтығыстарды реттеудің тұтас әдісі, деген М.Р. Гетаның ұстанымымен келісеміз [35].

Сотталғанды қоғамда қалдыру және түрмеге қамауға алуға балама шараларды қолдану ғана емес, сонымен қатар қоғамдық бірлестіктерді, оның ішінде діни ұйымдар мен еріктілерді тарту арқылы оған түзету әсерінің спектрін кеңейту өте перспективалы. Нәтижесінде сотталған адамды қоғамда еркіндікте табиғи түрде түзетуге қолжеткізілетін болады.

1990 жылғы Токио ережелерінде сотталғандарды қадағалаудағы басты мақсат олардың қылмыстарды қайталау деңгейін төмендету және олардың қоғамға араласуына белсенді ықпал ету екені айтылған.

Қажет болған жағдайда сотталған адамға әлеуметтік, психологиялық, құқықтық және басқа да көмектер көрсетіледі. Сотталғанға жүктелінетін міндеттер мен шектеулер оның жеке мүдделерін, сондай-ақ жәбірленушінің және жалпы қоғамның мүдделерін ескеріп дәл және тиімді болуы керек. Егер жазаның қойылған мақсаттарына алдын ала, ол аяқталғанға дейін қол жеткізілген болса, онда ол белгіленген жазаны өтеуден оқшауламай мерзімінен бұрын босату мүмкіндігін көздейді.

Токио ережелері сотталғандармен топтық және жеке тренингтер өткізудің әртүрлі әдістерін әзірлеу кезінде құқық бұзушылардың санаттарына қарай жекеленген тренингтер жүргізу қажеттілігін ескерген орынды және қажет деп болжайды.

Сотталған адам өзіне тағайындалған бұлтартпау шарасын орындау тәртібін бұзған жағдайда, оның күші жойылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Ал тиімділігі төмен болған жағдайда бірден бас бостандығынан айыруға жол берілмейді.

Сот сотталған кәмелетке толмағандарды қоғамнан оқшауламай өтейтін жаза тағайындағанда әрбір сотталушының түзелу дәрежесін барынша объективті тәсілмен бағалауды қамтамасыз ететін қажетті кәсіби даярлық деңгейіне ие қадағалауды жүзеге асыратын қызметкерлер болуға тиіс.

Халықаралық қоғамдастық жекелеген халықаралық актілерде күдіктілерге, айыпталушыларға, сотталғандарға қолданылатын кейбір ережелер әзірленіп, анықталған. Олардың арасында 1959 жылғы Бала құқықтары туралы Декларация бар. 1959 жылғы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясының 1386 (XIV) қарарымен қабылданған [76].

Бұл халықаралық ынтымақтастық ұсынымдық сипаттағы актілерде де заңды көрініс табады, оның ережелерінің іске асырылуының арнайы шарттары болғанына қарамастан оларды сақтамауға да болмайды [77, 7 б.].

Қолданатын қылмыстық жазалар осы халықаралық құжаттардың негізі принциптері мен ережелеріне қатаң сәйкес келуі керек. Бірақ та аталған халықаралық актілерде, ең болмағанда, кәмелетке толмағандарға

тағайындалатын қоғамнан оқшауламайтын жазамен байланысты үкімдердің орындалу ерекшеліктері айқындалмағанын атап өткен жөн.

Халықаралық актілерге жасалынған қысқаша шолудан соң жекеленген шетелдік қылмыстық заңнамаларында оқшаулаумен байланысты емес жазалардың құқықтық реттелу сұрағына көшсек.

Өткен тарауларда неміс заңнамасында жаза жүйесін құрайтын жаза түрлерінің өте қарапайым екендігін айтып кеткен болатынбыз: екі негізгі түрі бар – б.б.а. және айыппұл (§38.39 және §40-43 қылмыстық кодекс). Германияда ақшалай айыппұл тәуліктік мөлшерлемемен салынады. Күндік ақшалай айыппұл ставкаларының төменгі мөлшері – 5 күндік ставка, ал жоғарысы – 360 толық күндік ставка. Тәуліктік норманың мөлшерін сот адамның жеке және қаржылық жағдайын ескере отырып айқындайды, ақшалай айыппұлды төлеу кейінге қалдырылуы немесе уақтылы болмауы мүмкін. Ақшалай айыппұл төленбеген жағдайда, ол бас бостандығынан айырумен алмастырылады (§42) [78].

Заңмен Германияның қылмыстық кодексіне жазаның жаңа түрі – мүліктік айыппұл енгізілді (§43а УК). Жазаның бұл түрі қылмыстық әрекеттен түскен пайдаға салынады. ГФР Қылмыстық кодексіне сәйкес, мүліктік айыппұл ұйымдасқан қылмыс саласында, нақтырақ айтсақ есірткіге байланысты ауыр қылмыстық әрекеттерді жасағаны үшін қолданылады. Мүліктік пен ақшалай айыппұлдың басты айырмашылығы – мүліктік айыппұл күндік ставкалар жүйесі бойынша есептелмейді. Бұл сот тағайындаған белгілі бір ақша сомасын мемлекетке төлеу туралы айыптау үкімін шығарудан тұрады. Мүліктік айыппұлдың мөлшерін сот айқындаған кезде ең алдымен кінәлінің мүлкінің құнына мән береді. Осылайша, мүліктік айыппұлдың жоғарғы шегі қылмыстық әрекетті жасаған адамның барлық мүлкінің құнымен ғана шектеледі. Ал қосымша жазаның тек бір ғана түрі – көлік құралын басқаруға тыйым салу (§44) қарастырылған. Сонымен қатар, қосымша жазадан бөлек қосымша салдар деген де бар, яғни бұл сотталушы үшін белгіленеді, бірақ мұндай салдарды үкімде жарияламайды. Оған белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру, қоғамдық сайлау нәтижесінде алынған құқықтарды пайдалану құқығы, көпшілік алдында сайлау немесе дауыс беру құқығы, сайлану құқығы және дауысқа ие болу құқығы (§45) және басқалары жатады.

Герман қылмыстық заңнамасының жаза жүйесіне американдық қылмыстық заңнамасы ұқсас, негізгі жаза түрлеріне түрмеге қамау және айыппұл жатады. АҚШ заңнамасында бірқатар қосымша жазалар бар: сайлау құқығынан айыру; белгілі бір лауазымдарды атқаруға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға тыйым салу; мүлікті тәркілеу; белгілі бір кезең ішінде мүлікті пайдалануға тыйым салу; мүлікті мәжбүрлеп сату; келтірілген залалды өтеу міндетін жүктеу және т.б.

Жазаның мақсатына қатысты айтсақ, әрине, қылмыстық жазаның мақсаттары жазаны тағайындау және орындау кезінде қоғаммен талап етілетін нұсқаулық болып табылады.

Қылмыстық жазаны орындау процесінде негізінен екі мақсатқа аса мән беріледі: сотталғандарды түзету және жазасын өтеп жатқан адамдардың жаңа қылмыстық құқық бұзушылықты жасауына жол бермеу. Шын мәнісінде

қылмыскерлерді қорқытудың түзетушілік ықпалы болады. Жаза жалпы мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді. Қылмыскерді қорқынышы арнайы және жеке алдын алу функциясын күшейтетін түзетуге бағытталған ықпал ету шарасы болып табылады [79, б.].

Жазаның нақты анықтамасы әр елдің қылмыстық-құқықтық жүйесінің ұлттық ерекшеліктерімен анықталады. Еліміздің қылмыстық-атқару және қылмыстық заңнамалары жаза мақсаттарын заңнамалық тұрғыдан реттеуімен ерекшеленеді, ал көптеген шет елдерде бұл институт тек жалпылама айтылады. Мысалы, АҚШ заңнамасы өз нормаларында тәуелсіз институт ретінде қылмыстық жазаның мақсаттарын реттемейді, бірақ АҚШ Әділет министрлігінің құжаттарын, американдық қылмыстық құқықтың ресми курсын және басқа дереккөздерді зерттей отырып, қорқыту, түзету, ескерту б.б.а. балама жазаларына да қолданылатынын байқаймыз.

Құқық теориясында кешенді интеграцияланған бағытты ұстанушылар іс-тәжірибеде еш нәтиже бермейтін утилитарлық емес мақсаттар (өтеу және кек алу) мен іс-тәжірибеде анық нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін утилитарлық мақсаттарды (бейтараптандыру, қорқыту, қайта әлеуметтендіру) бөліп қарайды [80, 46 б.].

Қорқыту мақсаты АҚШ-тың қылмыстық заңнамасы үшін жаңа нәрсе. Бұл мақсаттың көздейтін нәтижесі балама жазалары үшін де, нақты б.б.а. үшін де бірдей, яғни әрбір жасалған қылмыс үшін жазаның сөзсіз болатынын, онан құтыла алмайтындығын білдіреді. Осылайша, қорқыту мақсаты екі: жалпы (бүкіл адамдарға әсер етеді) және жеке (қылмыс жасаған адамға тікелей әсер етеді) функцияны орындайды.

Кек алу мақсатына келсек, ол да жалпы сипатқа ие және жасалған әрекет үшін сәйкес жаза белгілеу дегенді білдіреді. АҚШ-да бас бостандығынан айырудың балама жазаларын орындаудағы алдын алу мақсаты сотталғандарға ерекше бақылау орнату арқылы жүзеге асырылады. Түзету мақсаты қылмыс жасаған адамдарда әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта Америка Құрама Штаттарында сот әділдігін қалпына келтіру қарқынды дамып келеді, мұнда жазаның өзі белгілі бір түзету процесі ретінде көрінеді. Бұл институттың мәнісі сол, ол қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жаза түрлерін кеңейтуге, қылмыс жасаған адамның өз кінәсін мойындауына және түсінуіне, қылмыс жасау нәтижесінде келтірілген зиянды өз еркімен өтеуге негізделген арнайы профилактикалық шаралар кешенін қолданудан тұрады.

АҚШ-тан басқа, сот әділдігін қалпына келтіру Австрия, Англия, Бельгия, Норвегия мен Финляндияда да белсенді дамып келеді [81, 90 б.]. Чехия мен Польша пилоттық кезең сәтті аяқталғаннан кейін ұлттық заңнамада ресми түрде бекітілген болатын [82, 133 б.].

Американдық қылмыстық-құқықтық санкциялар жүйесінде пробация маңызды орынға ие, яғни бостандықтағы сотталған адамды белгілі бір мерзімге арнайы қызмет қызметкерінің бақылауына жібереді. Әдетте, сынақ мерзімі бес жылдан аспауы қажет. Пробацияға сотталған адам оның күшін жою

қорқынышымен сот белгілеген шарттарды сақтауға міндеттенеді. Қылмыстық кодексте пробация шарттарының тізімі өте үлкен: адамның зиян және жаман әдеттерден аулақ болу міндеті; тыйым салынған орындарға немесе нашар орындарға барудан, сондай-ақ беделі нашар адамдармен араласудан аулақ болу; оқу немесе кәсіптік оқыту курсынан адал өту және т.б. (§65.10-Пробация мен шартты түрде соттаудың шарттары. Нью-Йорк штатының Қылмыстық кодексі) [83].

Америка Құрама Штаттарында пробация б.б.а. баламасы ретінде штат барлық штат заңдарымен белгіленген. Сот оларды өлім жазасына, өмір бойына бас бостандығынан айыруға немесе ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыруға үкім шығаратын қылмыстары үшін сотталған адамдарға пробация тағайындалмайды. Кейбір мемлекеттер қосымша талаптарды қояды, мысалы, бұрынғы соттылықтың болмауы, барлық сот шығындарын өтеу, сондай-ақ жасалған қылмыс үшін жаза он жылға б.б.а. жазасынан аспайтын жағдайларда. Қылмыс жасады деп айыпталған көптеген адамдарға нақты бас бостандығынан айырудың орнына пробация тағайындалады [84, 42 б.].

Америка Құрама Штаттарында бас бостандығынан айыруға балама жазалар нақты б.б.а. мен шартты түрде соттаудың арасындағы орынды иеленеді. Бір қызығы, елде 35 дербес юрисдикция бар, сондықтан жазалау жүйесінің бірыңғай толық тізімі жоқ, баламалы пенитенциарлық блоктың ең көп таралған жазаларының қатарына айыппұл күндері, қоғамдық жұмыстар, күндіз бақылау орталығында болу, күшейтілген қадағалаумен пробация, үй қамағы және т.б. жатады [85, 54 б.].

Континенталды құқықтық жүйе тән елдерде б.б.а. балама жазасы ретінде түзеу жұмыстарын қолдану сот тәжірибесінде кеңінен орын алған.

Ал Франция қылмыстық заңнамасы барлық қылмыстық әрекеттерді 3 санатқа бөледі: қылмыстар, қылмыстық құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтар [86, 3 б.], аталған санаттардың әрқайсысының тағайындалатын өз жазалары бар. Қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға балама жаза ретінде айыппұл қарастырылса, қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қоғамнан оқшауламайтын келесі жазалар көзделеді: айыппұл, тұрақсыздық айыбы, белгілі бір құқықтардан айыру немесе шектеу, қоғамдық мүдде үшін ақысыз жұмыс. Айыппұл салыну, белгілі бір құқықтарға шектеу теріс қылық жасағаны үшін қойылу мүмкін.

Жазалардың осы нақты санатын талдауға сүйене отырып, оларды қолдану негізінен бұзылған құқықты қалпына келтіруге (айыппұлдарды кеңінен қолдану), жаңа қылмыстардың, қылмыстық құқық бұзушылықтардың немесе теріс қылықтардың (құқықтарға шектеулер қолдану) алдын алуға бағытталған деген қорытынды жасауға болады. Осылайша, Француз қылмыстық заңы жазаның мақсаттарын тәуелсіз институт ретінде анықтамаса да, олардың арасында алдын-алу және қалпына келтіру басым.

Францияда қоғамға пайдалы еңбек сотталушының еңбек құқығын шектейтін жаза болып саналады. Олар сот қандай да бір құқық бұзушылық жасағаны үшін б.б.а-ды қолданбау туралы шешім қабылдаған жағдайларда тағайындалатын балама жазалар санатына жатады.

Францияның Қылмыстық кодексінің 131-6-бабына сәйкес, егер қандай да бір құқық бұзушылық үшін б.б.а. жазаланса, сот сотталушыны қоғамға пайдалы еңбекті қолданатын заңды тұлғаның немесе жариялы құқыққа немесе ұйымның пайдасына қоғам мүддесі үшін 40-тан 240 сағатқа дейін пайдалануға уәкілетті ұйымның мүддесі үшін өтеусіз жұмыс істеуін бұйыруы мүмкін [87]. Бұл жаза 18 айдан аспайтын мерзімде орындалады. Ауыр медициналық, отбасылық, кәсіптік немесе әлеуметтік себептерге байланысты жазаны өтеу уақытша тоқтатылуы мүмкін, сотталған адам қоғамға пайдалы жұмысты орындау мерзімінде белгілі бір бақылау шараларына бағынуы тиіс. Бұл жазаның орындалуы түнгі уақытта жұмыс істеуге, қауіпсіздікке, гигиенаға, әйелдер мен жастарға қатысты заңдар мен регламенттердің ережелерімен реттеледі [14, 20 б.].

Франциядағы жазалар жүйесінің ерекшелігі сол, заңнамада жеке тұлғамен қатар заңды тұлғаларға арналған жазалар жүйесі қарастырылған. Сондай-ақ, заңды тұлға жаза ретінде бес жылға дейін сот бақылауына алынуы мүмкін, бұл сот комиссарын тағайындауды білдіреді. Сот қадағалауына орналастырылған кезеңде уәкіл өзіне берілген тапсырманың орындалғаны туралы жаза қолдану жөніндегі судьяны хабардар етеді. Сот уәкілдің есебін ескере отырып, заңды тұлғаны сот бақылауынан босатуға немесе басқа жаза тағайындауға құқылы. Жария құқықта заңды тұлғаларға, саяси партиялар мен кәсіподақтарға үй-жай соттық бақылауға берілмейді. Франция Қылмыстық кодексінің 131-1 мен 131-36-8-баптары аралықтары жеке тұлғаларға тағайындалатын жазалар туралы, ал заңды тұлғалар үшін ҚК-тің 131-37 пен 131-49-баптарының аралықтары арналған [87].

Ал енді Англия қылмыстық заңнамасындағы жазалар жүйесінде жазалар топтарға бөлінбейді, жазалар тек баламалы сипатқа ие және олар бір-бірін алмастыра алады, не толықтырады. Бұл заңнамада оқшалаумен байланысты емес жазалардың төрт санаты қарастырылған: қоғамға ақысыз қызмет көрсету; белгілі бір сағаттарда белгіленген тұрғылықты жерінен кетуге тыйым салу; арнайы оңалту бағдарламалары бойынша оқыту (мысалы, 40-тан 300 сағатқа дейін тегін жұмыс) және т.б.; қаржылық санкциялар (айыппұл, өтемақы, тәркілеу).

Мұндағы, қоғамға ақысыз қызмет көрсету - бұл ағылшын қылмыстық заңнамасына сәйкес б.б.а. көзделген қылмыс үшін кінәлі деп танылған 17 жастағы және одан асқан адамға тағайындалатын жаза. Оның ісін қарайтын сот белгіленген уақыт аралығында (барлығы 40-тан 240 сағатқа дейін) жұмысты ақысыз орындауға міндеттейтін үкім шығаруы мүмкін. Егер біз кәмелетке толмаған құқық бұзушылар туралы айтатын болсақ, онда бұл жазаның максималды мерзімі 120 сағаттан аспайды, ал жұмыс мектепке барудан бос сағаттарда орындалады).

Сотталушының мінез-құлқын бақылайтын тиісті лауазымды адам жұмыс түрін айқындайды. Сотталушының белгіленген шарттарды бұзуы 50 фунт стерлингке дейінгі айыппұлға немесе басқа санкцияға әкелуі мүмкін. Бұл шараны сот сотталушының келісімімен және пробация қызметкерінің немесе жергілікті өзін өзі басқару органының әлеуметтік қызметкерінің құқық бұзушының жеке басы туралы есебінен кейін ғана қолдана алады [14, 19 б.].

Англияда (Уэльсті қоса алғанда), мысалы, соттар айыптау үкімін

шығарғанда қылмыстың ауырлығына байланысты бас бостандығынан айырудың орнына келесі жазаларды қолдана алады. Оларға мыналар жатады: айыппұл, жәбірленушінің пайдасына өтемақы, сотталушының тұрғылықты жерін, оның қызмет түрін белгілейтін бірқатар шарттарды қамтуы мүмкін пробацияға жіберу туралы қаулы, сондай-ақ қоғамға пайдалы жұмыс немесе пробация мен қоғамға пайдалы жұмысты біріктіретін аралас бұйрық [84, 42 б.].

Ал енді Испания Қылмыстық кодексінің 49-бабына сай қоғамның игілігі үшін жұмыс сотталушының келісімінсіз тағайындалмайды. Бұл жаза бойынша қоғамға пайдалы қызметтің белгілі бір саласында сотталушының тегін қызметтерін ұсынуға міндеттеледі. Жұмыс ұзақтығы күніне сегіз сағаттан аспауы керек.

Вьетнам Республикасы, Польша және Румыния сияқты елдердің тәжірибесіне келсек, түзету жұмыстары жазасы отандық заңнамаға өте ұқсас.

Вьетнамның қылмыстық заңнамасында бас бостандығынан айырмай түзеу жұмыстарына тарту 6 айдан 2 жылға дейін белгіленеді. Сот сотталған адамның тәрбиесін қадағалау үшін оның жұмыс орны немесе тұрақты тұратын жері бойынша мемлекеттік мекемеге немесе қоғамдық ұйымға түзеу жұмыстарына ауыстырады. Сот үкімі бойынша сотталған адамның 5-тен 10%-ға дейінгі

табысы мемлекеттік бюджетке аударылады.

Осыған ұқсас жаза Румынияның қылмыстық заңнамасында қарастырылған. Түзеу жұмыстары құрылыс алаңдарында, ауыл шаруашылығы немесе орман кәсіпорындарында жүргізіледі. Сотталған адам өндірістік қызметпен немесе мамандық бойынша қызметпен айналысуға міндетті. Түзеу жұмыстары үкімді орындау туралы бұйрық негізінде еңбек шартын жасаспай өтеледі және қолданыстағы еңбек шарты өз күшін тоқтатады. Еңбекақының 15-тен 50%-на дейін мемлекет пайдасына ұсталады. Адам түзеу жұмыстарын өтеуден жалтарған жағдайда бас бостандығынан айырумен ауыстырылады [14, 20 б.].

Жапондық қылмыстық саясат негізінен кек алу мен қорқытуға бағытталған, оны өлім жазасы, бас бостандығынан айыру, қылмыстық қамауға алу, ақшалай айыппұл, шағын айыппұл және мүлікті тәркілеуден тұратын жаза жүйесінен көруге болады (Жапония ҚК 9-бабы) [88].

Жапон қылмыстық заңнамасы айыппұл мен шағын айыппұлды мөлшеріне қарай ажыратады. Айыппұл мөлшері кем дегенде 10 000 иен болуы керек, дегенмен қажет болған жағдайда 10 000 иеннен аз болуы мүмкін (Жапония ҚК 15-бабы (айыппұл)). Ал шағын айыппұл кем дегенде 1 000 иен, бірақ 10 000 иеннен аспауы керек (ҚК-тің 17-бабы (шағын айыппұл)).

Жапонияның сот статистикасына сәйкес, айыппұл мен шағын айыппұл 90%-ы жағдайда қолданылады. Сотталған адам тағайындалған айыппұлды төлей алмаса, онда оны – роэкидзё - жұмыс үйіне орналастырады, онда ол өз қарызын өтеуі керек (ҚК-тің 17-бабы (айыппұл төлеудің орнына жұмыс үйінде ұстау)). Айыппұлды толық көлемде төлемеген адам жұмыс үйінде кемінде бір күн, бірақ екі жылдан аспайтын мерзімде, ал шағын айыппұлды кемінде 1 күн, бірақ 30 күннен аспайтын мерзімде өтейді. Егер айыппұлдар жиынтықта салынса немесе айыппұл және тұрақсыздық айыбы жиынтықта салынады, қамауда ұстау мерзімі 3 жылдан аспайды.

Кішігірім құқық бұзушылық үшін жұмыссыз қамаққа алу түзеу мекемесінде атқарылады. Мерзімі – 1 күннен 30 күнге дейін (Жапон ҚК-нің 16-бабы (кішігірім құқық бұзушылық үшін жұмыссыз қамаққа алу).

Тәркілеу жазаның қосымша түрі ретінде ғана қолданылуы мүмкін, сонымен қатар сотталған адамға тиесілі мүлікті мемлекет пайдасына алып қоюдан тұрады. Тәркілеу тек заңда белгіленген заттар мен мүліктердің тізбесіне қолданылады: қылмыс заты; қылмыс жасау үшін пайдаланылған зат; қылмыс жасау нәтижесінде алынған мүлік; қылмыс жасау кезінде алынған мүлікті айырбастау нәтижесінде алынған мүлік (Жапон ҚК-нің 19-бабы (тәркілеу)).

Қытайдың қылмыстық заңнамасы жабық сипатқа ие, сондықтан балама пенитенциарлық блоктың жазалау жүйесін және олардың мақсаттарын тек жалпы түрде талдауға болады.

Қытайдағы қылмыстық жаза жүйесі екі түрге бөлінеді: негізгі – қадағалау (ҚК-тің §2, 38-41-баптары), қамаққа алу (ҚК-тің §3, 42-44-баптары), мерзімді б.б.а. және өмір бойы б.б.а. (ҚК-тің §4, 45-47-баптары) мен өлім жазасы (ҚК-тің §5, 48-51-баптары) және қосымша жазалар болып ақшалай айыппұл (ҚК-тің §6, 52,53-баптары), саяси құқықтардан айыру (ҚК-тің §7, 54-58-баптары), мүлікті тәркілеу (ҚК-тің §8, 59-60-баптары) танылады. Бір қызығы, жазаның қосымша түрлері дербес те қолданылуы мүмкін. ҚК-тің 35-бабында: «Қылмыс жасаған шетелдік азаматтарға дербес немесе қосымша жаза ретінде Қытай Халық Республикасынан шығаруы мүмкін» делінген [89, 43 б.].

Қадағалау – заңнамамен негізгі жазаға балама жалғыз жаза түрі ретінде қарастырылған, ал оның мазмұны шартты түрде соттауға жақын. Қадағалау жазасын орындау сотталғандарды бақылауды жүзеге асыратын қоғамдық қауіпсіздік органына жүктелген. Соңғылары өз кезегінде жаза орындалуы кезеңінде келесідей талаптарды сақтауға міндетті: қылмыстық және әкімшілік заңнаманы сақтау, қадағалауға қатаң бағыну; тиісті рұқсатсыз көпшілік алдында сөйлемеуге, жарияламауға, ұйым құрмауға, жиналыстарға қатыспауға, саяхаттамауға, құқықтарының бостандығын көрсетпеуге; қоғамдық қауіпсіздік органы өз қызметінің түрі туралы хабардар етуге; қонақтарды қоғамдық қауіпсіздік органы белгілеген ережелерге сәйкес қабылдауға; бақылаушы органның келісімінсіз тұрғылықты жерін өзгертпеуге.

Айыппұл (немесе ақшалай өндіріп алу) қосымша жазаға жатады. Оның мөлшері мен есептеу әдістері Қытай Қылмыстық кодексінің жалпы бөлігімен анықталмаған. Қылмыстық Кодекстің 52-бабында бұл жаза «қылмыс жасау жағдайларына сәйкес белгілі бір ақша сомасы түрінде тағайындалады» делінген. ҚХР қылмыстық заңнамасында айыппұл қосымша жазаның қатарында қаралады, сондай-ақ негізгіден дербес қолданылуы мүмкін [89, 99 б.] (ҚХР ҚК-нің 34-бабы) ҚХР ҚК-де айыппұл б.б.а. немесе қамаққа алуға балама жаза ретінде қолданылады. Мысалы, ҚХР ҚК-нің 162-бабында «мүлікті жасыру, компанияның, кәсіпорынның активтері мен міндеттемелерінің тізбесіне оларды тарату кезінде жалған ақпарат енгізу немесе компанияның, кәсіпорынның мүлкін кредиторлардың немесе басқа тұлғалардың мүдделеріне елеулі зиян келтірген қарыздарды өтегенге дейін оған тікелей жауапты басшылар мен басқа да қызметкерлерге қатысты бөлу – 5 жылға дейін бас бостандығынан айыруға

немесе қысқа мерзімді қамауға алуға және (немесе) 20-дан 200 мың юаньға дейінгі мөлшерде айыппұл салынуға жазаланады», деп келтіріледі.

Саяси құқықтардан айыру келесі құқықтардан айыру болып табылады: дауыс беру құқығы және сайлану құқығы; сөз, баспасөз, жиналыстар, одақтар, митинг және демонстрацияларға бостандығы құқығы; мемлекеттік органдарда лауазымдарды иелену құқығы; мемлекеттік компанияларда, кәсіпорындарда, мекемелерде және қоғамдық ұйымдарда басшы лауазымдарды иемдену құқығы. Жазаның мерзімі – 1 жылдан 5 жылға дейін. Ал өмір бойы бас бостандығынан айыру, өлім жазасына кесілген адамдар, сәйкесінше өмір бойы саяси құқықтарынан айырылады.

Қытай қылмыстық заңнамасы жаза мақсатын нақтылауға арнайы норма арнамайды, бірақ та ҚК-тің 46-бабында: «мерзімді және өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар түрмеде немесе үкім орындалатын басқа жерлерде ұсталады; әрбір еңбекке қабілетті адам тәрбие мен түзету мақсатында жұмыс істеуі керек» деп келтіреді [89, 45 б.].

Бразилияның қылмыстық заңнамасы жеке дара акт емес, бірнеше құқықтық актілерден тұрады, оған «Қылмыстық жазаланатын бұзушылықтар туралы» және «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңдары да кіреді. Сонымен қатар жаза жүйесі Бразилия Федеративті Республикасы Конституциясымен бекітілген, атап айтқанда 46-бапта сотталушыны қоғамнан оқшауламай жазалаудың түрлері қаралады: тәркілеу, айыппұл салу, балама қоғамдық жұмыстар, шектеу немесе құқығынан айыру [90].

Бұл жазалардың негізгі мақсаты – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Жасалған қылмыс үшін санкция тағайындау кезінде сот алдымен адамның қоғамға қауіптілік деңгейін анықтайды, соның негізінде жаза түрін таңдайды. Дегенмен, сот шешім қабылдайтын критерийлер өте кең және көп жағдайда түсініксіз, ол бір де бір нормативтік актімен реттелмеген.

Ал Араб елдерінің (Ливия, Сауд Арабиясы, Судан, Египет, Иран, Ирак, Йемен) қылмыстық заңнамасы – аралас және континенттік құқық пен шариғат нормаларына негізделген [91, 10 б.].

Қылмыстық жазаның мақсаттары келесі ТМД елдерінің қылмыстық заңнамасында қаралады: Тәжікстан Республикасы, Украина, Беларусь Республикасы, Болгария Республикасы, Эстония Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және т.б., мұнда негізінен жазалау түзету (қайта тәрбиелеу), жаңа тіркелген қылмыстардың алдын алу, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру сияқты мақсаттар көзделеді. Айта кету керек, бұл елдердегі жазаның мақсаттары іс жүзінде отандық Қылмыстық кодекске сәйкес келеді және мазмұны бойынша айтарлықтай тұжырымдамалық айырмашылық жоқ. Бұл сондай-ақ ұқсас жазалау жүйесімен, соның ішінде баламалы түрме блогын анықтаумен байланысты.

Орталық Еуропа елдерінде алдын алу және қалпына келтіру түріндегі жаза мақсаттары сотталушыны қоғамнан оқшауламайтын жазалар анықтамасын құрастыруға әсер еткен. Ондай жазаларға негізінен айыппұлдың түрлері, белгілі бір құқықтардан айыру және мүлікті тәркілеу жатады. Бір жағынан, баламалы пенитенциарлық блоктағы жаза жүйесі аталған елдер үшін мүлдем қолайлы емес. Екінші жағынан, қарастырылып мысалы, отырған мүліктік жазалар қоғамдық

жұмыстарға қарағанда ерекшеленеді: сотталушыға қоғамның пайдасына ақысыз еңбектен гөрі өзінің материалдық игіліктерінен айыру әлдеқайда күшті әсер етеді.

Еліміздің заңнамаларының тарихына үңілсек, кейінгі ортағасырлық қазақтардың заңнамасынан орын алған айыппұлдар уақыт өте келе жазаның басқа да қатал түрлерін алмастырылғанын байқай аламыз. Бұның себебі Алтын Орда мен Орта Азияның исламды қабылдаумен байланысты болды, ол өлім жазасына тиым салмаса да, мүмкіндігінше оны айыппұлмен ауыстыру мүмкіндігін қарастырған еді [92, 13 б.].

Исламды қабылданғаннан кейін жасаған қылмыстары үшін тағайындалатын өлім жазасы айыппұлдармен (қазақтардың әдет-ғұрып құқығында «құн» (парсы тілінен аударғанда «құн» – қан), кісі өлтіргені немесе құрбаны болғаны үшін төлем) ауыстырылды. Құның төлемі оны қанды кек алудан босатты, бірақ бұл айыппұлдар соншалықты үлкен болды, олар іс жүзінде бұрын болған жағдайды өзгерте алмады [92, 18 б.].

Сотталғанды еңбекке тартуға байланысты жазаларды өтеу шарттары мен тәртібін анықтайтын Қазақстан мен шетелдердің заңнамаларын салыстыру жазаларды тағайындау және орындау саласындағы отандық заңнаманы жетілдіру шараларын әзірлеу үшін ерекше маңызға ие.

Отандық заңнамада жұмысқа тартумен байланысты жазаның екі түрі белгілі: түзеу жұмыстары мен қоғамдық жұмыстар. Ал Ресей заңнамасында аталған жаза түрлері міндетті, түзеу және мәжбүрлі жұмыстар деп аталған. Шет елдерде осыған ұқсастықтары бар жазалар қолданылады. Алайда сотталғанды еңбекке тартуға байланысты жазалардың құқықтық мәртебесі оларда бірдей емес және әр елде әртүрлі қарастырылады. Мысалы, ең көп таралған атау - «қоғамдық жұмыстар». Бұл термин Норвегияның Қылмыстық кодексінде де қолданылады.

Беларусь, Армения, Қазақстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Грузия және Болгарияның Қылмыстық кодексінен түзету жұмыстары түріндегі жазаны кездестіруге болады. Керісінше бұл жаза Франция, Латвия, Дания, Швеция, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Аргентина және Испанияның Қылмыстық кодекстерінде көрсетілмеген.

Осылайша, қоғамдық жұмыстар Германия, Швеция және Молдова Қылмыстық кодексіне сәйкес жаза болып табылмайды, бірақ шартты түрде соттағанда міндеттеме ретінде немесе басқа қылмыстық жазаның жазалаушы элементі ретінде қолданылады. Қазақстандық заңнамадағы қоғамдық жұмысқа тартудың мазмұны да, атаулары да әркелкі келеді. Оның ішінде ең көп қолданылатын атау – қоғамдық жұмыстар. Бұл ұғым Норвегия ҚК-де [93], Дания [94], ТМД елдерінің арасында Беларусь [95], Әзірбайжан [96], Армения [97], Қырғызстан Республикасы ҚК-де [98] кездеседі. Ал РФ мен Тәжікстан Республикасы қылмыстық заңнамасында – «міндетті жұмыс» [99].

Молдова Республикасының Қылмыстық кодексінде (62-бап «Жеке тұлғаларға арналған жаза түрлері») [100], Грузия ҚК-нің 41-бабында [101] – «қоғамның игілігі үшін төленбеген еңбек» деп аталады. Молдова қылмыстық заңнамасына сай, қоғамның игілігі үшін төленбеген жұмыс кейінге қалдырылған жағдайда сынақ мерзімі ішінде негізгі жаза немесе міндет ретінде пайдаланылуы

мүмкін. Ал Израиль қылмыстық заңнамасында ол – «қоғамға пайдалы жұмыс» деген атқа ие.

Болгария, Түрікменстан, Өзбекстан және Австрияның Қылмыстық кодекстеріне сәйкес, қоғамдық (мәжбүрлі) және мәжбүрлі еңбек қылмыстық жаза жүйесіне енгізілмеген.

Ал кейбір елдерде шартты түрде соттағанда қоғамдық жұмыстар міндеттеме ретінде пайдаланылады. Германияның қылмыстық кодексі бойынша, б.б.а. түріндегі жазаны шартты түрде кейінге қалдырылған жағдайда сот міндеттеме ретінде қоғамға пайдалы басқа жұмыстарды орындауды тағайындай алады [102]. Швеция ҚК-нің 7-бабына сай, б.б.а. жазасына шартты түрде соттағанда немесе пробацияны тағайындағанда сот сотталушының қоғамдық жұмыстарды орындауға деген келісімін ескереді [103].

Е.В. Колбасова б.б.ш. жазасын орындау және тағайындау туралы шетелдік заңнамаларын салыстырмалы талдау барысында үшке бөлікке топтастырып, келесідей тұжырым жасайды: I топтағы елдердегі бостандықты шектеу мамандандырылған мекемеде, әдетте түзету орталығында; II топтағы елдерде – сотталушының тұрғылықты жері бойынша; ал III топтағы елдерде пробация түріндегі аралас модель енгізілген. Аталған барлық топтардағы елдерде сотталғандарды қадағалау жүзеге асырылады; сотталғандарды бақылау мен қадағалаудың электрондық құралдары тек II және III топтағы елдерде көзделген; б.б.ш. немесе осыған ұқсас шаралар қолданылған сотталған адамдарға бірқатар міндеттер мен тыйымдар немесе тек міндеттер жүктеледі; бас бостандығын шектеуге сотталған адамдар үшін міндеттер және (немесе) тыйым салулар тізбесін не осыған ұқсас шараларды кеңейтуге болады [11, 14 б.].

Бұл жаза санаттарын негізінен қолдану бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге (кеңінен айыппұлды қолдану) және жаңа қылмыстар мен терісқылықтарды жасауға жол бермеуге (құқықтарын шектеу жолымен) бағытталады.

Сонымен сұрақты төмендегідей тұжырымдаймыз:

1. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды тағайындау, орындау процесі Ата заң, ұлттық заңнамалардан бөлек халықаралық актілерге де негізделелді. Халықаралық-құқықтық құжаттарда, нақтырақ айтсақ Токио ережелерінде (1990 ж.) «қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар» деген терминді қолданылмайды, тек «түрмеге қамауға алумен байланыссыз шаралар» және «түрмеге қамауға алуға балама шаралар» ұғымын кездестіреміз.

2. Шетел қылмыстық заңнамасында да қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес (бас бостандығымен байланысты емес) жазалардың жаза жүйесінде өзіндік орны бар.

Қылмыстық заңнамасында жаза жүйесі өте тар елге Герман Федеративтік Республикасын жатқызуға болады. Оқшаулаумен байланыссыз негізгі жаза ретінде айыппұл қарастырылады (оған АҚШ ұқсас). Бір қосымша жазасы (көлік құралын басқаруға тыйым салу), қосымша салдар жаза жүйесіне орныққан.

АҚШ қылмыстық заңнамасында «мүлікті мәжбүрлеп сату; белгілі бір кезең ішінде мүлікті пайдалануға тыйым салу; келтірілген залалды өтеу міндетін жүктеу» деген сотталған адамға арнайы міндетін жүктейтін қосымша жаза

түрлері кездеседі. Отандық заңнамада да бостандықты шектеу жазасы тағайындалған сотталған адамға белгілі шектеулер қойылады. Бұл жаза мазмұнынын тек құқықтан айыру, шектеуді ғана емес, міндеттер жүктеу де құрайды дегенді білдіреді.

Жапония ҚК-нің 17-бабында айыппұлды өтей алмаған ретте сотталған адам роэкидзё – жұмыс үйіне орналастырылып, онда ол өз қарызын өтеуі қарастырылған. (ҚК-тің 17-бабы (айыппұл төлеудің орнына жұмыс үйінде ұстау)). Айыппұлды толық көлемде төлемеген кезде жұмыс үйінде бір күннен екі жылдан аспайтын мерзімде, ал шағын айыппұлды бір күннен 30 күнге дейінгі мерзімде өтейді.

ТМД елдерінің көпшілігі қылмыстық жаза мақсаттарын заңнамалық тұрғыдан реттеуімен ерекшеленеді, ал кейбір елдердің қылмыстық заңнамаларында қарастырылмайды. Мысалы, Қытай ҚК жаза мақсатына норма арнамағанымен де, ҚК-тің 46-бабында б.б.а. жазасын өтеушіге қатысты «әрбір еңбекке қабілетті адам тәрбие мен түзету мақсатында жұмыс істеуі керек» деп келтіреді. Көп жағдайда жаза түзету (қайта тәрбиелеу), жаңа тіркелген қылмыстардың алдын алу, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру ді көздейді. Бразилияның қылмыстық заңнамасында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаты рәсімделген.

3. Сотталғанды еңбекке тартуға байланысты жазалар шетел заңнамаларында әркелкі атаумен қаралады және әртүрлі. Мысалы, қоғамдық жұмыстар (АҚШ, Норвегия, Дания, Бразилия, Беларусь, Әзірбайжан, Армения, Қырғызстан, Қазақстан және т.б. ҚК-де); түзету жұмыстары (Беларусь, Армения, Қазақстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Грузия, Болгария, Вьетнам Республикасы, Польша және Румыния, Болгарияның ҚК-де және т.б.) немесе «міндетті жұмыс» (РФ мен Тәжікстан Республикасы ҚК-де); «қоғамның игілігі үшін төленбеген еңбек» (Молдова, Грузия ҚК-де); «қоғамға ақысыз қызмет көрсету» (Англия ҚК-де); «ақысыз қоғамдық мүдде үшін жұмыс» (Франция), «қоғамға пайдалы жұмыс» (Израиль) және т.б.

Франция, Латвия, Швеция, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Аргентина және Испанияның Болгария, Өзбекстан және Қытай, Австрияның ҚК-де мұндай жаза түрі жоқ.

2 ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗА ТҮРЛЕРІНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУШЫЛЫҚ СИПАТТАМА

2.1 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды тағайындау іс-тәжірибесіне жалпы сипаттама

Қылмыстық заңнама қоғам игіліктерін, азаматтардың құқығы мен мүдделерін қорғаудың құралы ретінде қызмет етуге арналған.

Қылмыс жазалары қылмыстық заңнаманың міндеттерімен тығыз байланысты. Қылмыстық жазаның бір мақсаты болып қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу табылады.

Жаза қылмыстылықпен күресудің басты құралы болмаса да, қылмыстылықтың алдын алудың тиімділігі жазаны дұрыс қолдануына тікелей ықпал етеді. Жаза қылмысты жасаған тұлғаның қоғамға жат қызметтерінің ізін кесуге ықпал ете алады.

Осы пікірді Ч.Беккарианың мына сөздері нақтылайды: Қылмыстар үшін жазалар тек заңмен белгіленуі мүмкін. Қоғамдық келісім-шартпен бірігіп отырған бүкіл қоғамды даралай алатын тек заң шығарушы ғана оларды белгілеуге құзырлы. Тіпті судьяның өзі қоғам игілігіне құлшыныспен қызмет еткенін сылтауратып осы заңды бұзған азамат үшін заңмен белгіленген жазадан артық жаза тағайындай алмайды [104, 177-178 бб.].

Расында да, қылмыстылықтың шекарасы жоқ, сондықтан оған қарсы күрес мемлекеттердің бірлескен күш-жігерімен жүзеге асырылуға тиіс. Қылмыстылыққа қарсы күресті өздігінен жүзеге асыруға болмайды. Оны жүзеге асыру үшін нақты мақсаттар мен міндеттер алға қойылып және құралдар мен әдістерді анықтау қажет. Олардың дұрыс және уақтылы орындалуы, болашақтағы мемлекеттің қылмыстық саясатының тиімділігін айқындап беретіні сөзсіз.

Мемлекеттік билік белгілеген және іске асырған қылмыстылыққа қарсы мақсаттар, міндеттер мен басымдықтар бір жақты өзегіріссіз қалатын және барлық уақытта мәңгілік бірдей болады деп ұғынуға болмайды. Өйткені қылмыстылықтың жағдайы, құрылымы, динамикасы өзгермелі құбылыс болғандықтан, оған қарсы бағытталған күрес жүргізетін құралдар мен әдістері сай болуы қажет [105, 90 б.].

Ал қылмыстылықтың алдын алу бағытындағы шаралардың тиімділігі белгілі дәрежеде қылмыстық құқық бұзушылықтар санынан көрінеді. Егер ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің төмендегідей статистикалық деректерінің көмегімен республика бойынша тіркелінген қылмыстық құқық бұзушылықтардың өсу-жағдайын болжай аламыз: 2017 жылы – 360 429 қ.қ.б. тіркелген, соның ішінде 318 909 қылмыс, 41 520 теріс қылық; 2018 жылы – 332 299 қылмыстық құқық бұзушылық: 289 202 қылмыс, 43 097 теріс қылық; 2019 жылы – 279 041 қылмыстық құқық бұзушылық: 245 382 қылмыс, 33 659 теріс қылық; 2020 жылы – 193 232 қылмыстық құқық бұзушылық: 163 806 қылмыс, 29 426 теріс қылық;

2021 жылы – 157 869 қылмыстық құқық бұзушылық: 135 007 қылмыс, 22 862 теріс қылық; 2022 жылы – 157 470 қылмыстық құқық бұзушылық: 136 426 қылмыс, 21 044 теріс қылық [4].

2021 жылы тіркелген істерден сотқа дейін тергеу басталғандары мынадай: теріс қылықтар – 22 862 (14%); қылмыстар – 134 991 (86%), оның ауырлығы орташасы – 71 238 (45%), ауыр 39 080 (25%), онша ауыр емес – 22 420 (14%), аса ауыр – 2 253 (2%).

Олардың аяқталғандары: теріс қылықтар – 14 500 (18%); қылмыстар – 64 969 (82%), оның ауырлығы орташасы – 25 930 (33%), ауыр 24 925 (31%), онша ауыр емес – 12 140 (15%), аса ауыр –1 974 (3%).

2022 жылы болса, тіркелген істерден сотқа дейін тергеу басталғандары: теріс қылықтар – 21 044 (13%); қылмыстар – 136 425 (87%), оның ауырлығы орташасы – 67 340 (43%), ауыр 44 103 (28%), онша ауыр емес – 22 741 (14%), аса ауыр – 2 241 (5%). Олардың аяқталғандары: теріс қылықтар – 14 154 (18%); қылмыстар – 62 958 (82%), оның ауырлығы орташасы – 23 102 (30%), ауыр 26 154 (34%), онша ауыр емес – 12 049 (16%), аса ауыр –1 653 (2%).

Соңғы 5 жылда қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 32%-ға азайған [4].

Ал енді сотқа дейінгі тергеу сатысындағы қ.қ.б. субъектілердің сандық көрсеткішіне келетін болсақ, 2015-2022 жж. аралығында төмендегідей болды: 2015 жылы – 29 924; 2016 жылы – 36 966; 2017 жылы – 38 071; 2018 жылы – 35 948; 2019 жылы – 34 015; 2020 жылы – 27 392; 2021 жылы – 20 380; 2022 жылы – 1 998 [4]. Байқап отырғанымыздай, 2015 жыл мен 2022 жылдарды салыстырсақ, қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағандардың сандық көрсеткіші 15%-ға төмендеген.

Мемлекеттік органдармен тіркелінетін қылмыстар – бұл «айсберг» сынды көзге көрінетін судың тек беткі бөлігі, оның 3/4 - бөлігі тіптен визуалды күйде де байқалмайтыны мәлім ереже.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, әрбір мемлекетте жасалған қылмыстардың шамамен 1/10 ғана тіркелінеді [106, 22 б.].

Оның үстіне қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайталануы жайлы деректер бұған дәлел болары сөзсіз. Мысалы, 2013 жылмен салыстырғанда бас бостандығынан айырусыз сотталғандардың және мерзімінен бұрын босатылғандар қылмыстық құқық бұзушылыққа қайта баруы 2 есеге азайған (744-тен 309-ға дейін). Бұл есепке алынған пробация қызметтерінің 1/3 - бөлігіне (34,3-тен 50,4 мыңға дейін) артық болғанына қарамастан осы жағдай орын алып отыр [66, 93 б.].

Елдегі қылмыстылықтың деңгейі мен оқшауланған жерлердегі сотталғандар саны арасындағы байланыстың объективті көрінісін анықтауда қиындықтар жиі орын алатынын ескергеніміз жөн. Оның себебін бірқатар факторлармен түсіндіруге болады: қылмыстық құқық бұзушылықтардың ашылуы, әртүрлі заңдық негіздерге байланысты сотқа дейінгі тергеу әрекеттерінің тоқтатылуы, қамаумен байланысты емес бұлтартпау шараларын және бас бостандығынан айыруға баламалы жазалардың қолданылуы, қылмысты жасау мен қауіпсіздік мекемесіне түсуінің арасында уақыт алшақтығының болуы (мысалы, 2020 жылы

қылмыс жасап, 2021 жылы соттalса) және басқалар. Немесе, статистикалық есептерді қалыптастырудағы өзгерістерге байланысты 2015 жылы елдегі қылмыс деңгейі 2014 жылмен салыстырғанда ресми түрде төрттен біріне өскен еді. Алайда, бұл оқшаулануға жазаланған адамдар санының пропорционалды артуына алып бармайды.

Сотталғандар санының азаюына 2015 жылы күшіне енген Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің қабылдануы ықпал етті. Мысалы, егер 2013-2014 жылдары алдын ала қамау және б.б.а. орындарында ұсталатын адамдардың саны небәрі 745 адамға азайса, жаңа Қылмыстық Кодекс күшіне енгеннен кейін 2015-2016 жылдар ішінде олардың саны 11 596 адамға азайған [107].

Әдетте, қолданылған жазалардың тиімділігінің көрсеткіші қылмыстылықтың азаюымен де анықталады. Жазалар қаншалықты тиімді екен деген сауалға қылмыстық құқық бұзушылыққа қайта бару жағдайы күрт төмендеуге жеткен деп жауап берсек жаңылмас едік. Бұл көрсеткіш жаза жүйесіне тікелей тәуелді. «Қылмыстық жазалар институтының жалпы проблемасы – отандық қылмыстық кодекске көптеген өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеушілер әрдайым пенитенциарлық практика мен статистиканы ескермейді, тек теориялық тұжырымдармен шектеліп, жазаларды орындау мәселелеріне талдау жасамайды. Ал бұл олқылықтардың уақытша екеніне сенгісі келетіндігін Е.А. Саламатов атап кетеді [108].

Елімізде ізгілендіру бағытындағы қылмыстық саясаттың орын алуымен сот практикасында айыппұлды қолдану аясы едәуір кеңейтілді, ол адам өлтірумен ұштаспайтын онша ауыр емес және орташа қылмыстарды қамтитын болды.


1997 жылғы ҚР ҚК-мен салыстырғанда 2014 жылғы кодексте айыппұл түріндегі қосымша жаза б.б.а. балама ретінде 0,4%-дан 50%-ға, яғни оның мөлшері орташа есеппен 57%-ға артқан.

Түзеу жұмыстарынан жалтарған немесе айыппұлдан жағдайда б.б.а. жазасына алмастырылатын болды. Сәйкесінше, 2014 жылғы ҚР ҚК-де айыппұлдар мен қоғамдық жұмысқа тарту, түзеу жұмыстары қоғамнан оқшаулайтын жазаларға балама ретінде танылды.

Ал 2015-2022 жылдар аралығындағы іс-тәжірибедегі жазалардың қолданылу жағдайын салыстыра отырып, бірінші кезекте ең көп қолданылатын бостандықты шектеу, екінші кезекте – бас бостандығынан айыру, айыппұл мен қоғамдық жұмыстарға тарту, үшінші кезекте – түзету жұмыстары болатындығынан байқай аламыз (Сурет 1).


Түзеу жұмыстарының мазмұны мен тәртібінде елеулі өзгерістер айыппұл жазасының ең жақын балама саналуына ықпал етті. Құқық қолдану тәжірибесінде сол түзету жұмыстары бөлігінде не өзгерді екен? Олардың қылмыстық жазаларды орындау жүйесіндегі үлесі артты ма? Сол уақыттан бері қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың күйі қандай? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін статистикаға жүгінсек.

Сурет 1. 2015-2022 жж.қолданылған жазалау шаралары [4].



ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің (ҚСжАЕК) деректеріне сәйкес түзету жұмыстарының өтелуі төмендегідей болды: 2018 ж. – 46 (барлық жазаның 0,1% құрайды), 2019 ж. – 30 (0,1%), 2020 ж. – 13 (0,04%), 2021 ж. – 12 (0,04%), 2022 ж. – 12 (0,04%) (Сурет 2.) [4].

Сурет 2. 2015-2022 жж.қолданылған түзеу жұмыстары (ҚР ҚСжАЕК 2015-2022 жылдарға арналған статистикалық есебі).



Мұндай өзгерістердің себебіне түзеу жұмысының тек негізгі жұмыс орны бар «жұмыс істейтін» адамдарға тағайындалуымен, сондай-ақ соңғы уақытта еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлануымен (жаппай жұмыссыздық, халықтың негізгі топтарының ауыр материалдық жағдайды кешуі және т.б.) түсіндіруге болады.

Қарап отырсақ, қылмыстық саясаттың ізгілендірілуіне қарамастан бұл жазаның қолданылу мүмкіндігі жыл санап төмендеп отырған. Ал енді мұның себебі не?

Түзеу жұмыстары тұрақты жұмыс орны жоқ не еңбекке қабілетсіз, не өндірістен үзіп оқу орнында оқитындарға тағайындалмайтынын, сондай-ақ еңбек жалақысынан ұсталынып отыратынын ескереміз. Іс-тәжірибеде сотталған адамдардың басым бөлігі әу бастан жұмыссыз болып келеді. Ал жұмыс орны болған күннің өзінде жұмысқа алушы бұл сотталушыны сот процесінің барысында жұмыстан босатып жібереді. Оған қоса соттың өзі сотталушыға бұл жазаны тағайындаудың болашақта маңызы жоқ деп түсінеді, себебі уақыт өте олар жұмыстан шығып, сот басқа даза тағайындауға мәжбүр болып жатады. Біздің елімізде мұндай жазаның қолданылу мүмкіндігі өте төмен. Мысалы, Ресейде түзеу жұмысы бар адамға да, жұмыссызға да тағайындалады. Ресейлік заң шығарушы түзету жұмыстары үшін жазаның орындалуына қолайлы жағдай жасаған, яғни жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қосымша жұмыс орындарын анықтау жүктелінген. Тіпті Кеңес Одағы тұсында да бұл жазаның орындалуы барысы мемлекетпен қолдай тауып отырған.

Көріп отырғаныздай, ресейлік заң шығарушы жергілікті өзін-өзі басқару органдары жазаның осы түрін орындайтын органмен келісе отырып, қосымша жұмыс орындарының есебінен түзету жұмыстарына қолайлы жағдай жасайды. Е.А. Саламатов осы тұста, «еліміздің қазіргі экономикалық жағдайын ескеріп, болашағы жоқ нәрсені жандандыруға тырыспауымыз керек. Мемлекет, қоғам болып, бар күш-жігерді Қазақстанда әлеуеті әлі толық ашылмаған қоғамдық жұмыстар сияқты жазаға салу керек. Ал құқық қолдану тәжірибесінде түзеу жұмыстарының мәнінің жоғалуына және құқықтық анахронизм санатына өтуіне байланысты отандық қылмыстық кодекстен алып тасталуы керек деп есептейді [108]. Пайымдауымызша, қоғамнан оқшауланатын жазалардың баламасын кеңейтудің маңыздылығын ұмытпаған жөн болада

Әрине, ресейлік тәжірибені біздің қылмыстық атқару жүйесіне енгізудің өзі оң нәтиже бере алмас, себебі жергілікті маслихат бұл сұрақты шеше алмайды. Жұмыспен қамтуды жергілікті атқару органына жүктесек, онда түзеу жұмыстарының қоғамдық жұмыстарынан айырмашылығы болмай қалады. Мұндағы ұқсастыққа келсек, қоғамдық жұмыстарға тартуда жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі.

Статистикалық деректерге сай қоғамдық жұмыстарға тарту жағдайы төмендегідей: 2018 ж. – 5 536 (15,5%), 2019 ж. – 4 638 (14,8%), 2020 ж. – 3 815 (11,8%), 2021 ж. – 3 059 (9,5%), 2022 ж. – 2 244 (7,8%). Байқап отырғанымыздай, түзеу жұмыстары қоғамдық жұмыстарға қарағанда аз қолданылады.

Осы қылмыстық құқық институтының көптеген жағымды жақтарына қарамастан, ол Қазақстанда әлі де кеңінен қолданылмайды. Мұның нақты

себептері бар.

«Қазақстандық криминологиялық қауымдастық зерттеу жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде (2002-2003 жж.) заңнамада да, оны қолдану тәжірибесінде кейбір олқылықтарды анықтай алды.

Қоғамдық жұмыстарды кеңінен қолдануға кедергі келтіретін мәселелердің бірі – қаражаттың жұмыс берушіге төленуі. Осылайша, ҚР ҚАК 33-бабының 2-тармағына сәйкес сотталғандар орындайтын жұмыстардың көлемі мен құны ұйымда қолданылатын тарифтер бойынша жеке есепке алынады және есептелген қаражат тиісті бюджетке аударылады. Бұл дегеніміз меншік нысанына қарамастан сотталушының еңбегін пайдаланатын (жеке, мемлекеттік) ұйым мемлекеттік бюджетке көрсетілген қызметтердің құнын төлеуі керек дегенді білдіреді.

Жергілікті атқарушы органдардың бюджеті, әдетте, мұндай шығыстарды қарастырмайтынын ескере отырып, көп жағдайда жеке ұйымдар лажсыздан келісімге келеді. Өйткені сотталғандардың жұмыс уақыты шектеулі және де көбінесе қызметкердің біліктілігі кәсіпорынның қажеттіліктері сәйкес келмейді және т.б.

Тағы бір проблема – жергілікті атқарушы органдарға сотталғандардың еңбегін пайдаланатын ұйымдардың тізімін жасау жөніндегі міндет заңдастырылмаған. Жұмыс берушіге ақы төленуін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдар осы тетіктің тиімділігін қамтамасыз ету үшін жеке кәсіпкерлермен меморандумдар жасасуы қажет. Арнайы заңмен міндет жүктелінбегендіктен де жергілікті атқарушы органдар бұл іске қызығушылық танытпайды. Ал бұл жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастыру үшін заңдастыру маңызды болмақ.

Мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимыл деңгейіне көп нәрсе байланысты. Жергілікті атқарушы орган сотқа қоғамдық жұмыстарға сотталғандардың еңбегін пайдаланатын ұйымдардың тізімін алдын ала дайындап қойылмайды. Тек нақты үкім орындалатын сәтте ғана пенитенциарлық инспекция мен атқарушы органдар арасындағы өзара іс-қимыл болады. Бұл жұмыс жүйелік деңгейде жүргізілмейді. Мұндай жағдай республиканың деңгейінде орын алып отыр.

Байқап отырғанымыздай жоғарыда аталған зерттеу жүргізілгелі шамамен 10 жыл өтсе де, жағдайдың өзгермеген.

Әкімшілік құқықтық қатынастар саласында сотталғандарды қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза мүлдем жоқ. Осылайша, қолданыстағы ҚҚ ӘҚтК қоғамдық жұмыстардың жоқтығын қоса алғанда, әкімшілік жаза түрлерінің толық тізбесін көздейді. Басқаша айтқанда, әкімшілік құқық бұзушылықтар (ұсақ бұзақылық, қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктер ішу, мәдениет ескерткіштерін қорлау және т.б.) үшін кеңінен қолданылатын тиімді жаза толығымен алынып тасталады» [109]. Осы тұста Н. Бекназаровтың жұмыс берушілер үшін қоғамдық жұмыстарды тегін ету, жергілікті атқарушы органдарға тоқсан сайын құқық бұзушылардың еңбегін пайдаланатын ұйымдардың тізімдерін жасауды міндеттеу қажет деген пікірі құптарлық.

Сонымен қатар, әкімшілік қатынастар саласында жазаның осы түрін

қолдану мүмкіндігі кең. Кішігірім әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін қоғамдық жұмыстар түрінде жаза тағайындалуы мүмкін екендігі ӘҚтК-те өзгерістер тұжырымдамасында айтылады.

Деректерге қарасақ, әр түрлі себептермен мемлекеттік бюджетке түсетін әкімшілік айыппұлдың басым бөлігінің түспей жатқанын көреміз. Егер бұл жағдайда әкімшілік айыппұлды қоғамдық жұмыстармен алмастыруға болатын болса, онда қоршаған ортаны реттеуге, көгалдарды өңдеуге қатысты мәселелер оңай шешімін табар еді, деген пайымдаулар бар [110].

Бостандықты шектеу жазасы. Б.б.ш. жазаны орындау жүйесінде қылмыстық жазаның ең тиімді түрі болып саналады. Бұған (2018-2022 жж. аралығындағы) статистикалық сандық көрсеткіштер дәлел бола алады: 2018 ж. – 10 023, 2019 ж. – 9 495, 2020 ж. – 11 095, 2021 ж. – 11 367, 2022 ж. – 11 057 тағайындалған [110]. Байқап отырғанымыздай, жыл санап аталған жазаның қолданылу көлемі кеңейіп келеді. Бірақ құқық қолдану тәжірибесінде бас бостандығын шектеуді іске асыру барысында келесідей қиындықтар кездеседі:

«1. ҚР ҚК 44-бабына сай б.б.ш. жазасының мерзімі – 6 айдан 7 жылға дейін. Бұл дегеніміз 7 жылға дейін пробациялық бақылау атқарылады, сәйкесінше материалдық та шығындар өтелінеді деген сөз. ҚК-пен қылмыстық іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі анықталған, яғни сынақ мерзімі бар. Жеті жылға дейін бостандығы шектелген тұлғаның қоғамға қауіптілігінің сақталу мүмкіндігі төмендейді.

Егер ғалымдардың қылмыстардың қайталануына берілген бағасына сүйенсек, алғашқы қылмыстық жазасын өтеген тұлғалардың 40,4%-ы 1 жылдан соң, 21,3%-ы – 2 жылдан соң, 13,4%-ы – 2-3 жылдан соң, 75,1%-ы – 3 жылдан соң, 10,3%-ы – 3-4 жылдан соң, 5% – 4-5 жылдан соң, 9,5%-ы – 5 жылдан соң жаңа қылмыс жасаған. Тек бесінші жылдан бастап жыл сайын 2,5 %-ы, 9-10 жылдары – 0,4%-ы, 10-11 жылдары – 0,1%-ы қылмыстық іс-әрекетке барған екен [111, 226 б.].

Жоғарыдағыларды ескеріп, б.б.ш. мерзімін қысқарту қажет.

2. Жергілікті атқарушы органдар пенитенциярлық қызметпен жасалынған келісім негізінде тұрақты жұмысы, оқуы жоқ бас бостандығын шектеуге сотталғандарды мәжбүрлеп жұмысқа тарту үшін жұмыс орнымен қамтамасыз етеді. Бұл жазаны қолдану мүмкіндігі төмен, тіпті алыс ауылды аймақтарда бұл жаза қолданылмайды да. Жұмысқа алушылар үшін сотталған адамды жұмысқа алу тиімсіз;

3. Отандық қылмыстық заңнамаға сай, «мәжбүрлі еңбек» ұғымы б.б.ш. және қоғамдық жұмысқа тарту жазаларына да қатысты қолданылады. «Мәжбүрлі еңбекке тарту» шын мәнісінде мазмұны жағынан қоғамдық жұмысқа тарту жазасына пара-пар келеді. Осы тұрғыдан алғанда бостандығын шектеу жазасы сотталған адамды қоғамдық жұмысқа тартуды және пробациялық бақылауда ұстауды қамтиды. Демек, б.б.ш. жазасына қатысты «мәжбүрлі еңбек» ұғымын қолдану ақылға қонымсыз. Яғни, сот бір қ.қ.б. үшін бас бостандығынан шектей отырып, екі жазаны – қоғамдық жұмысқа тарту және б.б.ш. қатар белгілейді;

4. Бюджеттік қаржы тапшылығына орай іс-тәжірибеде ҚР ІІМ ҚАК-ң Пробациялық қызметіне басшылық ету басқармасының бас бостандығынан

шектелгендерге электронды құралды орнықтыруға мүмкіндіктері бола бермейді. Сонымен қатар оны қолдану тәртібі, мемлекеттік сертификаттау, сотталған адамның құқық бұзушылығын тіркеу, оны процесте пайдалану және өзге де мәселелер құқықтық регламенттелмеген;

5. Б.б.ш. жазасы мен шартты түрде соттау қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ҚР ҚК-де, ҚАК-де мазмұны жағынан өте ұқсас: шектеулер қоюға қатысты (жұмыс орнын, оқуын, мекен-жайын өзгерткенде хабарлау); бақылау тәртібі (пробациялық бақылауға алу, мәжбүрлі еңбекке тарту, сотталған адамды есепке алу, тіркеу, шақырту); белгіленген шарттар мен тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту (міндеттерден жалтару, қоғамдық тәртіпті бұзу, пробациялық қызмет қызметкерлерінің өз функцияларын атқаруына кедергі жасау). Сәйкесінше, мұндай ұқсастық не үшін қажет?

6. Б.б.а. жазасын бас бостандығын шектеуге ауыстырудың қылмыстық құқықтық ықпал ету механизмі ұйымдастырылмаған. Немесе бас бостандығын шектеуді айыппұлмен ауыстырғанда сотталған адамнан қаражатты өндіру Пробациялық қызмет үшін қосымша мәселеге айналады. Сонымен қатар, практикада бас бостандығынан шектеуді б.б. айыруға қайта ауыстыру туралы ұсыныс көп жағдайда қанағаттандырылмайды, оның бір себебі мемлекеттік саясатқа қайшы, екіншіден қызметкерлердің ұсыныстары ескеріле бермейді, ведомстволық бақылау шарасы тиісті дәрежеде атқарылмайды» [58, 54-56 бб.].

2014 жылы жаза жүйесіне қылмыстық жазалардың жаңа түрлері – қамауға алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР аумағынан шығарып жіберу, азаматтықтан айыру түріндегі жазалар енді.

ҚР-ның физикалық-географиялық жағдайы біздің елімізді «заңсыз иммигранттар» сол арқылы шет елдердің барлық бағыттарына бара алатын заңсыз мигранттар үшін буферлік аймаққа айналдырып отыр.

Соңғы 10 жылда Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын 235 миллион шетел азаматы кесіп өткен, бұл ретте жыл сайын шетел азаматтарының елге заңсыз қоныстануының тұрақты динамикасы байқалады, ол шамамен жылына 250-300 мың адам, ал бұл жалпы жолаушылар ағынының орташа есеппен 2,5% құрайды [112, 5 б.].

Заңсыз миграция саласындағы құқық бұзушылықтар үшін ӘҚБтК пен ҚК-пен жауаптылықтар көзделген: азаматтығы жоқ адамды немесе шетелдікті ҚР аумағынан шығарып жіберу жазасы қылмыстық заңнамамен басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы нормалардың санкциясында (ҚК-тың 16-тарауы, 392-, 405-баптар) бар. Аталған жазаның мазмұны ҚР ҚК-нің 51-бабымен түсіндіріледі.

Талдау нәтижелері шетелдік азаматтарды қылмыстық/әкімшілік жауапкершілікке тартудың қолданыстағы жүйесі тиімді емес екенін және қолданыстағы НҚА-дің проблемалық тұстары бар екенін көрсетеді:

1. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» ҚРЗ-ның 30-бабы және ҚР ҚҚ 392-бабында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзушы» ұғымына берілген түсініктерде айырмашылықтар кездеседі;

2. ТМД елдерінің (Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан, РФ) қылмыстық заңнамаларын салыстыра отырып, отандық заңнамада ҚР-ның шекарасын

қасақана заңсыз кесіп өткені үшін жауаптылықтың төмен екендігі байқалады. Ал бұл аталған қылмыстық іс-әрекеттермен күресу амалдарының әлсіздігін білдіреді;

3. Лауазымды тұлғалар қажеттігіне орай пайдалана алатын мемлекеттік органдардың шетел азаматтарының келуін және кетуін бақылауды қамтамасыз ететін электрондық деректер базасында олқылықтар байқалады. Бұл қоғамдық және ұлттық қауіпсіздікке орны толмас зиян келтіруі, сондай-ақ елде көлеңкелі экономиканың тудыруы әбден мүмкін. Деректерге сай, еліміз Тәуелсіздік алғалы отыз жылдың ішінде мемлекеттік органдар арасында елімізгі келген және одан кеткен шетелдік азаматтар туралы деректердің ортақ бірыңғай деректер базасы болмағанды. ҚР аумағында (Нұр-сұлтан халықаралық әуежайының мысалында) шетел азаматтарын есепке алу мен тіркеу жүйесінің схемасы зерттеу, сараптамалық сұхбат және саясатты талдау негізінде қалыптастырылған болатын. Ал өзара іс-қимыл схемасын қолдану, бұл мемлекеттік органдармен шетелдік азаматтарды тіркеу, сондай-ақ құқық қорғау органдары көші-қон заңнамасын бұзған жағдайда бақылау жұмыстарының жүйеленбегендігін білдіреді. Мемлекеттік органдардың орталықтандырылмаған электрондық деректер базасы жүйесіндегі бұл олқылықтар мемлекеттік органдар арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге және елдегі заңсыз көші-қонның қолданыстағы арналарына қарсы тұруға мүмкіндік бермейтіні анық [112, 32 б.].


Азаматтығы жоқ адамды немесе шетелдікті ҚР аумағынан шығарып жіберу жазасының сот тәжірибесіндегі қолданылуы жағдайын сипаттайтын статистикалық деректерге сүйенсек: 2018 ж. – 945; 2019 ж. – 328, 2020 ж. – 251, 2021 ж. – 269, 2022 ж. – 91. Деректерден аталған жазаның қолданылуы соңғы жылдары 10 есеге дейін күрт төмендегенін байқаймыз. Мұның себебін ҚР ҚК-нің 392, 405-баптары бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар санының азаюымен және қылмыстық істердің сотқа жету деңгейінің төмендеуімен түсіндіреміз.

ҚК-тің 392- бабы бойынша: 2018 ж. – 120 іс тіркеліп (154), оның 63-і сотқа жеткен, 2019 ж. – 137 іс тіркеліп (187), оның 67-і сотқа жеткен, 2020 ж. – 111 іс тіркеліп (142), оның 64-і сотқа жеткен, 2021 ж. – 133 іс тіркеліп (160 өндірісте болған), оның 67-і сотқа жеткен, 2022 ж. – 85 іс тіркеліп, оның 11-і сотқа жеткен.

ҚК-тің 405-бабы бойынша: 2018 ж. – 21 іс тіркеліп (24), оның 6-ы сотқа жеткен, 2019 ж. – 14 іс тіркеліп (30), оның 9-ы сотқа жеткен, 2020 ж. – 9 іс тіркеліп (20), оның 8-і сотқа жеткен, 2021 ж. – 29 іс тіркеліп (69-өндірісте болған), оның 47-і сотқа жеткен, 2022 ж. – 10 іс тіркеліп, оның 7-і сотқа жеткен [4].

Азаматтығы жоқ адамды немесе шетелдікті ҚР-ның шегінен тыс мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберу тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 сәуірдегі №175 қаулысымен реттелінеді [113].

Сурет 3. 2015-2022 жж. қолданылған қосымша жазалар (ҚР БП ҚСжАЕК 2015-2022 жылдарға арналған статистикалық есебі).



Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында лауазымдарды атқаруға не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салуды білдіреді. Аталған жазалар сотталған адамның тұрғылықты (жұмыс орны) жері бойынша орындалады; негізгі жазамен қатар қосымша жаза ретінде тағайындалуы мүмкін.

Қосымша жазаның аталған түрінің мәні келесідей: сот өз үкімімен сотталған адамды белгілі кәсібіне, атқарған лауазымына, бір саладағы ерекше еңбегіне байланысты өзіне берілген арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, немесе мемлекет оған алдыңғы жетістіктері, сіңірген еңбегі немесе ерекше маңызды арнайы тапсырмаларды орындау кезінде көрсеткен батылдығы үшін наградтаған мемлекеттік наградалардан (ордендерге, құрмет белгілеріне, медальдарға) айыру туралы шешім қабылдайды. Сот үкім шығара отырып, сотталған адам қылмыс немесе қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасау арқылы өзінің беделін түсіреді және арнайы немесе әскери атағына немесе мемлекеттік наградаларына лайық емес деген қорытындыға келеді. Осылайша кінәлі адам тиісті атақтармен немесе наградалармен байланысты артықшылықтардан немесе артықшылықтардан айырылады.

Айта кету керек, қылмыстық заңнамада қосымша жазаның осы түрін қолдану барысында келесідей шарттар сақталуы тиіс:

1) Қылмыстық кодекстің 49-бабының 1-бөлігіне сай, ол қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталған жағдайда ғана тағайындалуы мүмкін;

2) оны тағайындау туралы шешім қабылдағанда сотталған адамның жеке басын ескереді.

Егер ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясы белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруды көздемесе, сот жасалған іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, міндетті ҚК-тің 50-бабының үшінші бөлігінің нормаларына сәйкес оған осындай қосымша жаза қолдану туралы мәселені талқылауы керек [114].

Соттар үкімдерде қосымша жазаны қолданбау немесе қолдану себептерін көрсетіп уәждеуге міндетті, бірақ та жоғарыда аталған Нормативтік қаулыда сотталған адамға аталған жазаны қолдану мәселесінің қойылатыны ғана айтылады.

Статистикалық деректерге сай, 2015-2019 жылдар аралығында бұл жазаның қолданылу жағдайы екі есеге артқан болатын, оның себебін 2015 ж. күшіне енген жаңа ҚК-тегі сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін жазаның күшеюімен түсіндіреміз.

2018-2022 жылдарда болса, белгілі бір қызметпен айналысу немесе белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру жазасының статистикалық көрсеткіші төмендегідей: 2018 ж. – 6 084, 2019 ж. – 5617, 2020 ж. – 4 681, 2021 ж. – 5 012, 2022 ж. – 4 468.

Бас прокуратураның сайтына сәйкес, 2015-2020 жж. аралығындағы Қылмыстық кодекстің 49-бабымен қаралған жазаның осы түрін қолдану және орындау практикасын зерделеу кезінде біршама заңның бұзылу фактілері анықталған: арнаулы атақтан айыру үшін жеткілікті негіздер бола тұрып тағайындамау фактілері; «Мемлекеттік наградалар туралы» заңда көзделмеген наградалардан айыру, сондай-ақ арнайы атақтардан айыру туралы заңды күшіне енген шешімдердің болуына қарамастан сотталғандардың құқықтары мен жеңілдіктерге ұзақ уақыт бойы және негізсіз ие болып отыруына әкеп соққан жазаларды орындау міндеті жүктелген лауазымды адамдардың әрекетсіздігін айтып кетуге болады [115].

Қылмыстық заңнамада: «Қазақстан Республикасының Президенті берген мемлекеттік наградалардан, атақтардан, дәрежелерден және сыныптық шендерден айыруды тиісті мемлекеттік орган, президент осы мәселені шешкеннен кейін ғана жүзеге асырады. Осыдан кейін тиісті құжаттарға жазбалар енгізіліп, тиісті құқықтар мен жеңілдіктерден айыру бойынша қажетті шаралар қабылданады. Тиісті құжаттарды қоса бере отырып, мемлекеттік наградаларды алу рәсімі сотталғанның тұрғылықты жері бойынша ПҚ-мен жүзеге асырылады», – деп келтіріледі. Егер биліктің үш тармағы ҚР Конституциясы мен заңдарға тиісті тепе-теңдікте жүзеге асырылатынын ескерсек, онда мемлекет басшысы тағайындайтын наградалардан, атақтардан, дәрежелерден және сыныптық шендерден айыру жазасын тағайындағанда соттың шешімі түпкілікті болуы шарт, қосымша растау үшін Президентке ұсыныс беру қажет емес деген пікірмен келісеміз [116, 270 б.].

Сотталған адам жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі сот үкімінің талаптарын қасақана орындамаған жағдайда, осы ұйымның лауазымды

адамдары ҚР ҚК-нің 430-бабына сәйкес жауап береді. Сотталушының өзіне тыйым салынған лауазымдарды атқарған немесе оған тыйым салынған қызметпен айналысқан уақыты тағайындалған жаза мерзіміне кірмейді.

Ал азаматтығынан айыру жазасы жайлы айтар болсақ, әрбір елінің патриоты үшін бұл ең қатал, қиын мәжбүрлеу шарасы болу керек. Бабамыз тектен «Отанға опасыздық еткенің, өз түбіңе өзің жеткенің», сондай-ақ «Отан – елдің анасы, Ел – ердің анасы» деп айтпаған болар сірә. Ал, ана бауыр еті баласын бүйірінен теппейтіндіктен болар, елімізде соңғы бірнеше жылдарда, статистикалық деректерге сай азаматтығынан айыру жазасы жазасы қолданылмағанын байқаймыз.

2030 жылға дейінгі «Құқықтық саясат тұжырымдамасына» сәйкес қосымша жазаларды қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына ауыстыру (трансформациялау) туралы нормалар қарастырылады. Заңнамаға орай, әдетте сотқа дейін ескіру мерзімінің аяқталуы немесе рақымшылық жасау, бітімгершілікке келуіне байланысты және т.б. негіздермен қылмыстық істер тоқтатылады. Мысалы, жол қылмыстары бойынша тараптардың татуласуына байланысты тоқтатылған істерде мас адамды жүргізуші куәлігінен айыру үшін тергеу органы материалдарды әкімшілік тәртіппен шешу үшін уәкілетті органына жібереді. Аталған жағдайда істі жүргізуді тиімділеу мақсатында бұл мәселені сот тағайындайтын қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде ҚПК шеңберінде шешу қажет деген ұсыныс келтіреді Р.М. Тоқтағұлов. Аталған институттар іс-тәжірибеде кездеседі. Мысалы, қазіргі уақытта соттар кәмелетке толмаған адамға қатысты істі тоқтатқаннан кейін оған тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауға міндеттенеді [117, 14 б.] немесе қылмыстық заңнамаға сай, тәркілеу әрі жаза, әрі өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде қарастырылған.

Сонымен сұрағымызды аяқтай келе төмендегідей қорытындылаймыз:

Практикада соңғы 5 жылда қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 32%-ға азайған, субъектілердің сандық көрсеткіші 15%-ға төмендеген.

2013 жылмен салыстырғанда соңғы кезде мерзімінен бұрын босатылғандар және бас бостандығынан айырумен байланысты емес сотталғандар қайтадан қылмыстық іс-әрекетке 2 есе аз барады. Бұл көрсеткіш қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың тиімділігін көрсетеді.

Келесі көрсеткіш – б.б.а. мен оқшаулаумен байланысты емес жазаларды өтеушілердің арақатынасы. Біздің тәжірибемізде бұл арақатынастар Еуропалық елдермен салыстырғанда әлі де болса алшақ.

2015-2022 жылдар аралығында сот практикасында жазалардың ең көп қолданылғаны – бостандықты шектеу, келесі кезекте – бас бостандығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту мен айыппұл болса, соңғы кезекте – түзету жұмыстары болған.

Статистикалық деректерге сай түзеу жұмыстары қоғамдық жұмыстарымен салыстырғанда аз қолданылады, оның себебі түзеу жұмыстарына тарту үшін сотталған адамның тұрақты жұмыс орны болуымен байланысты. Іс-тәжірибеде сотталғандардың басым бөлігі – жұмыссыз. Мысалы, Ресей мемлекетінде түзеу жұмыстарына тартудың кеңінен қолданылуына мемлекет тарапынан қолдау

тапқан.

ҚР ҚК-нің 392, 405-баптары бойынша тіркелген қылмыстық істердің сотқа жете бермеуі себепті азаматтығы жоқ адамды немесе шетелдікті ҚР аумағынан шығарып жіберу жазасының қолданылуы соңғы жылдары 10 есеге дейін күрт төмендеп отыр.

Қоғамдық жұмыстарды кеңінен қолдануға кедергі келтіретін мәселелердің бірі – қаражаттың жұмыс берушіге төленуі.

Тағы бір проблема – жергілікті атқарушы органдарға отталғандардың еңбегін пайдаланатын ұйымдардың тізімін жасау жөніндегі міндет заңдастырылмаған.

Б.б.ш. мерзімін қысқарту қажет, себебі жеті жылға дейін бостандығы шектелген тұлғаның қоғамға қауіптілігінің сақталу мүмкіндігі төмендейді

Бас бостандығынан шектелгендерге электронды құралды орнықтыру бюджет қаржысының тапшылығына орай мүмкін бола бермейді. Сонымен қатар оны қолданысқа енгізуге байланысты қатынастар құқықтық реттеуді қажет етеді.

Мәжбүрлі еңбекке тартумен байланысты жазалардың орындалуын іске асыру барысында жергілікті атқарушы орган жұмыс беруші ұйымдардың тізімін алдын ала даярлауы тиіс. Құқық бұзушыларды мәжбүрлеп жұмысқа тарту тұрақты түрде атқарылатын, бір реттік шаруа емес болғандықтан мемлекеттік кәсіпорын нысанында заңды тұлғаларды құрған жөн. Құрылатын органға аталған міндетті тек жүктеп қана қоймай, мемлекеттік деңгейде қоғамдық жұмысқа тарту қажет, ол өз кезегінде бостандықты шектеу жазаларының орындалуын қолдап, жеңілдетер еді. Түзеу жұмыстары туралы қылмыстық заңнамаға өзгерістер енгізе отырып, сонымен қатар жалпы сотталғандарды жұмыспен қамту мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

2.2 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды тағайындауды құқықтық реттеу

Қылмыстылықты бақылаудағы қылмыстық саясаттың іске асырылуына қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың алар орны ерекше. Оның орны ең алдыменен демократиялық құқықтық мемлекеттің мәнісімен анықталады. Құқықтық мемлекетке қылмыстылықты тежеу, қылмыстық іс-әрекеттерді жасағаны үшін кінәлі танылған тұлғалардың түзелуіне ықпал ету амалдары тән. Дәл осы демократиялық құқықтық мемлекетте бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың маңызы зор, себебі тоталитаризмнен демократияға бетбұру, демократиялық қоғамдық қатынастардың үстемдігін қалыптастыру арқылы репрессиясыз қылмыскерді ресоциализациялау мақсатына қолжеткізуге мүмкіндік болады. Демократияға негізделген мемлекеттің мәнісі сол, онда қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды қолданудың шегі нақтыланған.

Қазақстанда демократиялық құқықтық мемлекетті құру жағдайында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды кеңінен қолдану арқылы қылмыстылықты бақылауды тиімділеу мүмкіндігі арта түседі. Демократияға, заңдылыққа, парасаттылыққа, азаматтардың құқықтар мен бостандықтарын

құрметтеу қағидаттарына негізделген дамыған демократиялық қоғамның ғана азаматтарды, соның ішінде қылмыс жасағаны үшін сотталғандарды да рухани құндылықтарға тәрбиелеуге мүмкіндіктері бар.

Қоғамнан оқшауланбайтын жазалар амалсыздан тағайындалмайды, керісінше, мысалы, санкцияда бас бостандығынан айыруға балама жаза ретінде түзеу жұмыстары қарастырылса, сот жазаның мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана, яғни б.б.а. жазасын соңғы шара ретінде тағайындауға тырысуы керек. Осы тектес ереже-шарт жаза тағайындау кезінде негізге алынуы тиіс.

Зерттеліп отырған жазаның іске асырылуы қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамаларымен реттелінеді. Жалпы санаттағы істер бойынша нормативтік-құқықтық база келесідей құқықтық актілерден тұрады:

– Қазақстан Республикасының Конституциясы;
– Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
– Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі;
– Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі;
– «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысы;
– «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 8 нормативтік қаулысы.

Сотталушыны бұрынғы әлеуметтік ортасынан оқшауламай, бірақ нақты түзелу шараларын қолданып және тиісінше қадағалай отырып, түзелетініне соттың толық сенім білдіруі қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазаларды тағайындаудың жалпы негіздеріне жатады. Кінәлінің қоғамнан оқшауланбай түзеле алу қабілетінің негізгі көрсеткіштері – ол тұлғаның жасаған қылмысын, сотталушының жеке басын, істің басқа да мән-жайлары жайлы сипаттайтын деректер болып табылады [15, 12 б.].

Айыппұл – жазаның түрі ретінде қазақтың ежелгі заңнамаларынан бері қолданылып келеді. Б.б.а. жазасынан кейінгі ең көп таралған жаза.

Айыппұл – қылмыс және қылмыстық терісқылық үшін де белгіленетін жаза түрі, ал оның мөлшері қылмыстық терісқылықтар үшін 20-200АЕК шегіндегі, қылмыстар үшін 200-10 000 АЕК шегіндегі, не еселенген мөлшердегі соманы құрайды. Яғни, айыппұл – түзеу жұмысынан жеңіл емес. Табысы бар немесе өндірілетін мүлкі бар кәмелетке толмағандар үшін айыппұл мөлшері 5-100 АЕК. ҚК-тің 55-бабының 3-тармағына сай, бұйрықты өндіріс бойынша айыптау үкімінде бұл жазаның мөлшері қылмыстық теріс қылық үшін 20 АЕК дейін, онша ауыр емес қылмыстар үшін – 200 АЕК дейінгі мөлшерде тағайындалады [20].

Заң шығарушы айыппұлды төлеудің бірнеше амалдарын қарастырған (ҚР ҚК-нің 41-бабының 1-т.): ол пара мөлшерінде; қылмыстық оқиға болған кездегі қолданыста болған АЕК-пен; берілген ақша не мүліктің құнына, жымқырылған мүлік құнына, алынған кіпіс сомасына немесе бюждетке төленбеген сомаға еселенген мөлшерде тағайындалады [20].

Жаза мөлшерін анықтағанда ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабының

санкциясында белгеленген шекті және ҚК-тің 41-бабының 2-тарм., 52-бабының 3-тармағы қатал сақтауы қажет.

ҚР ҚК 41-бабына сәйкес айыппұл оны есептеудің кез келген әдісі кезінде ақшалай өндіріп алу түрінде айқындалады.

Айыппұл тек жұмыс істейтін немесе өзге табыс алатын сотталған адамға ғана сотталған адамның жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде салынуы мүмкін. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес сотталушының басқа кірістеріне салық салынатын кірістерді жатқызу ұсынылады. Осылайша, айыппұл сомасын есептеу кезінде жасына немесе мүгедектігіне байланысты зейнетақы, оқу орнында күндізгі оқу нысанына байланысты стипендия және т.б. сияқты табыс түрлері ескерілмейді, өйткені оларға салық салынбайды.

Сотталғанның басқа табыстарына қолданыстағы заңнамаға сәйкес салық салуға жататын кірістер жатады.

ҚР ҚАК-нің 122-бабына сәйкес, сотталғандардың зейнетақыларынан, жалақысынан, жәрдемақыларынан және басқа да кірістерінен атқару парақтары немесе басқа да атқару құжаттары бойынша сомаларды ұстап қалу осы кірістердің жалпы мөлшерінің 50%-нан аспайтын көлемде жүргізіледі. Аударымдардан кейін қалған сома ақшаны уақытша орналастырудың бақылау кассалық шотына аударылады.

ҚР АК 41-бабының 3-бөлігінде көзделгендей, сот айыппұл мөлшерін, оны төлеу мерзімін анықтағанда келесі жағдайларды ескереді: сотталған адамның отбасының мүліктік жай-күйі; жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы; сотталған адамның мүліктік жай-күйі; сотталғандардың жалақы не басқа табыс алу мүмкіндіктері.

Айыппұлды сотталған адам үкімде белгіленген мерзімде төлейді. Мерзім үкім заңды күшіне енген кезден бастап есептелінеді (3 жылдан аспайды) және оған сот кейінге қалдыруды берген уақыт қосылмайды.

Сотталған адам айыппұл төлеуді кейінге қалдыру туралы өтінішпен сотқа мүліктік жағдайы нашарлаған жағдайда жүгінуге құқығы бар. Егер сотталған адам айыппұлды сот белгілеген мерзімде толық көлемде немесе мүлдем төлемесе, сот орындаушысы айыппұлды мәжбүрлеп орындау жөнінде шаралар қабылдайды. Сотталған адамның табысы немесе мүлкі айыппұлды толық өндіріп алу үшін жеткіліксіз болған немесе өз табысын не сотталған адамның мүлкін мәжбүрлеп өндіріп алудан жасыру фактісі анықталған жағдайларда сот орындаушысы ҚР ҚК сәйкес айыппұлды жазаның тағы бір басқа түріне ауыстыру туралы ұсынымды сотқа жібереді.

Егер жалақысы кешіктірілсе немесе төленбей жатса, сотталған адам уақытша еңбекке жарамсыз, жұмыссыз немесе кіріссіз қалса, уақытша мүліктік жағдайы нашарласа, сот үкімде белгілеген айыппұл төлеу мерзімін қоспағанда айыпппұлды өтеуді 1 (бір) айдан 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге кейінге қалдыра алады. Үкім бойынша сотталған адам айыппұлды 1 (бір) айдан аса мерзім ішінде төлеуге міндетті болса, айыппұл ай сайын тең үлестермен төленуі қажет.

Айыппұл тағайындау кезінде сот өз шешімін үкімде бөліп төлеудің нақты мерзімдерін және сот белгілеген бөліп төлеу мерзімі шегінде төлемдердің сомаларын (мөлшерлерін) көрсете отырып, уәждеу қажет.

Сот практикасынан мысал келтірсек.

Азамат К.-тың ҚР ҚК-нің 378-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылық жасағандығы туралы қылмыстық іс Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық сотына берілген.

Тас жолмен автокөлікті айдап келе жатқан сотталушы К. қоғамдық тәртіпті қадағалау, «қауіпсіз жүргізуші» жедел профилактикалық іс-шаралар кезінде көлікті тоқтатқан полиция қызметкерлері азамат Б.мен Т.-ға заңға бағынбай, дөрекілік танытып, қадір-қасиеті мен ар-намысына тиетін, балағат сөздер айтып қылмыстық теріс қылық жасаған. Сот істің мән-жайын толық зерттеп, сотталушы К. ҚР ҚК 378-бабының 1-бөлігінде көзделген қ.қ.б. жасағаны үшін кінәлі деп танып, 15 (он бес) АЕК мөлшерінде (51 750) айыппұл салған. Көзделген мерзім ішінде үкім заңды күшіне енгеннен кейін сотталушы К. айыппұлды төлеуге міндетті болады. Сонымен қатар, сотталушы Жәбірленушілерге өтемақы қорына 17 250 мәжбүрлі төлем (он жеті мың екі жүз елу) теңге мөлшерінде өндірілген [118].

ҚР ҚК 58-бабы 2-бөліміне сәйкес, егер қылмыстық теріс қылықтар жиынтығы қамтылса, онда түпкілікті жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы не жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалады. Мұнда айыппұлдың түпкілікті мөлшері 400 (төрт жүз) АЕК-тен аспауы тиіс.

Егер қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жиынтығын құрса, онда түпкілікті жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы тағайындалады [20].

Айыппұлды неғұрлым қатаң жазамен сіңіру арқылы қылмыстар жиынтығы бойынша түпкілікті жазаны тағайындаған кезде, ҚР ҚК 58-бабы 2-бөлімінде көзделгендей реттеледі, яғни түпкілікті жаза айыппұлды неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы тағайындалады.

Қылмыстардың жиынтығы бойынша айыппұлды толық немесе ішінара қосу жолымен түпкілікті жазаны тағайындағанда тек айыппұл түріндегі жазалар алынады.

Айыппұлға қатысты жаңа үкім шығарылған кезде айыппұлдың төленбеген бөлігінің сомасы анықталуы керек.

Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде алдыңғы үкім бойынша айыппұлдың өтелмеген бөлігі жаңа үкім бойынша тағайындалған айыппұлға толық, нақты немесе ішінара қосылуы мүмкін. Бұл ретте жаңадан тағайындалған айыппұл алдыңғы айыппұлдың төленбеген бөлігімен ішінара немесе толық қосылады. Айыппұлдың түпкілікті мөлшері жаңадан жасалған қ.қ.б. үшін тағайындалған айыппұлдың мөлшерінен де, алдын ала жаза бойынша айыппұлдың төленбеген бөлігінен де үлкен болуы керек, бірақ ҚР ҚК 41-бабында, ал кәмелетке толмаған сотталғандар үшін – ҚР ҚК 81-бабында көзделген ең жоғары мөлшерден аспауы керек [20].

Қылмыстық заңнамада арнайы айтылмаса да, сондай-ақ проблема болмаса да, ғылымда айыппұл, түзеу жұмыс түріндегі жазаларды қоспағанда, айыппұлды жеке орындаған жөн деген пікірді кездестіруге болады [16].

Сотталған адам айыппұлды төлеуге ақшасының болмағанын оның

жалақысының төленбеуімен немесе кешіктірілуіне, уақытша еңбекке жарамсыздығына, кірісінен немесе жұмысынан айырылуына байланысты мүліктік жағдайы уақытша нашарлағанын растаған кезде сот төлеу мерзімін кейінге қалдыра алады, алайда сот үкімінде белгіленген уақыт бұл мерзімге есептелінбейді.

Айыппұл төлеуді кейінге қалдыру мерзімі (1 айдан 1 жылға дейін) өткен соң ғана соттың қаулысымен мәжбүрлеп орындалады. Бұл жағдайда келесі сұрақтар туындайды: мәжбүрлеп орындау қандай тәртіппен жүзеге асырылуы керек, ол қандай мөлшерде қолданылады – айыппұлдың барлық төленбеген бөлігіне ма немесе мерзімі өткен бөлігіне ғана ма, сотталған осындай шешім қабылданғаннан кейін айыппұлдың қалған бөлігін мүмкіндігінше тезірек өз еркімен төлей ала ма.

Бөліп-бөліп айыппұл төлеген кезде сотталған адам айыппұл сомасының бір бөлігін төлеуден қасақана жалтаруы мүмкін. Бұл жағдайда басқа жазамен ауыстыру айыппұлдың қалған төленбеген бөлігіне қатысты есептелінеді.

Егер айыппұл түзеу жұмыстарымен ауыстырылса, сотталған адам оларды орындаудан қасақана жалтарғаны үшін ауыстырылды деп түпкілікті айта алмаймыз. Себебі жоғарыда айтып кеткеніміздей, ҚК-тің 41-бабының 5-бөлігінде кейінге қалдырудың егіздерінде аталған жағдайлардың барлығы айыппұл төлеушінің қасақана іс-әрекетінен туындап отырған жоқ.

ҚР Қылмыстық кодексінің 41-бабының қолданыстағы редакциясында айыппұлды мерзімінде төлемеген ретте ауыстырылатын жаңа жаза мен айыппұлдың арақатынасы және жаңадан тағайындалған жазаның сомасы белгіленеді. Сотталған адам айыппұлды қандай жазамен және қандай мөлшерде ауыстыру керек екенін сот оның жеке басын ескеріп шешеді. Тек заң шығарушы соттың қоғамдық жұмыстарды немесе қамауға алуды қандай жағдайларда қолдануы керектігін көрсетпейді, бірақ айыппұлдың басқа жазамен ауыстыру пропорциясын нақтылап берген.

ҚР ҚК-нің 41-бабының 6-тармағымен қылмыстық теріс қылықтар, қылмыстардың санаттарына қарай, еселенген айыппұлға сотталғандар үшін айыппұлды алмастыратын жаза түрлерін есептеудің көлемдері нақтыланған. Мысалы,1) қылмыстық теріс қылықтарға – төленбеген 1 (бір) АЕК айыппұлға қоғамдық жұмыстардың 1 (бір) сағаты, төленбеген 1 (бір) АЕК айыппұл 1 (бір) тәулік қамаққа алу;

2) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін – төленбеген 4 (төрт) АЕК айыппұлға бас бостандығын шектеудің немесе бас бостандығынан айырудың 1 (бір) күні;

3) ауыр қылмыс үшін – төленбеген 4 (төрт) АЕК айыппұлға бас бостандығынан айырудың 1 (бір) күні;

4) еселенген айыппұлға – төленген және өндіріп алынған айыппұлдың бір бөлігін ескере отырып, ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясы шегінде б.б.а. [20].

Айыппұлды ауыстырғанда онша ауыр емес не ауырлығы орташа қылмыс пен ауыр қылмыс үшін қауіпсіздік мекеме түрлері, сәйкесінше қылмыстық заңнама екі түрлі мекеме режимдерін қарастырғанына қарамастан (ҚК-тің 46-

бабының 5-тармағы), онша ауыр емес не ауырлығы орташа қылмыстар және ауыр қылмыстар үшін бірдей айыппұл мөлшерінің есебі алынған, яғни екі жағдайда да 4 (төрт) АЕК.

Егер айыппұлды басқа жазамен ауыстырған жағдайда, «алмастырушы» жазаны сотталушыға ҚР Қылмыстық кодексінің 41-46-баптарының ережелерін ескере отырып тағайындау мүмкін болмаған ретте күрделі мәселе туындауы әбден мүмкін. Мысалы, сотталған адамға айыппұл тағайындалып, кейін ол жазаны мерзімінде өтей алмайтын болса, ережеге сай сот оны қоғамдық жұмыстарға, бостандықты шектеуге ауыстыра алады. Егер жазаның бұл түрлерін соттың іс жүзінде тағайындауы мүмкіндігі болмаса, ҚК 46-бабының 5-бөлігінің нормаларын қолдана алмайды. Мысалы, қылмыстық теріс-қылық үшін сотталған адамның тұрақты мекен-жайы жоқ, бірінші топтағы мүгедегі болып шықса.

Қазіргі уақытта «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚРЗ сәйкес, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану сот орындаушыларына жүктеледі (7-бап). Мұндағы атқарушылық құжаттарға сот актілерінің негізінде берілетін атқарушылық парақтар саналады (9-бап). Яғни заңға сәйкес төленбеген айыппұл мәжбүрлеп өтелуге тиісті [119].

Жаза түрі ретінде айыппұл, әсіресе экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар үшін нақты б.б.а. жақсы балама болып көрінеді.

Қылмыстық заңнамада жеңілден ауыр түріне қарай белгілі бір кезектілікпен орналасқан жазалардың қатарында айыппұл ең алғашқысы, яғни жеңіл жаза түрі болмақ. Бірақ та ҚК-тің бірсыпыра баптарының санкцияларын бағалап қарасақ, айыппұл соншалықты жеңіл жаза түріне жатпайтынын байқаймыз. Мысалы, түзеу жұмыстарымен салыстырсақ. Онда айыппұл да, түзеу жұмыстарына сотталған тұлғаның жалақысынан ұсталынып қалатын сома да бірыңғай екендігіне көзжеткізе аламыз.

Бұл мәселе жөнінде А.В. Звоновтың келесідей пікір бар: Қазіргі заманғы қылмыстық жаза бір реттік бола алмайды, оның мақсаттарына тек мемлекет тарапынан қатаң бақылау арқылы ғана қол жеткізуге болады. Өз кезегінде қылмыстық жаза басқа мәжбүрлеу, өзге де қылмыстық сипаттағы шаралардан, сондай-ақ әкімшілік жазалардан жазалау мазмұны елеулі көлемде болуымен ерекшеленуі тиіс. Звенов осы тұрғыдан қарай отырып, кейбір қылмыстық жазаларды қазіргі қылмыстық жазалар жүйесіне жатқызу күмәнді деген қорытынды жасайды [120, 600 б.]. Мысалы, айыппұлдың кемшілігі сол, ол сотталушының өмірінің мүліктік жағына ғана әсер ететіндіктен, мүліктік құқықтарды шектеу мүліктік құндылықтарды жоғары бағалайтын адамдарға ғана түзету әсерін тигізе алатындығын мойындауға болады. Яғни, сотталушының жазаны бір мезгілде өтеу мүмкіндігі басқа да өзара байланысты жағымсыз аспектілерді тудырады: біржолғы айыппұлды төлегенде жазаны өтеу режимі болмайды; сотталушыға тиісті қадағалаудың нақты болмағандықтан қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамаларының мақсаттарына қол жеткізілмейді; қылмыстық жазаларды орындаушы субъекті мамандандырылған қылмыстық-атқару орган емес, тек сот үкімімен белгіленген ақша қаражатын төлеу тәртібін іс жүзінде бақылайтын орган болады; сотталғандар айыппұлды

жасаған қылмысының төлемі ретінде қабылдайды және т.б. О.Н. Баженовтың пікірінше, сотталушыға материалдық тұрғыдан әсер ету айыппұл түріндегі қылмыстық жазаның әлсіз тұсы болып табылады [121, 17-18 бб.].

Соттардың айыппұлды жаза ретінде жиі қолдануы қылмыстық жауаптылықтан кінәлілерді заңды түрде «сатып алуына» жол беру қаупін тудыруы әбден мүмкін. Айыппұлға кесуді қылмыстың жасалуының тиімсіз салдары ету үшін айыппұл түріндегі жазаны көздейтін санкциялар санын көбейту, сондай-ақ айыппұл мөлшерін ұлғайту бағыттында заңнамаларды өзгерту маңызды [122, 9 б.].

Жоғарыда аталғандарға қарама-қарсы пікірлерді келесі еңбекте кездестіре аламыз. Онда, Қазақстан Республикасында қылмыстық жазалардың барлығы орындалу процесін ізгілендіруге зор ықпал ететін бас бостандығынан айыруға баламалы жазаның қолданылу аясын кеңейту бағытында Қылмыстық кодекстің санкцияларында ауырлығы орташа қылмыстар үшін айыппұлдың, ал сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмыстарды қоса алғанда пайдакүнемдік мақсатта жасалған қылмыстық іс-әрекеттер үшін мүлікті тәркілеудің көзделуін ұсынады [123, 8 б.].

Егер жазаның қылмыскердің жеке басын, қылмыстың сипатын, қоғамға қауіптілігін ескеріп тағайындалатынын ескерсек, бұл тұжырыммен келісе аламыз. Бірақ қаржылық жағдайдың айыппұл түріндегі жазаны қолдануға әсер ететін негізгі фактор екендігіне келсек, тұрақсыз экономикалық жағдай, қоғамның «байлар» мен «кедейлерге» бөлінуі жазаның бұл түрін тиімділігіне сенім білдіру екіталай.

Түзеу жұмыстары. Соттар тағайындаған бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалау шараларының ішінде қоғамға онша қауіп төндірмейтін қылмыстар үшін қылмыстық заңнамада көзделген түзеу жұмыстары ерекше орын алады.

Заң шығарушы түзеу жұмыстарын негізінен онша ауыр емес, орташа жазалау шараларына балама ретінде қарастырады. Қоғамнан оқшаулайтын жазалардың орнын түзеу жұмыстарымен алмастыру барысында сотталған адам өзінің мемлекетке келтірген зиянын ақшалай өтеу, сондай-ақ қоршаған ортамен әлеуметтік байланысын жоғалтпау мүмкіндігіне ие болады.

Халықаралық-құқықтық актілер түзеу жұмыстарына сотталғандарға қатысты мәжбүрлі еңбекті қолдану мүмкіндігін көздемейді. Сот процесінде сотталушының түзеу жұмыстарын өтеу барысында мәжбүрлі еңбекке тартылуына жазбаша келісімін талап етуі орынды болып көрінеді. Мұндай жағдайда түзеу жұмыстарын тағайындау халықаралық-құқықтық актілерге қайшы келмес еді.

Заңнамада түзеу жұмыстары жазасына анықтама берілмеген. Дегенмен де оған түсінікті ғылыми еңбектерден кездестіруге болады. Оның бірі келесідей: түзеу жұмыстары – қылмыс жасағаны үшін кінәлі адамды әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, жаңа қылмыстардың алдын алуға және сотталғанды түзетуге бағытталған, оның мүліктік, еңбек және басқа да жеке құқықтарын шектеумен байланысты мәжбүрлеу жұмыстарына тартудан тұратын, мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілетін, заңда белгіленген

қылмыстық жауапкершілікті іске асырудың ерекше нысаны [13, 6 б.].

Түзеу жұмыстарының мәнін қоғамнан оқшауланбай іске асырылатын мәжбүрлі түрде тартылатын және жазалау сипатындағы сотталғандардың еңбегі құрайды. Түзеу жұмыстарының мазмұны қылмыстық, қылмыстық-атқару, еңбек заңнамаларымен бекітілген құқықтық шектеулерден тұрады. Оларға: тұлғаның жүріс-тұрысын мемлекеттің теріс бағалауы; сот үкімімен белгіленген жазаның ұзақтығы; сот үкімімен белгіленген мөлшерде жалақының бір бөлігін мемлекет кірісіне ұстап қалу; ПҚ-нің жазбаша рұқсатынсыз сотталған адамды өз қалаумен жұмыстан шығаруға тыйым салу; сотталған адамның ұсынылған жұмыстан бас тартуға құқығының болмауы; жұмыспен қамту қызметінде есепте тұрған сотталғандарға жұмыссыздық бойынша жәрдемақының бір бөлігінің ұсталынуы; өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандырудың ай сайынғы сақтандыру төлемдерінің бір бөлігінің ұсталынуы; еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақының сотталғанның толық жалақысынан емес, сот үкімінде белгіленген мөлшерді ұстап қала отырып есептелуі; қысқартылған еңбек демалысы; сотталғанға әскери қызметке шақырылуға тыйым салуы жатады.

Түзеу жұмыстарының жазалау сипаты сотталушының еңбек және экономикалық құқықтарын белгілі бір шектеумен байланысты. Бұл ең алдымен, түзету жұмыстары әрдайым сотталған адамның еңбек мүдделерімен сәйкес келе бермейтін мәжбүрлі еңбекті қамтитындығынан көрінеді.

Қылмыстық жазаның түзеу жұмыстары түрінің мақсаттарына сотталғанды қайта тәрбиелеу мен түзетудің неғұрлым пәрменді және нәтижелі құралдарының бірі – қоғамға пайдалы еңбекке қатысу арқылы қол жеткізіледі [14, 12 б.].

Түзету жұмыстары сотталған адамның психологиясына әсер етеді, мүліктік салдар туғызады, сотталған адамның жалақысын төмендетеді, оның жұмыс орнын ауыстыру құқығын шектейді және т.б. Аталған жазаны орындау кезінде тәрбие жұмысы сотталған адам жұмыс істейтін еңбек ұжымы шеңберінде жүргізілуі керек.

Аталған жаза түрінің жекеленген элементтері мен атауы қылмыстық құқық тарихында біршама өзгерістерге ұшырап отырған. Шын мәнісінде ол б.б.а. жазасының баламасы да болады. Ресейде революцияға дейін сотталған адамды қоғамнан оқшауламай, әдетте жер аударумен қоса алғанда мәжбүрлеу (каторгы) жұмыстарына тартқан. Кеңес Одағының алғашқы жылдарында қылмыстық заңнамада екі өзара ұқсас жаза түрі болды: 1) мәжбүрлеу жұмысымен ұштасқан жер аудару; 2) сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша өтелетін түзеу-еңбек жұмысы. Біртін келе бұл жаза 1959 ж. ҚазСРО-ның ҚК-де (25-бабы) бас бостандығынан айырмайтын түзеу жұмысы жекеленген жаза түрінде бекітілді [124, 326 б.].

Қылмыстық құқық ғылымында түзету жұмыстары іс жүзінде бөліп төленетін айыппұл болып табылады деген пікір кең таралған, сондықтан түзету жұмыстарын айыппұлдан қатаң деп айтуға келмейді. Бұл пікірді А.И. Трахов [125, 12 б.], А.Л. Дзигарь [126, 14 б.] қолдайды. Алайда бұл пікірмен келісу қиын, себебі жазалардың мазмұны, мақсаттары сай келмейді.

Сонымен, қылмыстық жаза түрі ретінде түзеу жұмыстарының нақты

мақсаты сотталғанды қылмыстық іс-әрекетпен келтірілген тікелей материалдық залалды да, материалдық емес залалды да ішінара өтеумен және сотталғанды түзеумен ұштастыра отырып, еңбекке тарту болып табылады, деп санауға болады.

«Сот үкіміне сәйкес жазаны толық өтегенге дейін» деген сөздердің мағынасы түсініксіз. Жаза мөлшерін өтеуге болмайды. Берешек өтеледі, залал немесе зиян өтеледі. Сондықтан ҚР Қылмыстық кодексінің 42-бабымен келісілген «түзеу жұмыстары» деген тұжырым ұсынылады: 1.Түзеу жұмыстары сот үкіміне сәйкес ақшалай өндіріп алу толық жүзеге асырылғанға дейін жалақының (ақшалай қамтылымның) жиырма пайызынан қырық пайызға дейінгі мөлшерін ай сайын мемлекет кірісіне аудара отырып, сотталған адамның негізгі жұмыс орны бойынша орындалады [127, 416 б.].

Түзеу жұмыстарын тағайындау кезінде маңызды талап болып жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін анықтау танылады.

Жаза тағайындау кезінде қылмыскердің жеке басына, оның ішінде түзету жұмыстарына ерекше назар аудару керек. Бірақ та отандық қылмыстық заңнамамен қылмыскердің жеке басын зерттеу шегі белгіленбейді.

Кінәлінің жеке басын тиісті деңгейде зерттемей жазаны дұрыс таңдамау мүмкін емес және оның алдына қойған мақсаттарына қол жеткізу қиын. Заң ғылымы саласындағы әдебиеттерден түзеу жұмыстарын тағайындау кезінде сотталушының жеке басын жеткілікті көлемде есепке алынбайтыны бірнеше рет кездестіреміз.

Сонымен бірге, сот практикасын талдау нәтижелері сотталушының жеке басы соттарда өте нашар зерттелгенін, кінәлінің бұрынғы мінез-құлқы, өмір салты, жұмыс әріптестерімен қарым-қатынасы және т.б. анықталмағанын көрсетеді. Соттар көбінесе бұл мәселеде өндірістік сипаттамаларды енгізумен шектеледі, бұл негізінен объективті емес. Кейбір жағдайларда сот сотталушының бұрынғы соттылығы, оның өмір салты, заңсыз әрекеттер жасауға бейімділігі туралы мәліметтерге сүйеніп, оған түзету жұмыстарын тағайындайды.

ҚР ҚК-нің 42-бабының 2-тармағына сай, соттың үкімімен түзету жұмысына алиментке, жәбірленушінің денсаулығына келген зиянды, сонымен қатар асыраушысынан айырылуына байланысты келген зиянды өтеу үшін мерзімдік төленетін қаражатты алып тастағанда сотталған тұлғаның жалақысынан 10-50% мөлшерінде ай сайын ұсталып қалып, жәбірленушілерге өтеу қорына аударылып отырады. Бұл қордан өтемақы алудың тәртібі жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы ҚРЗ 2-тарауымен, жәбірленушілерге төленетін өтемақы мөлшері 7-баппен реттелінеді. Ал өтемақыға құқығы бар жәбірленушілердің тізімі 6-бабында келтіріледі, нақтырақ айтсақ, ҚК-тің тиісті баптары бойынша жәбірленушілердің тізімі: 1) сексуалдық зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар бойынша; денсаулығына ауыр зиян келтірілген не адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтырған адамдар; жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, жәбірленушінің құқықтары берілген адамдар [128].

Іс-тәжірибеден мысал келтірсек. 2014 жылы сот үкімімен ҚК-нің 103-бабы 3-бөлігімен 8 жылға б.б.а. жазасын өтеп шыққан, бірақ соттылығы жойылмаған

азамат Н. танысымен ішімдік ішіп отырып, ішімдігі таусылған соң дүкенге сатып алу үшін шығады. Дүкенннен затын сатып алып, пәтеріне қайтып бара жатқанда бейтаныс азамат Д.-ның иығынан себепсіз құшақтайды. Араларында түсініспеушілік туындап, дене жарақатын келтіріп, бойтасалаған. Азамат Н. Жәбірленушіге жеңіл дәрежеде дене жарақатын келтіргені, бұзақылығы, яғни ҚР ҚК-нің 293-бабының 1-бөлігімен қ.қ.б. жасайды. Сотталушының іс-әрекеті күш қолданумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті аса қатыгездікпен бұзу деп сараланған. Сотталушының кінәсін мойындауы және шын ниетпен өкінуі іс бойынша жеңілдететін мән-жай ретінде ескеріліп, ҚР ҚК 293-бабының 1-бөлігіндегі қылмыстық іс-әрекетті жасауда кінәсі дәлелденген азамат Н. бір жыл мерзімге б.б.ш. жазасы тағайындалған.

Сотталушыға міндеттер жүктеліп, 100 сағатқа мәжбүрлі еңбекке тартылған, процестік шығындар мемлекет пайдасына өндіру, сондай-ақ Жәбірленушілерге өтемақы қорына 10 АЕК мөлшерінде 34500 теңге мәжбүрлі төлем өндіру туралы Жетісу облысы Текелі қалалық соты үкім еткен [129].

Байқап отырғанымыздай, жәбірленушіге келген зиян сотталушыға қор арқылы өтелмек.

ҚР ҚК-тің 98-1-бабында мәжбүрлі төлемнен босатылу негіздері қарастырылмайды. «Жәбірленушілерге өтемақы қоры» туралы ҚРЗ 8-бабының 7-тармағы 4)-тармақшасына сай, кінәлі адам жәбірленуші келтірілген зиянды толық көлемде өтесе, қордан қаражат жәбірленушіге берілмейді. Яғни, кінәлі адам мәжбүрлі төлемді төлеуден босатылуға жатады.

Жоғарыда айтылғандарды ескеріп, ҚР ҚК-тің 98-1-бабына келесі редакцияда толықтыру енгізуді ұсынамыз:

2. «Жәбірленушілерге өтемақы қоры» туралы ҚРЗ сәйкес, кінәлі адамның жәбірленушіге келтірілген зиянды толық көлемде өтеуіне байланысты мәжбүрлі төлемді төлеуден босатылады.

Төлемнің мөлшері ҚР ҚК-тің 98-2-бабымен нақтыланған (қылмыстық теріс қылықтарға – 5 АЕК, онша ауыр емес қылмыстарға – 10 АЕК, ауырлығы ортша қылмыстарға – 15 АЕК, ауыр қылмыстарға – 20 АЕК, аса ауыр қылмыстарға – 30 АЕК). Өтемақыны бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жәбірленушінің банктік есебіне аударуды жүзеге асырады.

Түзеу жұмыстары қылмыстық терісқылықтар 20–200 АЕК мөлшерде, ал қылмыстар 200–10 000 АЕК жасаған кінәлі тұлғаларға сотпен тағайындалады. Сот осы аталған ең төменгі шектен де төмен жаза қылмыстық заңнамамен қылмыстық терісқылық, онша ауыр емес не ауырлығы орташа және ауыр қылмыстар үшін көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза белгілегенде, аяқталмаған қылмыс үшін тағайындағанда қолданылады.

Сот тәжірибесінен мысал. Жетісу облысы Көксу аудандық сотына азамат Ж.-ға қатысты қылмыстық іс келеді.

Сотталушы Алматы қаласында орналасқан Қазақ спорт және туризм академиясында тергеумен белгіленбеген «Нұрлан» есімді адамнан 2020 жылғы 2 шілдеде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша GB-B 1131694 нөмірі бар № 629 жоғары білім туралы жалған дипломды 720 000 долларға сатып алады. 2021 жылғы 6 қыркүйекте оны Көксу ауданы, Балпық би ауылы №1 орта

мектепке ұсынып, осы мектепте «дене шынықтыру» пәнінің оқытушысы болып жұмыс істейді.

Жетісу облысы Көксу аудандық сотының 2023 жылғы 10 мамырдағы үкімімен азамат Ж. ҚК-тің 385-бабының 3-бөлігі бойынша кінәлі деп танылады және осы бап бойынша қоғамдық жұмыстарға 80 сағат тартуға үкім шығарылды [130].

Өзге жазамен алмастыру немесе төлеуден босату мәселесіне келсек, жазаның индивидуализациялануы мен дифференциациялануы қағидаттарын ескеріп, ҚК-тің 41-бабында түзеу жұмыстарының төленбеген бөлігін өзге жазамен алмастыру немесе төлеуден босатуының екі себебін кездестіре аламыз.

Сотталған адам еңбекке қабілетсіз болып қалғанда түзеу жұмыстары түріндегі жазаны уақытылы орындай алмауы қатаңдығы жағынан жоғары емес жазаны, яғни айыппұлмен ауыстыруға не өтелмеген бөлігін орындаудан босатуға негіз болады. Сот мұнда қылмыстық іс-әрекетінің сипатын, сотталған адамның жеке басын ескеріп, түзеу жұмысын айыппұлмен ауыстыра немесе өтелмеген бөлігін орындаудан босата алады.

ҚР ҚК 42-бабы 5-тармағында түзеу жұмысы себепсіз жағдайлармен орындалмаған кезде қылмыстық теріс қылық, қылмыс санаттарының түрлеріне қарай қатаңдығы жағынан жоғары басқа жаза түрлерімен (жазаның балама түрімен) ауыстыру жағдайын келтіреді (түзеу жұмысын қоғамдық жұмысқа, қамаққа алуға, бас бостандығын шектеуге, бас бостандығынан айыруға). Заң шығарушы бұл жағдайға түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін өзге мән-жайлар туындаған жағдай деген түсінік береді. Дегенмен, сот практикасында сотталған адамның жазадан жалтару жағдайлары да орын алып жатады. 1997 жылғы ҚК-те түзеу жұмыстарына сотталған адам жазасын өтеуден әдейі жалтарған жағдай ұғымы қарастырылған болатын.

Түзеу жұмыстарының орындалуына кедергі келтірілген соңғы жағдайда сот сотталған адамның жеке басын және қылыстық іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ескеріп, өзге жаза (ҚР ҚК 42-бабы 5-тармағында көзделген) түрлеріне алмастырады:

1) қылмыстық теріс қылық үшін сотталғандарға – өтелмеген 1 (бір) АЕК үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты, өтелмеген 4 (төрт) АЕК үшін қамаққа алудың 1 (бір) тәулік қоғамдық жұмыс не қамаққа алуға;

2) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сотталғандарға – өтелмеген 4 (төрт) АЕК үшін б.б.ш. немесе б.б.а. 1 (бір) күні бас бостандығын шектеуге не бас бостандығынан айыруға;

3) ауыр қылмыс үшін сотталғандарға өтелмеген 4 (төрт) АЕК 1 (бір) күн бас бостандығынан айыруға теңестіріліп ауыстырылады.

Заң шығарушы сот тәжірибесінде түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін өзге мән-жайлар туындағанда қатаңдығы жоғары жаза түрлерін алмастыруды қарастырады.

Егер б.ба.-ға, түзеу жұмыстарына немесе өзге де жазаны сот бірінші үкімінде тағайындап, ал екінші үкімінде ҚК 63-бабымен шартты жаза белгілесе, онда сот үкімде аталған жазалардың жеке орындалатынын көрсетуге міндетті [114].

Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы алғаш 1997 жылғы ҚР ҚК-ке енгізілді. Алайда, жазаның аталған түрін орындау тәжірибесі орындауды ұйымдастырудағы қиындықтарға байланысты 2001 жылы басталды. Еліміздің ұлттық заңнамасымен қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын қабылдау бірқатар шет елдерде оны қолданудың табысты тәжірибесінің үлгісі болып табылады.

Қоғамдық жұмыстар тек қана қ.қ.б. жасағаны үшін тағайындалады және жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған тегін қоғамдық пайдалы жұмыстардың белгілі бір біліктілігін талап етпейтін сотталғандардың орындауынан тұрады. ҚР ҚК 43-бабы 1-бөлігіне сәйкес, қоғамдық жұмыстар қылмыстық жазаның бір түрі ретінде қылмыстық теріс әрекет жасағаны үшін ғана тағайындалады және сотталған адамның белгілі бір біліктілікті талап етпейтін, жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастыратын, қоғамға пайдалы ақысыз жұмыстарды орындауынан тұрады [70].

Қоғамдық жұмыстардың мақсаты – құқық бұзушыны қоғаммен келесі шаралардың көмегімен қайта қауыштыру болып табылады, ол:

– тегін еңбекке тарта отырып, тәртіпке баулуға мәжбүрлейді;

– құқық бұзушы өзінің тигізген зиянының өтеуі ретінде қоғам үшін осындай жұмысты атқарады;

– тегін жұмыстарды орындауға мәжбүрлей отырып, жұмысты орындағаны туралы есеп береді және құқық бұзушыны тәртіпті сақтауға және бос уақытынан айыруға жазалайды.

Іс-тәжірибеде жергілікті атқарушы органдар жалпы соттардың қолданыстағы үкімдері шеңберінде қоғамдық жұмыстарға сотталғандарды жұмыспен қамтамасыз етуді ұйымдастырады. Қоғамдық жұмыстарды тағайындау және орындау бойынша қазақстандық статистика саны халықаралық, әсіресе еуропалық тәжірибемен салыстырсақ өте аз. Еуропалық жазалардың құрылымында қоғамдық жұмыстардың үлесі кем дегенде 2/3 құрайды және жазаны орындайтын объектілермен оларда проблема бола бермейді, өйткені аталған мәселе біздегі сияқты тек жергілікті атқарушы орган деңгейінде шешілмейді (олар қоғамдық жұмыстардың мәні сақталынған және олар қалалық әкімдіктің мүддесі үшін емес, қоғамның мүддесі үшін көпшілік алдында орындалады) [108].

Бір қарағанда жазалаудың бұл түрі өте жеңіл болып көрінуі мүмкін. 1997 жылғы қылмыстық заңнамада (ҚК 39-бабы) жаза жүйесінде қоғамдық жұмыстар түзеу жұмыстарынан бұрын үшінші орында тұрған, тек 2014 жылғы қылмыстық заңнамада керісінше орналасқан.

Қоғамдық жұмыстар басқа жазалар сияқты сотталған үшін белгілі құқықтық шектеулермен байланысты болып келеді, оның ерекшелігі сол, сотталған адам жазаны өтеудің алдын-ала құрылған жоспарын қатаң түрде сақтауы және құқыққа қарсы іс-әрекеттерді жасамауы қажет, кері жағдайда нақты құқықтық зардаптарға, яғни қоғамнан оқшаулауға әкеп соқтыруы мүмкін. Атап кететін жайт, сотталғанның бос уақыты шектелген болады. Ол ұйғарылған қоғамға пайдалы жұмыстарды орындауға, жүріс-тұрысына бақылау жасауды жүзеге асыратын ПҚ-нің қызметкерімен тұрақты байланыста болуы керек.

Жасалған қ.қ.б. пен қылмыскердің туралы барлық жеке деректерді есепке

алу негізінде заң шығарушы әлеуметтік қауіпті әрекетті жасаған адамның қоғамнан (дәлірек айтқанда, бұрынғы әлеуметтік ортадан) оқшаулануы немесе оқшаулау элементімен байланысты емес жазамен шектелуі керек екенін анықтайды. Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасында азаматтар жеке бас бостандығы сияқты қымбат игілікті жоғалтпайды. Дәл осы себепті қоғамдық жұмыстарды қылмыстық заңнамада қоғамға қауіптілігі жоғары әрекеттер үшін тағайындау қарастырылмаған. Оларға, ең алдымен, жеке адамға қарсы ауыр қылмысар (денсаулыққа ауыр зиян келтіру, кісі өлтіру, жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық, зорлау және т.б.), сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікке қарсы ауыр қылмыстар (терроризм, кепілге алу, бандитизм), мемлекеттік билікке қарсы қылмыстар (сатқындық, тыңшылық және т.б.) және т.б. жатады.

Кінәлілер үшін жаза түрін таңдау кезінде соттар істегі барлық жеңілдететін және ауырлататын жағдайларды ескереді. Бұл жағдайларды есепке алу соттың құқығы емес, міндеті екенін есте ұстаған жөн. Демек, заңда көзделген және сот отырысы барысында белгіленген мән-жайларды сот өз қалауы бойынша жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын деп танымауға құқылы емес. Сонымен бірге, бұл жағдай кінәні жеңілдететін жағдай ретінде немесе қылмыскердің жеке басын сипаттайтын мәліметтер ретінде қарастырылатындығы үкімде нақты көрсетілуі керек.

Қылмыстық заңнамада сотқа балама санкциялар ретінде жазаның нақты бір түрін таңдауға нұсқау беретін қандай да ережелер жоқ. Осыған байланысты санкцияларда басқа да жаза түрлерімен көзделген жағдайларда қоғамдық жұмыстарды тағайындаудың негіздері туралы мәселені дұрыс шешу маңызды.

Осылайша, қоғамдық жұмыстар түрінде жаза тағайындаудың жалпы шарты (негізі) соттың сотталушының бұрынғы әлеуметтік ортадан оқшауланбай, бірақ нақты түзету шаралары мен қажетті қадағалау қолданылған жағдайда түзетуге қабілетті екендігіне сенімі болуы керек. Біздің ойымызша, қылмыскердің оқшауланбай түзелу қабілетінің көрсеткіштері жасалған қылмысты, сотталушының жеке басы және істің басқа жағдайларын сипаттайтын мәліметтер жатады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту келесі аталған тұлғаларға: жүкті әйелдерге, 3 жасқа дейінгі жас балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған еркектерге, 3 жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге, 58 және одан жоғары жастағы әйелдерге, 63 және одан жоғары жастағы ер адамдарға, бірінші не екінші топтағы мүгедектерге, әскери қызметшілерге тағайындалмайды. Бірақ өмірде 14 жасқа дейінгі жас балалар ата-анасыз қалған ретте оның қамқоршысы тағайындалады. Онда сәйкесінше, 3 жасқа толмаған жас балалардың қамқоршысы қылмыстық құқық бұзушылығы үшін қоғамдық жұмыс тағайындалмауы тиіс.

Қоғамдық жұмыстар тез арада орындалатын жазалардың бірі. Аталған жаза мерзімі сағатпен есептеледі, сол уақыт ішінде сотталған адам қоғамдық жұмыстарды орындайды.

Қоғамдық жұмыстар қылмыстық теріс қылықтар үшін 20 мен 200 сағат арасында, ал онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін 200-1200 сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді (ҚР ҚК 43-бабы).

Сотталған адамды қоғамдық жұмыстарды орындау кезінде негізгі жұмыс

орны бойынша еңбек міндеттерінен босата отырып, не оқудан бос уақытта күніне 4 (төрт) сағаттан аспайтын шамада орындалады.

Оқу орындарында оқымайтын және тұрақты жұмыс орны жоқ сотталғандар қоғамдық жұмыстарды күніне 8 (сегіз) сағатқа дейін, бірақ аптасына 40 (қырық) сағаттан аспайтын шамада орындайды (ҚР ҚАК 58-бабы).

Қоғамдық жұмыс оқудан немесе негізгі жұмыстан бос уақытта, көп жағдайда жұмыс күнінің соңында, жекеленген тұлғалар үшін бұл орындалуы керек екенін ескере отырып еркін уақыт, және бұл болады физикалық үшін мұндай жұмысты орындау мүмкіндігі және оның физикалық және психикалық денсаулығы үшін қауіпсіздігі туралы медициналық қорытынды қажет болуы мүмкін, өйткені Конституцияға сәйкес әркім қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін жағдайларда жұмыс істеуге құқылы.

Қ.қ.б.-дың жиынтығы жағдайында әрбір қ.қ.б. үшін жеке-жеке жаза тағайындалып, онша қатаң емес жаза неғұрлым қатаң жазаға сіңіру жолымен немесе белгіленген жазаларды ішінара не толық қосу арқылы белгіленетіні жайлы ереже ҚК-те қарастырылады. Осы жайлы сот практикасындағы материалды мысалға келтірсек.

Жетісу облысы Кербұлақ ауданының №2 аудандық соты ҚР ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігі және 296-бабының 2-бөлігімен сотталушы азамат А.-ға қатысты қылмыстық істерді қарап, айыптау үкімін шығарады. Сот үкімінде сотталушының өз кінәсін мойындап, өкінетінін және асырауында кәмелетке толмаған балалары барын, сондай-ақ Қылмыстық кодекстің 55-бабы 3-бөлігін ескеріп, ҚК-тің 287-бабының 3-бөлігінің санкциясындағы ең төменгі мөлшерде екі жылға бас бостандығын шектеуге, ҚК-тің 296-бабы 2-бөлігінің санкциясындағы (60 сағатқа) қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын белгілеуді жөн санайды. ҚК-тің 58-бабының 2-бөлігі негізінде б.б.ш. жазасының қоғамдық жұмыстарға тартуын сіңіру арқылы азамат А.-ға 2 жыл б.б.ш. жазасы тағайындалып, ҚК-тің 44-бабының 1-бөлігінің ережелерінің негізінде пробациялық бақылау белгіленеді [131]. Үкімде жазадан жалтарған ретте неғұрлым қатаң жаза түрімен алмастырылатыны ескертілген.

Заң шығарушы заңнамада сотталған адамның қоғамдық жұмыстардан жалтару жағдайын қарастырады:

1. қылмыстық теріс қылық үшін қоғамдық жұмыстардың өтелмеген әрбір 4 (төрт) сағаты қамаққа алудың 1 (бір) тәулігіне теңгеріледі;
2. қылмыс үшін қоғамдық жұмыстардың өтелмеген әрбір 4 (төрт) сағаты үшін б.б.ш. немесе б.б.а. 1 (бір) күні теңгеріп ауыстырылады.

Заң шығару қоғамдық жұмыстардың мерзімінің ең төменгі шектен де төмен болу мүмкіндігін қарастырған. Оған қ.қ.б. үшін көзделгеннен анағұрлым жеңіл жаза, аяқталмаған қылмыс үшін жаза белгіленгенде, сондай-ақ жазаны ауыстырғанда қоғамдық жұмыстардың мерзімі қылмыстық теріс қылықтар үшін 20-дан, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін 200-ден төмен бола алады.

Қоғамдық жұмыстар бас бостандығын шектеумен байланысты емес жазалау мақсатына жетудің ең жеңіл жолы болып табылады, ол кәмелет жасқа толмағандарға қолданылады. Сондықтан да қоғамдық жұмысқа тартудың

мүмкіндіктерін барынша кеңейту қажет болмақ.

Бостандықты шектеу. 1997 жылғы ҚК-те бас бостандығынан шектеу жазасы жаза жүйесіне алғаш рет орнықты. ҚР ҚК-не 2002 жылы енгізілген өзгерістерге сай (2002.12.21 – №363 Заң) аталған жаза сотталған адамға бас бостандығын шектетін міндеттер жүктей отырып, мекен-жайы бойынша қоғамнан оқшауламай өтелетін болды. 2012 жылдан бастап пробациялық институттың енгізілуіне байланысты пробациялық бақылау арқылы жүзеге асырылатын болды, 2015 жылдан қылмыстық-атқару инспекциясы пробациялық қызмет деп қайта құрылып, өкілеттіліктері кеңейтілді.

Соңғы уақытта бас бостандығынан шектеу жазасының жаза жүйесінде өзіндік орны бар, жазалау қызметінде барынша тиімді. Қолданыстағы ҚК 1997 жылғы ҚК-пен салыстырғанда б.б.а. жазасының мәні мен мазмұны елеулі өзгерістерге ұшырады:

1. б.б.ш. жазасы көзделген үкім шығарылған адамдарды еңбекке мәжбүрлейді,
2. бостандықты шектелгендер үшін пробациялық бақылау белгіленеді,
3. қоғамдық бірлестіктер, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ұйымдар бас бостандығын шектеуге сотталған адамдарға әлеуметтік және құқықтық көмек көрсетеді;
4. ПҚ сотталған адамның орналасқан жері туралы ақпарат алу және тиісті бақылауды қамтамасыз ету үшін электрондық бақылау құрылғыларын пайдалану жөніндегі құзыретке ие болды [58, 9 б.].

Бостандықты шектеудің негізгі элементі – бұл қозғалыс және тұрғылықты жерді таңдау құқығын шектеу түрінде көрінетін түзелуін қадағалау болып табылады. Қылмыстық жаза түріндегі бостандық шектелген адамдардың азаматтық құқықтарын ішінара пайдалану еркіндігі шектеледі. Сонымен қатар бостандықты шектеуде еңбек арнайы реттеуді қажет етеді. Зерттелетін жаза түрінің маңыздылығы сол, онда сотталғандардың материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі ішінара мемлекетке жүктелінеді. Сонымен қатар, бостандықты шектеуге жазалаудың мазмұнын соттылықтың болуы құрайды [15, 21 б.].

Бұл жазаны атқару кезінде сотталғандарға 6 (алты) айдан 7 (жеті) жылға дейін пробациялық бақылау жүргізіледі.

Құқық теориясында «бостандықты шектеу» ұғымына адамдардың заңсыз іс-әрекеттерінің құқықтық салдары ретінде заңнамаға сәйкес қолданылатын шектеулер жатады. Қылмыскердің бостандығын шектеу арқылы мемлекет оның өз қалауы бойынша әрекеттерді толық немесе ішінара таңдау қабілетін шектейді. Құқықтық әдебиеттерде бұл шектеулерге қызмет түрін және кәсіпті таңдауын; қозғалыс еркіндігіне, тұрғын жайға, оған тіркелу мүмкіндігін таңдауын; жеке бас бостандығы, жазаны өтеу кезінде материалдық және басқа да игіліктерге ие болуын шектеулерді жатқызады. Қылмыстық кодекстің 44-бабымен келесі шектеулер нақтыланған: уәкілетті мемлекеттік органға ескертусіз мекен-жайын, оқуын ауыстырмау; отбасына материалдық көмек беру; қандай да бір жерге бармау; психикасына қатты ықпал ететін психикалық, жүріс-тұрысындағы құқық бұзушылықтардан, жыныстық жолмен берілген аурулардан емдеу

курсынан өту; сотталған адамның түзелуіне, құқық бұзушылықтың алдын алуға әсер ететін басқа да іс-шаралар.

Келесі бір еңбекте автор «бостандық», «бостандықты шектеу», «бостандықты заңмен шектеу», «жаза түрі ретінде бостандықты шектеу» сынды категорияларды салыстыра отырып, олардың бір-бірінің өзара арақатынасын әмбебап, жалпы, жеке, ерекше байланыста екендігін анықтайды. Бұл категориялар өзара байланысты және өзара тәуелді, бір-біріне «сәйкес келеді» және практикада бөлінбейді. Бас бостандығын шектеуге үкім шығарылған адам жазаны өтеу процесінде ұсынылған барлық санаттармен бетпе-бет келеді, яғни ол қылмыстық заңнамада белгіленген өзінің сыртқы бостандығының шектеулеріне ғана емес, сонымен бірге жалпы құқықтық мағынадағы шектеулерге ұшырайды.

Сонымен қатар авторлар бостандықты шектеуге – бұл сотталушының тұрғылықты жері бойынша өтелетін, сотталған адамға қосымша міндеттер жүктелген кезде құқықтарына шектеулер қойылатын, қоғамнан оқшауланумен байланысты емес қылмыстық жазаның бір түрі деген түсінік береді [11, 12 б.].

Сот сотталған адамға ақысыз жұмысты орындау міндетін жүктей алады. Белгіленген жаза мерзімінің әрбір жылында сотталған адам (100) бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартылады. Аталған жаза қоғамнан оқшауланбай сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша өтеледі. Б.б.ш. жазасына сотталған адам жергілікті атқару органының ұйымдастыруымен жұмыспен қамтамасыз етіледі және жұмыс күніне 4 (төрт) сағаттан аспайтын уақытта өтеледі. Мысалы, бұған келесі жағдайды келтірсек болады: 2023 жылдың наурыз айында Орал қ. ПҚ-нің есебіндегі тұрған бас бостандығынан шектеу жазасына сотталған азамат А. «Жұмыспен қамту орталығымен» Орал қаласы әкімдігінен берілген квота бойынша «Батыс Су Арнасына» ресми түрде жұмысқа орналастырылған [132]. Сонымен қатар жұмыспен қамту орталығы тарапынан түзеу мекемелеріне барып, б.б.а. азаматтарға жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек көрсетілетіні туралы кеңес беру жұмыстары жүргізілу үрдіске айналып отыр [133].

Бостандықты шектеу ҚР ҚК-нің тиісті бабының санкциясында сәйкес ретте ҚК-тің 55-бабын (көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау) немесе 73-бабын (өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру) негізге алу кезінде немесе қоғамдық жұмыстардан не түзеу жұмыстарынан жалтарғаны үшін бостандықпен шектеумен алмастыру жағдайында тағайындалады.

Сот тәжірибесінде, көп жағдайда, бостандыққа шектеуге айыппұл, белгілі бір қызметпен айналысу немесе белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру, арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен және мемлекеттік наградалардан айыру түріндегі жазалар қосымша тағайындалады.

Б.б.ш. түріндегі жазаны тағайындау кезінде соттылықтың болмауы, кәмелетке толуы, еңбекке қабілеттілігі, жасы, сондай-ақ сотталушының жеке басын сипаттайтын жағымды деректер негізге алынады. Сонымен қатар, кінәліні міндетті түрде жұмысқа тарту және оны бақылау жағдайында ұстау арқылы қоғамнан толық оқшауламай түзелетініне сотты мүмкіндігінше сендіру өте

маңызды.

Кінәлінің жасаған қылмысының түрі, оның қауіптілік дәрежесі мен сипаты, кәмелетке толуы, еңбекке қабілеттілігі, сонымен қатар жазаны ауырлататын және жеңілдететін жағдайлар және қылмыскердің жеке басы туралы басқа деректер қоғамнан толық, бірақ қадағалау мен жұмысқа тарту жағдайында қайта тәрбиелеу мүмкіндігін көрсете алады.

Сот тәжірибесіндегі келесі факті бұған мысал бола алады. Аққөл ауылы амбулаториясының аға дәрігеріне қатысты Құрманғазы аудандық соты ҚР ҚК-нің 320-бабының 2-тармағы («науқастың абайсызда өліміне әкеп соққан пациентке көмек көрсетпеу») бойынша қылмыстық істі қарап кінәлі деп таниды.

Өткен жылдың 2 желтоқсанында анасы ас үйдегі кастрюльге қайнаған ыстық сорпаны 7 жасар Даниярдың үстіне кездейсоқ төгіп алған соң дереу дәрігерге жүгінеді. Ауылдық амбулаторияның дәрігері азаматша Б. көмекке асығып келеді, бірақ ол келесі күні келуге уәде беріп, балаға тек сықпа май қолдануға кеңес берді. Келесі күні бала ауыр халде ауруханаға жеткізіліп, ажал құшады («күйген бала көмек алмай қайтыс болды»).

Үкім шығару кезінде дәрігердің кінәсін мойындауы және жәбірленуші тараптың кешірім жасауы сынды мән-жайлар ескерілген. Сонымен қатар сотталған адамға мамандандырылған органға ескертпей мекен-жайын, жұмыс орнын өзгертпеуге, жұмыстан бос уақытта тұрған жайынан кетпеуге және рұқсатсыз басқа жаққа кетпеуге міндет жүктей отырып, құқықтары шектелінеді [134].

ҚР ҚК 55-бабына сәйкес, егер жазаның жеңіл түрі жазаның мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ете алмаған жағдайда ғана жасалған қылмыс үшін санкцияда көзделген жазаның неғұрлым қатал түрі тағайындалады [20].

Сотталған адам өз кінәсін мойындап келген, қылмысты ашуға, қылмыстың басқа қатысушыларын әшкерелеуге және қылмыс нәтижесінде тәркіленген мүлікті іздестіруге белсенді үлес қосқан; қылмыс нәтижесінде келтірілген материалдық және моральдық залалдарды өз еркімен өтеген; қылмыс жасалғаннан кейін тікелей жәбірленушіге медициналық немесе өзге де көмек көрсеткен жағдайларда б.б.а. жазасына балама ретінде б.б.ш. қолданылуы мүмкін.

ҚР ҚК 44-бабында көзделгендей, кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, 3 (үш) жасқа дейінгі жас балалары бар, 3 (үш) жасқа дейінгі жас балаларды өз бетінше тәрбиелеп отырған ер адамдар, 58 (елу сегіз) және одан жоғары жастағы әйелдер, 63 (алпыс үш) жастағы және одан жоғары жастағы ер адамдар, бірінші немесе екінші топ мүгедектері, сондай-ақ 6 (алты) айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі жұмысқа тартылуға жол берілмейді [20].

ҚК-ке сай, зерттеліп отырған жазаға тартылу жасы әйелдер үшін 18 бен 58 жастың, ал ерлер үшін 18 бен 63 жастың аралығын құрайды. Ал бұл Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенцияны бекіту туралы ҚР Заңының 11-бабындағы ережеге қайшы келеді. Онда мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке 18 бен 45 аралығындағы еңбекке жарамды адамдар тартылуға жатады деп келтіріледі [135]. Аталған заңның ережелері қоғамдық жұмыстар жазасына да қатысты.

Осы тұста келесідей сұрақ туындайды, аталған санаттағы сотталған адамдарды жазадан босатқан жағдайда тек мәжбүрлеу жазасынан ғана босатылады ма, әлде бас бостандығы жазасы тағайындалмайды ма? Егер тек мәжбүрлі жұмыстан босатылса, тек сотталғандарға сотпен жүктелген міндеттер, яғни құқықтық шектеулер ғана б.б.ш. жазасының мазмұнын құрай алады ма екен?

ҚК-тің 44-бабының 1-тармағында б.б.ш. пробациялық бақылау белгілеу және мәжбүрлі еңбекке тартудан тұратыны айтылады. Яғни сотталған адамға осы екі функция жүктеледі деген сөз. Себебі сотталған адамға жүктелген екі функцияның бірінің орындалмауы аталған жазаның толық мазмұнын бермейді. Мұндай жағдайда, аталған нормада сөз жоғарыда аталған санаттағы «сотталғандар мәжбүрлі жұмысқа тартылмайды» емес, «бас бостандығын шектеуге тартылмайды» болуы тиіс еді. Алайда аталған санаттағы сотталғандардың қатарында «жазасы 6 (алты) айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар» деген сөз тіркесінің кездесуі, бұл сотталған адамға тек «пробациялық бақылау белгілеу» ғана жүктелінетінін білдіреді. Онда ҚК-тің 44-бабының 1-тармағында «бақылау белгілеуден» мен «оны жазаны өтеудің» деген сөз тіркестерінің арасында «және» сөзі тұрмауы тиіс.

Егер өмірде жас балалардың ата-анасынан жастай айрылып, қамқоршыларымен қалып, қамқоршыларының қылмыстық жолға түсіп, сотталғанын ескерсек, онда бұл санаттағы тұлғаларға да б.б.ш. жазасын белгілемеген жөн болар еді.

Азамат Е. 2020 жылы мас күйінде көлік құралын басқарғаны үшін сот үкімімен 2 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан шектеледі. Үкім БҚО № 2 Казталов аудандық ПҚ-мен орындалуға жіберіліп, сотталушыға түрлі әлеуметтік көмек көрсетіледі, тәрбиелік сұхбаттар жүргізіледі.

Дегенмен сотталған адам жазасын өтеу барысында бірнеше рет құқық бұзушылықтар жасайды. ПҚ сотталушы тарапынан қылмысты қайта жасау фактілерін болдырмау мақсатында жаза оған тиісті оң нәтиже бермегендіктен б.б.ш. түріндегі жазаны б.б.а. түріндегі жазаға ауыстыру үшін құжаттарды сотқа жолдайды. Ұсыныс сотпен қабылданып, жазаның өтелмеген 2 жыл 9 күнін қылмыстық-атқару жүйесіндегі бас бостандығынан айыруға ауыстырылады [136].

Сот тәжірибесінде мысалда келтірілгендей, сот ҚК-тің 44-бабының 3-тармағын басшылыққа алып, б.б.ш. қасақөйлікпен жалтарғаны үшін б.б.ш. бір күнін бас бостандығынан айырудың бір күніне алмастыра алады.

Қосымша жазалар. Еліміздің қылмыстық заңнамасында қосымша жазалар ұғымы берілмейді. Негізінде, жазаның бұл түрлерінің негізгі жазалардан айырмашылығы, жазаның мақсаттарына жету үшін қ.қ.б. (қылмыстық жазаланатын әрекет және қылмыс) жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мәжбүрлеп әсер етудің қосалқы құралы болып табылады. Қылмыстық жауапкершіліктің көлемін анықтаған кезде қосымша жазалар негізгі емес, көмекші рөл атқарады. Қосымша жазаларды сот негізгілерін ескермей дербес тағайындамайды. Қосымша жазалар тек негізгілерімен ұштастыра отырып

қолдануға жол беріледі, осылайша қ.қ.б. жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамның бостандықтары мен құқықтарынан айыру не шектеу көлемін ұлғайтады.

Қосымша жаза сот үкімі бойынша тағайындалатын, қ.қ.б. жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға жазаның негізгі түріне қосылатын, осы адамның бостандықтары мен құқықтарын (моральдық-психологиялық ықпалынан және материалдық игіліктерінен) шектеу немесе айыру болып табылатын мемлекеттік мәжбүрлеудің қосалқы шарасының сипатына ие. О.В. Постниковаңың пайымдауынша, қосымша жаза жеке тұлғаның кейбір жағымсыз қасиеттеріне таңдамалы әсер ете отырып, жазаны жекелендіреді, осылайша, істің барлық мән-жайларын ескере отырып, жасалған қылмысқа жазаның барынша пропорционалдығын қамтамасыз етеді. Осылайша, жаза кеңінен ауқымды қарастырыла отырып, сот төрелігінің талаптарына толық сәйкес келеді [137]. Кей жағдайларда қосымша жазалар әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, сотталғанды түзелуіне және сотталғанның өзінің және басқа да адамдардың жаңа қ.қ.б.-ға баруының алдын алу мақсаттарына қолжеткізуі үшін, ең бастысы, оны қоғамнан бөлмей және қылмыстық ортамен байланыстырмауына жетекші роль атқаруы әбден мүмкін.

Отандық қылмыстық заңнамаға сәйкес, қосымша жазалар негізгі жазалардан дербес қолданылмайды, ал ҚХР ҚК-де (ҚХР ҚК-нің 34-бабында) оған жол беріледі [89, 99 б.]).

Қылмыстық саясатқа орай, заңнама бір жағынан жазаны күшейтуді, ал екінші жағынан декриминилизациялауды қажет ете отырып, заңнаманың тұрақты даму бағытын ұстануына мүмкіндік бермейтін секілді. Сонымен қатар қылмыстық кодекстің жалпы бөлігі қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдетудің түрлі мүмкіндіктерін қарастырады. Жаңа жаза түрлерінің пайда болуымен басқа жазалардың мазмұны өзгеріске ұшырап жатыр. Нәтижесінде жекеленген жазаларды қолдану жағдайы тұрақтылықтан айрылған сынды. Мұнан түсінетініміз, заң шығарушы күнделікті жаза институтының іске асырылуына байланысты құқық қолдану тәжірибесінде ситуациялық бағытты ұстанып отырған сияқты. Сондықтан да мұндайда, «Мейірім жоқ жердегі әділеттілік – әділеттілік емес, қатыгездік; ал мейірімділік әділеттіліксіз - мейірімділік емес, ақымақтық» деген ескі сөз өзінің нақты өзектілігін жоғалтпайды [71, 106 б.].

ҚР ҚК 40-бабы 3-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар қолданылуы мүмкін: 1) мүлікті тәркілеу; 2) арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру; 3) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 3-1) Қазақстан азаматтығынан айыру; 4) шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстаннан тысқары жерлерге шығарып жіберу [20].

Г.М. Баткалова осы қосымша жазалардың бұл тізілімінде қайшылықтардың кездесетінін айтады. ҚР ҚК 51-бабы 2-бөлігіне сәйкес, қ.қ.б. жасағаны үшін шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР-нан тысқары жерлерге

шығарып жіберу негізгі және қосымша жаза түрі ретінде тағайындалуы мүмкін [20]. Бұл ретте қосымша жаза ретінде ғана мүлікті тәркілеу; белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру; азаматтығынан айыру тағайындала алады.

Жаза жүйесінде негізгі және қосымша жазалармен қатар, ҚР ҚК 40-бабында көзделмеген әрі негізгі, әрі қосымша жазалар қатарының бар екендігін атап өткен жөн. Бұл жаза тобы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабында көрсетілуге тиіс деген Г.М. Баткалованың пікірімен толық келісе аламыз [54, 172 б.].

Жазалар ҚК Ерекше бөлігінің нормаларының санкцияларымен реттелсе және олар ерекше бөліктің тиісті санкциялық бабында көзделген кезде ғана тағайындалуы мүмкін болса, онда жекелеген қосымша жазалар (белгілі бір қызметпен айналысу немесе белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру және арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің бабында көзделмеген кезде де тағайындалуы мүмкін. Бұдан басқа, соңғысы кодекстің Ерекше бөлігінің санкциялық баптарының ешқайсысында көрсетілмегенін атап өткен жөн.

Әдебиетте қосымша жазалардың белгілі бір дәрежеде күрделі екендігі дәлелденеді, олар іс жүзінде бір-бірінен сипаты немесе мазмұны бойынша ерекшеленетін жазалардың бірнеше түрін қамтиды.

Жазалау жүйесіндегі жазалар белгілі бір логикалық ретпен жеңілінен (айыппұл, мысалы) қаталына қарай орналастырылған. Бірақ, өкінішке орай, бұл салада даулы және заңға сәйкес келмейтін бірқатар шешілмеген мәселелер бар. Атап айтсақ: жазалануы либералды тәсілмен айқындалатын іс-әрекеттерді криминализациялау; жазаның жекелеген түрлерін онша қатаң еместен қатаңға дейін бекіту туралы Ережені бұзу; қылмыстық заңның бабында балама санкциялардың қатарында негізсіз кең жаза түрлерін белгілеу, ал бұл өз кезегінде сот қателіктерінің, заңсыздықтың туындауына зор мүмкіндік болады. Қылмыстық жазалардың жүйелілік ережелерін белгілеу кезінде тарихи дәстүрлер мен туындайтын қиындықтарды ескеру қажет. Егер қылмыстық заңның даму тарихына жүгінетін болсақ, жазаларды жүйелеу талабының қалыптасқанына көп уақыт болмаған. Бір жағынан, қылмыстық жазалар санының көптігі белгілі бір субъектіге жаза тағайындау кезінде дифференциациялауға және дараландыруға оң әсер етеді, екінші жағынан, жазаның қосымша және негізгі түрлерін белгілеудің бірыңғай тәсілі (алгоритм) жасалынбаған; ҚР ҚК-де айыппұлдар мен түзеу жұмыстары сияқты жаза түрлерінің қолданылу жағдайы әмбебап саналады.

Заң нормалары құрылымның күрделенуі құқық қолдану тиімділігін арттырмайды, керісінше қосымша қиындықтар тудырады. Тағы бір мәселе: мысалы, қылмыстық құқықтағы жаза институтының қазіргі жағдайы осы құқық саласының дамуының көрсеткіштерінің бірі болып табылып, либералды негізде

сотталушыны қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларға басымдық бере отырып, белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға балама іздеу процесі жүреді.

Қылмыстық заңның қандай да бір бабының санкциясы қосымша жазаны қолдану немесе қолданбау мүмкіндігін көздейтін жағдайларда соттар оны тағайындау туралы мәселені талқылауға және үкімде қабылданған шешімнің себебін көрсетуге міндетті. Мұндай жағдайларда қосымша жазаның орындалмауы үкімнің қарар бөлігінде айтылмайды.

Адам міндетті түрде қосымша жаза тағайындауды көздейтін қылмыстық заңның баптары бойынша сотталған кезде, сот оны үкімде қабылданған шешімнің себептерін міндетті түрде көрсете отырып, белгілі бір қ.қ.б. үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындаудың (Қылмыстық кодекстің 55-бабында) шарттары болған кезде ғана тағайындамауы мүмкін.

Бұл ережелер мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша жазаны тағайындау кезінде қолданылмайды, оны қолданудың негіздері мен шарттары Қылмыстық Кодекстің 48-бабының (Мүлікті тәркілеу) талаптарына сәйкес осы жазаның мазмұнымен айқындалады [114].

Жекеленген қосымша жаза түрлеріне көшсек.

Мүлікті тәркілеу. ҚР қылмыстық кодексімен қосымша жаза ретінде мүлікті тәркілеу танылады. «Тәркілеу» қылмыстық істі жүргізу нәтижесінде сот тағайындаған және мүлкінен айырудан тұратын жазаны немесе шараны білдіреді [138].

Бұл жөнінде итальяндық гуманитарлық ағартушы Беккария өзінің әйгілі трактатында былай деп жазды: Заң бойынша құқық бұзушы елден шығарылғанда және қоғам мен оның арасында барлық қатынастар тоқтатылған кезде адам мүліктен толығымен айырылады. Ал бұл жағдайда физикалық тұрғыдан өмір сүруді жалғастыратын адамның азаматтық өлімі орын алады. … Қылмыскердің тәркіленген мүлкі оның басшысы атынан мемлекетке емес, заңды мұрагерлерге берілуі керек ... Тәркілеу – кінәлілердің орнына жазықсыздарды жазалардан зардап шектіріп, оларды амалсыздан қылмыс жасауға итермелейтін, әлсіздердің мойнына салынған ауыр жүк [104, 155 б.]. Автормен берілген анықтамадан тәркілеу қылмыстық жазаның қосымша түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар ҚК-те келтірілген мүліктің өзге де ықпал ету шарасы функциясын атқаратынына көз жеткіземіз. Мұндай түсінік бүгінде соңғы құқықтық реформалардың жаңалығына айналып отыр.

Дегенмен де А.А. Пропостин атап өткендей, тәркілеудің мәні – мүлікті алып қою, оның қайда жіберілетіндігінде емес (мемлекетке, жәбірленушіге немесе туыстарына). Тәркілеудің құқықтық табиғаты тәркіленген мүліктің болашақтағы күйіне емес, басқа факторларға (мысалы, тыйым салынған мүліктің мақсаты мен түріне) байланысты [139, 13 б.].

Бірақ тәркілеу заңнамада «қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шара» ретінде танылып отырып, ескі мәселелерге жаңа проблемалар қосып, заңгерлер арасында басқа қылмыстық-құқықтық шаралардың құқықтық сипатына қатысты қызу пікірталас тудырды. Негізгі қиындық мынада болып тұр: заң шығарушы қылмыстық-құқықтық сипаттағы басқа шаралар ұғымын, бұл шараларды

қылмыстық кодексте қамтылған және жазалардың қатарында жоқ басқа шаралардан ерекшелендіретін белгілерді анықтамаған. Сондай-ақ, әдебиеттерде қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар мен өзге де қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар ұғымдары мен олардың арақатынасы, соңғы ұғым қылмыстық жауаптылықты іске асыру нысаны болып табыла ма деген сауалға біржақты жауап берілмейді.

Бірақ қылмыстық құқық теориясында қылмыстық-құқықтық сипаттағы басқа шаралар қылмыстық жазаның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, кейбір жағдайларда тым болмағанда ықпал етеді деген пікір басымырақ кездеседі [140, 206 б.]. Мысалы, отандық ғылымда А.Т. Байсеитова қылмыстық-құқықтық ықпал ету ұғымын авторлық анықтамасын ұсына отырып, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының жүйесіне жазаны, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын және жазадан босатуды жатқызған. Ал қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары ретінде соттың қылмыстық жазаға балама ретінде қылмыстық заңда көзделген қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған адамға қолданатын немесе жасалған қоғамдық қауіпті іс-әрекеттің жеке басын және (немесе) мән-жайларын және қылмыстық заңнаманың міндеттерін ескере отырып, жазамен бірге қолданылатын мемлекеттік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын түсінеді [123, 8 б.].

Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес және ынтымақтастық бөлімі айыптау үкіміне сәйкес тәркілеу заңсыз алынған мүлікке және қылмыстық жолмен түскен табысқа қарсы күресте маңызды құрал болып табылатындығын атап өтеді [141].

Қылмыстық заңнамаға енгізілген бұл ережелер мүліктің көлемін нақты анықтап, активтерге билік етуге және активтерді бақылауға тыйым салатын қаулының жедел берілуін, сондай-ақ шетелде қабылданған қаулыларды мойындауы және жауапкерлер мен үшінші тұлғалардың қатысуын қамтамасыз етуі керек, деген пікірлер де бар [142].

Ғылымда сонымен қатар, мүлікті тәркілеуді қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге шара ретінде қарастыруға қарама-қарсы көзқарасты жақтаушылар да бар. ҚР ҚК 52-бабы 3-тармағына сәйкес, жаза тағайындау кезінде қ.қ.б.-тың қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесі, қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқын қоса алғанда, кінәлінің жеке басы, жаза мен жауапкершілікті жеңілдететін не ауырлататын мән-жайлары, сондай-ақ тағайындалған жазаның құқық бұзушыны түзетуге әсері, сотталған адам және оның отбасының немесе асырауындағы адамдардың өмір сүру жағдайлары ескеріледі. Алайда, мүлікті тәркілеу жасалған әрекеті үшін емес, жаңа қылмыстар жасаудың, қылмыстылықтың алдын алу мақсатындағы шара ретінде тағайындалады деген пайымдаулар да бар [143, 17 б.]. А.А. Пропостин, қылмыстың қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне, оны жасаған адамның жеке басының ескерілетіне күмәнмен қарап, мүлікті тәркілеудің мәніне қарай және ресми негіздер бойынша «қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шара» бола алмайды [139, 13-14 бб.]. Бұл шара қылмыс үшін емес, оның жасалуына байланысты тағайындалады [140, 119 б.] деп есептейді.

Заң ғылымында тәркілеу қылмыстық құқық қағидаттарына сәйкес және

адамдарды қылмыс жасау арқылы материалдық байыту мүмкіндігінен айыру мақсатында соттың айыптау үкімі негізінде «қылмыстық» мүлікті мемлекет кірісіне мәжбүрлеп өтеусіз алып қою деп түсініледі [144, 79 б.].

Осы мағынада тәркілеудің қылмыстық-процестік құқыққа жататындығы туралы пікір әдебиетте бірнеше рет айтылған болатын. Мысалы, ҚР ҚПК-тің бірнеше баптарында (ҚПК-тің 53-бабының (Соттың өкілеттіктері) 3-тармағының 5)-де, 60-бабының 4-тармағында, 63-бабының 5-тарм., 301-бапта, 322-бабының 2-тарм. 2)-де және т.б.) қаралады.

ҚПК-тің 118-бабының 3-тармағының 1) қ.қ.б. жасаған адамға тиесілі, оны жасау қарулары және (немесе) құралдары ҚК-тің 48-бабы негізінде тәркіленуге жатады делінеді.

Е.В. Медведевтің пікірінше, тәркілеуді қылмыстық-процестік құқығы институты ретінде қарастырған жөн. Себебі қылмыстық-процестік заңнама тәркілеу қолданылуы мүмкін қылмыстардың толық тізімін бермейді. Ол міндетті процессуалдық шара болғандықтан «қылмыстық-құқықтық сипаттағы басқа шара» ретінде қарастырылмайды [145, 62 б.].

Шын мәнісінде, қылмыстық-құқықтық мүлікті тәркілеуден қылмыстық-процестік мүлікті тәркілеудің айырмашылығы оларды қолдану мақсатында жатыр. Егер, біріншісі қылмыстың зиянды салдарын жоюға, жаңа қылмыстардың жасалуын болдырмауға бағытталған болса, ал екіншісі қылмыстардан зардап шеккен адамдар мен ұйымдардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау бөлігінде қылмыстық сот ісін жүргізу мақсаттарына қол жеткізу құралы ретінде қызмет етеді.

Мүлікті тәркілеу 2 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде тәркіленуі мүмкін мүлік анықталуы керек. Екінші кезең сот өндірісімен тікелей байланысты, сот айыптау үкімінде мүлікті тәркілеуді тағайындайды. Мұнда сот мүлікті тәркілеуді тағайындау үшін оның қажетті шарттары мен негіздерімен хабардар болуы тиіс [146, 51 б.].

Ал енді отандық ғалымдар: «Қылмыстық жолмен мүлікті иелену мазмұны бойынша және азаматтық заңнамаға сәйкес меншік құқығын құрмайды, тиісінше ол қ.қ.б. субъектісіне тиесілі емес. Қылмыскердің заңсыз жолмен алынған мүлікті немесе табысты алып, бұрын айтылғандай, заңды түрде билік етуге, иеленуге және пайдалануға құқығы жоқ, ал сатып алу фактісі жарамсыз деп азаматтық заңнамаға сәйкес танылады. Осы себепті қылмыстық жолмен алынған мүлікті тәркілеу мазмұны бойынша жазаның емес, бірақ мүлікті заңсыз иеленуден алып қоятын қылмыстық процестік шараға тән белгілерге ие болып табылады» деп пайымдайды [147, 181 б.].

Әрі қарай авторлар мүлікті тәркілеуді қолданудың қылмыстық процестік негіздерін бөліп көрсетеді: 1) қылмыстық құқық бұзушылық жасау; 2) ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясында тәркілеу жазасының қарастырылуы; 3) мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықпен байланысының болуы [148, 43 б.]

Заң шығарушы ҚК-тің 48-бабының 4-тармағында мүлікті тәркілеудің қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде ҚР ҚПК-тің 15-бөлімінде көзделген жағдайларда сот шешімімен қолданылатынын көрсетуі, практикада

мүлікті тәркілеудің процессуалдық шара екенін айғақтайды.

Келесі авторлар болса, тіпті мүлікті тәркілеуді қылмыстық жазалар тізімінен алып тастау қажет деп тапқан. Мәселен, Ө.С. Джекебаев, ҚР-ның Ата заңы мен азаматтық заңнамасы әркімге мүлікті өзінің қалауымен иелену, пайдалану және билік ету құқығына кепілдік бергенімен де соттың шешімімен тәркілеуді қолдану адамның заңды құқықтарын толығымен немесе ішінара шектейтінін алға тартады. Айыпталушыны заңды түрде сатып алынған мүлкінен айыру бұл қылмыстық жазаның фискалдық сипатын ресми түрде мойындауды білдіреді және тек қылмыстық жолмен алынған мүлікті ғана тәркілеген жөн деп есептейді [63, 86 б.].

Расында да кең мағынада мүлікті тәркілеу – бұл белгілі бір мақсаттарға жету үшін мүлікті мемлекет меншігіне мәжбүрлеп алып қою арқылы көрінетін салааралық институт болмақ [146, 32 б.].

Тіпті ғылыми пікірталас аумағында тәркілеуді негізгі жаза ретінде қолдану керек деген де ұсыныстарды кездестіруге болады. Мысалы, Құқықтық саясат зерттеу Орталығының мамандары: ҚР ҚК Ерекше бөлігіндегі баптың санкциясында тікелей көзделген жағдайларда негізгі жазаның жазалау әсерін күшейтуге бағытында тәркілеу қосымша жаза ретінде пайдакүнемдікпен жасалынған қылмыстар үшін қолданылады. Тәркілеу қылмыстық-құқықтық ықпал етудің бір шарасы (қауіпсіздік шаралары) ретінде заңсыз иелену сыбайлас жемқорлық құқыққа қайшы қолсұғушылықтың мүмкін нәтижесі болған мүлікке қолданылады. Тәркілеуің дуалистік табиғаты қылмыстылықтың алдын алу қылмыстық құқықтық құралдар жүйесінде оның дараланууына ықпал етеді. Болашақта мүлікті тәркілеуді аралас нұсқада қарастырған жөн болар еді, онда ол экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар үшін жазаның негізгі түрі ретінде қолданылар еді (мысалы, салық төлеуден жалтару, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, заңсыз кәсіпкерлік және т.б.). Кез келген жағдайда мүлікті тәркілеудің нормативтік моделінің өзгеруі Қазақстан Республикасында баламалы жазалардың құрамын кеңейтуге мүмкіндік береді [149]. Алайда тәркілеу жазасын әрі негізгі, әрі қосымша жаза қатарында қарастыру оңтайлы әдіс болады деп айту қиын. Тәркілеуді негізгі жаза ретінде экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар үшін қарастырғанда жазаның мақсатына жету мүмкіндігі төмен болады. Өйткені тәркіленетін мүлік өзінің онсыз да қылмыстық мақсатта қолданылған, кей жағдайда тіпті қылмыстық жолмен иемденген мүлік болғандықтан, сотталған адамнан оны алып қою соншалықты проблема тудырмайды, яғни бар-жоқ есебінде. Енді жаза мақсаттарына қол жеткізу үшін қарастырылып жатқан жазаны негізгі ретінде қолданса, онда «сотталған адамдардың кез-келгеніне қолдануға болатын қосымша жазалардың қандай түрін ұсынуға болар еді?» деген сауалдың туындары анық.

Мәжбүрлеп өтеусіз алынатын заттар қандай болмақ деген сауалға келсек, ҚР ҚК 48-бабы 1-тармағында келесідей мүліктер жайлы баяндалады:

- сотталған адамның меншігіндегі,
- қылмыстық жолмен алынған,
- қылмыстық жолмен алынған ақша сатып алынған,

– қылмыстық іс-әрекетті жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлік.

ҚР АК 115-бабы 2-тармағына сай, мүліктік игіліктер мен құқықтар (мүлік) келесілерді: заттар, ақша (оның ішінде шетел валютасы), қаржы құралдары, объектіге бағытталған еңбек нәтижелері, қызмет, шығармашылық және зияткерлік қызмет, фирмалық атаулар, сауда белгілері және өнімді дараландырудың басқа құралдары, мүліктік құқықтар, цифрлық активтер және басқа да мүлікті қамтиды [150].

Төменде көрсетілген игіліктерді тәркілеуге болады:

1. заңды иесіне қайтарылуға жататын мүлік пен одан түсетін кірістерді қоспағанда, қ.қ.б. жасау нәтижесінде алынған ақша қаражаты мен басқа да мүлік және де осы мүліктен алынған кез келген табыс;
2. қ.қ.б. жасау нәтижесінде алынған мүлікті және содан алынған табысты толығымен немесе ішінара ауыстырған не түрлендірген;
3. экстремистік не террористік қызметті немесе қылмыстық топты қаржыландыру не басқа да қолдау үшін пайдаланылатын, арналған;
4. қылмыстық іс-әрекет жасалған қару немесе құрал;
5. сотталғанға жоғарыда көзделген басқа адамдардың меншігіне берілген ақшалай қаражат және басқа мүлік [20].

Еліміздің қылмыстық заңнамасында алғаш рет сотталған адамның және (не) үшінші тұлғалардың мүлкін тәркілеу көзделгенін атап өту керек, сондай-ақ тәркіленуге жататын мүлік жоғалған жағдайда ақшалай баламаны өндіріп алу жөніндегі ереже ҚР ҚК-сі үшін жаңалық болды.

Бұл жағдайда қылмыстық іс-әрекеттен алынған кірісті ғана емес, болашақта қылмыстық іс-әрекетте пайдаланылуы мүмкін арналған мүлікті де тәркілеуге жол беріледі. Аталған жағдайда Жоғарғы Сот ақша мен басқа құндылықтарды қ.қ.б. құралы ретінде қарастырады [147,180 б.].

Қылмысқа қарсы күресте үлкен көлемдегі ақшалай және мүліктік ресурстары бар қылмыстар үшін мүлікті тәркілеу жазасы маңызды рөл атқарады. Және де мүлікті тәркілеу негізгі жазаға қарағанда онша маңызды емес, бірақ та оны жоққа шығаруға ешбір негіз де жоқ [151, 25 б.].

Заң шығарушы қылмыстық заңнамада (48-баптың 5-тармағы) тәркіленуге жатпайтын мүлікті нақтылап береді. Ал соттың үкімімен тәркіленуге жатпайтын мүлік тізбесі Қылмыстық-атқару кодексіне қосымшада берілген.

«Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» 2014 жылғы ҚРЗ-на сәйкес жария етілген ақша мен басқа да мүлік ҚК-пен қылмыстық жауаптылықтан босату көзделген қ.қ.б. жасау нәтижесінде алынған болса, онда олар тәркіленуге жатпайды.

Мүлікті тәркілеу қосымша жаза ретінде кінәлі деп танылған сотталған адамға ҚК-тің жекелеген бабының санкциясында көзделген жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін. Үкім шығару туралы қаулыда тәркіленуге жататын мүлік нақты көрсетілуі тиіс.

Мүлікті тәркіленетіндерге жатқызғанда іс бойынша адамның қылмыстық

заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәсін, кінәнің нысанын, қылмыстық іс-әрекетінің себептерін, заңдық және іс жүзіндегі қателіктерін (ҚПК 113-бабы 3-бөлігі ережелеріне сәйкес) дәлелденуі тиіс. Осыған байланысты соттар мүлікті, оның ішінде үшінші тұлғаларға тиесеілі мүлікті тәркілеуді анықтағанда осы мүліктің шығу тегі туралы куәландыратын дәлелдемелерді және сол мүлік сатылған қаражатты тексеруі керек. Егер істе мүліктің пайда болуының қылмыстық сипаты туралы мәліметтер болмаса немесе мүлік мүлде белгіленбесе, мүлікті тәркілеу, оның ішінде ҚК-тің осы қосымша жазаның міндетті түрде тағайындалуын көздейтін Ерекше бөлігінің жекелеген баптары бойынша тағайындалмайды. Аталған жағдайда белгілі бір қ.қ.б. үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау (ҚК 55-бабы) ережелерін қолдану талап етілмейді.

Сот қабылдаған мүлікті тәркілеу туралы шешім барлық жағдайларда ҚК 48-бабында көзделген негіздердің болуына немесе үкімде болмауына сілтеме жасаумен дәлелденуі тиіс.

Ал кәмелетке толмағандарға қатысты мүлікті тәркілеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Егер ҚК-тің Ерекше бөлігіндегі норманың санкциясында бұл жаза міндетті қосымша жаза ретінде қарастырылған болса да, Жалпы бөлімнің ережелерін ескеріп кәмелетке толмаған сотталушыға тағайындалмайды да. Бұл жайында ҚК-тің 55-бабына сілтеме жасамай-ақ үкімнің сипаттау-уәждау бөлігінде ҚК-тің 81-бабына сүйеніп көрсетілуі керек. Қылмыстық жолмен алынғаны дәлелденген заттар болса, ҚПК-тің 118-бабының 3-бөлігіне сай белгіленген тәртіппен мемлекеттің кірісіне өтеді. Ал егер де ҚК-тің Ерекше бөлігіндегі жекелеген баптың санкциясында тәркілеу қарастырылмаса, бірақ та қылмысқа қатысы бар заттар анықталған болса, онда мүліктер белгіленген тәртіппен тәркіленуге жатады [115].

Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру.

Заңнамаға сәйкес, арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру қосымша жаза түрлеріне жатқызылады.

Мемлекеттік наградалар (медальдар, ордендер) ҚР-ның мемлекеттік наградалары туралы заңда белгіленеді. Құрметті атақтар ҚР Президентінің Жарлығымен мемлекет алдындағы ерекше еңбегі үшін (ғылымның еңбек сіңірген қайраткері, еңбек сіңірген әртіс және т.б.) беріледі.

Әскери атақтар ретінде ҚР Қарулы Күштерінде белгіленген, офицерлерге берілетін атақтар танылады. Ал арнаулы атақтарға әскери функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыратын бірқатар ведомстволар мен қызметтерде (қаржы, кеден қызметтері, ішкі істер органдары) белгіленгендер жатқызылса, сыныптық шендер прокуратурада белгіленеді.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің санаттарын «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы ҚРЗ белгілейді [152].

Дипломатиялық дәреже елшілерге, Сыртқы Істер Министрлігінің,

консулдық қызметтердің қызметкерлеріне беріледі.

Қарастырып отырған жаза түрлерінің тағайындалу тәртібін қарастырмас бермес бұрын матапаттарды жалпы сипаттап кетсек.

Мұндағы, арнайы атақтарға мемлекет арнайы уәкілеттік берген органдар беретін атақтар кіреді. Құқық қорғау органдарын ішкі істер органдары, прокуратура, мемлекеттік өртке қарсы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі органдары құрайды.

2011 жылғы «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚРЗ 22-бабында көзделгендей арнаулы атақтар не сыныптық шендерге мыналар жатады:

1) қатардағы құрам – қатардағы қызметкер;
2) кіші басшы құрам – кіші сержант; сержант; аға сержант; старшина;
3) орта басшы құрам – кіші лейтенант; лейтенант, үшінші сыныпты заңгер;
4) аға лейтенант, екінші сыныпты заңгер; капитан, бірінші сыныпты заңгер;
5) аға басшы құрам – майор, кіші кеңесші; подполковник, кеңесші; полковник, аға кеңесші;
6) жоғары басшы құрам – генерал-майор, үшінші сыныпты мемлекеттік кеңесші; генерал-лейтенант, екінші сыныпты мемлекеттік кеңесші; генерал-полковник, бірінші сыныпты мемлекеттік кеңесші; жоғары сыныпты мемлекеттік кеңесші [153].

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы» ҚР Президентінің қаулысымен жыл сайын «Құрмет» ордені наградталады.

2012 жылғы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңының 19-бабына сай, әскери атақ әскери және корабльдік болып түрлерге бөлінеді.

Әскери: 1) қатардағы құрам – қатардағы жауынгер, ефрейтор; 2) сержанттық құрам – кіші сержанттар құрамы: кіші сержант, сержант, аға сержант; аға сержанттар құрамы – үшінші сыныпты сержант, екінші сыныпты сержант, бірінші сыныпты сержант; жоғары сержанттар құрамы, штаб-сержант, шебер-сержант; 3) офицерлер құрамы – кіші офицерлер құрамы: лейтенант, аға лейтенант, капитан; аға офицерлер құрамы – майор, подполковник, полковник; жоғары офицерлер құрамы – генерал-майор, генерал-лейтенант, генерал-полковник, армия генералы.

Корабльдік: матрос, аға матрос, 2-ші сатылы старшина, 1-ші сатылы старшина, бас старшина, 3-ші сыныпты старшина, 2-ші сыныпты старшина, 1-ші сыныпты старшина, штаб-старшина, шебер-старшина, лейтенант, аға лейтенант, капитан-лейтенант, 3-ші дәрежелі капитан, 2-ші дәрежелі капитан, 1-ші дәрежелі капитан, контр-адмирал, вице-адмирал, адмирал [154].

Құрметті атақтарға азаматтарды жоғары еңбегі, кәсіби шеберлігі және көпжылдық адал еңбегі үшін көтермелеу мақсатында берілетін атақтар, мысалы, «ҚР халық әртісі», «ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері» және т.б. жатады.

Мемлекеттік наградалар ҚР азаматтарын мемлекеттік ғылым, құрылыс, экономика, мәдениет, өнер және білім беру саласындағы, заңдылықты нығайтудағы, денсаулық пен өмірді қорғаудағы, азаматтардың құқықтары мен

бостандықтарын қорғаудағы, білім берудегі, спортты дамытудағы, Отанды қорғауға және мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан елеулі үлесі үшін, белсенді қайырымдылық қызметі, мемлекет алдындағы қызметі және басқа да еңбегі үшін көтермелеудің жоғары нысаны болып табылады. Мемлекеттік наградалардың тізбесі «Мемлекеттік наградалары туралы» ҚРЗ-ында қамтылған.

Ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері – ҚР мемлекеттік наградалары «Алтын Қыран» ордені, «Халық Қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтары, сондай-ақ ҚР-ның басқа да ордендері, медальдары, құрметті атақтары мен Құрмет грамотасы ҚР мемлекеттік наградалары болып табылады.

Қазақстан Республикасының ордендері: «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» – Елбасы Нурсултан Назарбаев), «Барыс», «Даңқ», «Айбын», «Парасат», «Достық», «Құрмет», «Еңбек Даңқы».

Қазақстан Республикасының медальдары: «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат».

Қазақстан Республикасындағы құрметті атақтар: «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы», Қазақстанның халық әртісі, «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы».

Көп балалы аналарға арналған марапаттар келесі моншақтар болып табылады: «Алтын алқа», «Күміс алқа» [155].

Аталған жазалар құқықтық сипаты жағынан қылмыстық жазаның басқа түрлерінен аса ерекшеленбейді. Бірақ келісідей белгілі бір ерекшеліктерге ие:

1) Бұл жаза ҚР ҚК Ерекше бөлігінің баптарының санкцияларымен қарастырылмаған;

2) Егер ресми негіздері болса, сот бұл жазаны тағайындауға міндетті емес, құқылы болады. ҚР ҚК 49-бабына сәйкес, қасақана қ.қ.б. жасағаны үшін соттаған кезде, сот кінәлінің жеке басын ескере отырып, оны арнайы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыруы мүмкін. Соттар істерді қарау және осы жазаны тағайындауға байланысты үкім шығару кезінде істің мән-жайларын, кінәлінің жеке басын сипаттайтын деректерді ескеруі керек. Егер ол қылмыс жасаған кезде, мысалы, кездейсоқ немесе төтенше жағдайлардың салдарынан, жүйке жүйесі-психикасының артық жүктемесінен және т.б. жағдайлардан сотталған адамды атағынан, шенінен немесе наградасынан айыру орынды ма деп сұрақ қою керек.

Қылмыстың сипаты және басқа да мән-жайлар кінәлі адамның өз міндеттерін орындауға және оның атағына (дәрежесіне) сәйкес лауазымдарды атқаруға қабілетсіз екенін көрсеткен жағдайларда сот сотталған адамның атағын сақтауға құқығы болмайды.

Қылмыскердің жеке басын бағалау кезінде төмендегі мән-жайларды ескеру қажет:

– оның әлеуметтік-демографиялық қасиеттері (жынысы, жасы, денсаулық жағдайы, отбасылық жағдайы, әлеуметтік және отбасылық жағдайы, тұрақты жұмыс орны және тұрғылықты жері және т.б.);

– оның қылмыстық-құқықтық қасиеттері (ол бұрын қылмыстық

жауапкершілікке тартылған ба; егер тартылған болса, алынбаған және өтелмеген соттылығы бар ма, бұрын жасалған қылмыстық әрекетінің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипаты және т.б.);

– оның қылмыстық-атқару мінездемесі (ол бұрын жазасын өтеген бе; егер өтесе, өтеу кезіндегі мінез-құлқы, көтермелеу мен жазалану шараларының болуы; оқуға, жұмысқа, тәрбие жұмысына көзқарасы және т.б.);

– әскери немесе құрметті атақты немесе сыныптық шенді пайдалануға байланысты міндеттерді орындауын, осы міндеттерді атқару ұзақтығын, жазалардың болуын немесе болмауын, күнделікті өмірдегі мінез-құлқын, әріптестеріне және басқа да азаматтарға деген көзқарасын, құрметті атақты немесе мемлекеттік наградаларды пайдакүнемдік немесе басқа мүдделерде пайдалануынан тұратын адамның арнаулы мәртебесі;

– кінәлінің арнайы, әскери немесе құрметті атағы, сыныптық шені және мемлекеттік наградалары бар адам екенін растайтын оның құқықтық мәртебесі (осыған байланысты ҚР ҚК 49-бабын қолдану туралы шешім қабылдаған кезде сотта жасалған қылмыстың сипаты туралы объективті ақпаратты және мұндай адам атақ, дәреже немесе марапаттың тән екенін);

– кінәлі өзінің қызметтік жағдайын немесе ерекше мәртебесін қылмыстық әрекетті жасау үшін пайдаланды ма [156, 64-65 бб.].

3) қасақана қ.қ.б. жасағаны үшін сотталған адамдарға ғана қосымша жаза ретінде тағайындалуы мүмкін.

Практикадан мысал келтіріп кетсек, Астана қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі соты азаматша Г., азамат М. және Р.-ға қатысты аппеляциялық шағымды қарап шығып, Байқоңыр ауданының №2 сотының үкімін күшінде қалдырған.

Өзінше билік ету, адам ұрлау фактісі (ҚР ҚК 389-бабы 4-бөлігі) бойынша азаматша Г. кінәсі дәлелденіп, ҚК 389-бабы 4-бөлігі бойынша 6 жылға бас бостандығынан айыру; 28-бабының 3-бөлігі, 125-бабы 2-бөлігі 1,8-тармағы бойынша 7 жылға бас бостандығынан айыру, ҚК 58-бабы 3-бабы негізінде қылмыстар жиынтығы бойынша, онша ауыр еместі неғұрлым қатал жазаға сіңіру жолымен, 7 жылға б.б.а. және Қазақстан Республикасының Президентіне азаматша Г.-ны «Құрмет» ордені мемлекеттік наградасынан айыру туралы ұсыныс енгізілген. Сонымен қатар жәбірленуші Т.-ның пайдасына «ГАЛАНЗ боттлерс» АҚ-ның 40 355 912,41 (43,25%) жай акцияларын заттай нысанда қайтару және беру жолымен 6 584 244 088 теңге мөлшерінде материалдық залал, 1 000 000 теңге мөлшерінде моральдық залал үшін, мемлекет кірісіне 65 844 166 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілген.

Ал азамат М.-ға қатысты – ҚК 389-бабы 3-бөлігі бойынша – 2 (екі) жылы шартты түрде бас бостандығынан айыру, ҚК 28-бабы 3-бөлігімен, 125-бабы 2-бөлігінің 1,8-тармақтары бойынша – 7 (жеті) жыл бас бостандығынан айыру, ҚК 58-бабы 3-бөлігінің негізінде қылмыстар жиынтығы бойынша 7 (жеті) жыл б.б.а. өтеуге түпкілікті белгілеген.

Азамат Р.-ға қатысты – ҚК 125-бабы 2-бөлігінің 1-тармағында көзделген қылмыстық қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылып, ҚК-тің 55-бабының 4-бөлігі бойынша – 5 (бес) жыл б.б.а. жазасы тағайындалған [157].

4) Қарастырылып отырған жаза негізінен адамды ұятқа қалдыратын және сотталған адамға моральдық және психологиялық тұрғыдан ықпал етеді;

5) Аталған жаза сотталған адамды мемлекеттік марапаттаулардан, яғни артықшылықтардан айырады;

6) Бұл жаза сотталған адамның болашақтағы кәсіби беделіне нұқсан келтіреді, кәсіби қызметіне шектеулер қояды, жазасын өтеп болған соң немесе соттылығынан айырылған соң да сотталған адамның жағдайына жағымсыз әсер қалдырады;

7) Жаза сотталушыға тікелей немесе жанама экономикалық әсер етеді, өйткені атақтардан, наградалардан және атақтардан айыру жеке тұлғалардың тиісті санаттары үшін белгіленген мүліктік сипаттағы әртүрлі жеңілдіктердің жоғалуына әкелуі мүмкін (тиісті жеңілдіктердің күшін жою, белгілі бір төлемдерді тоқтату), бұл сонымен қатар соттылықтың өзінен ұзағырақ болады;

8) Сот осы жазаны қолдану мүмкіндігі мен орындылығы туралы негізделген қорытындыға келуі тиіс, яғни үкімде кінәлінің белгілі бір атақтың, мемлекеттік награданың, сыныптық шеннің сақталуына лайық еместігін көрсетеді.

Бұл жазаның жазалаушы әсері сол, сотталушы мемлекет берген заңды жеңілдіктерден айырылады:

– біріншіден, бұл кінәліге моральдық әсер етумен байланысты;

– екіншіден, оны пайдалану, әдетте, кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктерін шектейді немесе жоққа шығарады, егер ол үшін белгілі бір арнайы немесе әскери атақтың болуы шарт болса;

– үшіншіден, айыптау үкімін шығарған жағдайда адамға арнайы, әскери атақ, сыныптық шен беру, мемлекеттік наградалармен марапаттау көбінесе заңнамада белгіленген жеңілдіктерден, соның ішінде мүліктік те кінәлі адамды айырады [156, 308 б.].

Қазіргі уақытта Қазақстан сотының КСРО-ның құрметті атағынан немесе мемлекеттік наградасынан айыруға құқықылы ма деген сауал туындайды. Осы тұста ресей ғалымы В.М. Лебедевтың пайымдауынша, РФ соты КСРО-ның құрметті атағынан немесе мемлекеттік наградасынан айыруға құқылы, өйткені КСРО-ның құқық қабылдаушысы болып табылады, бірақ Ресей соты оған бұрын КСРО-ға кірген республикалардың мемлекеттік органдары берген кінәлі құрметті атақтан немесе мемлекеттік наградадан айыруға құқылы емес [158]. Ал ҚР қатысты қарастырсақ, егер ҚазСРО-ның құқық қабылдаушысы ҚР-сы танылса, онда ҚазСРО-ның құрметті атағынан немесе мемлекеттік наградасынан ҚР соты айыра алады, ал КСРО-мен берілген шен, атақ, наградалардан айыруға құқылы болмайды деген тұжырым жасаған дұрыс болар еді.

Егер ҚР ҚК 49-бабы 1-тармағына келсек, онда сот арнаулы, әскери, құрметті немесе өзге де атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан сотталған адамның жеке басын ескере отырып айыра алатыны айтылады. Бірақ аталғандардың қай мемлекетпен берілгені нақтыланбаған, мысалы, ҚР-ның ба, не КСРО-ның ба. Тек «Мемлекеттік наградалары туралы» ҚРЗ 40-бабында және ҚР ҚК 49-бабы 2-тармағында ҚР-ның мемлекеттік наградалары екені айтылады [155]. Пайымдап қарасақ, ҚК-тің

Ерекше бөлігіндегі қылмыстық норманың санкциясында көрсетілмесе де ҚР ҚК-нің 49-бабымен қарастырылған қосымша жазаның қолданылуы мүмкін Қасақана қылмысты ҚР азаматымен бірге шетел азаматы да жасай береді. Бұл жазаны шетел азаматына қолдансақ, онда аталған қосымша жазаның мақсатына, мазмұнына сай келмейтін сияқты. Сонымен қатар, КСРО-мен берілген атағынан, сыныптық шенінен, біліктілік сыныбынан, дипломатиялық дәрежесінен айыру тәуелсіз Қазақстанда өзекті емес.

ҚР ҚК 49-бабы 1-тармағында – арнаулы, әскери, құрметті немесе өзге де атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбы ҚР-на қатысты айтылады.

ҚК-тің 49-бабының 2-тармағына келсек, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасымен және КСРО-мен, не шет мемлекетпен берілген мемлекеттік награда иегерлері кездесіп отырады.

ҚК-тің 49-бабының 2-тармағына сай, сот сотталушыны ҚР Президенті тағайындаған мемлекеттік наградалардан немесе дипломатиялық дәрежеден, құрметті, әскери, арнаулы атақтан, сыныптық шеннен, біліктілік сыныбынан айыру туралы КСРО-ның емес ҚР Президентіне ұсыныс енгізу туралы мәселені қарау қажет.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ол «Мемлекеттік наградалар туралы» Заңдағы тізімдерге ғана қатысты болып отыр. Бұл жөнінде Нормативтік қаулыда: Награданың мемлекеттік награда болып табылатынын анықтау үшін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы № 2676 ҚРЗ басшылыққа алу қажет деп келтірілген. Яғни КСРО-мен, басқа шет мемлекетпен берілген мемлекеттік наградалар ҚР сотымен айыруға жатпайды.

Сонымен қатар аталған заңның 33-1-бабында көзделгендей, егер наградталушының бұрынғы КСРО мен басқа да шет мемлекеттердің мемлекеттік наградалары болса, КСРО мен шет мемлекеттердің наградалары аталған Заңның 11 және 18-баптарында белгіленген кезектілікпен Қазақстан Республикасының наградаларынан кейін тағылады.

Сот қосымша жазаның түрін тағайындаған кезде бір немесе бірнеше наградаларынан, атақтардан, шендермен дипломатиялық дәрежеден немесе біліктік сыныбынан айыру жөнінде өтінішхат бере алады (мысалы, сотталған кезде адамның бір атағы, бір наградасы болган кезде тек біреуінен айыру туралы ұсыныс айтады) және үкімде қабылданған шешім дәлелденуі керек. Бұл ереже сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қолданмайды, оған сәйкес сот ҚР Президентіне барлық атағынан, дәрежесінен, сыныбынан, наградасынан, шенінен айыру туралы ұсынысты келтіруге міндеттенеді.

Сот арнайы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен және мемлекеттік наградалардан айыру түрінде қосымша жаза тағайындау кезінде ҚР ҚК 49-бабына сілтеме жасауы керек. Қылмыстар жиынтығы үшін жаза тағайындау арқылы сот бұл қосымша жазаны жеке қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде, содан кейін қылмыстар жиынтығы үшін жаза тағайындау кезінде қолданады.

ҚР ҚК 58-бабы 1-бөлігіндегі жалпы ережеге сәйкес, қ.қ.б. жиынтығы

жағдайында жасалған әрбірі үшін жаза жеке тағайындалады.

ҚК-тің 58-бабының 5-бөлігіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтарды біріктіру кезінде негізгі түрлерге қосымша жазалар қосылуы мүмкін. Жазаларды ішінара немесе толық қосу кезінде түпкілікті қосымша жаза жазаның осы түрі үшін көзделген ең жоғары мерзімнен немесе сомадан аспауға тиіс.

Заңнаманың жоғарыда аталған ережелеріненен түсінетініміз, егер ол жаза жиынтыққа енгізілген қ.қ.б.-тардың ешбірінде тағайындалмаса, қ.қ.б.-тардың жиынтығы үшін қосымша жаза тағайындалмайды. Сот кінәліні әскери атақтан және мемлекеттік наградалардан айыру ол сотталған қ.қ.б.-тардың ешқайсысы үшін бөлек тағайындалмағандықтан, сотталған адамға қ.қ.б.-тардың жиынтығы бойынша осы қосымша жазаны тағайындау туралы нұсқау сот үкімінде орын алмауы тиіс [16].

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру ҚР ҚК 50-бабымен қосымша жаза деп қарастырылады. Шын мәнісінде бұл жаза келесі жеке жаза түрлерін қамтиды:

1) белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан;
2) белгілі бір кәсіптік қызметпен айналысу құқығынан;
3) басқа қызметпен айналысу құқығынан айыру [20].

Қолданыстағы қылмыстық заңнама сәйкес белгілі лауазымды атқару ұғымы мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында жұмыс жасайтын тұлғаларға қатысты қолданылады.

Орыс-қазақ сөздігінде «должность» – қазақша «лауазым», «қызмет», «мансап» деп, ал «деятельность» – «әрекет», «қызмет», «іс» деп аударылады [159]. Алғашқыда, «лауазым», «қызмет» сөздері қолданыста мағыналас болғанымен екі түрлі ұғым.

Қазақстан энциклопедиясындағы деректерге сәйкес, лауазым – мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қарулы Күштер жүйесінде ерекше құзыреттілікпен тұрақты немесе уақытша билік өкілі қызметін не (мекемелер, кәсіпорындарда) әкімшілік-шаруашылық, ұйымдастырушылық-басқару қызметін атқару жүктелетін өкілеттілік болып табылады [160].

Лауазымды атқару ұғымы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңындағы «лауазымды адам», «лауазымды қызмет» ұғымдарымен де байланысты:

1) лауазымды адам деп билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттілік бойынша орындайтын не мемлекеттік органдарда әкімшілік-шаруашылық немесе ұйымдық-өкімдік функцияларды орындайтын адам танылса;

2) лауазымдық өкілеттіктер ретінде нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген, мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған міндеттер мен мақсаттарға сәйкес құқықтары мен міндеттері түсініледі [152].

Мұнан түсінетініміз, лауазым – мемлекеттік және мемлекеттік емес бола алады екен. Егер жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік органдар жүйесіне кірмейтінін ескерсек, «мемлекеттік лауазымды атқару» ұғымы тек мемлекеттік қызметте лауазымдарды атқаруға тыйым салудан тұрады. Ал ҚР

мемлекеттік қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚРЗ реттеледі. ҚР ҚК 50-бабы 2-бөлігінде белгілі лауазымды атқару құқығынан айыру қаржы ұйымының, сақтандыру холдингінің және (немесе) банктің басшы қызметкері, ірі қатысушысы (ірі акционер), сондай-ақ қаржы ұйымының басқару немесе атқару органдарының функцияларын органының функцияларын уақытша немесе арнайы орындайтын адамдарға қатысты айтылады. Егер ҚК-тің 50-бабының 2-бөлігіне, 238-баптың 2-б., 239-баптың 2-б., 250-баптың 2-бөліктерінің мазмұнына үңілсек, онда қылмыс субъектісі жоғарыда айтқанымыздай мемлекеттік қызметші болмайтыны анық. Мұнда банк, қаржы ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі мемлекеттік орган емесі анық. Әсіресе, «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңының 3-бабы 26-1-бөлігінде «сақтандыру холдингі» ұғымына берілген түсініктен оның мемлекеттік (Ұлттық) те, мемлекеттік емес (Ұлттық емес) те ұйым болатынына көзжеткіземіз [161].

Белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру түріндегі жазаны тағайындау кезінде бұл жаза қандай да бір нақты лауазымды атқаруға тыйым салуды, мысалы, жергілікті өзін-өзі басқару органының басшысын білдіретіндігін ескерілуі, үкімде тыйым салынатын лауазымдардың белгілі бір санаты көрсетілуі керек (мысалы, билік өкілінің функцияларын немесе әкімшілік-шаруашылық немесе ұйымдық өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты лауазымдары).

Сот практикасынан мысал алсақ. Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы азаматша А.-ға қатысты Түркістан қалалық сотының 2022 жылғы 18 қарашадағы үкіміне аппеляциялық тәртіппен келтірілген шағымды қарап шығады. Түркістан қалалық соты ҚР ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігінде, ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігі арқылы 190-бабы 3-бөлігінің 4) тармағында және ҚК-нің 28-бабының 4-бөлігі арқылы 367-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін кінәлі деп танып, әрбір іс бойынша жеке-жеке жаза түрлерін белгілейді.

ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігінің негізінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығымен онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы түпкілікті, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу, яғни мемлекеттік қызметте лауазымдарды, судья лауазымын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, 13 500 000 теңге айыппұл салу жазасы тағайындайды.

Сот алқасы үкімде көрсетілгендерді зерделеп, сот үкімін өзгертуге немесе бұзуға негіз жоқ деп табады [162].

Белгілі бір кәсіптік қызметпен айналысу құқығынан айыру (яғни, тиісті құжатпен расталған кәсіптік даярлық толық көлемде талап етілетін қызмет: куәлік, диплом, аттестат, анықтама және т.б.) сотталғанның жеке практикамен айналысуына тыйым салуды қоса алғанда, заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық

нысанына қарамастан, белгілі бір мамандық бойынша кез келген салада жұмыс істеуге тыйым салуын білдіреді (детективтік, күзет, медициналық, заң қызметтері және т.б.).

Сот үкімінде сотталған адамға қандай қызмет түріне тыйым салынғанын көрсетуі керек.

Ғылымда «басқа қызмет» ұғымына қатысты бірыңғай түсінік жоқ. Мысалы, басқа қызмет түрлері деп негізгі немесе қосымша табыс әкелетін кез-келген басқа (кәсіби қызметтен басқа) салыстырмалы түрде тұрақты қызметті (аң аулау, балық аулау, дәрілік өсімдіктерді жинау, жеке көлік және т.б.) түсінеміз [163, 158 б.].

Өзге авторлардың пайымдауынша, бұл тыйым әдіснамалық тұрғыдан шектеуді білдіреді: субъект лицензия, рұқсат, сертификат негізінде ерекше түрде жүзеге асыратын қызметпен айналысуға тыйым салу мүмкін ретінде. Адамның «табиғи» құқықтары Қылмыстық Кодексте тікелей көзделген жағдайда ғана шектелуі мүмкін [164, 8 б.].

Басқа қызмет деп жергілікті өзін-өзі басқару органдарның қызметтерді және мемлекеттік қызметті қоспағанда, заңмен регламенттелген кез келген қызметті (кәсіптік қызметтен басқа) түсінген дұрыс сияқты. Мысалы, сурет салу, әуесқойлық фотосурет түсіру, ән айту, коллекция жинау және т.б. сол сияқты нормативтік талаптары жоқ басқа қызмет түрлерімен айналысуға тыйым салу бақылап отыру мүмкін болмағандықтан да оларға тыйым салынбайды да.

Жағдайға қарай қызметтің бір түрі, кәсіби немесе басқа болуы мүмкін екенін де ұмытпаған жөн, мысалы, әуесқойлықпен балық аулау және кәсіпқой балық аулаушылық секілді.

Сот белгілі бір қызметпен айналысу немесе белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыруды <u>төменде көзделген ретте тағайындауы мүмкін</u>:

1) Бұл ҚК Ерекше бөлігінің санкциясында көрсетілген кезде;

2) жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындау кезінде тиісті бапта көзделгеннен гөрі қолданылған жағдайда (ҚК 55-бабы);

3) жазаның неғұрлым жеңіл түрімен жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру кезінде (ҚК 73-бабы қолданылғанда);

4) жасалған іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатын және кінәлінің жеке басын ескере отырып, белгілі бір қызметпен айналысу немесе белгілі бір лауазымдарды атқару құқығы сақталмауы мүмкін емес деп танылса, бұл ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабында қ.қ.б. үшін қосымша жаза ретінде көзделмесе де тағайындалуы мүмкін болады [20].

Белгілі бір қызметпен айналысу немесе бір лауазымды атқару белгілі құқығынан <u>айырудың мерзімі</u> – 1 (бір) жылдан 10 (он) жылға дейін.

Сот практикасынан мысал келтірсек. Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық соты сотталушы К.-ны ҚК-тің 337-бабы 4-бөлігі 2-4-тармақтарымен кінәлі деп таныған.

Іс бойынша азамат К. «ИЖ-Юпитер» маркалы мотокөлікті және өзімен бірге болған асханалық пышақты қолданып қимылсыз жатқан екі дана киікті тамақтану үшін сойып алған. Сотталушының өзімен бірге тіркелмеген немесе тіркелген мылтығы болмаған, аталған киіктерді қумаған және атпаған,

қылмысты жалғыз өзі жасаған және ешкім көрмеген. Бұл құрып кету қаупі бар және сирек кездесетін және пайдалануға тыйым салынған жануарлар болып саналған. Сотталушының іс-әрекеті қасақана заңсыз аңшылық деп сараланған. Нәтижесінде кінәлі тұлға жәбірленуші ретінде танылған Ұлытау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының РММ-не (мемлекетке ірі залал) жалпы құны 9 648 450 тенге залал келтірген. Сотталушы өз іс-әрекетіне шын өкінетінін айтып, шығынды өтеп берген.

Сот үкімімен азамат К. осы бап бойынша аңшылықпен айналысу құқығынан 6 (алты) жылға дейінгі мерзімге айырылып, 3 (үш) жылға б.б.ш. түріндегі жазаға кесілген [165].

Заң шығарушы ҚР ҚК 50-бабында ерекше жағдайларды да атап көрсетеді. Мысалы, қаржы ұйымдары саласындағы қызмет және экономикалық қызметтің мүдделеріне қарсы қылмыс жасағаны үшін мына аталған субъектілер:

– ҚК 238-, 239-, 250-баптарының екінші бөліктерінде көзделген банктің, қаржы ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері, ірі қатысушысы (ірі акционер) – жеке тұлға;

– Аталған нормаларда көзделген қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) – заңды тұлғаның басқару органының басшысы және (немесе) мүшесі, атқарушы органның органның басшысы және (немесе) мүшесі, бас бухгалтері;

– ҚК 239-бабы 2-бөлігінде көзделген қаржы ұйымының басқару не атқару органдарының функцияларын органының функцияларын уақытша немесе арнайы орындайтын адамдар.

Белгілі бір лауазымды атқаруға 5 (бес) жылдан банктың, қаржы ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқаруға және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болуға өмір бойына тыйым салу белгілегенге дейінгі мерзімге тағайындалады.

Соңғы уақытта қоғамда кәмелетке толмағандарға қатысты зорлықтың жиі орын алуы мемлекет тарапынан алаңдатушылық тудырып отыр. Оның себебін өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі отбасын рөлінің төмендеуімен түсіндіре аламыз. Ересектердің материалдық проблемалары отбасындағы психологиялық жағдайына тікелей әсер етеді. Бұл ата-аналардың балаларын тәрбиелеуден алшақтауына және отбасылардағы проблемаларға әкеледі. Қабылданып отырған шараларға қарамастан, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуге қатысты өз міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын ата-аналардың (қамқоршылардың, қамқоршылық кеңестердің) саны тұрақты сипатқа ие болып қалуда [166]. Бала тәрбиесі жүктелінген жауапты тұлғаларғдың өздеріне жүктелген міндеттерді орындамағаны үшін қылмыстық заңнамада жауаптылық көзделген. Осы тұста заң шығарушы келесі қылмыстар үшін белгілі бір қызметпен айналысу немесе лауазымдарды атқару құқығынан айыру жазасын міндетті түрде тағайындауды көздеп отыр:

– кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы;

– ҚК 132-бабы 2,3,4,5-бөліктерінде және 133-баптың 2,3-бөліктерінде көзделген қылмыстар. Сонымен қатар, заңнамада педагогикалық қызметпен

айналысуға және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты өмір бойына тиым салу қарастырылған.

ҚР ҚК 50-бабы мен «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 22-1-бөлігінде сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін зерттеліп отырған жазаның міндетті түрде тағайындалатыны және келесі қызметтерде:

– мемлекеттік қызметте,
– сот қызметінде;
– жергілікті өзін-өзі басқару органдарында;
– ҚР Ұлттық банкінде және оның ведомстволарында;
– қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда;
– мемлекеттік ұйымдарда;
– квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымды атқарудан өмір бойына тыйым салынатындығы айтылады.

Егер ҚР ҚК 50-бабы 2-бөлігінде өмір бойына тағайындалуы міндетті болып саналатын қылмыстардың тізімінде кездеспей, бірақ ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті баптарының санкцияларын бұл жаза көрсетіле тұра өмір бойына тағайындалмайды.

Өмір бойына тиым салудың келесі түрі – көлікті басқару құқығына өмір бойына айыру болып табылады. Мұнда белгілі қызметпен айналысу құқығынан айыру – ҚК-тің 345-1-бабының 4-б., 346-бабындағы көліктік қылмыстар үшін тағайындалады.

Жазаның осы түрін түзеу жұмыстарына, бас бостандығын шектеуге қосымша ретінде тағайындағада, шартты түрде сотталған кезде оның мерзімі үкім заңды күшіне енген кезден бастап есептеледі.

Қамауға алуға, бас бостандығынан айыруға қосымша ретінде белгілі белгілі бір қызметпен айналысу немесе бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру тағайындалған кезден бастап есептеліп, осы негізгі жазаларды өтеудің барлық уақытына қолданылады. Ал белгілі бір қызметпен айналысу немесе белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру төмендегідей жағдайларда үкім заңдық күшіне енген кезден бастап есептелінуге жатады:

– қамауға алуды, бас бостандығынан айыруды қоспағанда, негізгі жазалардың басқалармен бірге тағайындалғанда,
– жазаны өтеуді кейінге қалдырғанда;
– шартты түрде сотталған кезде.

ҚК 50-бабы ережелерінің негізінде бір қылмыс үшін белгілі бір қызметпен айналысу немесе белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан бір мезгілде айыруға жол берілмейді [114].

Практикадан мысал. Астана қаласы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы Нұр-сұлтан қаласы Сарыарқа ауданының 2022 жылғы 26 тамыздағы № 2 сотының үкіміне келтірілген апелляциялық шағыммен танысып Астана қаласы мамандандырылған қауіпсіздік қызметі департаментінің аға инспекторы полиция капитаны Е. Астана қаласы әкімшілігінің ғимаратына тиісті рұқсатсыз

кіруге және турникеттен өтуге тырысқан азаматша О.-ның заңсыз әрекеттерінің жолын кеседі. Азаматша О. полиция капитанының қызметте, формада екенін көре тұра билік өкілін оның орындауына байланысты қорлағаны үшін кінәлі деп танылады.

Нұр-сұлтан қаласы Сарыарқа ауданының 2022 жылғы 26 тамыздағы №2 сотының үкімімен сотталушының жеке басы, қылмыстың сипаты ескеріле отырып, ҚК-тің 293-бабының 2-бөлігі 1-тармағымен, 380-бабының 3-бөлігімен қ.қ.б.-тар жиынтығы бойынша онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру жолымен А.Б. Ошақбаеваға қоғамдық-саяси қызметпен айналысу құқығынан: бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және басқа да телекоммуникацияларда мақалаларды, репортаждарды, түрлі бейнематериалдарды жариялау құқығынан 3 жыл мерзімге айыра отырып, 2 жыл және 6 ай мерзімге б.б.ш. жазасы тағайындалған. Астана қаласы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы аппеляциялық шағымды өзгеріссіз қалдырған [167].

Айта кету керек, бұл түрін оны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда неғұрлым қатал түрге ауыстыру мүмкіндігі ҚР ҚК-нің 50-бабында жазаның қарастырылмаған. Бұл жағдай осы жазаның жазалау әсерін едәуір төмендетеді және тиісті заңнамалық түзетулерді қажет етеді.

Сонымен қатар, жазаның осы түрін өтеуден жалтару үшін қасақана ниет орнату мәселесі де тиісті шешімді таппады.

Заңнаманы талдау қылмыстық-атқару инспекциясында жазаның осы түрінің орындалуын бақылаудың тиімді тетіктері жоқ деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, соттан медициналық қызметпен айналысу құқығынан айырылған адам жеке клиникаға түскен кезде жұмыс берушіден сот үкімінің болғанын жасыра алады. Ресей ғылыми еңбегінде Ю.В. Морозова: адамның үкіммен тыйым салынған лауазыммен орналасу фактісін қылмыстық-атқару инспекциясы әрдайым анықтай алмайды. Жауапкершіліктің бұлтартпастығы тағайындалған жазаның тиімділігінің кепілі болып табылады. Жазаның осы түрінің орындалуын бақылаудың және сотталғандардың оны орындамағаны үшін жауапкершіліктің тиімді тетіктерін заңнамалық тұрғыдан белгілеу қажет сияқты, деген ой тастайды [16].

Кәмелетке толмағандарға бұл жазаның тағайындалмайтыны түсінікті жай.

Егер белгілі бір қызметпен айналысу немесе белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айырудың қылмыстық жаза жүйесіндегі қосымша жаза ретіндегі алар орны дұрыс па еді, деген сауалға оң жауап берер едік. Кейбір ТМД елдерінде бұл жаза әрі негізгі, әрі қосымша жаза ретінде қолданылады (мысалы, РФ ҚК 47-бап). Ал статистикалық деректеріне сүйеніп, аталған жазаның тым аз қолданылуы себептерін Б.Н. Воскресов төмендегідей түсіндіреді: біріншіден, судьялар бұл жазаны өте жұмсақ деп санайды; екіншіден, бұл жаза басқа қылмыстық-құқықтық шаралармен бәсекелес, атап айтсақ шартты түрде соттауға жақын.

Әрине сотталушы үшін бұл жаза белгілі дәрежеде қиын, себебі тұлға күнделікті кәсібінен, қаржы көзінен айырылады, ал енді лауазымдық қызметіне қатысты айтсақ, мәртебесіне, беделіне ықпал етеді. Сонымен қатар, соңғы жағдайда, әрине, сотталған адам аталған құқықтарды қайта қайтарып алу

мүмкіндігінің болмайтынын толық түсінеді де. Бұл жаза белгілі дәрежеде кейбір сотталған адамды тәубасына келтіре алса, енді біреулерінің түзелуіне ықпал ете де алмайды. Сондықтан да аталған жазаның тек қосымша жаза ретінде қылмыстық жаза жүйесіндегі орны сақталғанын қолдаймыз.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру (ҚР ҚК 50-1-бабы). Мемлекет пен оның азаматтары арасындағы орнықты саяси-құқықтық байланысты, олардың мүдделері арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік құрылыстың негізі болып азаматтық институты табылады [168, 192 б.].

2014 жылғы ҚР ҚК-не азаматтықтан айыруды енгізуді талқылау кезеңінде осы жазаны жүзеге асыру тетігінің қалыптастырылмауы өзекті мәселелердің бірі болды.

Біріншіден, егер азаматтықтан айыру террористік әрекетке қатысқан адамдарды және елден тыс жерлерде жүрген адамдарды елге оралтпаудың шарасы болса, онда олар сырттай тәртіппен қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Қолданыстағы ҚПК-де көзделгендей (ҚР ҚПК 335-бабы), сотталушының болмауына байланысты, егер сотталушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса және сотқа келуден жалтарса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жол беріледі.

Көп жағдайда бұл жаза ең соңғы амал және де ол адам құқықтары мен бостандықтарын сотпен қорғау және сот төрелігіне қолжеткізу құқығының шектеу болып табылады.

Екіншіден, егер елдің құқық қорғау органдарында Қазақстан азаматының шетелде террористік әрекетке қатысуы туралы сот қабылдаған дұрыс деректер болса және осы азаматқа қатысты айыптау үкімі шығарылса, онда қылмыстық жауаптылық пен жазаның бұлтартпаушылық қағидатын іске асыру мақсатында сот тағайындаған жазаның толық өтелуін қамтамасыз ету қажет. Себебі, азаматтықтан айыру көбінесе б.б.а. түріндегі негізгі жазамен бірге ғана тағайындалады.

Үшіншіден, азаматтықтан айыру түріндегі жазаны орындау тетігінде адам Қазақстан Республикасынан кейін шығарылуы тиіс пе? [169, 67 б.]

Адам мен мемлекет арасындағы байланысты тек дәлелді негіздер болған ретте бұзуға болады. «ҚР азаматтығы туралы» ҚР Заңы 19-бабында азаматтықтың тоқтатудың үш негізі көрсетіледі: 1) ҚР-ның азаматтығынан шығу; 2) ҚР азаматтығын жоғалту; 3) ҚР-ның азаматтығынан айырылу.

Бірінші жағдайда қазақстандық азаматтар өз еріктерімен заңда белгіленген тәртіппен өтініш білдіріп, азаматтықтан шығады.

Екінші жағдайда, ҚР мемлекетаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, адамның басқа мемлекеттің әскери қызметіне, қауіпсіздік қызметіне, полициясына, сот органдарына немесе өзге де мемлекеттік билік және басқару органдарына түсуі нәтижесінде; ҚР мемлекетаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша; егер ҚР азаматтығы көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар ұсыну нәтижесінде алынған болса; егер адамның ҚР азаматтығын алуына негіз болған ҚР азаматымен некені сот жарамсыз деп таныған; егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алса; ҚР азаматы болып

табылатын, шетелдіктерге асырап алуға берілген баланың кәмелетке толғаннан кейін ерікті түрде ерік білдіруі бойынша; адамның шет мемлекеттің аумағында шетелдік қарулы қақтығыстарға, экстремистік және (немесе) террористік әрекеттерге қатысуы нәтижесінде ҚР азаматтығы жоғалту жүзеге асырылады.

Үшінші жағдайда бұл шешім мемлекеттің өз бастамасымен болады. Тек «ҚР азаматтығы туралы» ҚР Заңы 20-1-бабының қазақ тіліндегі мазмұны орыс тілімен сәйкес келмейтінін аңғару қиын емес. Нақтырақ айтсақ, қазақша аудармасы сәтті құрастырылмаған. Мысалы қазақ тілінде: Террористік қылмыстарды, сондай-ақ салдарынан Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтірген, ҚР ҚК Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін соттың шешімімен ғана Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруға жол беріледі [170].

Қарастырылып жатқан Заңның 20-1-бабы келесідей мәтінде болғаны жөн болар: соттың шешімімен ғана террористік қылмыстарды, сондай-ақ ҚР өмірлік маңызды мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіретін ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін азаматтығынан айыруға жол беріледі.

Қазақстан Республикасында азаматтығынан айыруды қолдану механизмінің құқықтық негізі 2017 жылдың наурыз айындағы конституциялық реформа негізінде қалыптасты. Сәйкесінше, ҚР Конституциясы 10-бабында азаматтықтан айыруға террористік қылмыстарды жасағаны, ҚР өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімімен ғана жол беріледі деп бекітілген [171]. Яғни, қылмыстық жаза ретінде тек соттың шешімі негізінде ғана ҚР азаматы азаматтығынан айырылуға жатады. Мұндағы, кез келген елдің өмірлік маңызы бар мүдделеріне зиян келтіру санатына мемлекеттің аумақтық тұтастығына, конституциялық құрылыстың беріктігіне, әлеуметтік, саяси, экономикалық тұрақтылыққа, қорғаныс қабілеттігіне, қауіпсіздікке және басқа да құндылықтарға қастандық жасау секілді іс-қимылдар жатады [172].

Қазіргі уақытта еліміздің қылмыстық заңнамасы азаматтығынан айыру түріндегі жазаны терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың бірі ретінде қарайды. Бүкіл әлемде халықаралық террористік топтарға, сондай-ақ нақты мемлекеттің аумағындағы терроризмге қатысы бар адамдарға қатысты бірқатар елдерде жауапкершілікті күшейтуге байланысты мемлекеттік шаралар қолдануда.

Азаматтықтан айыру түріндегі жазаны орындау механизмі «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының НҚ-да орын алмады. Дегенмен де бұл мәселе «ҚР азаматтығы туралы» ҚРЗ-мен ішінара реттелінді.

Қазақстан Республикасынан тыс жерде жүрген адамды азаматтығынан айыру проблемасына келетін болсақ, жоғарыда айтылып кеткендей, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚРЗ 21-бабы 8) тармағының нормасына сәйкес, ҚР-ның азаматтығын адам «шет мемлекеттің аумағындағы шетелдік қарулы қақтығыстарға, экстремистік және (немесе) террористік қақтығыстарға қатысуына байланысты жоғалтады». Мұнда бұл адамдар ҚР-ның азаматтығын автоматты түрде жоғалтады және ҚР-ның аумағына заңды түрде орала алмайды.

Ішкі істер органдары уәкілетті мемлекеттік органнан адамның шет мемлекеттің аумағында шетелдік қарулы қақтығыстарға, террористік және (немесе) экстремистік әрекеттерге қатысқаны туралы ақпаратты алып азаматтығынан айырылғанын тіркегеннен бастап азаматтық тоқтатылады. ҚР-ның азаматтығынан айырылған адамды осындай негіздер бойынша азаматтығына қайтаруға болмайтынын атап өткен жөн («Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚРЗ 17-бабы). Сол себептен де Ж.У. Тлембаева, Ф.Р. Ахмеджанов мұндай адамға азаматтығынан айыру түріндегі жазаны қолданудың қажеті жоқ деген тұжырымға келеді [169, 68-69 бб.]. Бүгінде жаппай қырып-жою қаруын өндіру, иелену немесе сату; тыйым салынған соғыс құралдары мен әдістерін пайдалану; соғыс дәстүрлері мен заңдарын бұзу; қарулы қақтығыстар кезінде халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын қылмыстық бұзу; қарулы қақтығыс кезінде әрекетсіздік немесе қылмыстық бұйрық беру; геноцид; экоцид; шетелдік қарулы қақтығыстарға қатысу; ұлттық, әлеуметтік, нәсілдік, рулық, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру; экстремистік топ құру, оған басшылық жасау немесе оған қатысу сияқты әрекеттер үшін азаматтықтан айыру ұсынылады [172].

Азаматтықтан айыру тек кейбір қылмыс құрамдары үшін шамадан тыс жаза болып көрінеді және де ол ҚР ҚК-нің келесі нормаларды қарастырылады: 4-тарау. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар (160-бап 2-тарм., 163-бап, 164-баптың 2- тарм., 168-бап, 169-бап, 170-баптың 2,4-тарм., 173-баптың 2,3-тарм.; 5-тарау. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (175-бап, 177-бап, 178-бап, 179-баптың 3- тарм., 181-бап, 182-баптың 3-тарм., 184-бап; 10-тарау. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (255-баптың 3,4 тарм., 257-баптың 1,3 тарм., 261-баптың 3- тарм., 269-баптың 3-тарм., 270-баптың 3-тарм.; 18-тарау. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар (455-бап).

Азаматтықтан айыру террористік қылмыстардың барлығы үшін белгіленбейді, тек 170-баптың 2,4-тарм., 173-баптың 2,3-тарм., 177-баптың, 178-баптың, 184-бап; 255-баптың 3,4 тарм., 257-баптың 1,3 тарм., 261-баптың 3-тарм., 269-баптың 3-тарм., 270-баптың 3-тарм.). Ал ҚК-дегі экстремистік қылмыстардың арасынан тек 179-баптың 3-тарм., 181-баптың, 182-баптың 3-тарм., 184-баптардың санкцияларында бұл жаза көзделген.

Тек ҚК 269-бабы 3-тарм., 270-бабы 3-тарм. қылмыстар үшін (қасақана) ғана 8 (сегіз) жылдан жоғары б.б.а. жазасын, ал қалған қылмыстар үшін 10-12 жылдардан жоғары б.б.а. жазасын өтеп болғаннан соң азаматтықтан айыру жазасы орындалуға жатады.

ҚР ҚК 163-бабы 2-бөлігі, 164-бабы 2-бөлігі және 168-баптарымен қарастырылған қылмыстар үшін азаматтықтан айырумен қатар өмір бойына б.б.а. түріндегі жаза қарастырылған. Кейбір авторлар: 15-тен төмен жылдарға бас бостандығынан айыру, өмір бойына б.б.а. жазасы көзделген аса ауыр қылмыстар үшін де бұл қосымша жазаны қалдырған дұрыс, себебі ондай адамдардың түзелу, қайта тәрбиеленуге мүмкіндіктері аз болады. Ал түзелетін, қайта тәрбиеленетін басқа жағдайдарда бұл мүмкіндіктерден айырылмау керек, деген пікірде [168,

195 б.].

Ал енді басқа елдерде азаматтығынан айыру жазасы қолданылады ма? деген сауалға жауап беретін болсақ, иә, көптеген елдерде қолданылады. Мәселен, Испанияда – испан билігінің рұқсатынсыз басқа мемлекеттің әскери қызметіне араласқаны үшін азаматтығынан айыру көзделген. Францияда, егер адам соңғы 10 жылда Француз төлқұжатын алып, терроризмге қарағанда онша ауыр емес (заң тұрғысынан) қылмысты жасағаны үшін де француз азаматтығынан айырылуы мүмкін. Мысалы АҚШ-да әскери қызметтен жалтарғаны үшін азаматтығынан айырылады. Сондай-ақ шетел армиясында қызмет ету, опасыздық жасау, басқа мемлекетке адал болуға ант беру, натурализация процесінде өтірік айту – АҚШ азаматтығынан айыру үшін жеткілікті негіздерге жатады. Соңғы жағдай, яғни өтірік айтқаны немесе жалған құжат жасағаны үшін Ресейде азаматтығынан айырылады [173].

Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу.

Соңғы жылдары заңсыз көші-қон мәселелерін қарастыру барысында «депортация» сөзін жиі қолданылады. Тағы бір танымал термин – «шығарып жіберу». Шын мәнінде, екі процедура да бірдей: адам – оның қалауын ескермей және келісімін сұрамай – елден шығарылады.

Өз кезегінде, шығарып жіберу шет мемлекеттің азаматын (сондай-ақ азаматтығы жоқ адамды) мемлекет шекарасы арқылы оны тастап кету үшін мәжбүрлеп ауыстыруды (бақылауға алуды) көздейді.

Шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ адам шекараға жеткізуін және оның шығып кетуін бақыламас бұрын арнайы мекемеге орналастырылады. Кейбір жағдайларда мұндай азаматқа немесе азаматтығы жоқ адамға елден өз бетінше кетуге рұқсат етіледі (бірақ мерзімнің сақталуы бақыланады).

Ғалым М. Башимовтың айтуынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында «депортация» ұғымы жоқ. Негізгі термин – көші-қон заңнамасын бұзуға байланысты әкімшілік істі қарау кезінде сот қабылдайтын «шығарып жіберу» [174]. Ал ресейлік еңбектерде болса, бұл ұғымдар бірдей емес деген пікірді кездестіруге болады: шығарып жіберу – бұл әкімшілік, қылмыстық жаза түрі, ал депортация – әкімшілік бұлтартпау шарасы. Нақтырақ айтсақ, депортация – бұл азаматтың өз аумағында одан әрі болуына тыйым салатын негіздер болған жағдайда РФ аумағында тұратын басқа мемлекеттің азаматын елден шығару болып табылады. Шығарып жіберу теріс құқықтық салдарға, сондай-ақ құқық бұзушы үшін шектеулерге әкеледі [175].

Шығарып жіберу жазасы кімге қолданылады десек, ол шетел азаматына және азаматтығы жоқ адамға қолданылады. Аталған ұғымдарға «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» ҚРЗ түсінік беріледі: Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттік азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі бар адамдар Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер болып танылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі жоқ адамдар азаматтығы жоқ адамдар болып танылады [176].

Азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдіктерді шығару үш кодекс шеңберінде қолданылуы мүмкін:

– негізгі немесе қосымша әкімшілік жаза (әкімшілік кодекс) ретінде әкімшілік шығарып жіберу;

– азаматтық сот ісін жүргізуде шығарып жіберу (АПК);

– қылмыстық жаза ретінде (негізгі және қосымша) шетелдікті не азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу.

Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу істерін қараудың сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының НҚ-да шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР-ның шегінен шығарып жіберу туралы істерді қарағандағы әкімшілік жолмен кетіру және АПК-де көзделген ерекше іс жүргізу тәртібімен жүзеге асырылатын шығарып жіберу мәселесі ғана айтылады. Азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шығарып жіберу және әкімшілік шығарып жіберу әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны немесе ұстау туралы заңнаманы бұзғаны үшін сот шешімінің (қаулысының) негізінде жүзеге асырылатын шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды ҚР шегінен мәжбүрлеп шығарып жіберуді не уәкілетті органдардың бақылауымен олардың өз бетінше өтуін білдіреді [177]. Бұл НҚ-да қылмыстық жаза ретіндегі шығарып жіберу ережесі арнайы қарастырылмаған.

Шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ адамды көші-қон заңнамасын бұзғаны, көші-қон заңнамасымен байланысты емес құқық бұзушылықтар жасағаны үшін немесе жазасын өтегеннен кейін қ.қ.б. жасағаны үшін республика аумағынан шығарып жіберуге болады. Бұл қосымша жаза түрінде, сонымен қатар қылмыстық теріс қылықтар үшін негізгі, қосымша жаза ретінде белгіленеді. Шығарып жіберу туралы шешімді сот қабылдайды. Жазаның мерзімі – бес жыл.

Практикадан мысал келтірсек. Азаматша В. ҚР ҚК 392-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыстық қылмыс жасауда.

2023 жылғы 01 сәуірде сағат 16:30 шамасында Ресей Федерациясының азаматтары К., Н., және В. «Строй эксперт» ЖШҚ-ға (жауапкершілігі шектелген қоғам) тиесілі «Инфинити» грнз М 010 ММ64 автокөлігімен, оның директоры болып табылатын азаматша В. (атқарушылық құжатқа сәйкес оған қатысты Ресей Федерациясынан кіруге тыйым салынған) БҚО, Казталов ауданының Алға шекара бөлімінің аумағында орналасқан №453 шекара белгіні айналып, шекаралық және басқа да бақылау түрлерінен өтпей, ҚР-ның Мемлекеттік шекарасын қасақана заңсыз кесіп өтеді.

Аталған факті бойынша дәлелді деректер зерттеліп, сот К., Н., және В.-ға жеке-жеке ҚК 392-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылып, ҚР-нан бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, 200 АЕК, яғни 690 000 (алты жүз тоқсан мың) теңге мөлшерінде айыппұл тағайындалған.

Азаматтығынан айыру институты 2017 жылы енгеннен соң мәжілісте депутаттар Қазақстан азаматтығынан айырылған адамдар елден шығарылуы тиіс деген пікір білдірген. Олардың пайымдауынша, террористік қылмыс жасағаны үшін азаматтығынан айырылғандар алаңдаушылық тудырады. Оның үстіне, 1991 жылғы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚРЗ 20-1-бабына

сәйкес, террористік қылмыстар, сондай-ақ ҚР өмірлік маңызды мүдделеріне басқа да ауыр зиян келтіретін ҚК Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін сот үкімімен азаматтығынан айырылған адамдарды шығарып жіберу жағдайлары Қазақстан Республикасының заңнамасында реттелінбеген [178].

Алайда, аталған мәселеге қатысты кері пікірді де кездестіруге болады. Мысалы, дәл осы мәселе 2019 жылы Фридрих Эберт атындағы қор және Sigrid Rausing Trust-тің қолдауымен «Қадір-қасиет» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған жиында талқылаған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 10-бабының 2-тармағындағы өзгеріс (10.03.2017 жылғы түзетулер) азаматтығы жоқты қысқарту туралы Конвенцияның 8-бабының 1-тармағына қайшы келеді. Егер азаматтықтан айыру адамды апатридке (азаматтығы жоқ адамға) айналдырса, мемлекет оны азаматтығынан айырмауы тиіс. Оған қоса шығарып жіберілетін сотталған адамның қай елге жіберілетіні белгісіз.

Соттау және азаматтығынан айыру қарастырылған сот үкімінің негізінде негізгі жазаны өтегеннен кейін азаматтығынан айырылған адамды елден шығару мүмкін болмайды. Яғни мұндайда, бұл адамды елден шығаруды жүзеге асыру үшін заңмен қарастырылған қосымша басқа құқықтық негіз қажет. Қылмыстық кодекс бойынша бір мезгілде кінәліге жасаған әрекеті үшін қосымша жазаның бірнеше түрін тағайындауға мүмкіндік беріледі. Алайда, сот азаматтығынан айыруды және елден шығаруды бір мезгілде тағайындай алмайды. Өйткені елден шығару кезінде сотталған адам азаматтығы жоқ адам болып есептелінбейді. [169, 69 б.]

Мұндай қосымша жаза туралы үкімді орындау тәртібі Қазақстан Республикасының ҚАК-де көзделген. Түрмеде отырғаннан кейін (10-15 жыл) олар азаматтығы жоқ адамдар болады, бірақ елде қалады. Бұл сұраққа ҚР ІІМ министрі келесідей жауап берген: Жазаның бұл түрі адамдардың екі санатына қолданылады, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан адамдарға және одан тыс жерлердегі адамдарға қолданылуы мүмкін. Егер адам Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, заң шығарушы кіруге тыйым салады. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген адамдарға келетін болсақ, бұл адамдардың мәртебесі регламенттелмеген. Ішкі істер органдары оларды құжаттамалар базасына тіркеп, олардың Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын көрсететін құжаттарды алып қойып, азаматтығы жоқ адамның паспортын береді. Сондай-ақ, мұндай адам белгілі бір құқықтардан, тіпті ең төменгі жалақыға, сайлауға және сайлануға, мемлекет басқаруға қатысуға құқығынан айырылады. Бірақ оның әлі де белгілі бір құқықтары болады.

Мониторинг нәтижелеріне сүйеніп, террористік қылмыстар жасағаны үшін, сонымен қатар олар жазаның негізгі түрін өтегеннен кейін ҚР-ның өмірлік маңызды мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін ҚР-ның азаматтығынан айырылған адамдарын ҚР-нан шығаруға тыйым салу заң деңгейінде реттелгені жөн. Мүмкін, оларға қатаң бақылау және бақылау шарттарын қолдану үшін азаматтығы жоқ адамдардың осы санатына ерекше мәртебе беру керек шығар?,

– деген тұжырымға келеді [180].

Сотпен осы жаза түрін қосымша жаза ретінде тағайындалған кезде бұл негізгі жаза түрі өтелгеннен кейін немесе ҚР ҚАК 161-бабы бірінші бөлігінің 3), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша оны одан әрі өтеуден босатылғаннан кейін, ал шартты түрде соттау қолданылған жағдайларда үкім заң күшіне енген кезден бастап орындалады [20].

Сонымен сұрағымызды аяқтай отырып, төмендегідей қорытындыға келеміз:

1. Б.б.а. жазасын сот жазаның мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз ете алмайтын жағдайда лажсыздан, соңғы шара ретінде тағайындалады. Сәйкесінше, құқық қолдану тәжірибесінде заңды талаптарды сақтай отырып, қоғамнан оқшауланбайтын жазалар барынша орын алуы тиіс;

2. Қылмыстық жаза мен жауаптылықтың бұлтартпастығы және сөзсіз болуы қағидалары аясында қ.қ.б. субъектісіне қылмыстық іс-әрекет материалдық жағынан тиімсіздеу ету мақсатында айыппұлды ауырлығы орташа қылмыстар үшін, ал мүлікті тәркілеуді сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмыстарды қоса алғанда пайдакүнемдік мақсатта жасалған қылмыстық іс-әрекеттер үшін қолданылуын кеңейту маңызды;

3. Түзеу жұмыстарының мәнін қоғамнан оқшауланбай іске асырылатын мәжбүрлі түрде тартылатын және жазалау сипатындағы сотталғандардың еңбегі, ал мазмұнын қылмыстық, қылмыстық-атқару, еңбек заңнамаларымен бекітілген құқықтық шектеулерден құрайды. Сотталғанды қылмыстық іс-әрекетпен келтірілген тікелей моральдық, материалдық залалдарды ішінара өтеумен және сотталғанды түзеумен ұштастыра отырып, еңбекке тарту түзеу жұмыстарының нақты мақсаты болып табылады.

Қылмыстық заңнамада түзеу жұмыстарына сотталған адамның қылмыстық іс-әрекетпен келтірілген тікелей материалдық, моральдық залалдарды өтеуі мәжбүрлі төлемді төлеу жолымен жүзеге асырылады. Заң шығарушы жәбірленушіге келтірілетін залалдарын өтеу механизмі нақтыламағандықтан сот тәжірибесінда қиындықтар орын алып жатады. Сол қайшылықтардың шешу үшін ҚР ҚК-тің 98-1-бабында ҚР «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» заңнамасына сай, кінәлі адам жәбірленушіге келтірілген зиянды толық көлемде өтесе, түзеу жұмыстарын орындағанда сотталған адамның мәжбүрлі төлемді төлеуден босатылатынын көрсеткен орынды.

Заң шығарушы түзеу жұмыстары жазасының орындалмауының екі жолын бөліп көрсетеді; бірі – сотталған адамның еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан жағдайы, ал екіншісі – түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін өзге мән-жайлар туындаған жағдай. Егер мұндай топтастырудың қандай критерийге негізделіп жасалғанына назар аударып қарасақ, жазаның орындалмауының себепті және себепсіз жағдайлары болатынын түсіну қиын болмайды. Яғни, сот үкімімен орындалуға жататын жаза түрін алмастыруға негіз болатын мән-жайларды себепті және себепсіз деп топтастырамыз. Сәйкесінше, бұл негіздер нақты жаза түрін алмастыратын балама жазаны (қатаңдығына қарай) тағайындауға ықпал етеді.

«Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІІМ бұйрығының 44-бөлігінде «не жұмысынан айырылған немесе еңбек

шарты бұзылған» жағдай «жазаны өтеуден жалтарған» жағдаймен қатар қаралып, 3 ай бойы жұмысқа тұрмаған сотталған адамға қылмыстық теріс қылығы үшін ПҚ-нің түзеу жұмысын қоғамдық жұмыспен, қамаумен б.б.а. ауыстыру жайлы сотқа жүгінетіні келтіріледі. Мұндай жағдайда ПҚ «жұмысынан айырылған немесе еңбек шарты бұзылған» теріс қылықтар жасамаған сотталған адамның жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуі сотталған адам үшін үлкен көмек болар еді.

Жоғарыдағыларды ескеріп, «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІІМ 15.08.2014 жылғы №511 бұйрығының «Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау тәртібі» деген параграфтың 44-бөлігінен «не жұмысынан айырылған немесе еңбек шарты бұзылған» деген тіркесті алып тастап, 44-1-бөлігімен толықтырулар енгізген жөн деп есептейміз:

«44-1. Пробация қызметі жұмыссыз қалуы себепті сотталған адамды жұмыспен қамту мәселесін шеше отырып, жазаның одан әрі орындалуын қамтамасыз ету керек;

4. Егер өмір жағдайында жас балалар ата-анасынан айырылып, қамқоршысы мен қорғаншыларының қолында өсіп, тәрбиеленіп жататындығын ескерсек, онда осы санаттағы бас бостандығын шектеуге сотталған адам да 3 жасқа толмаған жас балалары бар әйелдер, 3 жасқа толмаған балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған еркектер (ата-анасы) сынды мәжбүрлі еңбекке тартылмауға әбден лайықты. Сол себепті ҚК 43-бабында қоғамдық жұмыс түріндегі жаза тағайындалатын сотталған адамдар мәжбүрлі еңбекке тартылмайтындардың тізімін 3 жасқа толмаған жас балалардың қамқоршысымен толықтыруды қажет етеді деп есептейміз;

5. Заң шығарушы ҚК-тің 44-бабында б.б.ш. жазасының сотталған адамға пробациялық бақылау белгілеу және мәжбүрлі еңбекке тарту құрайды дей отырып, белгілі санаттағы сотталғандар үшін мәжбүрлеу жұмысының тағайындалмайтынын келтіреді. Байқап қарасақ, ҚР ҚК-нің 44-бабының 1-тармағының алғашқы екі сөйлемінде бас бостандығынан шектеу жазасының мазмұнын екі түрлі жағдай құрайды: 1) Б.б.ш. сотталған адамға 6 (алты) айдан 7 (жеті) жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгіленеді; 2) сотталған адамға 6 (алты) айдан 7 (жеті) жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеу мен оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын 100 (бір жүз)сағаттан мәжбүрлі еңбекке тарту. Алғашқысында сотталған адамның өзіне жүктелген міндеттерін сақтауын ПҚ бақылауда ұстайды. Ал екінші жағдайда сотталған адам осы айтылған ПҚ-нің бақылауында болады, сонымен қатар мәжбүрлі еңбекке тартылады. Аталған норманы құқық қолдану тәжірибесін тиімділеу және норма түсінікті болуы үшін қолданыстағы ҚК 44-б. 1-тармағын келесідей редакцияда өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажет деп есептейміз:

1. «Бас бостандығын шектеу сотталған адамға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден, не сотталған адамға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеу мен жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады ... Тұрақты жұмыс орны бар немесе оқып жүрген сотталғандар, кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, 3 (үш) жасқа дейінгі жас балалары бар

әйелдер, 3 (үш) жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, 3 (үш) жасқа дейінгі жас балаларды тәрбиелеп отырған қамқоршылар, 58 (елу сегіз) жастағы және ол жастан асқан әйелдер, 63 (алпыс үш) жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ жазасы 6 (алты) айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі еңбекке тартылмайды»;

2. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін түзеу жұмыстарын басқа жаза түріне ауыстыру негіздеріне қатысты ҚР ҚК мен ҚР ҚАК-дегі ережелерді сәйкестендіру мақсатында ҚР ҚК 42-бабы 5-бөлігіне төмендегідей өзгерістер енгізу қажет деп есептейміз:

5. «... Сотталған адам түзеу жұмыстарынан жалтарған жағдайда, олар:»

3. Құқық қолдану практикасында туындайтын мәселелерді реттеу мақсатында «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулысының 21-тармағының 2-абзацын төмендегімен толықтырған дұрыс болар еді:

«... Сот басқа шет мемлекеттерімен, бұрынғы КСРО-мен берілген атақтан, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградалардан айыру мәселесін қарастырмайды».

2.3 Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындауды құқықтық реттеу

Қылмыстық-атқару заңнамасы қылмыстық жазаларды, оның ішінде қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың орындалу процесін реттейді.

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды: айыппұлға қатысты – сотталған адамның жұмыс орны бойынша – әділет органы, нақтырақ айтсақ, сот орындаушылар; арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыруға қатысты – арнаулы, әскери немесе құрметті атақты, сыныптық шенді, дипломатиялық дәрежені, біліктілік сынып берген лауазымды адамдар; мемлекеттік наградалардан айыруға қатысты – тұрғылықты жері бойынша ПҚ; белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға қатысты – сотталған адамның жұмыс орнының ұжым әкімшілігі, сондай-ақ ҚР заңнамасына сай белгілі бір қызметтен айыруға құқығы бар органдар, ал ол жазаны өмір бойына айыратын болса, уәкілетті мемлекеттік органдар; қоғамдық жұмыстар мен түзеу жұмыстарын сотталған адамның тұрғылықты мекен-жайы бойынша ПҚ орындайды (ҚР ҚАК-нің 24-бабы) [70].

Айыппұл түріндегі жазаны орындау. ҚК 41-бабына сәйкес, айыппұл – сотпен тағайындалатын ақшалай өндіріп алу. Ол Қылмыстық кодексте көзделген жағдайларда және шектерде ғана тағайындалады. Заң айыппұлды қылмыс үшін де, қылмыстық теріс қылықтар үшін де негізгі жаза түрі ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Айыппұлдың орындалуы ҚР ҚАК-нің 10-тарауымен, сондай-ақ «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010

жылдың 2 сәуіріндегі ҚРЗ реттелінеді [119]. Атқарушылық заңнамасына сәйкес қылмыстық істер бойынша айыппұл жазасын орындау сот орындаушының бір функциясы. Сонымен бірге байқағанымыздай, айыппұл қылмыстық жазаның бір түрі, екінші жағынан, сот үкімі бойынша мүлікті өндіріп алудың амалы болып табылады. Судьялар айыппұл түріндегі қылмыстық жазаны тағайындау туралы шешім қабылдағанда оның кейіннен нақты орындалу мүмкіндігін ескерері анық.

Айыппұл салу туралы үкім жарияланғаннан кейін сот сотталған адамға айыппұл сомасын мемлекеттік банкке үкімде белгіленген мерзімде өз еркімен төлеу міндетін түсіндіреді, кері жағдайда айыппұл мәжбүрлеп өндіріліп алынатынын ескертеді. Сотталған адам айыппұл сомасын үкім заңды күшіне енгеннен кейін де, оған дейін де өз еркімен төлей алады. Төлеу мерзімі үкім заңды күшіне енген кезден бастап есептелінеді. Егер айыппұлды бір айдан көп уақытта төлеу керек болса, онда оны ай сайын теңдей үлесте төлейді.

Заңмен айыппұлдың орындалуын кейінге қалдыруға немесе бөліп төлеуге мүмкіндік беріледі. Айыппұл төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу негіздері заңнамамен қатаң реттелмеген, нақты мерзімдері белгіленбеген. Айыппұлды дереу төлей алмаған жағдайда ғана сотталған адамға бұл жеңілдіктер берілуі мүмкін екендігін білдіреді. Демек, сотталған адамның дәлелдерінің негізділігін сот бағалайды.

Сотталған адам өтініш білдіре отырып, ауыр материалдық жағдайының дәлелденсе, атап айтсақ, ауыр ауруға шалдыққан, жүктілік, жас балаларының болған, өрттен немесе басқа да табиғи апаттың орын алғанда сот қаулысымен айыппұлды төлеу кейінге қалдырылуы немесе бөліп төлеуі мүмкін. Айыппұлды жедел төлей алмайтын жағдайларға туыстарының ауруы, асырауында адамдардың болуы және т.б. жатады.

Кейінге қалдыру – белгілі бір уақыт өткеннен кейін айыппұл төлеуді бастауға рұқсат беруді білдіреді. Бөліп төлеу жоспары - бұл айыппұлды бөліп төлеуге рұқсат. Айыппұлдың әр бөлігін төлеу мерзімін сот белгілейді. Бұл ретте айыппұлдың соңғы бөлігі үкім заңды күшіне енген күннен бастап есептеліп, берілген мерзім ішінде төленуі тиіс.

Айыппұлды төлеу мүмкіндігінің мүлдем болмауын сотталушының қаржылық жағдайы растайды. Мұндай жағдай заң бойынша өндіріп алуға мүмкіндік беретін мүлкінің немесе басқа да табыс көздерінің болмауы, оның тұрақты түрде еңбекке жарамсыз деп танылуымен туындауы мүмкін. Сотталған адам тиісті медициналық және өзге де құжаттарды, сонымен қатар сот орындаушысы жасаған және судьяның шешімімен бекітілген, сотталған адамның өндіріп алуға болатын мүлкі және басқа да кірістерінің жоқ екенін куәландыратын, өндіріп алу мүмкін еместігі туралы актіні ұсынуы тиіс.

Егер сотталған адам сотпен белгіленген мерзімде айыппұл төлемесе, сот орындаушысына мәжбүрлеп орындау үшін сот айыппұл сомасын өндіріп алу туралы атқару парағын береді, бұл туралы қаржы органына хабарланады. Бұл атқарушылық құжат мәжбүрлеп орындау шараларын қолдануға негіз болып табылады, ал ол шараларды атқару сот орындаушысы үшін міндет. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚРЗ-ының 32-бабы 2-бөлігіне сай, сот орындаушысы айыппұлды мәжбүрлеп

орындаттыру үшін келесі шараларды қолдана алады:

1) борышкердің өзіндегі не басқалардағы, яғни жеке немесе заңды тұлғалардағы ақша қаражаты мен бағалы қағаздарға (банктерді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарын қоспағанда) тыйым салу;

1-1) банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарында борышкердің ақшалай қаражаты мен мүлкіне тыйым салу;

2) борышкердің немесе басқа да жеке немесе заңды тұлғалардың жылжымалы мүлкін алып қою;

2-1) борышкердің немесе басқа да жеке немесе заңды тұлғалардың жылжымайтын мүлкін алып қою;

3) борышкерге белгілі бір әрекеттер жасауға тыйым салу, оның ішінде заңды тұлға органдарының шешімдер қабылдауына тыйым салу, сондай-ақ заңды тұлғаға тиесілі жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды, бағалы қағаздарды және заңды тұлғаның жарғылық капиталы мен мүлкіндегі үлестерді иеліктен шығару туралы қабылданған шешімдердің қолданылуын тоқтата тұру;

4) борышкерге өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлікті, оның ішінде ақшалай қаражатты пайдалануға тыйым салуды немесе оны сот орындаушысы белгілеген шекте пайдалануды тапсыру;

5) борышкердің мүлкіне сүргі салу;

6) құқық белгілейтін құжаттарды алып қою;

7) басқа тұлғалардың борышкерге мүлікті, оның ішінде ақшалай қаражатты беруіне немесе оған қатысты өзге де әрекеттер жасауына тыйым салу.

Жоғарыда аталған баптың 2-тармағы 1-1), 2-1) және 6) тармақшасында аталған шараларды атқарғанда ҚР АПК-пен белгіленген тәртіппен санкция қажет, ал борышкердің өзіндегі не басқалардағы ақшалар мен бағалы қағаздарға прокурордың санкциясы беріледі [118].

Отандық заңнамада сотталушыны қасақана жалтарушы деп тану шарасы қарастырылмаған (Ресейлік қылмыстық заңнамада кездеседі). Заң нормасы сай, егер айыппұл белгіленбеген мерзімде төленбесе мәжбүрлеп орындаттырылуы тиіс. Сот практикасында айыппұл төленбеген ретте оны жазаның басқа түрімен ауыстыру жағдайлары жиі орын алып жатады.

Құқық қолдану тәжірибесінде, соттар, өкінішке орай, жазаның айыппұлды ең төменгі жалақы мөлшерінде емес, белгілі бір мөлшерін жиі тағайындайтынын аңғарамыз. Бұл туралы ғылыми ортада үлкен пікірталас бар. Бірқатар ғалымдар айыппұлдың мұндай нысаны тәжірибеге теріс әсер ететіндігін дәлелдеуге тырысса, енді біреулері бұл оймен келіспей, бірнеше негіздер келтіреді: біріншіден, нақты сома түрінде белгілен айыппұл кейбір азамат үшін өте үлкен сома болуы мүмкін, егер «үлестік» деп айтуға келсе, өндіріп алынған айыппұл шынайырақ болып көрінеді; екіншіден, айыппұл мөлшерін жалақы мөлшеріне немесе сотталған адамның басқа табысына қарай белгілеу мүліктік теңсіздіктің болуын объективті түрде ескеруге мүмкіндік береді (осы жағдай әлеуметтік әділеттілік қағидатының сақталуын қамтамасыз етеді) [179, 206-207 бб.].

Әдетте, айыппұл мөлшерін анықтағанда сот келесі көрсеткіштерге аса назар аударады: біріншіден, жасалған қ.қ.б.-тың қоғамға қауіптілік дәрежесіне, яғни ҚК 11-бабында көзделген ауырлығына; екіншіден, сотталушының еңбекке қабілеттілігіне, денсаулық жағдайына, жұмысқа қатынасына, біліміне, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы ақпаратқа, сотталушының отбасы мен асырауындағы адамдардың өмір сүру жағдайларына әсеріне [114].

Сотталушының материалдық жағдайы нашарлаған ретте жазаның орындалуы 1 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге кейінге қалдыруы мүмкін, бірақ та бұл мерзім айыппұл төлеу мерзіміне жатпайды.

Мысалы, сот азаматқа жасаған қылмысы үшін 300 АЕК (3450 тенгеден) айыппұлды мемлекеттік бюджетке 3 жыл 4 айға, айына 25875 теңгеден бөліп төлеуді тағайындайды.

Сот орындаушысы егер сотталған адам жұмыс істемесе, үкімді орындаудың ескіру мерзімі ішінде оның мүлкін табу байланысты шараларды атқарады.

Өндіріп алу сотталған адамның кез келген мүлкіне, жалпы меншіктегі үлесіне, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына, оның ішінде шоттар мен салымдардағы немесе кредит-қаржы ұйымдары мен банктерде сақталынған ақшалай қаражатына, бағалы қағаздарға, т.б. құндылықтарға, сондай-ақ олардың сенімгерлік басқаруына берілген мүлік пен ақшалай қаражатқа қолданылады.

Жоғарыда аталған заңның 7-тарауындағы ережелерді негізге ала отырып, сот орындаушы борышкердің мүлкінен өндіріп алуды жүзеге асырады. Сақтандыру ұйымдарында, банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы борышкердің ақшалай қаражатына, сондай-ақ борышкердің жалақысы мен табысының басқа да түрлерін өндіріп алуды қоспағанда, борышкердің мүлкіне, оның жалпы мүліктегі үлесін өндіріп алуды прокурордың санкциясымен сот орындаушысы атқарады.

Айыппұлды өндіріп алу бойынша қажетті шараларды жүзеге асыру мақсатында сот орындаушысы сотталған адам тұратын үй-жайға кіріп, оның барлық қосалқы үй-жайларын (қоймалар, жертөлелер, шкафтар және т.б.) қарап, мүлікке түгендеу жүргізуге құқылы. Заңда көзделген жағдайларда куәгерлер шақырылады, қажет болған жағдайда сот орындаушысы полиция қызметкерлерінің көмегіне жүгінеді.

Сот орындаушысы борышкердің мүлкіне тыйым салғанда қаулы шығарады және оны мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдарға қағаздай не электрондық нысанда жібереді.

Мүліктің тізімдемесі айыппұл сомасын өндіріп алу үшін қажетті шектерде жүргізіледі. Егер өндіріп алғанда сотталған адамға әртүрлі заттар тиесілі болса, онда соңғысы сот орындаушысына бірінші кезекте алынуы керек заттарды хабарлауға құқылы. Ал сотталған адамның жеке мүлкі айыппұл сомасын өндіріп алу үшін жеткіліксіз болса, тізімдемеге сотталған адамның басқа адамдармен ортақ меншігіндегі мүлігі енгізіледі. Сот орындаушысы тізімдемеде ортақ меншіктегі заттарды көрсете отырып, сотталушының осы мүліктегі үлесін анықтау туралы ұсыныспен сотқа жүгінеді.

Өндіріп алу процесінде қолданылмайтын мүліктердің тізімі аталған Заңның 61-бабында (не ҚР ҚАК-не қосымшада), сонымен қатар өндіріп алуға болмайтын

ақша сомасы сол Заңның 98-бабында қарастырылған.

Айыппұлды өндіріп алу аяқталғаннан кейін сот орындаушысы атқару парағында жасалған жазалар мен жазбалардың дұрыстығын тексеруге міндетті. Сот орындаушысы айыппұлдың толық көлемде өндірілгеніне көз жеткізгеннен кейін үкім шығарған сотқа тиісті белгілері бар атқару парағын қайтарады, ол қылмыстық іске тіркелінеді.

Қорытындылай келе, шартты соттауға балама шара ретінде айыппұлдың негізгі мақсаттары қажет болған жағдайда, бірақ шамадан тыс мәжбүрлемей және рецидивті қылмыстылықтың көрсеткішін шектен тыс төмендетпей, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету болып табылатынын атап өткен жөн. Біздің елімізде қылмыстық жазаның бір түрі ретінде айыппұлдың маңызы ерекше. Заң шығарушымен айыппұлды ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің санкцияларында кеңінен қарастырылған, дегенмен де оны одан әрі кеңейту қажет.

Ең алдымен, айыппұл пайдакүнемдікпен жасалған, сондай-ақ материалдық зиян келтіруге байланысты ауырлығы орташа және аз қылмыстардың санкцияларында қарастырылғаны орынды. Бұл бізге қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудағы мотивация мен жазаның сипаты арасында байланысты орнатуға мүмкіндік береді.

Түзеу жұмыстарын орындау.

Қазақстанда түзету жұмыстары түріндегі жазаны орындайтын негізгі орган ретінде қалыптастыруға ерекше назар аударылады.

Тұжырымдамаға сәйкес қылмыстық жазаны орындау – бұл қылмыстық-атқару заңнамасының нормаларында белгіленген, сотталғандарға қылмыстық жазаны орындайтын органдар мен мекемелердің мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы қылмыстық жазаның мақсаттарын іске асыруға бағытталған қызметі.

Түзеу жұмыстарын орындаудың құқықтық негізі болып қылмыстық-атқару заңнамасының нормалары табылады. Осылайша, түзеу жұмыстары түріндегі жазаның орындалуы тәртібі ҚАК-нің 11-тарауымен (52-56-баптар), ҚР ІІМ 15.08.14 жылғы №511 бұйрығымен бекітілген ПҚ-нің қызметін ұйымдастыру қағидаларымен реттеледі [180].

Аталған қағидаға сәйкес, заңдық күшіне енгеннен кейін сот үкімінің көшірмесі ПҚ-не жолданады. Ол сотталған адамның жұмыс орнын нақтылап, сол күні құжаттарды жазбаша немесе электронды нысанда жөнелтеді.

Түзеу жұмыстарын орындау режимі сотталушыдан осы жазаларды өтеу тәртібі мен ережелерін сақтауды; ПҚ-не тоқсанына 1 рет келіп тұруға және тұрғылықты жерінің, жұмыс орнының ауысқаны туралы ПҚ-не хабарлауды талап етеді [70].

Сотталған адам ҚР ҚАК 53-бабында қаралған талаптарды сақтауы тиіс. Бұл талаптар орындалмаған ретте ПҚ сотталған адамды 3 жұмыс күші ішінде шақыртып, жазаның бұзылуына жол бермеу үшін әңгімелеседі, жазбаша ескерту жасайды. Ескерту қағазы іске тіркелініп, ОАДБ-ға енгізіледі.

Сотталған адамның себепті жағдайлармен шақыртуларға келмеуі жазаны өтеу шарттарын сақтамау болып есептелінбейді. Мұнда, себепті жағдайлар деп

сотталған адамның ауырып қалуы, шақыртуды уақтылы алмауы және шақыртуға келу мүмкіндігінен айыратын, құжаттармен расталатын өзге де мән-жайлар танылады (ҚР ҚАК 53-бабының 2-б.).

Сотталған әйел жүкті болуы, босануына байланысты жұмыстан босатылған жағдайда жұмыс орнынан алынған анықтама мен емдеу мекемесінің анықтамасын қосып жазаны орындауды кейінге қалдыру жөнінде сотқа ұсыным білдіреді. Сонымен қатар сотталған адам жұмыстан босатылса, зейнетке шығатын болса да ПҚ жазаның орындалуы туралы мәселені шешу үшін сотқа жүгінеді.

Жұмыс беруші сотталған адамның еңбекақысынан жазаны орындау мерзімі басталған күннен бастап ұстайды. Қағидамен еңбекақыдан ұстап қалу іске асырылу тәртібі де нақтыланған, яғни еңбекақы төленгенде әр айдың 2-жартысында, ал жұмыстан шыққан ретте сол айда жұмыс істеген бөлігінен алынады. Негізгі жұмыс орны бойынша жұмыс беруші сотталған адамның жалақысынан алимент, жарақаттануына немесе денсаулықтың өзге де жарақаттануына, асыраушысынан айырылуына байланысты келген зиянды өтеуге жұмсалатын қаражатты алып тастағанда 10-50%-ға дейін ұстап қалып, Жәбірленушілерге өтеу қорына аударады. Жазаны өтеу сот үкімі, қаулының көшірмесі келген күннен бастап он бес күннен кешіктірмей атқарылады.

Бұл шараны Пробация бақылап отырады, тәртіп сақталынбағанда оларды жоюға қатысты шаралар атқарылады. Осы мерзімде Пробация жүргізген тексеріс барысында құқық бұзушылықтар анықталса, екі дана акт толтырылып, бірі сол ұйымда қалса, екіншісі ПҚ-нде сақталады. Бұл деректер есеке алу карточксына енгізіледі. Егер де жұмыс берушімен 3 ай бойы сотталған адамның жалақысынан ұсталынған қаражат мемлекет кірісіне аударылмаса, онда ПҚ прокуратураға жүгінеді.

Ал егер жазаның мерзімі аяқталса, не жазадан босатылса Пробация қызмет құжат келіп түскен күннің келесі күні жұмыс орнының әкімшілігіне жалақыдан ұстап қалуды тоқтату туралы хабардар етеді.

ПҚ түзеу жұмыстарын өтеу барысында сотталған адам жұмыстан шығып қалған жағдайда жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен сотталғанды жұмыспен қамту шараларын ұйымдастырады. Әрине, мұнда тұрақты жұмыс түрімен қамтамасыз етуде сотталған адамның мамандықты игеруі назарға алынады.

Қылмыстық атқару заңнамаларын бағалау барысында «Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау» ұғымы Пробация қызметкерлеріне жүктелінетін өкілеттілікке, ал «түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу» сотталған адамға қатысты қолданылатын ұғым екендігін ұғынамыз.

ҚР ҚАК 52-бабымен қарастырылған түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібінде сотталған адамның еңбекақысынан қаражатты ұстап қалу қатынастары қамтылса, ал ҚР ІІМ бұйрығымен бекітілген ПҚ-нің қызметін ұйымдастыру қағидаларының 3-параграфы бұдан бөлек жазаны ауыстыру, іздестіру сынды басқа да шараларды қарастырады. Мұның себебін ҚАК-нің 11-тарауында соңғы шаралар жекеленген нормалармен қарастырылатынымен түсіндіре аламыз.

Құқық қолдану тәжірибесінде түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібін бұзудың құқықтық салдарын анықтау барысында біршама қайшылықтарды кездестіруге болады.

ҚР ҚАК 54-бабы түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін жауаптылық қаралады. Баптың 1-бөлігінде сотталған адамға түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін жауаптылықтың туындайтынын ескертеді.

ҚР ҚАК 54-бабы 2-бөлігінде көзделгендей ПҚ түзеу жұмыстарын басқа жаза түрімен ауыстыру туралы сотқа ұсына алады. Бұл нормада басқа жаза түрімен ауыстыру негіздеріне мыналар жатады:

– түзеу жұмыстары түрінде жазасын өтеуден жалтару не;

– жұмысынан айрылу немесе еңбек шарты бұзылған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде жұмысқа орналаспауы.

Мұндағы, жазаны өтеуден жалтару деп (ҚР ҚАК-нің 54-бабында) сотталған адамға жазаны өтеудің шарттары ретінде танылатын осы кодекстің 53-бабында аталған міндеттерді 1 жыл ішінде қайталап орындамау, жазадан жалтарып жасырыну, ҚР шегінен шығу танылады. Ал сотталған адамның ПҚ шақырған мерзімде келмеген күннен бастап 15 (он бес) күннен астам уақытта тұрғылықты жерінің анықталмауы жазаны өтеуден жасырынып жүр деп саналады [70]. ПҚ жасырынып жүрген сотталғанға қатысты алғашқы іздестіру шараларын жүзеге асырып, сотқа іздестіруді жариялауға ұсыныс жасайды.

ҚАК 54-бабы «түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жауаптылық» деп аталғанымен де аталған негіздердің барлығын бұзушылық деп айту қиын. Мысалы, сотталған адам түрлі себептермен еңбек шарты бұзылған немесе жұмысынан айырылған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде жұмысқа орналаспауын алсақ. Бұл жағдайда жауаптылыққа тарту үшін сотталған тұлғаның кінәсінің болуы шарт, яғни қасақана жалтару мақсаты болуы керек. Аталған негіздер туындаған ретте ПҚ сотқа тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін келесідей ауыстыру туралы: қылмыстық теріс қылық үшін – қоғамдық жұмыстарға тартумен немесе қамауға; қылмысы үшін – бас бостандығынан айыруға ұсыныс келтіреді.

Дәл осы мәселе ҚР ҚК 42-бабында басқаша негізделеді. Оған сәйкес, түзеу жұмыстарын қамаққа алу не қоғамдық жұмыстарға тартуға (қылмыстық терісқылық үшін), бас бостандығынан айыруға (онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстар үшін, ауыр қылмыс үшін) ауыстыру үшін түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар туындауы тиіс. ҚК-дағы 42-бап 5-бөлігінің мазмұнына сүйенсек, <u>түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін негізгі және өзге де мән-жайлар нақтыланбайды,</u> тек сотталған адамның еңбек қабілетін жоғалтқанда сотталған адам жазаның қалған бөлігінен бостылатыны не айыппұл жазасына ауыстырылатыны келтіріледі.

Жазаның орындалуына кедергі болатын жайға сотталған адамның өзі кінәлі болуы мүмкін, сондай-ақ оның еркінен тыс жағдайлар да себеп болуы мүмкін. Сәйкесінше, жұмыс орнының тоқтатылуын кедергі келтіретін өзге мән-жайларға жатқыза алмаймыз. Ол себепті жағдай саналады. Жұмыссыз қалуына байланысты ПҚ бірінші кезекте сотталған адамды жұмыспен қамту мәселесін

шеше отырып, жазаның орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Егер де «жазаны орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар» ұғымын ашуға тырыссақ, онда оны келесі белгілер құрайды:

– түзеу жұмыстарын орындау тәртібі мен шарттары сақталынбайды;

– түзеу жұмыстарын орындау тәртібі мен шарттары сақталынбауы себепті жаза орындалмаса;

– іс-әрекет кінәлі түрде жасалынса;

– іс-әрекет сотталған адаммен, не кез-келген басқа адаммен жасалынса;

– құқық бұзушылық болып есептелінгендіктен де басқа жазамен ауыстыруға негіз туындайды.

Мұндағы сотталған адамның өзінің жазаны орындауға кедергі келтіруі жазадан жалтару болып саналады.

Түзеу жұмыстарын қамаққа алуға не қоғамдық жұмыстарға тартуға (қылмыстық терісқылық үшін), б.б.а. (онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстар үшін, ауыр қылмыс үшін) ауыстыруға негіз болатын жағдайлар ҚР ҚК ережелері (42-баптың 5-б.) мен ҚР ҚАК-де (54-баптың 2-б.) бірдей емес. Жоғарыда айтқанымыздай ҚК-те түзеу жұмыстарын басқа жазаға ауыстыру үшін түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіру, ал ҚАК-де жазаны орындаудан жалтару себеп болады. Ал түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіру мен жазаны орындаудан жалтару ұғымдарында айырмашылық бар, «жалтару» ұғымы «кедергі келтіру» ұғымынан кең.

Түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайларға, мысалы, жазаны өтеу шарттарын әдейі не өрескел бұзуды жатқызсақ болады.

Сот тәжірибесінде Алматы қаласы Әуезов аудандық ПҚ-нің есебінде тұрған сотталған азамат В.-ға сот үкімімен ҚР ҚК-нің 188-бабының 1-бөлігімен 1 жыл 3 айға б.б.шектеуге жазаланған. ПҚ қызметкерлерімен сотталған адам есепке алынып, жазаның өтеу тәртібін түсіндірілгеніне қарамастан сотталған адам кесте бойынша тіркеуге келмей, тәртіпті жүйелі түрде бұзғаны үшін ПҚ-нің сотқа жіберілген ұсынысымен жаза бас бостандығынан айыруға ауыстырылады [181]. Сот практикасында түзеу жұмыстарына сотталған тұлға қылмыстық әкімшілік, не тәртіптік, азаматтық жауаптылықты туғызбайтын құқық бұзушылықтар жасап жатады. Сотталған адамның жаңа қ.қ.б. жасауы үкімдердің жиынтығы бойынша жаңа жаза тағайындауға алып келеді. Қылмыстық, әкімшілік не тәртіптік, азаматтық жауаптылықты туғызатын құқық бұзушылықтарды қоспағанда, құқық бұзушылық іс-әрекеттерді жасаған сотталған адамның жеке басын ескере отырып, егер де бұл іс-әрекет түзеу жұмысын орындауға кедергі келтірмейтін болса, онда түзеу жұмысын басқа жазаға ауыстыру керек болмайды.

Сонымен, Қылмыстық пен Атқару Кодекстеріндегі түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін басқа жазамен ауыстыру негіздеріне қатысты ережелерді сәйкестендіру мақсатында сотталған адам түзеу жұмыстарынан жалтарған жағдайда ҚР ҚК-де осы жазаның орындалмаған бөлігін қамаққа алу, қоғамдық жұмыстарға, б.б.а. жазасына ауыстыруды көздеген жөн деп есептейміз.

Келесі мәселе сотталғандарды түзеу жұмыстары түрінде жазалауға

ынталандыру шараларына қатысты. Сотталғандарға бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларды қолдану туралы мәселені қарастыра отырып, осы жазаларды орындауда сотталғандарға көтермелеу шаралары қолданылмайтынын атап өткен жөн.

Көтермелеу шараларын қолдану сотталғандардың бойында жеке қадір-қасиет сезімін, өзіне деген сенімділікті қалыптастырады және сол арқылы оларды оң істер жасауға, заңға бағынатын мінез-құлықты қалыптастыруға итермелейді. Мысалы, Белорусь ҚАК-нің 42-бабымен марапаттау шаралары төмендегідей мәтінде беріледі:

Түзеу жұмыстарына сотталғандарға қолданылатын марапаттау шаралары. Жақсы мінез құлқы мен еңбекке деген адал көзқарасы үшін жазаны орындау инспекциялары сотталғандарға түзеу жұмыстарына мынадай көтермелеу шараларын қолдана алады:

1) алғыс білдіру;

2) бұрын салынған жазаны (взыскание) мерзімінен бұрын алу.

2. Түзету жолына нық тұрған немесе өзінің түзетілгенін дәлелдеген сотталғандарға заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру немесе жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылуы мүмкін, сәйкесінше қылмыстық-атқару инспекциясы жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босату үшін ұсыныс білдіруі мүмкін [182].

ҚР ҚК 42-бабы 7-б.-мен түзету жұмыстары түріндегі жаза әрекет қабілетсіз деп танылған, тұрақты жұмысы жоқ немесе оқу орындарында өндірістен қол үзіп оқитын адамдарға тағайындалмайды. Демек, ҚР азаматы ғана емес, шетелдік азамат, сондай-ақ азаматтығы жоқ адам түзету жұмыстары түріндегі жазаға тартылатын болмақ.

Түзеу жұмыстарын өтеу кезінде заңға бағынатын мінез-құлықты ынталандыру шаралары ретінде сотталғандарды марапаттау мен жазалау институттарын реттейтін нормаларды қылмыстық-атқару заңнамасына қайтарған жөн. Сонымен бірге, құқық бұзушының жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып, сот белгілейтін қосымша міндеттер мен тыйымдарды белгілеудің шартты сипатын қарастыру қажет [13, 7 б.].

Қоғамдық жұмыстарды орындау.

Атап кеткендей, ҚР ҚК 43-бабына сәйкес қоғамдық жұмыстар сотталғандардың негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытында тегін қоғамдық пайдалы жұмысты орындауынан тұрады.

Міндетті жұмыс мерзімі сотталушының жасына, сотталушы кінәлі деп танылған қылмыс санатына және жеке басын сипаттайтын мәліметтерге байланысты. Үкім заңды күшіне енген кезде сот үкімінің көшірмесін сот ПҚ-не жібереді. Ал ол құжаттар келіп түскен күннен бастап 15 күннен кешіктірмей сотталған адамды шақыртады. Сондай-ақ ПҚ алған құжаттарды тіркегеннен кейін инспектор сотталған адамның жазаны өтеу орны бойынша жергілікті атқарушы органдарға анықтама-жолдама жолдайды. Онда сотталған адамның сауалнамалық деректері, тұратын жері, негізгі жұмыс орна (оқу орны), сотталған

ҚК-тегі бабы, жергілікті атқарушы органға келетін күні, қоғамдық жұмыстың мерзімі (сағатпен), мерзімді ҚР ҚАК-нің 58-бабына сай есептеу тәртібі көрсетіледі.

Сотталған адамның жазасының орындалуын ПҚ бақылайды. Оның негізгі жұмыс орнына қоғамдық жұмыс уақытында оны жұмысынан босату туралы электронды не жазбаша түрде хабарламаны береді.

ПҚ-нде есепке қойылған күні сотталушымен әңгімелесу жүргізіледі, оның барысында оған жазаны өтеу тәртібі мен шарттары, құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, дербес деректері нақтыланып, тексеріледі, оның мінез-құлқын бақылауға қатысы бар ақпарат нақтыланады.

Міндетті жұмыстардың түрін және олар өтелетін объектілерді жергілікті басқарушы органдар айқындайды. Жазаның бұл түрін сотталғандар өтеусіз негізде орындайды. Жұмыс түрлеріне, әдетте, арнайы біліктілікті, арнайы білім мен дағдыларды қажет етпейтін жұмыс жатады: Аумақтарды, көшелер мен алаңдарды абаттандыру, жинау және көгалдандыру; ағаштар мен бұталарды кесу, бұтақтарды кесу; ағаштардың, бұталардың және гүл көшеттерінің көшеттерін отырғызу және арамшөптерден тазарту; автобус аялдамаларының аумақтарын абаттандыру және жинау; тротуарлар мен жолдарды абаттандыру бойынша көмекші жұмыстар; жолдарды абаттандыру элементтерін бояу; жол техникасы үшін қол жетпейтін жерлерде жол төсемдерін тазалау; спорт және ойын алаңдарын абаттандыру; арнайы кәсіби дайындықты қажет етпейтін басқа жұмыс түрлері [183].

«Сотталған адамға қатысты материалдар номенклатуралық іске тігіліп қойылады. Егер сотталған тұрғылықты жерін ауыстырса, онда ПҚ-не хабарлайды. ПҚ жергілікті атқарушы органдарға сотталған адамды жұмыстан босату туралы электронды немесе жазбаша ұсыным жібереді де, мәліметтерді 2 жұмыс күнінде ОАДБ-ға енгізеді. Егер сотталған адамның тұрғылықты мекен-жайы сол аудан (қалада) шегінде болса ПҚ өзгермейді.

Сотталғанның жаңа мекен-жайы бойынша ПҚ 10 жұмыс күнінде қоғамдық жұмыстарды орындау үшін жергілікті атқарушы органға тапсыратын анықтама-жолдаманы сотталғанға береді. Жергілікті атқарушы орган анықтама-жолдаманы алған сәттен жазаның өтелу мерзімі басталады.

Қоғамдық жұмысты 1,2 топ мүгедектері тағайындамайтындықтан, сотталған адамға мүгедектік белгіленсе, онда ПҚ растаушы материалдар келген күннен кейінгі 1 жұмыс күні ішінде жазадан босату үшін сотқа ұсыныс білдіреді. Ал сотталған адамның жүктілігі мен тууына байланысты жұмыс орнынан және медициналық мекеме анықтамасын қоса отырып, әйелдің жұмыстан бостылу күнін көрсетіп сотқа жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы ұсыным жолдайды.

Міндетті жұмыстың әлеуметтік мақсаты қоғам үшін онша қауіпті емес санаттарығы қылмыскерлерді әдеттегі жұмыстан, оқудан және басқа да әлеуметтік пайдалы жұмыстардан алшақтатпай түзету және профилактикалық әсер ету болғандықтан, жүктелген жұмыстың тыңғылықты орындалуына басты күш салу маңызды. Сондықтан ең алдымен, сотталған қоғамдық жұмысты атқарып жатқан ұйым онымен өзіне жүктелген жұмыстардың орындалғанын қадағалауы, ПҚ-не әрбір сотталушының жұмыс істеген сағаттарының саны

туралы немесе оның жазасын өтеуден жалтарғаны туралы хабарлауы тиіс. Әрі қарай, ол осы ұйыммен белгіленген бағаларға сәйкес сотталғандар орындайтын жұмыс үшін ай сайын тиісті бюджетке қаражат аударылады. Жұмыста сотталған адамның денсаулығына зиян келтірілген жағдайда ұйым жауапты болады, ал сотталған адам еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жалпы негіздерде өтемақы ала алады [180].

2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасында шетел тәжірибесі негізінде қоғамдық жұмыстарды орындау терең профилактикалық әсерге ие болу үшін жариялылық элементтерін қосу, оның ішінде сотталғандар үшін арнайы тану киімін киіп жүру міндетін енгізу мәселесін пысықтау талап етіліліп отыр. Аталған шара мемлекеттен қосымша қаржылардың бөлінуін қажет еткенімен де, сотталғандарға психологиялық ықпал етеді деген сенім тудырары анық [2].

Жазаларды орындау тәжірибесі көрсеткендей, сотталғандар әрқашан өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындамай, жаза өтеу тәртібі мен шарттарын сақтамай жатады. Сол себепті заң сотталғандардың осындай бұзушылықтар үшін жауапкершілік көздейді. Егер сотталған адам жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзса, ПҚ анықтаған күннен бастап 3 жұмыс күнінде шақыртады, әңгімелесу жүргізіп, жауапкершілік туралы жазбаша ескерту береді. Ол номенклатуралық іске тіркеледі.

Ал егер де сотталған адам жазадан жалтарса, ПҚ 3 жұмыс күні ішінде сотқа жазаны қамаумен, бас бостандығынан шектеумен не б.б.а. ауыстыру туралы сотқа ұсыныс береді. Істің мән-жайын анықтап, жалтару фактісі расталған ретте 15 күн ішінде, ал тұрғылықты жерінен бой тасаласа, оған қатысты бастапқы іздестіру шарасы жүргізілгеннен кейін ұсыныс сотқа жіберіледі. Қасақана жалтару фактісін анықтап, сабаққа келмеу қандай да бір дәлелді себептермен байланысты емес екенін анықтағаннан кейін сот сотталушының мінез-құлқына, оның жеке басына, жіберілген жалтару сипатына, оның себептеріне және т.б. байланысты қоғамдық бас бостандығын шектеуге немесе қамауға алуға ауыстырады.

Қылмыстық атқару заңнамасына сәйкес қоғамдық жұмыстарды қамаумен, бас бостандығын шектеумен не бас бостандығынан айырумен ауыстыруға сотталған адамның жазадан жалтаруы негіз болады. Мұндағы жазаны өтеуден жалтару деп келесі жағдайларды түсінуге болады:

– қоғамдық жұмыстар түріндегі жазаны орындауға кірісуден бас тарту (жұмысқа келіп тұрып, жұмыс жасамау),

– қоғамдық жұмыстарды орындауға кедергі келтіру,

– бір айда екі реттен артық дәлелді себептерсіз қоғамдық жұмыстарға келмеу (құжатпен расталатын ауруы және басқа да себепті жағдайларда);

– жазаны өтеу кезеңінде екі рет медициналық куәландырумен расталған не мұндай мүмкіндік болмаған кезде жұмыс беруші комиссиясының актісімен расталған алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болу;

– жазаны өтеуден жалтару мақсатында жасырыну;

– ҚР-нан тыс жерлерге кету [70].

Міндетті жұмыстарды өтеуден қасақана жалтарғаны үшін жауапкершілік

сотталушының тәртіпке бағынбайтындығын білдіреді және мұндай жаза оның әлеуметтік және моральдық немқұрайлылық дәрежесіне сәйкес келмейтінін және елеулі әсерді қажет ететінін көрсетеді. Екінші жағынан, мұндай жауапкершілікті белгілеудің өзі сотталған адамға алдын-ала ескертуді білдіреді, ол міндетті жұмыстарды өтеуден қасақана жалтарса, оның жағдайының нашарлататынын және қатаң жазаны өтеу қажеттігін сезінуі тиіс.

Заң шығарушы қылмыстық заңнамамен қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталған адамдарға қатысты жауаптылықтан және жазадан мерзімінен босату шараларын да қарастырады (ҚР ҚК-нің 75,76,77,78-баптары). Практикадан мысал келтірсек.

Азамат Т. 2021 жылы 08 қарашада Нұрсұлтан қ.Алматы ауданының №2 сотының үкімімен ҚР ҚК-нің 296-бабы 3-бөлігімен 100 сағат қоғамдық жұмысқа тарту тартылған. Үкім 24.11.2021 жылы заңдық күшіне еніп, Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданы ПҚ анықтама-өкімді орындау жіберіледі. Соңғы аталған органның бастығы іс-құжаттардың келіп-түсіп орындалу үшін есепке алынғаны туралы мәлімет жібереді.

Кейінен азамат Т.-ның тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаменті Шардара ауданының ПК бастығына Шардара қаласы ПҚ-не сотталған адамның жеке ісін орындау үшін Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Алматы ауданының ПҚ бастығымен хабарлама жөнелтіледі. ПҚ сотталған адамды есепке алып, талап еткен орынға анықтама жібереді (20.12.2021ж.). Сотталған адам Т. өзіне жүктелінген міндеттерді орындап жүреді.

Түркістан облысы ҚАЖД Шардара аудандық ПҚ бөлімінің бастығы 28.12.2021 ж. «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» 2021 жылғы 7 желтоқсандағы №81-VII ҚРЗ Заңына сай азамат Т.-ның қоғамдық жұмыстан босату түріндегі негізгі жазасынан босату туралы Шардара аудандық сотының төрағасына (мәлімер үшін Шардара ауданының прокурорына) ұсынымды іс-құжаттарымен жолдайды. Сот келтірілген ұсынымды қанағаттандырып, азамат Т.-ны қоғамдық жұмыстан босату туралы қаулы қабылдайды.

Жазаның осы түрін орындаудың негізгі проблемаларының бірі сол, жұмыс берушілер сотталғандарды түзеу жұмыстарына жалдауға аса құлшыныс болмайды. Практикада жергілікті атқарушы органдар жұмыс берушілердің тізімдерін белгілеу барысында көп жағдайда олардың келісімін алмағандықтан, сотталғандарды жұмысқа алудан жиі бас тартып жатады. Бір жағынан, бас тартқан жұмысқа алушыларға атқарушы органдар да еш ықпал ете алмайды.

Сотталушының тұрғылықты жері бойынша жұмыс орнын анықтау туралы норма ҚАК-де оны бақылау мақсатында ғана емес, сонымен бірге жазаны өтеудің қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында сотталушының өзіне ыңғайлы болу үшін құрастырылғаны анық. Іс жүзінде, өкінішке орай, оны қолдану да қиын.

Объективті әлеуметтік-экономикалық процестерге байланысты кейбір ауылдық елді мекендерде сотталған адамды жұмысқа орналастыруда қиындықтар жиі туындайды. Сондықтан, егер сотталған адам ауылдық жерде

тұрса, онда жергілікті атқарушы органы мен ПҚ кейде сотталған адамды қоғамдық орындардағы жұмыспен қамтамасыз ете алмай қалады. Мұндай жағдайда сотталған тұратын муниципалды аумаққа жақын маңдағы елді мекенге жұмысқа жіберуге мүмкіндік беретіндей етіп қылмыстық атқару заңнамасы нормасына кеңейтілген түсіндірме беруді немесе ҚАК-нің осы бабына түзетулер енгізген жөн [184].

Сотталғандарды қоғамдық жұмысқа тарту барысында кейбір сотталғандармен еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар болмайтын кездер болады. Еңбек шартын жасасу кезінде ұсынылатын құжаттардың қатарына жеке басын куәліктері, сондай-ақ әскери қызмет өткеруге арналған әскери есепке алу туралы құжат жатады. Тәжірибе көрсеткендей, ПҚ-не есепке қойылған кезде көбіне сотталғандардың құжаттары болмайды. Төлқұжатты қалпына келтіру және (немесе) әскери билетті алу белгілі бір уақытты алады. Сонымен қатар, төлқұжат алу үшін сотталғандардың әдетте ақшасы жоқ мемлекеттік баж салығын төлеу қажет.

Сотталғандардың мұндай әлеуметтік-материалдық қажеттеліктерін қорғау мәселесі бүгінде заңдастырылған. ҚАК-нің 18-бабының 1-б. 3)-тармақшасына сай жергілікті атқарушы органы пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік құқықтық көмек беру процесін ұйымдастырады [70].

Қоғам басқалармен бірге, ең алдымен, мысалы, сотталғандарды жұмысқа орналастыру және кәсіптік даярлау мәселелерін қайта қарауы керек.

Сотталғандарды жұмысқа орналастыру сотталғандарды түзету процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында, еңбекті дұрыс ұйымдастырса, сотталғандардың көпшілігі жұмысқа орналасып, жалақы алар еді, ең бастысы, өз болашағын көрер еді (қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарында мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру, өндірілетін өнімге жеңілдікпен салық салуды қамтамасыз ету, өндірісті жеңілдікпен қаржыландыру, жеке капиталды белсенді тарту үшін қажетті жағдайлар жасау). Сотталғандарды өндіруде және өзін-өзі жұмыспен қамтуда еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін капитал, оның ішінде сотталғандардың еңбек заңнамасына сәйкес оларды ұстауға жұмсалған қаражаттың өтемақысынан босату жолымен жалақысын арттыру, сондай-ақ жеке шоттарға кепілдендірілген аударымдарды ұлғайтуды көздеу және т. б.). Бұрынғы КСРО тәжірибесіне сүйене отырып, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандарға жұмыс істеуге және ақша табуға мүмкіндік беретін қуатты және тиімді өндірістік қуаттарды құру қажет, бұл ретте олар өздерінің күтімі үшін ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке үлкен пайда әкелуі тиіс.

Бұдан басқа, сотталғандар үшін тапқан ақшасына тұрғын үй, спорт және білім беру объектілерін салуды көздеу қажет.

Еңбек қатынастары жүйесін жазаны орындаудың прогрессивті жүйесімен, сондай-ақ шартты түрде мерзімінен бұрын босату шарттарымен байланыстыру орынды болар еді, бұл қылмыстық жаза мақсаттарын іске асырудың тиімділігіне оң әсер етеді.

Сотталғандарды оқыту нысанын өзгерту. Жазаны орындау кезінде білім алу сотталған адамды түзетудің маңызды құралы ғана емес, сонымен бірге сотталған

адамға оның жұмысын қамтамасыз ету және кейіннен бостандықтағы өмірге бейімделу үшін қажетті кәсіп алуға мүмкіндік береді [185].

Бостандықты шектеуді орындау.

Бостандықты шектеу 1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексіне енгізілді. Бірақ түзету орталықтарын салу үшін үлкен қаржылық шығындар қажет болғандықтан, бұл жазаның орындалуы қолданысқа енгізілмей тұрды. Жазаның орындалу үрдісі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 4 мамырдағы бұйрығымен бекітілген «Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның орындалуын ұйымдастыру жөніндегі» Нұсқаулық реттелінетін [186].

2014 жылғы ҚК-тің, сондай-ақ пенитенциарлық реформаның нәтижесі түрінде көрінген жаңа ҚАК-нің қабылдануымен қылмыстық жазаның орындалу тәртібі елеулі өзгерістерге ұшырады.

Бас бостандығынан айыруға балама қылмыстық жаза түрлерін кеңейтудегі қажеттілік олардың артықшылығын білдіреді, ал оны проф. С.М. Зубарев келесі жағдайлармен түсіндіреді: олардың репрессивтілігінің төмендігін көрсетеді; олар жүріп-тұру бостандығын, басқа азаматтармен қарым-қатынас еркіндігін шектемейді; жазаның орындалу барысында туыстарымен, таныстарымен, еңбек ұжымдарымен пайдалы әлеуметтік қатынас үзілмейді; сотталғандар әдеттегі әлеуметтік ортадан аластатылмайды, сондықтан қылмыстық жазасын өтегеннен кейін оларды әлеуметтік оңалтудың қажеті болмайды; жазаның осы түрлерін қолдану сотталушының қылмыскерлермен тығыз байланыста болуына және теріс қылмыстық тәжірибе жинақтауына жол берілмейді; сонымен бірге бұл түзеу мекемелеріндегідей сотталғандарды шоғырландыру мүмкіндігі туындамайды, бұл оларға «түрме» деп аталатын субмәдениет ережелерінің қалыптасуына және басқа сотталғандардың сол ережелерді сақтауына жол берілмейді; қылмыстық жазаның орындалуын қоғамдық бақылау тиімдірек жүзеге асырылады; осы жазаларға сотталғандарды ұстау үшін үлкен материалдық шығындар әкелмейді; сотталғандардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері едәуір дәрежеде қамтамасыз етіледі [187, 69 б.]

ҚР ҚАК-і қылмыстық жазаның барлық түрлерінің орындалу тәртіптерін қарастырады. Бұл жазаның бір түрі ретінде бостандықты шектеуге де қатысты. ҚР ҚАК-нің 13-тарауы сол бостандық шектеу жазасын орындау тәртібіне арналған. Сонымен қатар, заңға сәйкес актілердің қатарындағы ҚР ІІМ-нің 2014 жылғы 15 тамыздағы №511 бұйрығымен бекітілген «Пробация қызметінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын» атаған жөн, оны бүгінде қарастырылып отырған жаза түрін орындауда ҚР барлық пробациялық қызметі басшылыққа алады. Б.б.ш. түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталған адамның жеке басын ескере отырып, сот өз үкімінде міндет түріндегі белгілі бір шектеулерді қоя алады. Мұндай шектеулер сот үкімінде нақтылауды қажет етеді. Мысалы, белгілі бір орынға бармау десек (ҚР ҚК 44-бабы 1-б.), нақты қандай мекен-жайға бармау керектігі нақтылануы тиіс. Ал бұл міндеттерді (шектеулер) ПҚ-нің ішкі тәртібіне сай, сотталған адамға жүктелінетін міндеттерден ажырату қажет (ҚР ҚАК 66-бабы 1-бөлігі). Сотталған адам:

1) сот жүктеген міндеттерді орындауға;

2) ПҚ-нің талаптарын сақтауға;

3) ПҚ-нің ұсынымы бойынша сот айқындаған орындарға бармауға;

4) ПҚ-не хабарламай тұрғылықты жерін, жұмысын немесе оқу орнын өзгертпеуге;

5) ПҚ-н хабардар етпей, әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен шықпауға;

6) тіркеу және олармен тәрбие жұмысын жүргізу үшін белгіленген күндері ПҚ-не келуге міндетті [70].

Тұрғылықты жері бойынша ПҚ сот үкімінің көшірмесін алған соң бір жұмыс күн ішінде сотталған адамның деректерін Орталықтандырылған автоматтандырылған деректер базасына (бұдан әрі – ОАДБ) енгізеді. Сот үкімінің көшірмесі келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күнінде сотқа сот шешімін орындауға қабылдау туралы электронды немесе жазбаша нысанда хабарлама жөнелтеді. Сонымен қатар сот үкімінің көшірмесін алғаннан бастап бір тәулік ішінде бақылау-мерзімдік карточкасы толтырылып, ПҚ-нің картотекасына алады. ОАДБ-да тіркелген номер есепке алу карточкасы мен бақылау-мерзімдік карточкасының реттік номерлерімен сәйкес келеді.

Сотталған адам тіркелгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде «Арнайы есепке алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ААЖ) деректемелерді автоматты түрде толтыру үшін дактилоскопиялық тіркеуге және суретке түсіруге жатады.

Сотталған адам туралы электрондық хабарлама және жеке қағаз жеткізгіштегі үкімнің көшірмелері, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері аумақтық басқармаға ұсынылады.

Басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың соты соттаған адамға әліпбилік тіркеу карточкасының бір данасын толтырады және сотталған (күзетпен қамауға алынған) туралы электрондық хабарламаны қалыптастырады және әліпбилік тіркеу карточкасының бір данасын қағаз жеткізгіште бөлек ұсынады, үкімнің көшірмесі, тіркеу карточкасы, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі ҚР БП ҚСжАЕК аумақтық басқармасына тапсырылады. Хабарламаның көшірмесі істің бірінші бөлігіне хронологиялық тәртіппен тігіледі [181].

Жазаны өтеу мерзімі ПҚ сот үкімін орындауға қабылдаған күннен бастап есептелінеді.

ПҚ сотталған адамды есепке қою үшін шақырады. Жоғарыда аталған бұйрықта сотталған адамның келу қажеттілігі туралы ресми хабарламаны тапсыруы, сондай-ақ оның пробацияға келуге міндетті уақыт қарастырылмайды. Оның келмеуінің себепті жағдайы ҚР ҚАК 53-бабымен реттелінеді. Егер жоғарыда айтылған ережелерге сүйенсек, сотталған адамның деректерін ОАДБ енгізу үшін бір жұмыс күні, онан соң бақылау-мерзімдік карточкасын толтыруға бір тәулік, ал сотталған адамды тіркегеннен соң «Арнайы есепке алу» үшін бес жұмыс күнінің берілетіні ғана айтылады.

ПҚ сотталған адамға өзінің құқықтары мен міндеттерін, жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік тағайындалатынын түсіндіреді. Сотталған адамға жадынама ұсынылады [188]. Мысалы, РФ әділет Министрлігінің «Бас бостандығын шектеу

түріндегі жазаның орындалуын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығында үкімнің көшірмесін алған күні сотталған адамды журналға тіркегеннен бастап 15 тәулік ішінде сотталған адамға хабарламаны жеткізу міндеті жүктелінеді (қолымен рәсімделген). Ал сотталушы хабарламаны алған күннен бастап 3 тәулік ішінде инспекцияның есебіне тұру үшін келуі шарт деп көрсетіледі [189].

Отандық ҚАК-і бас бостандығынан шектеуге сотталған адамды марапаттау шараларын қарастырмайды. Мысалы, РФ ҚАК-нің 57-бабында марапаттау шаралары ретінде сотталған адамның еңбекке және (немесе оқуға) адал қарағаны, жақсы мінез-құлқы үшін белгіленген территориялық аумақтардан тыс жерлерге демалыс және мейрам күндері шығуына, демалыс уақытын өткізуіне рұқсат беруді жатқызған [190]. Марапаттаудың сотталған адамның тәрбиеленуіне стимул болып табылары анық. Бірақ та бұл марапаттау шарасын ПҚ-нің құзырына бере отырып, алғашқыда сотталған адамға соттың шектеулер қоятынын ескерген дұрыс.

Бас бостандығын шектеуге сотталғандарды түзету құралы тәрбие жұмысы болып табылады, оны сотталғандармен ҚР ҚАК 66-бабы 1-бөлігінің 6)-тармақшасына сәйкес ПҚ жүргізе алады.

Заң шығарушы ҚАК-нің 63,66-баптарында көзделгендей, бостандықты шектеуді өтеп жатқан адамдарға қатысты қоғамға пайдалы еңбек, жалпы білім беру, кәсіптік даярлық және әлеуметтік ықпал сияқты түзету құралдарын қарастырған. Егер сотталған адамның индивид екендігін ескерсек, оларға қолданылатын жаза түрі де сотталған адамның жеке психиологиялық ерекшеліктеріне сай болуды қажет етеді. Сотталған адамның түзелуін, болашақта қ.қ.б.-тың алдын алуын шынайы қамтамасыз етуіне кәсіби психологтарды тарта отырып ұйымдастыру нәтижелі болар еді.

Бұл түзету құралдары үкім шығарылғанға дейін сотталушының әлеуметтік белсенділігінің кейбір түрлеріне енгізілген немесе оның кәсіби қызметінде ішінара ғана көрсетілген деп болжау жасалынады. Сонымен қатар, сотталғандардың б.б.ш. түріндегі жазаны өтеуін қадағалайтын мамандандырылған мемлекеттік органның келісімінсіз жұмыс немесе оқу орнын ауыстыруға тыйым салуды белгілейді. Осыған байланысты жұмыс беруші немесе білім беру мекемесінің әкімшілігі ПҚ-нің келісімімен ғана жұмыстан немесе оқудан шығара алады деп болжауға болады.

ҚР ҚК 44-бабы 1-б. қарастырылған мәжбүрлі еңбекке тартылмайтындарды қоспағанда бас бостандығын шектеуге сотталған адамдар сотталған адам сот үкімінде қарастырылған ретте мәжбүрлі еңбекке тартылады. Мәжбүрлі еңбекке тартуды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады.

Сол «мәжбүрлі еңбек» ұғымының мазмұнына келсек, ол біреудің еркінен тыс еңбекке тарту дегенді білдіреді. Түсіндірме сөздіктерге сүйенсек, «мәжбүрлеуші – біреуді мәжбүр етуші адам» дегенді білдіреді [191, 412 б.]. Бірақ та сот үкімімен сотталған адамды еңбекке тарту мәжбүрлеу емес, ол мемлекет атынан шығарылғандықтан заңсыз әрекет болмайды. Мұны «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық пактісінің 8-бабындағы ереже де растайды:

3. (a) ешкімді мәжбүрлі еңбекке мәжбүрлеуге болмайды;

қылмыс үшін ауыр жұмыстармен байланысты б.б.а. жаза ретінде тағайындалуы мүмкін елдерде 3 тармақтың А) пунктіндегі ереже мұндай жазаны тағайындаған құзырлы соттың үкімімен ауыр жұмыстарды орындауға кедергі болып саналмайды;

c) бұл пункте «мәжбүрлі немесе міндетті еңбек» термині келесілерге қатысты емес:

i) (b) пунктінде аталған, қандай да жұмыс немесе қызмет болмасын соттың заңды үкімімен бас бостандығынан айыруға сотталған немесе сол бас бостандығынан айырудан босатылған адам орындауы тиіс [192].

Кейбір еңбектерде қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамаларындағы «мәжбүрлі еңбек» ұғымын «қоғамға пайдалы еңбек» деп өзгерту ұсынылады [58, 90 б.]. Десек те, байқап отырғанымыздай, жоғарыда аталған Халықаралық актімен ешкімді еңбекке мәжбүрлемеу сотталғандарға қатысты пікір емес, яғни сот сотталғандарды еңбек етуге мәжбүрлей алатын болмақ.

ПҚ сотталғандардың б.б.ш. түріндегі жазаны өтеуін қадағалауды жүзеге асырады, ол сотталғандардың мінез-құлқын, олардың сот белгілеген шектеулерді сақтауын және қажет болған жағдайда заңда белгіленген ықпал ету шараларын қабылдауын қадағалаудан тұрады. Сотталғандардың мінез-құлқын қадағалау «Пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің ПҚ-нің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқын бақылау жөніндегі өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІІМ бұйрығымен реттелінеді [193].

Қадағалауды қамтамасыз ету, қ.қ.б.-тардың алдын алу және сотталғандардың мінез-құлқы туралы қажетті ақпарат алу мақсатындағы ҚР ІІМ №511 бұйрығы 65)-тармағына сай, пробация бақылау шарасына мыналар кіреді:

– сотталған адамның құқық бұзушылықтарды жасағаны немесе жауаптылыққа тартылған жайлы ақпарат алу үшін ІІО-ның есептері, ҚСжАЕК аумақтық басқармаларының есептерін қарай отырып, ай сайын тексеру;

– ПҚ белгілеген күндері сотталған адамның келуі;

– сотталған адамның мінез-құлқы, міндеттерді орындауы, бірлескен профилактикалық шараларға қатысты құқық қорғау органдарымен, қоғамдық ұйымдармен ақпарат алмасу.

ҚР ҚАК 68-бабына сай, б.б.ш. түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін сотталушыға бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы жазбаша ескерту жасалынады.

Әдетте, ескерту жазаның түрі ретінде еңбек және ӘҚтК-терімен қарастырылады. ҚАК-нің 68-бабында ескертуді жазаның түрінде қарастыру дұрыс бола қоймас. Мұндағы ескертуді белгіленген тәртіпті, осы жағдайда бас бостандығын шектеуді өтеудің тәртібін бұзғаны үшін қолданылатын қылмыстық-атқару қызметінің құралы не мәжбүрлеу шарасы деп қарастырған жөн.

Онда ПҚ-не есепке қою үшін келмеген күннен бастап 15 (он бем) күннен артық тұрғылықты жері анықталмаған сотталған адам пробациялық бақылаудан жасырынып жүр деп танылады.

Заңнамада ПҚ сотталған адамды шақырған уақытта бір рет келмеуі (ҚР ҚАК

66-бабы 1-бөлігінің 6-тармақшасы – б.б.ш. түріндегі жазаны өтеу шарттары) ПҚ-нің ішкі тәртібіне сай сотталған адамның өз міндеттерінің бірін орындамау, әрі бас бостандығын шектеудің тәртібі мен шарттарын бұзу болып есептелінеді.

ҚР ҚАК 67-бабы 1-б. бас бостандығын шектеудің тәртібі мен шарттарын бұзуды, ал осы баптың 2-бөлігінде жазаны өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзушылықтың тобы қарастырылады. Заң шығарушымен алғашқы топтағы жазаны өтеу тәртібін бұзушылықтың құқықтық салдары ретінде бас бостандығын шектеу–ді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы жазбаша ескерту беру, ал екінші жағдайда бас бостандығын шектеу–ді бас бостандығынан айыру–мен ауыстыру көзделген.

Жазаны өтеу тәртібін қасақана бұзған сотталған адамға қатысты ПҚ бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыру–мен ауыстыру туралы мәселелерді шешу үшін материалдарды сотқа жібереді [70]. Іс-тәжірибеден мысал келтіріп өтсек. Мас күйінде көлік басқарғаны үшін 2 жыл 6 айға бас бостандығын шектеуге сотталады. Жазасын орындау үшін есепке алынған күннен сотталған адамға БҚО №2 Казталов аудандық ПҚ тараптынан тиісті іс-шаралардың атқарылады. Дегенмен де сотталған адам құқық бұзушылыққа бірнеше рет барады. ПҚ б.б.ш. жазасын б.б.а. жазасымен ауыстыру үшін сотқа жүгінеді. Сот ұсынысты қолдайды, б.б.а. жазасына ауыстырылып, сотталған дам ҚАЖ орташа қауіпсіздік мекемесіне жөнелтіледі [136].

Қадағалауды қамтамасыз ету, қ.қ.б.-тардың алдын алу және сотталғандардың мінез-құлқы туралы қажетті ақпарат алу мақсатында ПҚ электронды бақылау құралдарын пайдалануға құқылы. Бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы жазбаша ескертілген сотталған адамға қатысты бір жыл мерзімге электрондық бақылау құралдарын пайдалану туралы сот шешім қабылдайды [182].

Электронды бақылау құралын қолданудың шарттары мен негіздерін бекіту шарасы арнайы заңға сәйкес актімен реттелінеді [194], ал оның тізімі ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітіледі (бүгінде электрондық бақылау құралдарының тізбесі бекітілген ҚР Үкіметінің 07.11.14 жылғы №1180 қаулысы күшін жойған).

Дербес бақылау құралдары, техникалық құралдар және мониторинг құрылғылары жиынтығында электронды бақылау құралдарын құрайды. Мұнда:

1. Жеке қадағалау және бақылау құралдары:

1) электрондық білезік – б.б.ш. түрінде жазаға кесілген адамға оны қашықтықтан сәйкестендіру және оның орналасқан жерін қадағалау мақсатында киілетін, денеде ұзақ уақыт (3 айдан астам) киюге арналған және рұқсатсыз кіруді бақылаудың кіріктірілген жүйесі бар электрондық құрылғы. корпусты алу және ашу;

2) стационарлық бақылау құрылғысы – үй-жайда не белгіленген аумақта болу режимін бақылау үшін электрондық білезік сигналдарын үздіксіз тәулік бойы қабылдауды және сәйкестендіруді, сондай-ақ электрондық білезікті алу және зақымдау әрекеттері және басқа да бұзушылықтар туралы хабарлауды қамтамасыз ететін электрондық құрылғы;

3) мобильді бақылау құрылғысы – ГЛОНАСС/GPS ғаламдық навигациялық спутниктік жүйесінің сигналдары бойынша сотталған адамның

орналасқан жерін бақылау үшін стационарлық бақылау құрылғысымен жабдықталған орындардан тыс жерде б.б.ш. түріндегі жазаны өтеу кезінде электрондық білезікпен бірге алып жүруге арналған электрондық құрылғы;

4) ретранслятор – электрондық білезік сигналдарын қабылдау аймағын стационарлық немесе мобильді басқару құрылғысымен кеңейтуге арналған электрондық құрылғы;

5) дербес трекер – ГЛОНАСС/GPS ғаламдық навигациялық спутниктік жүйесінің сигналдары бойынша бас бостандығын шектеу–ге сотталған адамды қашықтықтан сәйкестендіру және оның орналасқан жерін қадағалау мақсатында оның денесінде (3 айдан аспайтын) киюіне арналған білезік түрінде орындалған, корпусты рұқсатсыз алу мен ашуды бақылаудың кіріктірілген жүйесін ие электрондық құрылғы;

6) фотоэлектрохимиялық бақылаудың стационарлық құрылғысы (автоматты түрде визуалды бақылау және анықталатын адамды ауаға шығару арқылы қандағы алкоголь мөлшерін анықтауға арналған электрондық құрылғы).

2. Стационарлық аудиовизуалды бақылау құрылғысы – б.б.ш. түрінде жазаға кесілген адамды автоматты түрде визуалды және дауыстық сәйкестендіруге арналған электрондық құрылғы;

3. Өңірлік ақпараттық орталықтардың техникалық құралдары мен құрылғылары:

1) мониторинг сервері – ақпаратты қашықтықтан қабылдау, сәйкестендіру, өңдеу, сақтау және беру жүйесінің жұмысын қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық-аппараттық кешені;

2) аудиовизуалды бақылау сервері – ақпаратты визуалды және дауыстық сәйкестендіру, жазу, сақтау, өңдеу және беру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық-аппараттық кешен;

3) стационарлық мониторинг пульті – сотталғанның белгіленген шектеулердің б.б.ш. түріндегі жазаға орындалуы туралы ақпаратты көрсетуге және өңдеуге арналған компьютер;

4) мобильді мониторинг пульті – электрондық білезік сигналдарын қабылдауды және сәйкестендіруді, сондай-ақ сотталған адамның белгіленген шектеулерді орындауы туралы ақпаратты б.б.ш. түрінде өңдеуді және көрсетуді қамтамасыз ететін портативті тасымалданатын құрылғылар кешені [195].

Өмірлік жағдайлардың алуан түрлілігін ескерсек, сот сотталған адамға қолдануы мүмкін шектеулердің тізімін толық көлемде қамту мүмкін емес. Сондықтан бұл сұрақтың ашық болғаны, яғни заң шығарушының белгіленген елеулі мән-жайларды ескеріп, сотталғанды түзетуге ықпал ететін шектеулерді белгілеу құқығын сотқа қосымша беруі орынды болмақ. Мысалы, мұндай қосымша шектеулер маскүнемдіктен емделу міндеті, сотталушымен бірге тұратын адамдарға материалдық қолдау көрсету талабы болуы мүмкін.

ПҚ белгіленген шектеудің сақталуын тексеру үшін сотталған адамның мекен-жайына бара алады. Қызметкер сотталған адамның мекен-жайда болу кестесін құру арқылы тұрғылықты жерін тастап кетпеу талабын орындап жүргенін тексере алады.

Егер сотталған адамның белгіленген аумақтан шығуға шектеу міндетінің

сақталуын қадағалаудың проблемалы жағдай екендігін ескерсек, онда бас бостандығын шектеуге сотталған барлық адамдарға қатысты электрондық мониторинг белгіленуі керек. ПҚ б.б.ш. түріндегі қылмыстық жазаны қолдануға бағытталған техникалық қадағалау құралдарымен тиісті түрде жабдықталған болса, жоғарыда аталған проблемаларды жоюға болатыны анық.

Бас бостандығын шектеуге және шартты түрде сотталғандарға электронды құралдарды қолдану шарасы соңғы жылдары кеңінен қолданысқа еніп отыр. Сондай-ақ Батыс Еуропа, АҚШ-да, кейбір ТМД елдерінде сот тәжірибесінде электронды бақылау құралдары б.б.а. орындарында түрмеге қамауға балама ретінде қаралады. Бұл жағдай болашақта бізде де қарастырылуы мүмкін.

Өткен жылы Республиканың барлық өңірлері үшін барлығы 2,5 мың білезік сатып алынған. Бұдан басқа, сотталғандарды бақылау үшін арнайы бағдарламасы бар планшеттер пайдаланылатын болады (сотталғандардың жалпы санының орта есеппен 95%).

Хабарланғандай, электрондық білезіктерді мына санаттағы сотталғандар киеді: жазасын өтеу шарттарын жүйелі түрде бұзатын және бірнеше ескертпелері бар, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстары үшін сотталған адамдар [196].

Б.б.ш. түріндегі жазаны орындаудың құқық қолдану тәжірибесіне жүгінсек, техникалық құралдардың жетіспеушілігін, сондай-ақ қолданыстағы бақылау құрылғыларының жұмысындағы ақаулардың кездесетіндігін жоққа шығара алмаймыз, ал бұл Пробация органының жұмысын едәуір қиындатады. Электрондық білезік пен басқару құрылғылары арасындағы байланыстың бұзылуы, сондай-ақ мобильді басқару құрылғыларының батареяларының сыни тозуы жиі кездеседі, бұл мәлімделген жұмыс уақытын қысқартады.

Сонымен қатар, картографиялық базаның жетілмегендігі техникалық бақылау құралдарын пайдалану тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Ақпараттарды өңдеу орталықтарындағы деректер көбінесе белгілі аумақтардың немесе басқа объектілердің нақты орналасу орындарына сәйкес келе бермейді. Бұл сәйкессіздік сотталғандардың тыйым салынған аймақты кесіп өтуінің жалған жазбаларына әкелуі мүмкін, тіпті егер электронды білезік иесінің өзі қозғалу кезінде мұндай мақсатты көздемесе де.

Бас бостандығын шектеуге сотталған адамдардың электрондық мониторинг құралдарын одан әрі дамыту және жетілдіру үшін коронавирустық инфекцияның таралуына қарсы тұру үшін көзделген өзін-өзі оқшаулау режимін сақтау құралдарын пайдалану тәжірибесін игеру де тиімді. Мысалы, «әлеуметтік мониторинг» мобильді қосымшасын қолдана отырып, белгілі бір геолокацияда азаматтың орналасқан жерін электронды бақылау технологиясымен анықталады [197].

Сотталған адамның белгіленген тыйымдарды сақтауы үшін болашақта сотталған адамға мобильді қосымша сервистерін пайдаланып өз тұлғасын міндетті түрде суретке түсіріп алуды талап етіп, сондай-ақ ағымдағы геолокация мен сотталған адамның тұрғылықты жері арасында өзара байланыс орнатуға мүмкіндік беретін сотталған адамнан арнайы мобильді қосымшаны орнатуын міндеттеуге болады. Егер сотталушының қажетті техникалық құрылғысы

болмаса, оған жазасын өтеу кезеңіне тиісті техникалық құрылғы, сондай-ақ техникалық құрылғыны пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз ету қағидалары туралы жадынама берілуге тиіс.

Сотталғандарды әлеуметтік қолдау мәселесі қылмыстық-атқару заңнамаларымен арнайы көзделген және аталған шараны атқаруға ПҚ-не жүктелінген [198].

ҚР Құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, Азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, жеке және икемді дағдыларды дамытуға бағытталған халықаралық озық тәжірибені ескере отырып, пенитенциарлық пробацияны іске асыру, яғни ҚАЖ (пенитенциарлық) мекемелерінде б.б.а. түріндегі жазасын өтеп жатқан адамдарды қайта әлеуметтендіру тәсілдерін қайта қарау талап етіліп отыр, өйткені қазіргі нысандағы пробацияның осы түрі өзінің тиімсіздігін көрсетті [2].

Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаларды орындау.

Жазаның бұл түрі ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің баптарын талдай отырып, қылмыстық құқық бұзушылықты өзінің қызметтік жағдайын пайдаланған адамдарға, қылмыстық құқық бұзушылықтың саралаушы құрамдарын жасаған адамдарға, қылмысты жасағанда тиісті лауазымдық міндеттер жүктелінген болуы тиіс адамдарға қолданылады. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру белгілі бір қызметтік міндеттерді тұрақты немесе уақытша атқарған адамдарға тағайындалуы мүмкін. Жазаның практикалық маңызы сол, сотталған адам соттың үкімімен өз лауазымын белгілі бір уақыт ішінде қылмыс жасаған кезде қолдана алмайды.

Жазаның мазмұнына келсек, кінәлі адам мемлекеттік қызметте белгілі бір лауазымдарды атқаруға құқығы жоқ.

Аталған жазаның орындалу тәртібі ҚР ҚАК-мен, ҚР ІІМ 15.08.14 жылғы №511 бұйрығымен бекітілген «ПҚ-нің қызметін ұйымдастыру қағидаларымен», сондай-ақ «Педагог лауазымын және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салу туралы сот үкімін орындау қағидаларымен» де (2014 жылғы ҚР БжҒМ №388 бұйрығымен бекітілген реттелінеді) [199].

Педагог лауазымын және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салу туралы сот үкімін меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдар, ал белгілі лауазымды атқаруға өмір бойы тиым салу туралы сот үкімін мемлекеттік мекеме және ұйымдар, ал жазасын өтеген соң ПҚ орындайды.

Бұл жаза қамаққа алу мен б.б.а. жазасына қосымша жаза ретінде тағайындалғанда негізгі жазаны орындайтын мекеме немесе орган, ал басқа негізгі жазаларға қосымша жаза ретінде ПҚ атқарады.

ПҚ сотталған адамның жұмыс орнын анықтап, 3 күнде сот үкімінің көшірмесі мен хабарламаны электронды немесе жазбаша жолдайды. Ал белгілі қызмет түрімен айналысу үшін арнайы рұқсат қажет болса, рұқсат берудің күшін жоюға құқылы органдарға осы құжаттарға қоса ұсынымхат жіберіледі.

Жасалынған қылмыс түрінің сипатын ескеріп, қоғамдық бірлестіктерге, белгілі бір қызметті жүзеге асыруға құжат беруді белгілейтін органдарға ПҚ аталған құжаттарды жөнелтеді.

Б.б.а. жазасына қосымша қарастырып отырған жаза тағайындалған жағдайда б.б.а. мекемесінен босатқан мекеме сотталған адамнан тұрғылықты жеріне келген күннен бастап 5 күн ішінде ПҚ-не келуі тұралы қолхат алып қалады.

ПҚ сотталғанды есепке қойған соң 1 ай ішінде ұйымдармен лауазымнан, белгілі қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы үкімнің орындалғанын тексереді. Тексеріс нәтижелері бойынша екі данада акт толтырылады. Оның бірі ПҚ-нде, екіншісі сол мекемеде сақталынады.

ПҚ жазаның орындалған туралы хабарды алған сәттен бастап 1 ай ішінде сотталған адамның жаңа жұмысқа тұрғандығын анықтап, жаңа жұмыс орнына хабарлама жібереді. Тексеріс нәтижелері ОАДБ-ға енгізіледі. Ал егер де жаза орындалмаса, онда олардың атына ұсыным жіберіледі. Бақылау мақсатында 6 айда 1 рет ұйымды, тоқсанына 1 рет тұрғылықты жерін тексереді. Оның да нәтижелері ОАДБ-ға енеді.

Жоғарыда айтқан ұсынымды алған соң ұйым басшысы үкімді орындамаса, онда ІІО бөлінісіне 30-күнде сотқа дейінгі тергуді бастау туралы мәселені шешу үшін жолдайды.

Енді жаза мерзімінің есептелуіне келсек. Сот үкімі заңдық күшіне енген кезден бастап айыппұл, бас бостандығын шектеу, қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына, сондай-ақ жазаны орындауды кейінге қалдырғанда, шартты түрде соттағанда белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазасы есептеледі. Ал бас бостандығынан айыру, қамауға алумен бірге тағайындалған жағдайда негізігі жаза орындалатын барлық уақытта қолданылады, бірақ қамаудан, қауіпсіздік мекемесінен ПҚ-не есепке қойған күннен есептеледі.

ҚР ҚАК-нің 72-бабына сай, соттың белгілі бір лауазымда болу құқығынан айыру жайлы үкімін реттеуде жоғарыда аталған «Педагог лауазымын және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салу туралы сот үкімін орындау қағидаларына» сүйенеді.

Меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымының басшысы педагог лауазымын және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салу туралы заңдық күшіне енген сот үкімін алып, бұндай үкім бар немесе оның жасырынғаны анықталғанда 1 күн ішінде тұлғаны лауазымынан босатады. Тұлғамен еңбек шартын бұзу кезінде үкімнің орындалғаны, атқарылған шаралар туралы туралы күнтізбелік 7 күн ішінде білім беру саласындағы және ішкі істер органдарының ҚАЖ-гі жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды [199].

Белгілі лауазымды атқару құқығынан айыру міндеті жүктелген, белгілі бір қызметпен айналысуға рұқсатты кері қайтарып алуға құқығы бар ұйым басшысының сот үкімін орындамағаны үшін кінәлары дәлелденген ретте ҚК-тің 430-бабымен (Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты орындамау) қылмыстық жауаптылық қарастырылады.

ҚР ҚАК-нің 74-бабына сәйкес, сотталған адамға келесідей міндеттер жүктелінеді:

– ПҚ-не өзінің жұмыс орнының, тұрғылықты жерінің өзгергені, жұмыстан шыққаны туралы хабарлауға;

– ПҚ шақырған уақытта келіп тұруға.

Тұлға айналысатын қызмет түрлерінің барлығы бірдей арнайы рұқсатты қажет етпейді. Мысалы, тасымалдау қызметін не дәрігерлік қызметін арнайы көрсету үшін лицензия алынады, бірақ дәріханада, ауруханада дәрігер мамандығы бойынша жұмыс атқару үшін белгілі бір қызметпен айналысу үшін уәкілетті органның рұқсаты қажет емес. Соңғы жағдайда азаматтық заңнамаға сәйкес лицензиатқа лицензияға кандидат өтініш беру жолымен жүгінуі керек (ҚР ӘРПК-не сәйкес).

ҚР ҚАК-нің 75 және 76-баптары ұйымдар әкімшілігінің белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру түріндегі жаза туралы сот үкімін орындау жөніндегі міндеттері мен белгілі бір қызметпен айналысуға берілген рұқсаттың кері қайтарып алуға құқығы бар органдардың міндеттеріне арналады. ҚР ҚАК-нің 75-бабының атауы мен диспозициясының (мәтіні) мазмұнын зерделей отырып, сәйкессіздікті байқауға болады. Мысалы, аталған норманың атауына қарасақ, оның мәтіні белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыруға арналу керек сынды, десе де диспозициясында онымен қатар белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға қатысты ұйым әкімшілігінің міндеттері де қамтылады. Егер «белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру» мен «белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру» ұғымдарының екі бөлек екенін ескерсек, онда ҚР ҚАК-нің 75-бабының диспозициясының атауын сәйкесінше өзгерту керек сияқты. Сонымен қатар аталған баптың 4-бөлігіндегі мәтіннің мазмұны түсініксіз. Оны орыс тіліндегі мәтінге сүйене отырып, өңдеген жөн болар еді деп есептейміз.

Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру.

Республикада арнайы, ғылыми, әскери, кәсіптік, спорттық атақтар, премия, конкурстар мен байқаулардың лауреаттары біліктілік рязрядтары, атақтары, сыныптық шендер мен дәрежелер, марапаттар белгіленеді. Шендер, атақтар, разряд және рангтер қызмет өткерудің белгілі бір тәртібін белгілейді, қызметкерлердің бір-бірімен, сондай-ақ басқа ведомстволардың қызметкерлерімен және азаматтармен қарым-қатынасына ерекше мән беруді талап етеді, сондықтан да аталған марапаттар адам бойындағы ерекше қабілеттерді, еңбектегі жетістіктері үшін беріледі және иегерлердің атақ-абыройын, мәртебелерін көтерумен қатар, мемлекет тарапынан материалдық қолдау жасалынады.

Құрметті атақтарды беру тәртібі саланың түрлеріне қарай бекітілетін арнайы қағидалармен реттелінеді. Мысалы, денсаулық саласында ҚР Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау саласында құрметті атақтар беру қағидалары» [200], ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітілген «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және

пайдалану саласында құрметті атақтар, төсбелгілерін және құрмет грамоталарын беру қағидасы» [201] және т.с.с.

Ал аталған санаттағы тұлғалар қоғамға жат, қауіпті іс-әрекеттерді жасаған ретте қылмыстық заңнамамен белгіленген мәжбүрлеу шаралары осы мүмкіндіктерге ықпал етпей қоймайды. ҚР ҚК 49-бабында көрсетілген жаза түрлері қасақана қ.қ.б.-тарды жасағаны үшін соттаған жағдайда қосымша жаза түрінде тағайындалуы мүмкін.

Сот практикасында сотталушының жеке басы туралы келесідей ақпараттар мұқият тексеруді қажет етеді: азаматтың әлеуметтік көрсеткіштері (жасы, жынысы, жұмысының болуы, денсаулық жағдайы, тұрғылықты жері, отбасылық жағдайы және т.б.; егер де бұл адамның бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылғанын немесе қазіргі уақытта оның өтелмеген соттылығы бар-жоғы, егер адам қылмыстық жауапкершілікке тартылса, онда жазаны өтеу кезінде бұл адамның қандай мінез-құлқы болғанын, өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан қасақана жалтару орын алғанын және т.б. анықталады); адамның өзі атқаратын қызметтік міндеттерге қатынасы: мысалы, оның мемлекеттік қызметте қандай да бір жазасы бар ма, жұмыстағы әріптестерімен, қабылдауға келген азаматтармен де қарым-қатынаста қандай да бір ескертулері бар ма; қылмыс жасау кезінде өзінің құқықтық мәртебесін пайдаланған ба [202, 215 б.].

Мысалы, соттың біліктілік сипатын және кәсіби құзыреттілікті, шеберліктің тиісті деңгейін растайтын ғылыми дәрежеден, ғылыми атақтан және басқа атақтардан айыруға құқығы жоқ (ғылым кандидаты және докторы, PhD докторы, аға ғылыми қызметкер, доцент, профессор, Нобель сыйлығының лауреаты, спорт шебері).

Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, дипломатиялық дәрежеден, сыныптық шеннен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру туралы сот үкімі заңдық күшіне енген соң сот үікімінің көшірмелері шен, атақ, дәреже, біліктілік сыныбын берген тұлғаларға жіберіледі.

Кассациялық тәртіппен қылмыстық істі қарау кезінде бірінші немесе апелляциялық сатыдағы сот үкімі өзгерген жағдайда, үкімнің көшірмесі кассациялық сатыдағы сот ұйғарымының көшірмесіне қоса беріледі. Үкімнің алынған көшірмесінің негізінде лауазымды адам белгіленген тәртіппен сотталған адамды арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен немесе мемлекеттік наградалардан айыру туралы тиісті құжаттарға жазба енгізеді, сондай-ақ сотталған адамды тиісті атағы, шені мен наградалары бар адамдар үшін көзделген құқықтан және жеңілдіктерден айыру жөнінде шаралар қабылдайды, ол үшін бұл туралы ұйымға хабарлайды. Осы жеңілдіктерді қолданатын кәсіпорындар (әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және т.б.), және сотталған адамнан немесе оның отбасы мүшелерінен тиісті ордендерді, медальдарды, айырым белгілерін, сондай-ақ олардың құжаттары мен куәліктерін алып қояды.

Сотталған запастағы әскери қызметшіге арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен және мемлекеттік наградалардан айыру түріндегі жаза тағайындалған кезде сот үкімінің көшірмесі соңғысының әскери есепке алу орны бойынша әскери комиссариатқа жіберіледі.

Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен және мемлекеттік наградалардан айыру туралы сот үкімін орындау 1 (бір) ай ішінде жүзеге асырылуға тиіс, бұл туралы тиісті лауазымды адам үкім шығарған сотқа хабарланады.

Наградалардан айыру тек моральдық қана емес, сонымен қатар мүліктік сипаттағы әртүрлі жеңілдіктердің жоғалуына әкеледі, сотталушының болашақтағы кәсіби қызметіне шектеулер туғызады, өйткені бұл белгілі бір арнайы не әскери атаққа байланысты болуы да мүмкін, кейбір жағдайларда осы жазаны өтеген адамның кәсіби мансабына кедергі келтіреді.

ҚР Конституциясының 44-бабының 13)-тармақшасы бойынша Президент Республиканың мемлекеттік наградаларымен наградтау, құрметті, жоғары әскери және өзге де атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын беруге құзырлы [171].

Бұл марапат иелері қылмыс жасағаны үшін сот аталған жаза түрін тағайындамас бұрын Президентке ұсыныспен шығпды, ал мемлекет басшысы қолдаған ретте Жарлық қабылдайды. Жарлық Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті немесе оның аумақтық органдарына жөнелтіледі. Аталған орган Жарлықты орындау үшін сотталғанның орналасқан жері бойынша ПҚ-не жібереді. Ол өз кезегінде құжатты қабылдағаннан бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сотталған адамның орналасқан жерін айқындайды. Мекен-жайы белгілі болған соң 5 (бес) жұмыс күнінде сотталған адамның қолы қойдырыла отырып, Жарлықпен таныстырылады. Сондай-ақ мемлекеттік награданың, оған қоса берілетін құжаттардың орналасқан жерін біледі. Егер де бұл мемлекеттік награда және оған қоса берілетін құжаттар басқа өңірден табылса, ПҚ 5 жұмыс күні ішінде орындау үшін тиісті өңірдің қылмыстық-атқару жүйесі органына жарлықтың көшірмесін электрондық немесе жазбаша түрде жібереді. Ал Жарлықтың көшірмесін алған ПҚ-нің қызметкері мемлекеттік наградасы бар адамның және оған қоса берілетін құжаттардың орналасқан жерін анықтап, мемлекеттік награданы 5 (бес) жұмыс күні ішінде 2 (екі) куәгердің қатысуымен алып қояды. Бұл процес алып қою актісімен рәсімделеді (4 данада). Материалдарды ішкі істер органдарына электрондық түрде немесе жазбаша нысанда іс жүргізу шешімін қабылдау үшін жіберіліп, ҚР Президентінің Әкімшілігіне хабарланады. Сәйкесінше ПҚ-мен алынған мемлекеттік наградалар және оларға қоса берілетін құжаттар жөнелтіледі [181].

Егер сот үкімі қадағалау тәртібімен жойылса және іс қылмыс құрамының болмауына не айыптаудың дәлелденбеуіне байланысты тоқтатылса, тиісті сот қаулысының көшірмесін атақтар мен наградалардан айыру туралы өтініш қозғалған органдарға жіберуге міндетті болады.

Тәркілеу жазасын орындау.

Мүлікті тәркілеу тәртібі сот орындаушысымен атқарушылық өндірісте қылмыстық істер бойынша сот үкімі негізінде жүзеге асырылады. Үкім заңдық күшіне енген соң сот орындаушысына атқару парағы жіберіледі. Ал мүлікті тәркілеу не мүлікті мемлекетке беру туралы атқарушылық құжаттарды «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚРЗ 138-бабына сәйкес мемлекеттік сот орындаушылары орындайды.

Сот орындаушысы атқару парағын алған күннен бастап 3 тәулік ішінде атқарушылық іс жүргізу туралы қаулы қабылдайды. Онан әрі ол тәркіленуге жататын мүліктің бар-жоғын, орналасқан орнын, мүліктің қылмыстық жолмен сатып алынғандығын анықтайды, мүліктердің тізімдерін жасайды.

Тәркілеу барысында практикада белгілі бір қиындықтар туындауы мүмкін. Олардың ішінде, ең алдымен, бөлінбейтін заттарды тәркілеуді айтсақ болады. Азаматтық заңнамаға сәйкес бөлінбейтін нәрсе – бұл шаруашылық мақсатын (міндетін) өзгертпестен бөлуге болмайтын немесе заңды құжатындағы ұйғарылуына қарай бөлуге болмайтын мүлік (Азаматтық Кодекстің 120-бабының 1-бөлігі). Бұл жағдайда ең алдымен, адал иелердің мүдделерін ескеру қажет. Ол үшін меншік иелеріне тәркілеу тағайындалған адамның үлесін сатып алуы ұсынылады. Алайда, бұл иелердің мұндай мүмкіндігі болмаса, осы бөлінбейтін затты сатқан дұрыс, ал сатудан алынған сома тәркілеу тағайындалған адамның үлесін шегергенде иелер арасында бөлінеді. Үшінші нұсқа, егер басқа да мүліктері болса, тәркіленетін мүліктің орнына басқа мүлікті өндіріп алуға жатады.

Жоғарыда аталған заңда борышкердің ақшалай қаражаты болмаған немесе жеткіліксіз болған кезде басқа мүлікке өндіріп алуға жол береді.

Мүлікті мемлекеттік меншікке айналдыру бойынша атқарушылық іс жүргізу жалпы атқарушылық өндірісінің аз ғана бөлігін құрайды. Оның да тәжірибеде өз қиындықтары болады. Біріншісі, бұл су биологиялық ресурстарын, балық аулау құралдарын, теңіз кемелерін және шағын көлемді су көлігін, сондай-ақ азаматтық айналымнан алынған мүліктерді, атап айтсақ, ұзақ уақыт сақтау адамның өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға қауіп төндіретін заттарды (құрамында радиоактивті заттары бар сынабы бар психотроптық және есірткілік заттар, пестицидтер және құрамында пестицидтер бар қоспалар) мемлекет меншігіне айналдырумен байланысты сот шешімдерін орындаудағы қиындықтар.

Сот практикасында көп жағдайда мүліктің тәркіленбей қалу себебін, сот өзі шығарған үкімдердің орындалу жағдайына аса назар аудара бермеуімен түсіндіріп жатады. Мысалы, Бас прокуратура сот актілерінің орындалуының заңдылығы жағдайын қадағалау барасында заң бұзушылықтардың жиі орын алатынын алға тартады. Мұны салық органдары да растайды. Бірақ та мүлікті тәркілеу туралы сот үкімінің орындалуына сот орындаушылардың өздерінің қызығушылық танытулары керектігін де басып айтады. Сонда қарыздар қайда кетіп жатыр? деген сауалға жауап іздесек, тәркіленетін мүліктердің мемлекет мүддесіне кететініндігіне қарамастан, аталған атқару парақтары ұзақ уақыт бойы тектен тек әрі бері жүріп, орындалмайтыны байқалады.

Ал енді аукциондардың өткізілуіне келсек, ол заң бұзушылықтың нақ ортасы. Мысалы, ЖШС аукционға екі үйді қатарынан шығарады. Екі үй де Орталықта жеке-жеке кадастрлық номермен тіркелінеді, ал ұйымдастырушы бір лотпен өткізіп жібереді. Бірінші объектіге өтініш түспегендіктен де аукцион өткізілмеген болып саналғанына қарамастан, екі күннен соң екі ғимарат та сатылып кетеді. Бірақ заң бойынша аукцион тек 10 күннен кейін ғана өткізілуі тиіс. Мұндай жағдай, сот орындаушыларының олқылықтары болып

табылғанымен, сот әкімшілігі жұмысын ұйымдастырудың жетілдірілмегендігін білдіреді. Тексеріс нәтижелері мүлікті тәркілеуге қатысты қылмыстық істер бойынша сот актілерінің орындалуын соттардың тиісті деңгейде бақылай бермейтінін көрсетеді [203]. Бұл жүйені қалай өзгерту керектігі әлі күнге дейін ашық мәселе.

Аукционды өткізу тәртібі «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңымен реттелінеді. Практикада аукцион, тендерге өтініш беру, оның жүргізілуіне қатысты кәсіпкерлер өте көп наразылықтар келтіретініне куә боламыз. Әсіресе, сыбайластық жағдайлардың нақты орын алып жататындығын, мысалы, мекемеге зат сатып алу кезінде ұсақ-түйек кеңсе тауарларының өзін өте жоғары сомаға (1 қаламды 1 000 теңгеге бағалайтын, не футбол добын 20 000-30 000 теңгеге бағалануын), керісінше тәркіленген заттарды сатқанда сыбайластықтың орын алуымен қозғалмайтын мүліктердің өте арзан бағаға бағалануын кездестіруге болады. Аталған олқылықтардың алдын алу мақсатында тендер мен аукциондардың өткізілу процедурасын сайтта ашық нысанда өткізілуіне жағдай жасау өте қажет. Мысалы, сатылатын заттың құны, сарапшылардың мүлікке қатысты берген қорытындысы (сапасы, күйіне, құнына байланысты), тендер мен аукциондардың өткізілу процедурасы (есебін қоса) видеобейнесі және т.б. қажетті мәліметтердің сайтқа тіркелінуі талап етілсе, сондай-ақ бұл процесті бақылау, қадағалау органдары қызметтерінің әділ жүзеге асырылуына мүмкіндік берілсе. Аталған ұсыныстар заңнамада орын алғаны жөн болар еді.

Тәртібі мен жүзеге асырылуы қылмыстық процестік заңнамада белгілеген мүлікке арест қою тәркілеуді орындаудың кепілі бола алады. Сонымен қатар бұдан басқа, сот үкімі бойынша тәркіленуге жататын мүліктің бар екендігі туралы үшінші тарапқа белгілі болған ретте олар бұл туралы сотқа немесе уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға міндетті болып табылады. Қылмыстық заңнамада сот үкімі бойынша тәркіленуге жататын мүлікті жасырғаны немесе иемденгені, сондай-ақ мүлікті тәркілеуді тағайындау туралы заңды күшіне енген сот үкімін орындаудан өзге де жалтарғаны үшін (ҚР ҚК-нің 430-бабы) жауапкершілік көзделген.

Мүлікті тәркілеуде (банктердегі және басқа да кредиттік ұйымдардағы шоттар мен салымдардағы борышкердің ақшалай қаражатын, бағалы қағаздар мен борышкердің бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысындағы ақшалай қаражатын қоспағанда) сот орындаушысы куәгерлерді қатыстырып, тізім актісін жасап, мүлікті алады. Онан кейін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға атқару парағында көрсетілген тәркіленген мүлікті қабылдау туралы өтініш жібереді.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның республикалық меншікке айналдырылған (алынған) мүлікті сақтау, есепке алу, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысы «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1, 1-т. 211-бабына сәйкес ұйымдастырылады.

Атқарушылық іс жүргізу барысында сот орындаушысы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға келесідей мүліктерді береді:

– көпжылдық екпелері бар жер учаскелерін қоспағанда, жылжымайтын мүлік;

– аяқталмаған құрылыс объектілері;
– көлік;
– өнеркәсіптік тауарлар, мұнай және оны қайта өңдеу өнімдері;
– бағалы қағаздар (жарғылық капиталға қатысу үлесі);
– техникалық құрылғылар;
– бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдар жатады.

Мемлекеттік меншікке енгізілетін мүліктерді есепке алуды, сақтауды және одан әрі пайдалануды ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары да жүзеге асырады. Бұл мемлекеттік мүліктің құрамына келесі мүлік түрлері түседі:

– жер учаскелері және көпжылдық екпелер - жануарлар, жануарлардан алынатын шикізат;
– тамақтандыру;
– тамақ өнімдері;
– дәнді-ағаш материалдары;
– дәрі-дәрмектер;
– минералды шикізат, пайдалы қазбалар;
– агрохимикаттар, пестицидтер, этил спирті және алкогольдік сусындар, темекі және темекі өнімдері кіреді [204].

Уәкілетті орган тәркіленген мүлікті тізімдеу, бағалау және мүлікті қабылдау-беру актісіне сәйкес қабылдап алады. Әрі қарай аталған мүліктің мемлекет есебіне өту процесі ҚР Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген «Мүлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мүлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде мүлікті өткізу немесе пайдалану қағидаларымен» реттелінетін болады [205].

Мүлікті уәкілетті органдарға өткізгеннен кейін сот орындаушысы атқарушылық іс-жүргізуды тоқтату туралы қаулы шығарады және атқарушылық іс-жүргізу аяқталды деп есептеледі. Тіпті, егер айыптау үкімін орындаудың ескіру мерзімі өтпесе, сот үкімі орындалғаннан кейін тәркіленбеген, сол тәркіленетін қаражатқа сатып алынған, тәркіленуге жататын мүлікті сот орындаушының ұсынысымен сот мүлікті тәркілеу туралы қаулы шығара алады.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру түріндегі жазаны орындау.

Әлемде терроризм қаупінің артуы аясында кез-келген мемлекет терроризмге қарсы шаралардың тиімді жүйесіне мұқтаж.

Қазіргі терроризм трансұлттық сипатқа ие және елдің қауіпсіздігіне қауіп тек жақын маңнан ғана емес, сонымен қатар әлемнің шалғай аймақтарынан да келеді. Әлемде болып жатқан террористік оқиғаларға жалғасып жатқан үрдісті ескере отырып, терроризм мен экстремизм қатерлерінің алдын алуға бағытталған пара-пар заңнамалық және ұйымдастырушылық шараларды әзірлеу ерекше өзекті болуда.

Соңғы жылдары өзге елдер сынды Қазақстанда да экстремистік және террористік қылмыстардың алдын-алу шарасы ретіне азаматтықтан айыру туралы қылмыстық жазаны қылмыстық заңнамаға, сондай-ақ «Қазақстан

Республикасының азаматтығы туралы» ҚРЗ, ҚАК-не енгізілген.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚРЗ-ына сай, ҚР азаматы өз азаматтығынан, азаматтығын өзгерту құқығынан айырыла алмайды және оны Қазақстаннан тыс жерлерге депортациялауға болмайды. ҚР азаматтығынан айыруға террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ ҚР өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімі бойынша ғана жол беріледі [170].

ҚР ҚК 50-1-бабы 1-бөлігіне сәйкес ҚР-ның азаматтығынан айыру сотталған адаммен олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын білдіретін тұрақты саяси-құқықтық қатынастарды мемлекеттің мәжбүрлеп тоқтатуы болып табылады. Осылайша, ҚР азаматының конституциялық-құқықтық мәртебесі мәжбүрлеп тоқтатылады.

Заңнамаға сәйкес, сотталған адамды ҚР-ның азаматтығынан айыру жазасын орындау үшін ҚР Президентінің Жарлығы талап етіледі. Бұл жазаның жоғары репрессивтілігі айқын және осы ереже азаматтықтан айыруға жол берілмейді деп санайтын көптеген заманауи мемлекеттердің құқық қолдану тәжірибесіне қайшы. Айта кету керек, мұндай тәжірибе КСРО тұсында қолданылған, көрнекті рөл атқарған адамдарды КСРО азаматы мәртебесінен айырған кезде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлықтары негізінде жүзеге асырылған. Кейінірек бұл тәжірибені адам құқықтары қауымдастығы айыптап, қатты сынға алынды [206].

ҚР ҚАК-нің 71-1-бабына сәйкес, сотталған адамды аталған қылмыстарды жасағаны үшін тағайындалған ҚР азаматтығынан айыру туралы соттың үкімі заңдық күшіне енген соң үкімнің көшірмесі уәкілетті органға «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚРЗ-мен белгіленген ереже бойынша жөнелтіледі.

Сот үкімі ішкі істер органына (көші-қон қызметінің бөлімшесі) келіп түскен соң Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың ІІД-нің бастығы, не оның орынбасарларымен бекітілген азамыттықтан айыру туралы қорытынды жасалады. Азаматтықтан шығу туралы қорытындыда ішкі істер органы келесідей мәліметтерді көрсетеді:

– азаматтардың, мемлекеттік және басқа ұйымдардың мүліктік міндеттері немесе мемлекет алдындағы орындалмаған міндеттемелерінің өтініш берушіде болуы немесе болмауы;

– оны айыпты ретінде қатыстыру туралы;

– оның ҚР-ның азаматтығынан шығуы мемлекеттік қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмейтіні туралы [207].

Сотталған адамның азаматтығанынан айырылуы фактісі «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ІІО-дарының қабылдау, ресімдеу және қарау қағидасына» сәйкес ІІО қызметкерімен ҚР азаматтығын жоғалтқан адамдардың журналына тіркелінеді. Қорытындыны бекіткен күннен бастап

мәліметтер 10 (он) жұмыс күні ішінде ҚР халқының құжаттандырылған деректер базасына енгізіледі [208].

Осылайша, адам ҚР-ның азаматтығынан айырылғаннан кейін оның қолынан азаматтығын растайтын құжат алынып, оның орнына азаматтығы жоқ адамның куәлігі беріледі (ҚР ҚК 71-1-бабы төртінші бөлігі).

Адам азаматтығынан шыққан кезде зейнетақы жинақтарын алуға құқығы сақталынады. Ол үшін зейнетақы тағайындау туралы шарт жасалған зейнетақы қорының бөлімшесіне жүгініп, қажетті құжаттарды ұсыну қажет [209].

Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберуді орындау.

Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР-нан шығарып жіберу қ.қ.б. жасағаны үшін ол негізгі жаза ретінде, қосымша жаза ретінде де тағайындалуы мүмкін. Өзінің мазмұны бойынша ол мынадай рәсімдерден тұрады:

1) сотталған адамның ҚР-ның Мемлекеттік шекарасынан тыс жерге мәжбүрлеп шығуы;

2) ел аумағына 5 жыл мерзімге оралуға тыйым салу.

ҚР Қылмыстық кодексінің 51-бабының мәні бойынша сотталған шетелдік өзі азаматы болып табылатын елге жіберіледі. Азаматтығы жоқ адаммен жағдай біршама күрделі, өйткені бұл адамның азаматтық мәртебесін растайтын бірде-бір елмен саяси және құқықтық байланысы болмайды. Оны Қазақстан Республикасына келген және бұрын тұрған мемлекетке жіберуге болады. Егер азаматтығы жоқ адам босқын мәртебесіне ие болса, бұл жағдай тіптен күрделірек. Бұл жағдайда оны қудалау қаупі төнген елге шығару босқындардың мәртебесі туралы халықаралық құқықтық актілердің ұсыныстарын бұзу болады. Жалпы, бұл қылмыстық-құқықтық санкция қылмыстық жазаның түріне емес, қауіпсіздік шарасына көбірек ұқсайды, деп есептейді К.Рахымбердин [206]. Біздің пайымдауымызша, соңғы жағдайда сотталған адамды шекаралас шетелдің біріне шығарып жіберу қажет.

Енді сот үкімінің орындалу тәртібіне келсек, ол ҚР ҚАК-нің 70-бабында келтірілген.

Шетелдік үкімде көрсетілген мерзім ішінде Қазақстан аумағынан кетуге міндетті. Сот үкімінің орындалуы бақылана отырып, сотталған адам дербес өзі шығады немесе сот үкімінде көрсетілген мерзім ішінде ҚР аумағынан мәжбүрлеп шығарылады. Мәжбүрлеп шығарып жіберу 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге жүзеге асырылады. Егер сотталған адамды ұстау ҚР Үкіметі айқындайтын тәртіпке сәйкес ІІО-дарының арнаулы мекемесінде жүзеге асырылады. Арнаулы мекемеде ұстау тәртібі «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» ҚРЗ-мен реттелінеді [209].

Сот шешімімін орындайтын ІІО қызметкері сотталған адамды ҚР шекарасы арқылы өткізу пункттерінде ҚР ҰҚК (Ұлттық қауіпсіздік комитетінің) Шекара қызметіне береді. Ал ол Қазақстан аумағынан шығарылатын сотталған адамды шығарылатын аумаққа шетел мемлекетінің өкіліне ресми түрде табыстайды» [176].

Сонымен сұрағымызды зерделей отырып, **төмендегідей қорытындығы**

келеміз:

1 Айыппұлдың негізгі мақсаты сотталған адамды шамадан тыс мәжбүрлемей заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ете отырып, қ.қ.б.-тың алдын алу деңгейін төмендету болып табылады. Қылмыстық жазаның бір түрі ретінде айыппұлды қолдану мүмкіндігін кеңейтуді қажет етеді;

2 Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін түзеу жұмыстарын басқа жаза түріне ауыстыру негіздеріне қатысты ҚР ҚК мен ҚР ҚАК-дегі ережелерді сәйкестендіру мақсатында ҚР ҚК 42-бабы 5-бөлігіне төмендегідей өзгерістер енгізу қажет деп есептейміз:

4. «... Сотталған адам түзеу жұмыстарынан жалтарған жағдайда, олар: ...».

3 Қылмыстық атқару заңнамасын жетілдіру және сапалығын арттыру мақсатында, біріншіден, қоғамдық жұмыстарға тарту барысында ПҚ-не өткеннен кейін сотталушының біліктілігі анықталуы керек. Соған сәйкес жергілікті атқару органдарына жолдама жасау арқылы өз саласы бойынша жұмыстар қарастырылуы керек. Өйткені сотталған адамның жазасын өтеу кезінде қолынан келетін, сол салада машықтанған жұмыстарға тартылатын болса, оның нәтижесі және қоғамға пайдасы көп болады.

Екіншіден, заңнамадағы «тұрғылықты жері» сөзі нақтылануы қажет. Сотталушы кішкентай елді-мекенде тұратын болса, аудан орталығына келіп жазасын өтеуі қажет пе!? Көптеген ауылдық жерлерде көгалдандыру, қардан тазарту жұмыстары қарастырылмаған, ауыл тұрғындары өз аула маңайларын өздері тазартумен ғана шектеледі. Сондықтан осы мәселеге назар аударылуы қажет [210, 221 б.].

4 ҚР ҚАК 66-бабы 1-бөлігінде соттың және ПҚ-нің сотталған адамға қатысты бірнеше шектеулері айтылады. Норма ережелерін логикалық тұрғыдан пайымдап қарасақ, мұнда ҚР ҚАК 66-бабы 1-б. 2-тармағындағы «ПҚ-нің талаптарын сақтау» ұғымы ҚР ҚАК-нің 1-б. 4-, 5-, 6-тармағында келтірілген «ПҚ-не хабарламай тұрғылықты жерін, жұмысын немесе оқу орнын өзгертпеу»; «тіркеу және олармен тәрбие жұмысын жүргізу үшін белгіленген күндері ПҚ-не келу»; «ПҚ-н хабардар етпей, әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен шықпауды» жалпы қамтиды.

Сондықтан да жоғарыдағыларды ескеріп, қолданыстағы ҚР ҚАК 66-бабы 1-бөлігін төмендегідей редакцияда өзгерістер енгізуді ұсынамыз:

66-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу шарттары.

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталған адам:

1) сот жүктеген міндеттерді орындауға,

2) ПҚ-нің ұсынымы бойынша сот айқындаған орындарға бармауға;

3) ПҚ-не хабарламай тұрғылықты жерін, жұмысын немесе оқу орнын өзгертпеуге;

4) ПҚ-н хабардар етпей, әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен шықпауға;

5) тіркеу және олармен тәрбие жұмысын жүргізу үшін белгіленген күндері ПҚ-не келуге;

6) ПҚ-нің басқа да талаптарын сақтауға міндетті».

4 «Пробация қызметінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІІМ 15.08.2014 жылғы №511 бұйрығында сотталған адамның

Пробацияға келуге міндетті уақыты қарастырылмайды. Ресей тәжірибесіне сүйеніп, б.б.ш. түріндегі жазаның орындалуын тиімді ұйымдастыру мақсатында аталған Бұйрыққа толықтыру енгізу керек деп есептейміз: 7.1 Тұрғылықты жері бойынша ПҚ сот үкімінің көшірмесі келіп түскен күннен бастап сотталған адамға 15 тәулік ішінде сотталған адамды есепке қою үшін ПҚ-не келу қажеттігі туралы ресми хабарламаны қолын қойдыра отырып, сотталған адамға береді.

Кәмелетке толмаған сотталушы ата-анасымен немесе басқа заңды өкілдерімен бірге шақырылады. Кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты ресми хабарлама алу фактісі оның ата-анасының бірінің немесе басқа заңды өкілінің қолымен расталуы мүмкін.

Сотталғанның ПҚ-не кейінгі шақырулары тексеруге келетін күні туралы хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Объективті мән-жайларды (көлік құралдарының қолжетімділігі, арақашықтық, демалыс, мереке күндері және т.б.) ескере отырып сотталған адамның келу күні айқындалады.

Сотталған адамды хабардар ету келесі жолдармен жүзеге асырылады:

– телефон, электрондық және өзге де байланыс құралдарының көмегімен (сотталған адамның телефон нөмірі, электрондық пошта және т.б. туралы ақпарат болған кезде);

– Пробация қызметкерінің сотталған адамға немесе ол болмаған жағдайда онымен бірге тұратын кәмелетке толған адамдарға олардың келісімімен қол қойғызып (кәмелетке толмағандарға қатысты хабарламаны алу фактісі оның ата-анасының бірінің немесе басқа заңды өкілінің қолымен расталуы мүмкін) хабарламаны тапсыру арқылы.

Хабарламаны қабылдаудан немесе алуына қол қоюдан бас тартылған жағдайда пробация қызметкері хабарламада тиісті белгі қояды;

7.2 Сотталған адам хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) тәулік ішінде ПҚ-не келуге міндетті. Сотталған адамның ПҚ-не уақытылы келмеуі ҚАК-тің 67-бабының 1-б. бойынша б.б.ш. түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу болып есептеледі».

5 ҚР ҚАК 75-бабы атауы мен диспозициясының мазмұндарын салыстырып, бағалай отырып, олардың арасындағы сәйкестікті, сондай-ақ стилистикалық қателерді жою үшін норманы келесідей редакцияда өзгерту қажет деп есептейміз:

75-бап. Ұйымдар әкімшілігінің белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза туралы сот үкімін орындау жөніндегі міндеттері.

4. Белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру түріндегі жазаны орындау туралы сот үкімін орындауға байланысты жүктелген міндеттердің орындалмағаны үшін кінәлі ұйымдардың лауазымды адамдары заңда белгіленген жауаптылықта болады.

6 Тәркілеу жазасының орындалуы барысында мүліктердің нақты өзі не заңмен көзделген ретте басқа зат тәркіленеді. Сонымен қатар мүлікті аукционға қою жолымен сатылған заттың құнынан ұстап қалу да практикада кездеседі. Аукцион, тендерді ұйымдастыру процударасында заңдылықтың сақталуын

қамтамасыз ету, процедураны оңтайландыру мақсатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңын жетілдіру, не арнайы заңға сәйкес акті қабылдаған жөн болар еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүкіл әлем ұмтылатын қылмыстық және қылмыстық-атқару саясатын ізгілендіру контекстінде сотталған адамды қоғамнан оқшауламай жазалау институтын қолдану бірінші кезектегі маңызға ие. Алайда, олардың тұжырымдамалық болмысына қарамастан, бұл жазалар орындалу барысында ұлттық заңнамада белгіленген мақсаттарды толығымен іске асыруы тиіс.

Сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар жүйесі қылмыстық саясатты ізгілендіруге ықпал етері сөзсіз. Бірақ та жазаны дараландыруда барынша әділдікке қол жеткізу мақсатында зерттеліп отырған жазалар жүйесін нақтылай отырып, жұмыс жүргізу жүктелінді.

Сонымен сұрағымызды аяқтай отырып, төмендегідей қорытындыларға келдік:

1. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласын мемлекеттік реттеудің маңызды құралдарының бірі болады. Өйткені ол қоғамның криминализациялануы, елдегі «түрме» халқы сандарының көбеюі, құқыққорғау мен сот жүйесінің әділсіздігі туралы қоғамдық пікірді қалыптастыру, мемлекеттің үкімнің орындалуына кететін экономикалық шығынның ұлғаюы сынды қайшылықтар мен зардаптардың туындауына жол бермейді.

2. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар ұғымы заң тұрғысында нақтыланбаған. Сондықтан жазаның мәнісін нақтылау үшін авторлық анықтама ұсынылады. «Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар деп сот үкіміне сай қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесінде, арнаулы мекемеде ұстамай, сотталған адамның құқықтары мен бостандықтары шектелетін мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын түсінеміз».

Мұнда сотталған адамның келесі құқықтары шектелмейді:

- еркін жүріп-тұру құқықтары;
- тұрғылықты жерін таңдау құқығы;
- мәжбүрлі еңбекті қоспағанда, еңбекпен айналысу және жұмыс түрін таңдау құқығы;
- жеке өмір салтын таңдау құқығы.

3. Отандық қылмыстық саясатқа сай, қылмыстылықпен күресті тиімді қамтамасыз ету, қылмыстық заңнамаларды ізгілендіру жолында қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазаларға балама жазалармен алмастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе болып тұр. Осы тұста қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар және балама жаза ұғымдарын нақтылау маңызға ие;

4. ҚР ҚК 40-бабында қылмыстық жазалар жүйесі жазалардың қаталдық деңгейі бойынша орналасу көзделген. Бірақ та шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу жазасының өзгелерден қатал емес екендігін ескеріп, Қылмыстық Кодекстің 40-бабының 5)-тармағында емес 1)-тармақта орналасқан дұрыс болмақ;

5. Заң шығарушы ҚР ҚК 40-бабында қылмыстық жаза жүйесі әрі негізгі, әрі қосымша жазалар тобынан бас тартқанымен де ҚК-тің 51-бабының 2-бөлігінде шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР-нан тысқары жерлерге

шығарып жіберу жазасының әрі негізгі, әрі қосымша жазаға жататындығы айтылады. Бұл жағдай жаза жүйесі бұрынғыша 3 топтан болғаны қылмыстық заңнаманы ізгілендіру және балама жазаларды кеңейту бағытында жетілдіруге зор мүмкіндік болатынын растайды.

6. Сот үкімімен жәбірленушіге белгіленген материалдық және моральдық шығындар кінәлі тұлғамен тек бір-ақ рет өтелінеді, ал денсаулығына зиян келген жәбірленуші өз денсаулығына келген зардаппен өмір бойы күресуіне тура келеді. Сондықтан да денсаулыққа зиян келтірумен байланысты қылмыстар үшін келтірілген зиянды өтеуді жәбірленуші сауыққанша сотпен міндеттеген жөн болады және аталған міндетті жүктеу мерзімі дәрігерлік комиссиясынан жыл сайын тексеруден өткізілу тәртібімен ұзартылып отыруы тиіс. Міндеттеменің мерзімі дәрігерлік комиссия шешімімен ұзартылып отырады (өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде).

7. Шетел қылмыстық заңнамасында да қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес (бас бостандығымен байланысты емес) жазалардың жаза жүйесінде өзіндік орны бар. Атап айтсақ:

1) АҚШ қылмыстық заңнамасында «белгілі бір кезең ішінде мүлікті пайдалануға тыйым салу; мүлікті мәжбүрлеп сату; келтірілген залалды өтеу міндетін жүктеу» деген сотталған адамға арнайы міндетін жүктейтін қосымша жаза түрлері кездеседі. Қылмыстық іс-әрекеттің нәтижесінде денсаулыққа келтірілген кінәраттың салдарынан өмір бойы, не ұзақ жылдар бойы азап шегетін жәбірленушіге құқықтық көмек ретінде денсаулыққа келтірілетін зиянды өтеу міндетін ол сауыққанға дейін жүктеуді отандық заңнамаға енгізген жөн деп есептейміз. Міндеттеменің мерзімі дәрігерлік комиссия шешімімен ұзартылып отырады (өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде).

2) Жапония ҚК 17-бабында айыппұлды өтей алмаған сотталған адамды «роэкидзё» – жұмыс үйіне орналастырып, онда қарызын өтеуіне мүмкіндік беріледі (ҚК-тің 17-бабы. Айыппұл төлеудің орнына жұмыс үйінде ұстау). Оның мерзіміне келсек, шағын айыппұлды 1-ден 30 күнге дейін, айыппұлды толық көлемде өтелмесе 1 күннен 2 жылға дейін өтейді. Бұл шетел тәжірибесі тереңінен зерделеніп, жетілдірілген нысанда отандық заңнамада орын алу жөн болмақ.

8. Практикада соңғы 5 жылда қылмыстық құқық бұзушылықтар санының 32%-ға азаюы, субъектілердің сандық көрсеткішінің 15%-ға төмендеуі тенденциясы орын алып отыр. Статистикалық деректерге сай соңғы он жылда бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға сотталғандардың қылмыстық іс-әрекетті қайталауы 2 есе азайған. Мұны қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың тиімділігі деп атасақ болады. Десек те Қазақстанда б.б.а. мен оқшаулаумен байланысты емес жазаларды өтеушілердің арақатынасы еуропалық елдермен салыстырғанда әлі де алшақ.

9. 2015-2022 жж. аралығында сот тәжірибесінде қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес негізгі жазалардың тағайындалу деңгейіне келсек, бірінші кезекте бас бостандығынан шектеу, екінші орында - бас бостандығынан айыру, айыппұл мен қоғамдық жұмыстарға тарту, үшінші кезекте – түзету жұмыстары тұрғанын аңғарамыз.

Практикада соңғы 5 жылда қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 32%-

ға азайған, субъектілердің сандық көрсеткіші 15%-ға төмендеген.

2013 жылмен салыстырғанда соңғы кезде мерзімінен бұрын босатылғандар және бас бостандығынан айырумен байланысты емес сотталғандар қайтадан қылмыстық іс-әрекетке 2 есе аз барады. Бұл – қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың тиімділігінің бір көрсеткіші.

Келесі көрсеткіш – б.б.а. мен оқшаулаумен байланысты емес жазаларды өтеушілердің арақатынасы. Біздің практикамызда бұл арақатынастар еуропалық елдермен салыстырғанда әлі де болса алшақ.

Енді жекеленген жаза түрлеріне тоқталсақ.

1. Айыппұлдың негізгі мақсаты сотталған адамды шамадан тыс мәжбүрлемей заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ете отырып, қ.қ.б.-тың алдын алу деңгейін төмендету болып табылады. Қылмыстық жазаның бір түрі ретінде айыппұлды қолдану мүмкіндігін кеңейтуді қажет етеді.

2. Соңғы бес жылдықта түзету жұмыстарының өтелуі қатты төмендегеніне келесі статистикалық деректер дәлел: 2018 ж.- 46 (барлық жазаның 0,1% құрайды), 2019 ж. – 30 (0,1%), 2020 ж.- 13 (0,04%), 2021 ж.- 12 (0,04%), 2022 ж. – 12 (0,04%). Сот тәжірибесінде туындайтын проблемалар бұл жазаның сирек қолдануының себептері бола алады.

Қылмыстық заңнамада түзеу жұмыстарына сотталған адамның жәбірленушіге материалдық, моральдық залалдарды өтеуін мәжбүрлі төлемді төлеу жолымен шешеді. Жәбірленушіге келтірілетін залалдарын өтеу механизмін нақтылау мақсатында ҚР ҚК-тің 98-1-бабында ҚР-ның Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасында, кінәлі адам жәбірленушіге келтірілген зиянды толық көлемде өтесе, түзеу жұмыстарына сотталған адамның мәжбүрлі төлемді төлеуден босатылатынын көрсеткен орынды. Сәйкесінше, бұл негіздер нақты жаза түрін алмастыратын балама жазаны (қатаңдығына қарай) тағайындауға ықпал етеді.

«Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІІМ бұйрығының 44-бөлігінде «жұмысынан айырылған немесе еңбек шарты бұзылған» және «жазаны өтеуден жалтарған» жағдайда 3 ай бойы жұмысқа тұрмаған сотталған адамға ПҚ-нің қылмыстық теріс қылығы үшін түзеу жұмысын басқа жазамен ауыстыру жайлы сотқа жүгінетіні келтіріледі. Жұмысынан айырылу немесе еңбек шартының бұзылуын себепті жағдай екендігін ескерсек, ПҚ-нің теріс қылықтар жасамаған түзеу жұмыстарына сотталған адамның жазасын басқа жазамен алмастырмай, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуі сотталған адам үшін өте тиімді. Сондықтан да ҚР ІІМ 2014 жылғы 15 тамыздағы «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» №511 бұйрығының «Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау тәртібі» деген параграфтың 44-бөлігінен «жұмысынан айырылған немесе еңбек шарты бұзылған» деген тіркесті алып тастап, 44-1-бөлігіне жұмыссыз қалған сотталған адамның жұмыспен қамту мәселесін ПҚ-не жүктелетіндігі туралы толықтырулар енгізген жөн деп есептейміз.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін басқа жаза түрлерімен ауыстырудың негіздері ҚР ҚАК-нің 54-бабы мен ҚР ҚК-нің 42-бабының 5-бөлігінде екі түрлі келтіріледі: бірінде жалтарғаны үшін,

ал екіншісінде - түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін негізгі және өзге де мән-жайларда деп. Екі норманы сәйкестендіру мақсатында ҚР ҚК-нің 42-бабының 5-бөлігіне келесідей өзгерістер енгізу қажет деп есептейміз:

5. «... Сотталған адам түзеу жұмыстарынан жалтарған жағдайда, олар: ...»

Ал түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жауаптылыққа тарту фактісін нақтылау мақсатында ҚР ҚАК 54-бабы 2-бөлігіне «Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден» дегеннен соң «жалтарып» деген сөздің орнына «жалтару мақсатында тұрақты жұмысына бармай жүрген» сөз тіркестерін енгізу қажет.

ҚР ҚАК 66-бабы 1-бөлігінде қарастырылған сот пен ПҚ-нің сотталған адамға жүктеген міндеттерінің айқын еместігін аңғаруға болады. Бас бостандығын шектеуді өтеп жатқан сотталған адамның міндеттерін (шектеулерін бір-бірінен ажыратып, нақтылау үшін ҚР ҚАК 66-бабы 1-бөлігін өзгерістер енгізу ұсынылады.

ҚР ІІМ 2014 жылғы 15 тамыздағы «Пробация қызметінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» №511 бұйрығында сотталған адамның Пробацияға келуге міндетті уақыты қарастырылмағандықтан, Ресей тәжірибесіне сүйеніп, б.б.ш. түріндегі жазаның орындалуын тиімді ұйымдастыру мақсатында аталған Бұйрыққа сотталған адамның Пробацияға келу тәртібімен толықтырылу ұсынылады.

3. Құқық қолдану тәжірибесінде қоғамдық жұмыс түріндегі жазаға қатысты проблемалық сұрақтар жиі орын алып жатады. Зерделеу барысында түйткіл мәселелер өз шешімін шығаруды қажет етеді.

Қоғамдық жұмыстарды кеңінен қолдануға кедергі келтіретін мәселелердің бірі – қаражаттың жұмыс берушіге төленуі. Мысалы, қаланы көгалдандыру жұмысын алайық. Жұмысты негізінде жеке ұйымдар, кәсіпкерлер атқарады. Кәсіпкерлер жұмыс түрін ұсынып, ал жергілікті орган сотталған адамдармен атқарылған еңбек үшін ақы төленеді. Іс жүзінде жұмыс берушілер табыла бермейді, себебі жергілікті атқарушы органдарға сотталғандардың еңбегін пайдаланатын ұйымдардың тізімін жасау жөніндегі міндет заңдастырылмаған. Мәжбүрлі еңбекке тартумен байланысты жазалардың орындалуын іске асыру барысында жергілікті атқарушы орган жұмыс беруші ұйымдардың тізімін алдын ала даярлауы тиіс.

Құқық бұзушыларды мәжбүрлеп жұмысқа тарту бір реттік шаруа емес, тұрақты түрде атқарылатын болғандықтан мемлекеттік кәсіпорын нысанында заңды тұлғаларды құрған жөн. Бұл органға аталған міндетті тек жүктеп қана қоймай, мемлекеттік деңгейде қоғамдық жұмысқа тарту, бостандықты шектеу жазаларының орындалуын қолдап, жеңілдетер еді. Түзеу жұмыстары туралы қылмыстық заңнамаға өзгерістер енгізе отырып, сонымен қатар жалпы сотталғандарды жұмыспен қамту мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

10. Соңғы жылдары елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық реформалау нәтижесінде қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың сот практикасында қолдану мүмкіндіктері кеңейіп жатыр. Олардың қатарында б.б.ш. жазасы көш бастап отыр. Десек те 2030 жылға дейінгі Құқықтық Тұжырымдама қылмыстық заңнаманың ізгілендіру бағытындағы іс-шаралардың тоқтап қалмай

жалғасын табуды міндеттеп отыр.

Ізденіс нәтижелері көрсеткендей, құқық қолдану тәжірибесінде бас бостандығынан шектеу жазасына қатысты шешімін таппаған сұрақтар әлі де кездеседі.

Бас бостандығын шектеу мерзімінің тым ұзақтығы құқық қолдану практикасында аса нәтиже бермейтіндігін ұғына отырып, жаза мерзімін қысқарту қажет деп ойлаймыз. Себебі бостандығы шектелген тұлғаның қоғамға қауіптілігінің сақталу мүмкіндігі жеті жылға дейін төмендейді.

Бас бостандығынан шектелгендерді бақылау үшін электронды (білезіктер) құралды орнықтыру заң нормаларымен көзделген. Десе де бюджет қаржысының тапшылығына орай мүмкін бола бермейді. Сонымен қатар оны қолданысқа енгізуге байланысты қатынастар құқықтық реттеуді қажет етеді.

11. «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының қаулысының 21-тармағының 2-абзацын құқық қолдану практикасында туындайтын мәселелерді реттеу мақсатында төмендегімен толықтырған дұрыс болар еді:

«... Сот басқа шет мемлекеттерімен, бұрынғы КСРО-мен берілген атақтан, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградалардан айыру мәселесін қарастырмайды».

12. ҚР ҚАК-нің 75-бабының мазмұнымен таныса отырып, норманың атауы мен диспозициясының мәтінінде сәйкестікті байқауға болады. Сол сәйкестікті жою мақсатында ҚР ҚАК-нің 75-бабының «Ұйымдар әкімшілігінің белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру түріндегі жаза туралы сот үкімін орындау жөніндегі міндеттері» деген атауын «Ұйымдар әкімшілігінің белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза туралы сот үкімін орындау жөніндегі міндеттері» деп өзгерткен жөн болар еді деп есептейміз.

13. Тәркілеу жазасына қатысты. Тәркілеу жазасының орындалуы барысында мүліктердің нақты өзі немесе заңмен көзделген ретте басқа зат тәркіленеді. Сонымен қатар мүлікті аукционға қою жолымен сатылған заттың құнынан ұстап қалу да практикада кездеседі. Аукцион, тендерді ұйымдастыру процударасында заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету, процедураны оңтайландыру мақсатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңын жетілдіру, не арнайы заңға сәйкес акті қабылдаған жөн болар еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кудрявцев В.Н. Стратегия борьбы с преступностью. – М.: Юрист, 2003. – 352 с.
2. Послание Экс-Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана (г. Астана, 29 января 2010 года). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30559064&pos=1;-16#pos=1;-16 23.07.2023.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: 2021 жылғы 15 қазанда бек., №674. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674 23.07.2023.
4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (2015-2022 жж.) 2022 жж. арналған статистикалық есептері. https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics 23.07.2023.
5. Саламатов Е.А. Динамика снижения «тюремного населения» через призму пенитенциарной системы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36919737&pos=55;1#pos=55; 23.07.2023 ж.
6. Кыстаубаева Я.Б. Институт пробации: современное состояние и перспективы развития в Республике Казахстан: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациясы. – Нур-Султан. – 2019. – 161 с.
7. Шабаров А.Х. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша бостандығын шектеу: қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару сипаттамасы: Автореферат. – Астана. – 2009. – 11 б.
8. Аммосова В.И. Исправительные работы в России и других странах – участницах содружества независимых государств: сравнительно-правовое исследование: дис. ... к.ю.н. – Рязань. – 2017. – 214 с.
9. Аветисян П.А. Дополнительные наказания и их назначение: автореф. дис.... к.ю.н. – Казань. – 2003. – 32 с.
10. Рогова Е.В. Исправительные работы иособенности их применения к несовершеннолетним: автореф. дис. ... к.ю.н. – Красноярск. – 2004. – 24 с.
11. Колбасова Е.В. Правовое регулирование исполнения наказания в виде ограничения свободы: автореф. дис. ... д.ю.н. – Москва. – 2017. – 24 с.
12. Карханина Л.В. Теория и практика исполнения уголовных наказаний без изоляции от общества в отношении несовершеннолетних. – Рязань – 2021. – 26 с.
13. Савельева Ю.И. Исполнение исправительных работ: теория и практика: автореф. дис. ... д.ю.н. – Иркутск. – 2005. – 24 с.
14. Маликов А.М. Наказания в виде обязательных и исправительных работ (теоретические и практические проблемы): автореф. дис. ... д.ю.н. – Махачкала. – 2011. – 31 с.
15. Марков В.П. Механизм реализации основных уголовных наказаний, не связанных с изоляцией от общества, в Российской Федерации (уголовно-

правовой анализ): автореф. дис. ... д.ю.н. – Санкт-Петербург. – 2006. – 34 с.

16. Морозова Ю.В. Практика и проблемы назначения наказаний, не связанных с лишением свободы: учебное пособие. – Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский юридический институт (филиал) Академии Генеральной прокуратуры Российской Федерации. – 2015. – 60 с. https://www.procuror.spb.ru/izdanija/2015_01_03.pdf 28.07.2023.

17. Харитонович Е.Д. Исполнение уголовных наказаний, не связанных с изоляцией осужденных страдающих различными видами заболеваний: автореф. дис. ... д.ю.н. – Рязань. – 2020. – 26 с.

18. Какое место занимает Казахстан в мировом рейтинге по количеству заключенных. https://forbes.kz/news/2020/10 /19/newsid_235827/ 23.07.2023 ж.

19. Зарубежный опыт правого регулирования наказаний, не связанных с изоляцией осужденного от общества. https://pravo.bobrodobro.ru/47367 28.07.2023 ж.

20. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ (ҚР 23.12.2023 ж. № 50-VIII өзгерістер мен толықтырулармен). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226 30.01.2024.

21. Марков В.П. Механизм реализации основных уголовных наказаний, не связанных с изоляцией от общества в Российской Федерации: Монография. – СПб. – 2005. – 378 с.

22. Новейший социологический словарь. – М.: Социология. – 2010. https://ru.wikipedia.org/wiki/Социальная изоляция.

23. Петров В.В. Понятие изоляции в уголовном и уголовно-исполнительном праве. https://advokatsidorov.ru/ponyatie-izolyacii.html 20.08.2023.

24. Маликов Б.З. Лишение свободы в России: теоретико-правовые проблемы сущности и целей наказания. – Саратов: СЮИ МВД России. – 2001. – 192 с.

25. Южанин И.В. О сущности и содержании изоляции осужденных к лишению свободы. https://cyberleninka.ru/article/n/o-suschnosti-i-soderzhanii-izolyatsii-osuzhdennyh-k-lisheniyu-svobody 27.08.2023.

26. Чучаев А.И. Наказание в уголовном праве россии: антология идей // Вестник университета имени О.Е.Кутафина. – 2015. – №7/2015. – С.51-78.

27. Сундуров Ф.Р. Наказание и альтернативные меры в уголовном праве. – Казань: Казанский государственный университет. – 2005. – 298 с.

28. Бибик О.Н. Культурная обусловленность уголовного наказания: Монография. – М.: Юрлитинформ. – 2013. – 224 с.

29. Наумов А.В. Российское уголовное право: в 3 т. – М.: Волтерс Клувер. – 2011. – Т.1: Общая часть. – 768 с. http://www.iprbookshop.ru/16798.html 23.08.2023.

30. Галиакбаров Р.Р. Уголовное право. Общая часть. – Краснодар. – 1999. – 425 с.

31. Гареев М.Ф. Цели иных мер уголовно-правового характера и средства их достижения по российскому уголовному праву: автореф. дис. … к.ю.н. –

Казань. – 2005. – 28 с.

32. Розенберг Эд.В. Экономия страданий. Общее понятие наказания и основные принципы его применения. – Петроград: Тип. Петрогр. т-ва и изд. дела «Труд». – 164 с.

33. Тарленко К.Н. К вопросу о содержании наказания в виде обязательных работ // Правовые проблемы укрепления российской государственности: сб. ст. – Томск. – 2006. – Ч. 9. – С. 45-49.

34. Понятие, сущность и цели уголовно-правовых мер без изоляции от общества. https://ozlib.com/1046804/pravo/ponyatie_suschnost_tseli_ugolovno_pravovyh_izolyatsii_obschestva 23.08.2023.

35. Гета М.Р. Альтернативы лишению свободы в Республике Казахстан: современное состояние и перспективы. https:// lprc.kz/wp-content/uploads/2020/01/ Alternativy-lisheniyu-svobody-v-Respublike-Kazahstan-sovremennoe-sostoyanie-i-perspektivy.pdf 18.08.2023 ж.

36. О Концепции развития уголовно-исполнительной системы Российской Федерации до 2020 года: Распоряжение Правительства РФ от 14 октября 2010 г. № 1772-р (в ред. от 23 сентября 2015 г.) // Собрание законодательства РФ. – 2010. – № 43. – Ст. 5 544.

37. Дворянсков И.В., Сергеева В.В., Баталин Д.Е. Применение альтернативных видов наказания в Западной Европе, США и России: Сравнительно-правовое исследование. – М.: Центр содействия реформе уголовного правосудия Penal Reform International. – 2003. – 90 с.

38. Хромых Е.В. Альтернативные лишению свободы уголовные наказания: теория и практика назначения и исполнения: дис. ... к.ю.н: 12.00.08: – Ростов н/д. – 2005. – 228 с. http://www.dslib.net/kriminal-pravo/alternativnye-lisheniju-svobody-ugolovnye-nakazanija-teorija-i-praktika-naznachenija-i.html

39. Сущность наказаний, не связанных с изоляцией от общества, как альтернатива лишению свободы http://elibrary.asu.ru/xmlui/bitstream/handle/asu/4930/ vkr.pdf?sequence=1 18.08.2023.

40. Рахметов С.М. Уголовно-правовая политика Республики Казахстан, направленная на совершенствование системы наказаний // Уголовная политика Казахстана до 2030 года: новый взгляд и перспективы: Материалы международного круглого стола. – Нур-Султан. – 2022. – 192 с.

41. Мәсәлімқызы М. Қылмыстық жазаны жеңілдету институты: теориялық және тәжірибелік мәселелері. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. – 2022. – 151 б.

42. Қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамыту мәселелері бойынша кеңес өтті. 2020 жылғы 30 сәуір. https://www.inform.kz/kz/kylmystyk-atkaru-zhuyesin-odan-ari-damytu-maseleleri-boyynsha-kenes-otti_a3644808

43. Стандартные минимальные правила ООН в отношении мер, не связанных с тюремным заключением (Токийские правила, 1990). https://adilet.zan.kz/rus/docs/O9000000004

44. Пертли В.А.Теоретические и правовые основы применения уголовно-

правовых мер без изоляции от общества// Бизнес в законе. – 2010. – №1. – С.104-106.

45. Акимжанов Т.К. Уголовно-правовое воздействие и его роль в предупреждении преступности // Сборник статьей по материалам IV Всероссийской научно-практической конференции. – Саратов. – 2019. – С. 6-10.

46. Байбек Ж.К. Криминологические, уголовно-правовые и социальные проблемы наказаний в Республике Казахстан: Аннотация дис. ... докт.философии (PhD). – Алматы – 2019. https://www.enu.kz/downloads/noyabr/baibek-annotatsiya-rus.pdf 12.08.2023.

47. Рахметов С.М. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Учебник. – Алматы: ТОО «Лантар Трейд». – 2020. – 404 с.

48. Парфиненко И.П. Уголовное наказание в России: краткий историко-правовой обзор // Российский следователь. – 2015. – № 13. – С. 48–50.

49. Стручков Н.А. Общие положения. Курс советского уголовного права. – М.: Наука. – Т. 3. – 1970. – 516 с.

50. Михлин А.С. Уголовное право Российской Федерации. Общая часть. – М.: Юристъ. – 2004. – 302 с.

51. Кузнецова Н.Ф. Система наказаний // Курс уголовного права. Общая часть. – М.: Юридическая литература. – 1999. – Т.2 – 288 с.

52. Дуюнов В.К. Уголовно-правовое воздействие: теория и практика. – М.: Научная книга. – 2003. – 520 с.

53. Жалинский А.Э. Понятие, виды и цели наказания // Уголовное право России: учеб. для вузов. – М.: НОРМА. – 2000. – 610 с.

54. Сенека Л. Нравственные письма к Луцилию: Письмо XCVII. http://ancientrome.ru/antlitr/t.htm?a=1346570097 21.08.2023 ж.

55. Коган В.М. Социальный механизм уголовно-правового воздействия. – М.: Наука. – 1983. – 184 с.

56. Селиверстов В.И. Система наказаний и их классификация // Уголовное право. Общая часть: учебник. – М.: ЗАО Юстициинформ. – 2004. – 568 с.

57. Уголовный Кодекс Казахской ССР от 22 июля 1959 г. (с изменениями и дополнениями) Утратил силу в соответствии с Законом РК №168-1 от 16.07.97. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id =1004273&pos=92;-47#pos=92;-47 25.08.2023.

58. Наурызбаев Б.А. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қылмыстық жаза ретіндегі бас бостандықты шектеудің қылмыстық құқықтық және қылмыстық-атқарушылық аспектілері: Диссертация магистр академиялық дәрежесін ізденуіне (ғылыми және педагогикалық бағыт). – Қостанай. – 2020. – 99 б.

59. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Кодексі. Күші жойылды – Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Кодексімен. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167_/links

60. Елубаев Ж.С. Избранные труды. Қылмыстық құқықтың кейбір мәселелері: теория және практика. – Алматы. – 2014. – 77 б.

61. Головненков П.В. Уголовное уложение Федеративной Республики Германия-Strafgesetzbuch (StGB). Научно-практический комментарий и перевод

текста закона. – Universitätsverlag Potsdam. – 2021. – 494 б.

62. Сарпеков Р.К., Рахметов С.М. Проблемы построения системы наказания в уголовном кодексе Республики Казахстан // Вестник института законодательства и правовой информации РК. – 2022. – № 1 (68). – С. 43-50.

63. Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан (сравнительный комментарий к книге Дж. Флетчера и А.В. Наумова «Основные концепции современного уголовного права»). – Алматы: Жеті жарғы. – 2001. – 256 с.

64. Акимжанов Т.К. Институт уголовного наказания – как эффективный инструмент трехзвенной модели правосудия // Сборник материалов международной научнопрактической конференции «Проблемы и перспективы развития уголовного права в свете реализации правовой политики Республики Казахстан». – Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.». – 2021. – С.92-103.

65. Рахимова Г.Н. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың қолданылу мәселелері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – №11/3. – 165-170 бб.

66. Османова Г.Ж. Жаза түрі ретінде бас бостандығынан айырудың қылмыстық-құқықтық, криминологиялық және әлеуметтік аспектілері: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. – 2022. – 183 б.

67. Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 10 қаңтардағы №131-VI ҚРЗ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000131 11.09.2023 ж.

68. Балтабаев Қ.Ж. Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года и некоторые проблемы совершенствования уголовного Законодательства. «Модернизация уголовного, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного законодательства в условиях цифровой трансформации общества» // Сборник материалов международного круглого стола (19 мая 2022 года). – Косши: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан. – 2022. – С. 33-36.

69. Мухамедиярова Ж. Денежные переводы осужденным могут взыскиваться в счет возмещения ущерба – прокуратура. denezhnye-perevody-osuzhdennym-mogut-vzyskivat-sya-v-schet-vozmescheniya-uscherba-prokuratura_a3961236. 14.08.2023.

70. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №234-V ҚРЗ (27.03.2023 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен). http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234. 14.08.2023 ж.

71. Розенко С.В. Развитие системности видов наказаний: на примере уголовного законодательства Российской Федерации и Республики Казахстан // Вестник Югорского государственного университета. – 2015 г. – Выпуск 1 (36). – С. 105-109.

72. Уголовно-исполнительный кодекс Российской Федерации от 08.01.1997 №1-ФЗ (ред. от 29.12.2022).

https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_12940/ 14.08.2023.

73. Заключительный отчет по итогам фундаментального и прикладного научного исследования на 2016-2017 годы по теме: «Проблемы совершенствования законодательства об административных правонарушениях и уголовного законодательства Республики Казахстан (пути устранения нестыковок, пробелов и других недостатков)». http://www.zqai.kz/sites/default /files/fipni-017_zakl.otchyot_3_yanv. -_na_izdanie.pdf 21.07.2023.

74. Тепляшин ПВ. Ретроспективные основы и современные проблемы влияния международных пенитенциарных стандартов и правил на уголовно-исполнительное законодательство России // Юридическая наука и правоохранительная практика. – 2011. – №1(15). – С. 15-25.

75. Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелері (Токио ережелері 1990 ж.) БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясы №45/110, 1990 жылдың 14 желтоқсаны. https://adilet.zan.kz/rus/docs/O9000000004. 14.08.2023.

76. Декларация прав ребенка. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/childdec.shtml. Конвенция о правах ребенка 1989 г. Принята резолюцией 44/25 Генеральной Ассамблей ООН от 20 ноября 1989 года. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv /conventions/childcon.shtml 14.08.2023)

77. Уткин В.А. Международное право борьбы с преступностью: учебное пособие. – Томск: Изд-во НТЛ. – 2017. – 216 с. https://ui.tsu.ru/wp-content/uploads/2013/09 17.08.2023.

78. Уголовный кодекс Федеративной Республики Германии (обнавлено 1 мая 2023 г.) Российский правовой портал: Библиотека Пашкова. – 2023. https://constitutions.ru/?p=24969 21.08.2023.

79. Рахимова Г.Н. Жазаның мақсаттары мен тиімділігіне қол жеткізу // Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – 2023. – № 4 (77)/2023. – 205-211 бб.

80. Никифоров Б.С., Решетников Ф.М. Современное американское уголовное право. – Москва: Наука. – 2014. – 256 с.

81. Bradshaw W., Roseborough D., Umbreit MS. The effect of victim offender mediation on juvenile offender recidivism: a meta-analysis // Conflict Resolution Quarterly. – 2006. – №24(1). – pp. 87–98. DOI: 10.1002/crq.159.

82. Latimer J., Dowden C., Muise D. The effectiveness of restorative justice practices: a meta-analysis // The Prison Journal. – 2005. – №85 (2). – pp. 127–144. DOI: 10.1177/0032885505276969.

83. Уголовный кодекс штата Нью-Йорк США. – Российский правовой портал: Библиотека Пашкова. – 2023. https:// https://constitutions.ru/?p=8102 22.08.2023.

84. Маковский В.С. Зарубежный опыт исполнения наказаний, не связанных с изоляцией от общества // Ведомости уголовно-исполнительной системы. – 2014. – № 5/2014. – С.40-43.

85. Зайченко В.А. Альтернативные лишению свободы наказания как средство оптимизации системы уголовных наказаний в США: дис. .. к.ю.н. –

Самара: Самарский государственный университет. – 2005. – 226 с.

86. Меньших А.А. Уголовно-исполнительное законодательство Франции // Журнал российского права. – 2010. – С.118–127.

87. Уголовный кодекс Франции. – Российский правовой портал: Библиотека Пашкова. – 2023. https:// https://constitutions.ru/?p=25017 22.08.2023.

88. Penal code of Japan (Act No.45 of 1907). https://www.cas.go.jp/jp/seisaku/hourei/data/PC.pdf

89. Уголовный кодекс Китая. Под ред. проф. А.И. Коробеева и проф. А.И. Чучаева, пер. с китайского проф. Хуан Даосю. – М.: ООО «Юридическая фирма контракт». – 2017. – 256 с. http://crimescience.ru/wp-content/uploads/2020/05/УК-Китая_PDF.pdf 22.07.2023.

90. Конституция Федеративной Республики Бразилия от 5 октября 1988 г. http:// https://worldconstitutions.ru/?p=563 15.05.2023.

91. Рамез А.Э. Наказание по уголовному праву арабских стран: дис. ... к.ю.н. – Москва. – 2002. – 161 с.

92. Аккулева А.Ш. Уголовно-исполнительная политика Республики Казахстан: исторические аспекты, концептуальные основы, проблемы реализации: монография. – Астана: АФ АО «НЦ НТИ». – 2013. – 428 с.

93. Уголовное законодательство Норвегии. Пер. с норв. А.В. Жмени; науч. ред. Ю.В. Голик. – СПб.: Юрид. центр Пресс. – 2003. – 375 с.

94. Уголовный кодекс Дании. Юридическая Россия: федеральный правовой портал. http://law.edu.ru. 22.02.2022 ж.)

95. Уголовный кодекс Республики Беларусь. – Минск: Амалфея. – 2012. – 365 с.

96. Уголовный кодекс Азербайджанской. Параграф: информационные системы. http://online.zakon.kz. 02.02.2023 ж.

97. Уголовный кодекс Республики Армения. Юридическая Россия: федеральный правовой портал. http://law.edu.ru 12.02.2023.

98. Уголовный Кодекс Кыргызской Республики от 28 октября 2021 года № 127 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.04.2023 г.). Введен в действие с 1 декабря 2021 года в соответствии с Законом КР от 28 октября 2021 года №126. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36675065 22.08.2023.

99. Уголовный кодекс Республики Таджикистан от 21 мая 1998 года № 574 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.12.2022 г. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30397325-%20 02.02.2023.

100. Уголовный кодекс Республики Молдова от 18 апреля 2002 года № 985-XV (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.02.2023 г.). Закон Республики Молдова от 21 июня 2002 года № 1160-XV о введении в действие настоящего Кодекса. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30394923&pos=70;-31#pos=70;-31 27.08.2023.

101. Уголовный кодекс Грузии. https://matsne.gov.ge/ka/document/download/16426/143/ru/pdf 27.08.2023.

102. Уголовный кодекс Германии. – СПб. : Юрид. центр Пресс. – 2002. – 648 с.

103. Уголовный кодекс Швеции. http://www.sweden4rus.nu/rus/info/juridisk/ugolovnyj_kodeks_shvecii. 27.08.2023.

104. Малиновский А.А. Сравнительное уголовное право: учебник. 2-е изд., доп. и перераб. – М.: Юрлитинформ. – 2016. – 592 с. (Приложения Беккариа Чезаре «О преступлении и наказании. 1764 г. (Основные положения)).

105. Рахимова Г.Н., Қуаналиева Г.А., Саулен Н. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдірудің теориялық және практикалық мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Серия: Құқық. – 2019. – №1(126). – 80-89 бб.

106. Каиржанов Е. Криминология (общая часть). – Алматы: Республиканский издательский кабинет. – 1995. – 202 с.

107. Комплексная стратегия социальной реабилитации граждан, освободившихся из мест лишения свободы и находящихся на учете службы пробации, в Республике Казахстан на 2017-2019 годы. Утверждена Указом Президента РК от 8 декабря 2016 года №387. 27.08.2023

108. Саламатов Е.А. Об архаичности и правоприменительной ничтожности наказания в виде исправительных работ. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38629278&pos=22;-55#pos=22;-55 27.08.2023.

109. Бекназаров Н. Общественные работы как правовой институт. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31251645&pos=6;-106#pos=6;-106 27.08.2023.

110. Общественные работы за мелкие нарушения могут ввести в Казахстане. 18 мая 2022. https://tengrinews.kz/news/obschestvennyie-rabotyi-melkie-narusheniya-mogut-vvesti-468851/ 27.08.2023.

111. Рогов И.И., Балтабаев К.Ж. Криминология. – Алматы: ТОО Изд. «Норма-К». – 2004. – 336 с.

112. Ахметкалиев М.О. Совершенствование государственной политики в сфере незаконной миграции в условиях глобальных вызовов: магистерский проект на соискание степени магистра государственного управления. Академия государственного управления при президенте Республики Казахстан. – Нур-Султан. – 2022. – 53 с.

113. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберу, сондай-ақ жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу туралы өзіне қатысты сот шешімі шығарылған шығарып жіберілетін адамды ішкі істер органдарының арнаулы мекемесінде ұстау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 сәуірдегі №175 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000175 30.08.2023.

114. Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S 27.08.2023.

115. Криминальная погода в городах Казахстана. Официальная статистика. Медиа. Пресс-служба КПСиСУ ГП РК.

https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror

116. Бакирова З.Б. Практика назначения лишения специального, воинского или почетного звания, классного чина, дипломатического ранга, квалификационного класса и государственных наград // Сборник докладов V ежегодной научно-практической конференции магистрантов «Защита прав и свобод человека и гражданина: вопросы судебной практики». – Издательство: РГУ «Академия правосудия при Верховном Суде Республики Казахстан». – 2021. – 264-271 бб.

117. Токтагулов Р.М. О законопроекте об оптимизации уголовного закона с одновременной коррекцией уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного законодательства (презентация) // «Қоғамның цифрлық трансформациясы жағдайында қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстықатқару заңнамасын жаңғырту»: халықаралық дөңгелек үстел материалдарының жинағы. – Қосшы: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы. – 2022. – 137 б.

118. Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық соты. № 4752-23-00-1/9. 2023 жылғы 1 наурыз // Сот актілерінің банкі. https://office.sud.kz/courtActs/lawsuitList.xhtml 11.09.2023.

119. Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261_11.09.2023.

120. Звонов А.В. Критерии уголовного наказания: требования современности // Человек: преступление и наказание. – 2017. – Т. 25(1–4). – № 4. – С. 505–686.

121. Баженов О.Н. Наказание в виде штрафа: проблемы законодательного закрепления, назначения и исполнения: автореф. дис. … к.ю.н. – М. – 2013. – 35 с.

122. Уткина С.С. Уголовное наказание в виде штрафа: автореф. дис. ... к.ю.н. – Томск. – 2004. – 26 с.

123. Байсеитова А.Т. Проблемы систематизации мер уголовно-правового воздействия по законодательству Республики Казахстан: Дисс. .. д.ю.н. – Бишкек. – 2014. – 131 с.

124. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная часть: Учебник/ Под общ.ред. В.П.Ревина. – Алматы:Жеті жарғы. – 2010. – 856 с.

125. Трахов А.И. Срочные наказания в законодательстве и судебной практике: По материалам Северо-Кавказ. региона: Автореф. дис. ...к.ю.н. – Краснодар. – 1998. – 26 с.

126. Дзигарь А.Л. Уголовные наказания: Эволюция и перспективы: автореф. на дисс. ... к.ю.н. – Краснодар. – 2001. – 24 с.

127. Рахимова Г.Н. Түзеу жұмыстарына тарту жазасын қолдану мәселелері // Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының ғылыми еңбектері. –2023. – № 4 (72)/2023. – 416-422 бб.

128. Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы Қазақстан Республикасының

Заңы 2018 жылғы 10 қаңтардағы №131-VI ҚРЗ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000131. 27.08.2023.

129. Жетісу облысы Текелі қалалық сотының № 3318-23-00-1/45 қылмыстық іci. https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml 27.08.2023.

130. Жетісу облысы Көксу аудандық сотының №3300-23-00-1a/108 іci. https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml 27.10.2023.

131. Жетісу облысы Кербұлақ ауданының №2 аудандық соты (Қоғалы ауылы) №3340-23-00-1/5 іci. 2023 жылғы 13 ақпан. https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml 27.09.2023.

132. Сотталған квота бойынша жұмысқа орналасты. https://zanmedia.kz/t-zeu-mekemesi -uis/100641/ 27.09.2023.

133. Түзеу мекемесінде жұмыспен қамту туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. https://czn.kz/t-zeu-mekemesinde-zh-myspen-amtu-turaly-t-sindiru-zh-mystary-zh-rgizildi/ 27.09.2023.

134. Аққөл дәрігерін бір жылға бас бостандығын шектеуге үкім етті. 8 мамыр 11:42. https://azh.kz/kz/news/view/16570 30.09.2023.

135. Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенцияны бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 14 желтоқсандағы N 120-II Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000120_ 27.09.2023.

136. Сотталған адам сот қаулысы жарияланған сәттен бастап қамауға алынып, орташа қауіпсіздік дәрежесіндегі қылмыстық-атқару жүйесінде өтеуге жіберілді. Бас бостандығын шектеу жазасына сотталған адам бас бостандығын айыру жазасына ауыстырылды. 28 апрель 2021г. https://www.facebook.com/115397876575408/photos/a.119149199533609/494218308693361/?type=3 27.10.2023.

137. Постникова О.В. Направление совершенствования системы дополнительных наказаний в России // Научно-практический электронный журнал «Аллея Науки». – 2019. – № 11 (38). Alley-science.ru. 27.09.2023.

138. Конвенция об отмывании, выявлении, изъятии и конфискации доходов от преступной деятельности (Страсбург, 8 ноября 1990 г.). Ратифицирована Законом РК от 2 мая 2011 года № 431-IV.

139. Пропостин А.А. Конфискация имущества: прошлое, настоящее, будущее. – М. : Юрлитинформ. – 2011. – 264 с.

140. Биктимеров Э.Л. Иные меры уголовно-правового характера и их роль в осуществлении задач уголовного права России: дис. … к.ю.н. – Саратов. – 2009. – 226 с.

141. ECCD публикует статью об использовании ареста и конфискации без вынесения обвинительного приговора. https://www.coe.int/en/web/corruption/-/eccd-publishes-a-paper-on-the-use-of-non-conviction-based-seizure-and-confiscation 30.10.2023.

142. Bright Line Law. Использование ареста и конфискации без вынесения обвинительного приговора. https://rm.coe.int/the-use-of-non-conviction-based-confiscation-ru-final/1680a21d75 30.10.2023.

143. Макаров А.В. Некоторые законодательные особенности конфискации имущества как иной меры уголовноправового характера по устранению

корыстной мотивации совершения преступлений // Российский следователь. – 2013. – №5. – С. 17-20.

144. Разгильдиев Б.Т. Глобальны ли иные меры уголовно-правового характера? // Научные основы уголовного права и процессы глобализации: материалы V Российского конгресса уголовного права (27–28 мая 2010 г.). – М Проспект. – 2010. – С.75-86.

145. Медведев Е.В. Спорные положения института конфискации и вопросы его применения // Российская юстиция. – 2010. – № 5. – С. 60-67.

146. Антипенко Н.А. Применение конфискации имущества как иной меры уголовно-правового характера: Выпускная квалификационная работа бакалавра. – Томск. – 2017. – 67 с.

147. Омаров Е.А., Кумарбеккызы Ж. Правовая природа конфискации имущества по уголовному законодательству Республики Казахстан // Вестник института законодательства и правовой информации РК. – 2021. – № 1 (64). – С.173-183.

148. Омаров Е.А. Правовая помощь в ходе досудебного расследования в Республике Казахстан: Монография. – Астана. – 2018. – 212 с.

149. Сокращение тюремного населения в Казахстане. – Алматы. – 2011. – 133 с. www.lprc.kz. ISBN 978-601-7162-44-3 03.11.2023.

150. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_#z136 03.11.2023).

151. Кузенбаев Н.К. Проблемы применения штрафа и конфискации имущества в уголовном законодательстве Республики Казахстан: Автореф. к.ю.н. – Астана. – 2010. – 28с.

152. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V ҚРЗ (2023.21.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). https://kodeksy-kz.com/o_gosudarstvennoj_sluzhbe/1.htm 03.11.2023.

153. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы (2022.11.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30916650# activate_doc=2 03.11.2023.

154. Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561 07.11.2023.

155. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы №2676 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002676_ 07.11.2023.

156. Становский М.Н. Назначение наказания. – СПб.: Юрид. центр Пресс. – 1999. – 480 с.

157. Астана қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі соты. №7199-23-00-1a/255 іс. 2023 жылғы 26 маусым. Сот актілерінің банкі. https://office.sud.kz/courtActs/lawsuitList.xhtml 08.11.2023.

158. Комментарий к Уголовному кодексу РФ в 4 т. -Том 1. Общая часть /

В.М. Лебедев [и др.]. – Москва: Издательство Юрайт. – 2023. – 316 с. ISBN 978-5-534-00044-3. https://urait.ru/bcode/512836 14.011.2023.

159. Орысша-қазақша сөздік. http://szd.kz/VSq$Uq 15.11.2023.

160. Қазақстан Энциклопедиясы. Қазақстан Энциклопедиясы жобасынан алынған мәлімет. https://kk.encyclopedia.kz/index.php/Лауазым 16.11.2023.

161. Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2000 ж. 18 желтоқсандағы № 126-II Заңы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51021136#activate_doc=2 17.11.2023.

162. Сот актілерінің банкі. Түркістан қаласы Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы, №1а-449 іс, 2023 жылғы 19 қаңтар. https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml 17.11.2023.

163. Рарога А.И. Уголовно-правовое воздействие: Монография. – Москва: Проспект. – 2012. – 288 с.

164. Литвина Е.С. Наказание в виде лишения права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью: автореф. дис. … к.ю.н. – Томск. – 2003. – 28 с.

165. Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық сотының № 6236-23-00-1/5 ісі. 31 наурыз 2023 жыл. Сот актілерінің банкі. https://office.sud.kz/courtActs/lawsuitList.xhtml 24.11.2023.

166. Rakhimova G., Khamzina Zh., Aldabergenova N., Buribayeva M., Buribayev Ye. Developing a System of Prevention of Offenses Committed by Juveniles: A View from Kazakhstan // International Journal of Criminal Justice. Science. – 2023. – Vol 18. – Issue 2. https://ijcjs.com/menu-script/index.php/ijcjs/article/view/723.

167. Астана қаласы сотының қылмыстық істер жөніндегі соты. № 7199-23-00-1А/92 іс. Сот актілерінің банкі. https://office.sud.kz/courtActs/lawsuitList.xhtml 23.11.2023.

168. Кегембаева Ж.А. Лишение гражданства как новый вид уголовного наказания // Journal of Actual Problems of Jurisprudence. – 2018. – №1 (85). – С.192-195.

169. Тлембаева Ж.У., Ахмеджанов Ф.Р. Лишение гражданства: некоторые вопросы законодательного регулирования и реализации // Вестник Института законодательства РК. – 2018. – №3 (52). – С.63-69.

170. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы №1017-XII Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z910004800_ 23.11.2023.

171. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ 23.11.2023.

172. Ғаббасов Р. Қазақстанда қандай қылмыстар үшін азаматтықтан айыруы мүмкін. https://www.inform.kz/kz/kazakstanda-kanday-kylmystar-ushin-azamattyktan-ayyruy-mumkin_a3011745. 23.11.2023.

173. Молдабеков Д. Vласть объясняет: за что можно лишиться гражданства Казахстана? https://vlast.kz/explain/22349-vlast-obasnaet-za-cto-mozno-lisitsa-

grazdanstva-kazahstana.html 30.11.2023.

174. За что россиян могут выдворить из Казахстана – мнение юриста. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/chto-rossiyan-mogut-vyidvorit-kazahstana-mnenie-yurista-478988/ 30.11.2023.

175. Кузнецов П. Административное выдворение в форме принудительного волотовский.рф/blog/administrativnoe-vydvorenie-v-forme-prinuditelnogo. 02.12.2023.

176. Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы №2337 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002337_ 03.12.2023.

177. Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу істерін қараудың сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы №4 нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P130000004S. 03.12.2023.

178. Соблюдение права на обжалование постановления суда о выдворении за пределы РК иностранных лиц или лиц без гражданства // Доклад по результатам мониторинга с декабря 2018 г. по май 2019 г. – г. Нурсултан: Общественное объединение «Қадір-қасиет». – 2019. – 30 с. https://kkassiyet.wordpress.com/2019/06/10/reportmommigramts2019/ 06.12.2023.

179. Федюшин А.К. Проблемы назначения и исполнения наказания в виде штрафа // Социально-экономические явления и процессы. – 2015. – Т. 10. – № 7. – С. 206-207.

180. «Пробация қызметінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы №511 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0009738 07.12.2023.

181. Сотталғандар бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу шарттарын бұзғаны үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстырылды. https://zanmedia.kz/zha-aly-tar/98571/ 28.11.2023.

182. Уголовно-исполнительный кодекс Республики Беларусь. 11 января 2000 г. – № 365-З. (с изменениями и дополнениями от 6 июля 2022 г.). https://etalonline.by/document/?regnum=hk0000365 07.12.2023.

183. Китарова Т. Общественные работы как вид наказания. http://ile-tany.kz/2020/11/06/obshhestvennye-raboty-kak-vid-nakazaniya/ 08.12.2023.

184. Специальный доклад уполномоченного по правам человека в Саратовской области. Исправительные работы: Проблемы правоприменения и пути их решения. – Саратов. – 2019. – 20 с. http://ombudsman64.ru/wp-content/uploads/2019/05/Исправительные работы -1.pdf 08.12.2023.

185. Akimzhanov T., Rakhimova G., Kuanaliyeva G., Abrakhmanov B., Shamova A., Mohammad Zayed N. Innovation of Structuring the Criminal Policy as IndependentSection of the New Conception of Legal Policy of the Republic of Kazakhstan // Journal of Legal, Ethical and Regulatory. – 2020. – Vol. XI. – Issue 5(50), – pp. 422–431. https://www.abacademies.org/articles/innovation-of-structuring-the-criminal-policy-as-independent-section-of-the-new-conception-of-

legal-policy-of-the-republic-of-kaza-10827.html 05.03.2023.

186. Об утверждении Инструкции по организации исполнения наказания в виде ограничения свободы. Утративший силу. Приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 4 мая 2003 года №81. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан от 12 мая 2003 года №2266. Утратил силу приказом и.о. Министра юстиции Республики Казахстан от 24 декабря 2009 года №170. https://adilet.zan.kz/rus/docs/V030002266_ 28.07.2023.

187. Зубарев С.М. Уголовно-исполнительное право. – М.: Высш. образование. – 2013. – 173 с.

188. Шартты түрде және бас бостандығын шектеуге сотталған адамдарға арналған жадынама. http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/CriminalExecutive/kuis_pages/kuis_structure/kuis_management_penal_inspection/13DE299744432D2DE054002655122E6A. 17.12.2023.

189. Приказ Минюста России от 11.10.2010 №258 (ред. от 02.11.2016) «Об утверждении Инструкции по организации исполнения наказания в виде ограничения свободы». https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_106240/aee8cd6c74b6ab6861daacfad7d1740a7451a9b4/ 17.12.2023.

190. «Уголовно-исполнительный кодекс Российской Федерации» от 08.01.1997 N 1-ФЗ (ред. от 24.06.2023) (с изм. и доп., вступ. в силу с 11.12.2023).

191. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2014. –728 б.

192. Международный пакт о гражданских и политических правах (Нью-Йорк, 16 декабря 1966 г.) https://sud.gov.kz/rus/content/mezhdunarodnyy-pakt-o-grazhdanskih-i-politicheskih-pravah 20.12.2023.

193. «Пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқын бақылау жөніндегі өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 18 тамыздағы №517 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0009737 22.12.2023.

194. Электрондық бақылау құралдарын қолдану қағидаларын, шарттары мен негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №1369 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001369 24.12.2023.

195. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеуші адамдарды қадағалауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын электрондық бақылау құралдарының тізбесін бекіту туралы. Күшін жойған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 тамыздағы №1061 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 1180 қаулысымен. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001061 23.12.2023.

196. Алякпарова Г. Қазақстанда сотталғандарды бақылау үшін 2,5 мың электронды білезік жалға алынды. https://www.inform.kz/kz/kazakstanda-sottalgandardy-bakylau-ushin-2-5-myn-elektrondy-bilezik-zhalga-alyndy_a3917385. 2022 жылғы 31 наурыз. 23.12.2023.

197. Мельников А.В. Проблемные вопросы исполнения наказания в виде

ограничения свободы // Молодой ученый. – 2022. – № 51 (446). – С. 529-532. – URL: https://moluch.ru/archive/446/98055/ 27.07.2023.

198. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидалары, ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 1131 қаулысы (өзгерістермен). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі №217 Қаулысы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32088145 24.12.2023.

199. Педагог лауазымын және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салу туралы сот үкімін орындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 388 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қазанда № 9821 тіркелді. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14H0009821 28.12.2023.

200. Денсаулық сақтау саласында құрметті атақтар беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-314/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 желтоқсанда № 21926 болып тіркелді. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021926 27.12.2023.

201. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құрметті атақтар, төсбелгілерін және құрмет грамоталарын беру қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 25-03-02/120 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 сәуірде № 7602 тіркелді. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007602 11.01.2024.

202. Васильева Я.Ю. К вопросу о лишении специального, воинского или почетного звания, классного чина и государственных наград как виде наказаний // Проблемы совершенствования прокурорской деятельности и правоприменительной практики: Сборник статей. – Иркутск. – 2017. – С.210-218.

203. Михайлова К. Конфискация имущества как мера наказания преступников. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30084528&pos=4;-98#pos=4;-98. 27.07.2023.

204. Саттыбаева Г.Г. Атқарушылық іс-жүргізу барысында борышкерлердің мүлкін тәркілеу. https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet-krg/press/article/details/104807?lang=kk 27.07.2023.

205. Мүлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мүлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мүлікті өткізу немесе пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 227 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 сәуірде №10813 тіркелді. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010813 20.06.2023.

206. Рахимбердин К. Альтернативы лишению свободы в Республике Казахстан: современное состояние и перспективы. https://bureau.kz/analiz/kommentarii_i_zaklyucheniya/alternativy-lisheniyu-svobody/https://bureau.kz/analiz/kommentarii_i_zaklyucheniya/alternativy-lisheniyu-svobody/ 27.07.2023.

207. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу. https://egov.kz/cms/kk/articles/move_abroad/vihod_iz_grazhdanstva. 27.07.2023.

208. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларын бекіту туралы ҚР II министрінің 11.07.2018 ж. №505 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013391. 27.01.2024.

209. Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы N 353-I Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000353_. 27.01.2024.

210. Рахимова Г.Н. Сотталғандарды қоғамдық жұмыстарға тартуды ұйымдастырудың құқықтық негіздері // Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quqyqtyq aqparat ınstıtýtynyń gylymi-quqyqtyq jýrnal. – 2021. – №2 (65). – 217-223 бб.